Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ: 342.56 (574) Қолжазба құқығында

АЛАЙДАРОВ АҚ-ӘДІЛ ӘБУШАХМАҰЛЫ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы

6D030100-Құқықтану

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін

дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшілер:
з.ғ.к., қауымдастырылған
профессор
Ахатов Уалихан Акыпбекович

PhD докторы, қауымдастырылған
профессор
Жанибеков Акынкожа Каленович

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD доктор
Бахадыр Бумин Өзарслан

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 3

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 4

КІРІСПЕ 5

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫЛАРЫН ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ РЕТІНДЕ ТАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 18

1.1 Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының түсінігі, мазмұны, түрлері және заңдық күші 18

1.2 Құқықтың қайнар көздері жүйесіндегі Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары 27

1.3 Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінің жоғарғы соттарының нормативтік сипаттағы қаулыларының құқықтық табиғаты 37

2 ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҢ НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫЛАРЫ СОТ ҚҰҚЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ РЕСМИ АКТІЛЕРІ РЕТІНДЕ 56

2.1 Жоғарғы Соттың сот практикасына қатысты түсіндірмелерінің нормативтік-интерпретациялық сипаты 56

2.2 Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары және олардың заңға тәуелді актілерден айырмашылығы 63

2.3 Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларындағы заңнаманы нақтылау шектері 70

3 ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҢ НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ 79

3.1 Нормативтік қаулыларды әзірлеудің жалпы заңдық техникалық ережелері 79

3.2 Нормативтік қаулыларда тыйымдардың, ұйғарымдардың және рұқсат етулердің көрініу нысандары 94

3.3 Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларындағы құқықтық дефинициялардың рөлі 102

3.4 Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының логикасы 112

3.5 Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын Соттардың қызметінде қолдануының өзекті мәселелері 119

ҚОРЫТЫНДЫ 132

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 139

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда келесі стандарттарға сілтеме жасалады:

1. МемСТ 7.32-2001. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Құрылымы мен рәсімдеу ережелері.

2. МемСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар мен құрастыру ережелері.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	-	Қазақстан Республикасы
ҚР ӘҚБтК	-	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі
ҚР АПК	-	Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі
ҚР АК	-	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
ҚР ҚК	-	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
РФ АК	-	Ресей Федерациясының Азаматтық Кодексі
ТМД	-	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
КСРО	-	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
РКФСР	-	Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы
ж.	-	жыл
ж.ж.	-	жылдар
б.	-	бет
т.б.	-	тағы басқа

КІРІСПЕ

Диссертациялық зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысы қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретіндегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының нормативтік қаулыларының маңыздылығын кешенді түрде зерттеуге арналған. Бұл зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының қолданыстағы құқықтың қайнар көзі ретінде мойындалуының теориялық алғышарттары, сот қаулыларының түсінігі, мазмұны, түрлері мен заңдық мәні, сондай-ақ заңнама жүйесіндегі Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының орны мен атқаратын қызметі қарастырылады. Сонымен қатар, нормативтік қаулыларда көрініс тапқан құқықтық нормалар мен ұстанымдар, нақты істерді шешуге арналған қағидалар, нормативтік қаулыларды дайындау және бекіту үдерісіндегі мәселелер, Жоғарғы Соттың қаулыларының құқықтық күші мен оларды іс жүзінде қолдану проблемалары, құқық қорғау органдарының қызметіндегі аталған қаулыларды пайдалану тәжірибесі, сондай-ақ бұл құжаттардың практикалық қолданыс барысында туындайтын қиындықтары мен оларды шешу жолдары, халықаралық деңгейде сот қаулыларын пайдалану тәжірибесі және қолданыстағы заңнаманы жетілдіру үдерісіндегі Жоғарғы Сот қаулыларының маңызы талданған. Сондай-ақ, аталған мәселелерге қатысты отандық және шетелдік тұжырымдарына салыстырмалы талдаулар жасай келе, олардың қол жеткізген маңызды ғылыми көзқарастары мен ұстанымдары теориялық және тәжірибелік тұрғыдан қарастырылып, зерделенді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі жазылған құқық доктринасына негізделгенімен, сот тәжірибесі де маңызды рөл атқарады. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары заңнаманы түсіндіру мен бірізді қолдануды қамтамасыз ететін маңызды құқықтық актілердің бірі болып табылады. Бұл тақырыптың өзектілігі елдегі сот төрелігінің әділдігін, құқықтық тұрақтылық пен болжамдылықты қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты күн санап артып келеді.

Құқықтық мемлекет құру процесінде, әсіресе құқықтық жүйенің тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз етуде сот билігінің рөлін арттыруға ерекше мән беріледі. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары құқық қолдану тәжірибесін біріздендірудің және заңдардың мәнін ашудың маңызды құралы болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары ұлттық құқықтық жүйенің құрамдас бөлігі болып табылады және құқықтық реттеудің тиімділігін қамтамасыз етеді. Бұл мәселе жөнінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағында былай деп белгіленген: «Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық – Конституцияның, оған сәйкес қабылданған заңдардың, басқа да нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық келісімдер мен мемлекеттің өзге де міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Соты мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының нормаларынан тұрады» [1]. Яғни,

құқықтық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулыларының маңызы ерекше екендігі айтылады.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасында: «Сот практикасының біркелкілігі мәселесі сот жүйесіне деген сенімді қамтамасыз етудегі түйінді мәселе болып табылады. Соттардың заңдарды біркелкі қолдануы елде бірыңғай әрі тұрақты құқықтық режимді сақтауға, құқықтарды және заңмен қорғалатын мүдделерді тиімді қорғауды қамтамасыз етуге, қабылданатын сот актілерінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сот практикасының негізсіздігі мен тұрақсыздығы бойынша субъектілердің сот шешімдеріне негізделген сын айтылған өтініштерінің саны бүгінгі таңда азаймай тұр. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының мазмұнын нақтылау жөніндегі шараларды қабылдау – айрықша маңызды мәселе болып табылады. Аталған қаулылардың басты мақсаты – соттардың қолданыстағы заңдарды және соларға негізделген нормативтік құқықтық актілерді жүйелі әрі дұрыс қолдануын қамтамасыз ету. Бұл құжаттар құқық нормаларын әртүрлі түсіндіру мен олардың арасындағы қайшылықтарды болдырмауға, сондай-ақ құқықты жүзеге асыру барысында туындайтын даулы мәселелердің алдын алуға бағытталады. Осы себепті, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының мазмұндық сапасын арттыруға және оларды жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру – қазіргі кезеңде өзекті міндеттердің бірі болып саналады [2].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы екінші қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтарымыздың құқықтарын қорғаудың және олардың қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы. Сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру қажет. Судьялардың заңды және ішкі сенімді басшылыққа алып, шешім шығару құқығы мызғымас сипатқа ие. Дегенмен, сот шешімдерін мұқият талдау жұмысын жолға қойып, бірыңғай сот тәжірибесін орнықтыру қажет» деген болатын [3].

Елімізде заңнаманың жиі өзгеруі мен толықтырылуы, жаңа құқықтық институттардың қалыптасуы жағдайында сот тәжірибесін жүйелеу маңызды болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары құқықтық жүйенің ажырамас бөлігі ретінде қолданыстағы құқықтың тиімділігін арттыруға септігін тигізеді. Қазақстанда заңдардың жиі өзгеруіне байланысты, соттар кейбір заңнамалық нормаларды қолдану кезінде қиындықтарға тап болып жатады. Ал, Жоғарғы Соттың қаулылары соттарға құқықтық дауларды шешу үшін нақты бағыт-бағдар береді. Кейбір жағдайларда қолданыстағы заңдар нақты мәселелерді толық реттемей жатады. Мұндай кезде нормативтік қаулылар құқықтық жүйенің толықтығын қамтамасыз етіп, даулы мәселелерді шешудің негізін қалыптастыруға өз ықпалын тигізеді. Қазіргі бүкіл әлемдік жаһандану үдерісінде еліміздің құқықтық жүйесі де халықаралық нормалармен үйлестірілу үстінде. Осы орайда, Жоғарғы Сот қаулылары адам құқықтары, сот

әділдігі және қылмыстық іс жүргізу нормаларын халықаралық стандарттарға жақындатуға көмектеседі.

Қазақстан Республикасындағы соттар Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын басшылыққа алуға міндетті. Егер төмен тұрған соттар осы қаулыларда берілген түсіндіруден ауытқитын болса, жоғарғы сот инстанциясы ондай шешімді өзгертуі не оның күшін жоюы ықтимал. Сонымен қатар, Жоғарғы Соттың қаулылары тек сот органдарына ғана емес, сондай-ақ құқық қорғау органдарының, атқарушы билік органдарының және заң шығару қызметінің жұмысына да әсер етеді. Бұл құқықтық саясатты дамытуда маңызды құрал болып табылады. Жаңа заңдардың қабылдануына байланысты кейбір нормативтік қаулылар өзектілігін жоғалтады. Жаңа құқықтық институттар пайда болған сайын, оларды дұрыс түсіндіру үшін жаңа қаулылар қабылдау қажет болады. Төменгі соттардың кейбірі нормативтік қаулыларды толықтай орындамай жатады. Бұл өз кезегінде Жоғарғы Сот қаулыларының тиімділігін төмендетеді. Сондықтан олардың орындалуын жіті қадағалау қажет.

Сонымен қатар, Жоғарғы Сот қаулыларының құқық қорғау органдарына ықпал ету тетіктерін күшейту аса маңызды мәселе болып табылады. Жоғарғы Сот қаулыларының ашық әрі түсінікті болуы үшін құқықтық ақпараттық жүйелер мен дерекқорларды дамыту қажеттігі де қазіргі кезде күн санап, өзекті мәселеге айналып отыр.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының тиімділігін арттыру мен жетілдіру мәселелері әрқашан конституциялық құқық ғылымы өкілдерінің назарында болды және бола бермек. Олардың жүргізген зерттеулері Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының құқықтық мәртебесі, олардың құқықтың қайнар көзі ретіндегі рөлі және заңнаманы түсіндірудегі маңыздылығы мәселелерін шешуге айтарлықтай үлес қосты, сондай-ақ, Жоғарғы Сот нормативтік қаулылардың рөлі мен мүмкіндіктері туралы теориялық түсініктерді тереңдетті. Бұған дейінгі жүргізілген зерттеулердің көбісі біздің еліміздің нарықтық экономикаға көшуі кезеңдеріндегі сот және құқық қорғау органдарының тәжірибесіне, сол кездегі қолданыста болған заңнаманы талдауға және экономикалық көне жүйенің жағдайларына қатысты негізделді. Дегенмен, заң әдебиеттерінде ғалымдар Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының ұғымына қатысты, құқықтық табиғаты мен функционалдық мақсаты туралы әртүрлі көзқарастар білдіреді. Ғылыми пікірлер негізінен нормативтік қаулылардың құқықтық мәртебесі, олардың құқықтың қайнар көзі ретіндегі рөлі және заңнаманы түсіндірудегі маңыздылығы төңірегінде қалыптасқан. Алайда, ғалымдар ішінде Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының мазмұнын түсінуде бірізділік жоқ екендігін байқаймыз.

Қазақстан Республикасының Конституциясы Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қолданыстағы құқық ретінде таңылатындығын ойға алып, норма түзушілік қызметі сот жүйесіне де тән. Осы аспект бойынша, норма түзушілік және құқық қолдану қызметі теориялық тұрғыдан толық дамымаған, бірақ сонымен бірге ерекше практикалық маңызы бар, заң шығарудың жалпы жүйесіндегі соттың заңдылық рөлін зерттеу ерекше маңызды болып табылады.

Заң әдебиеттерінде атап өткендей, соттық норма түзушілік мәселесі шынымен өте күрделі. Бір жағынан, соттың заң шығару функциясы билікті бөлу принципіне сәйкес келмейді. Екінші жағынан, биліктің бөлінуі қағидасының мәні биліктің бір тармағын екіншісінен оқшаулау үшін төмендетілмейді, яғни, абсолютті емес. Керісінше, олардың қызметі бір-бірімен өзара байланысты, көптеген мемлекеттерде қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мен дамытуда биліктің барлық тармақтары өкілеттіктерінің өзара шектелуін ғана емес, өзара әрекеттесуін де қамтамасыз ететін арнайы ұйымдастырушылық-құқықтық шаралар жасалады [4, 17].

Қаралып отырған тақырыпқа байланысты қазіргі кезеңде әртүрлі ғылыми көзқарастар қалыптасқан және олардың арасында өзара қайшылықтар да кездеседі. Қазақстан Республикасында Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары Конституцияда құқықтың қолданылатын нысандарының бірі ретінде танылғанымен, бұл ретте Конституцияның 81-бабына сәйкес, Жоғарғы Сот сот тәжірибесіне қатысты түсініктемелер беруге уәкілетті екені де көрсетілген [1]. Аталған конституциялық ереже Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 17-бабында нақтыланып, нормативтік қаулылар арқылы сот практикасында туындайтын құқықты қолдану мәселелері бойынша түсіндірулер берілетіні көрсетілген [5]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабында көзделген құқықты қалыптастыру мүмкіндігін айтпағанда, Конституцияның 81-бабы [1] мен жоғарыда аталған Заңның 17-бабы Жоғарғы Сотқа заңдарға ресми нормативтік түсіндірме беру құқығын нақты бекітпейді. Осыған байланысты, біздің пікірімізше, заңнамалық тұрғыда түсініспеушілікке алып келетін бір жайт – «Құқықтық актілер туралы» Заңның 4-бабында Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары нормативтік құқықтық актілер қатарына жатқызылғаны [6].

Мұндай жағдай Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларды талқылау және қабылдау процесінде белгілі бір қиындықтар тудырады. Бұл тұрғыдан алғанда да аталған мәселеге қатысты конституциялық құқық ғылымы аясында терең теориялық және тәжірибелік талдау мен зерттеу жүргізуді талап етеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағында қолданыстағы құқықтың негізгі элементтері, соның ішінде өзге де құқық нысандарына заңдық күш беретін және оларды танитын қағидаттар бекітілген. Аталған баптың нормалары Конституцияны ресми түсіндіру барысында, сондай-ақ құқық шығармашылығы мен құқықты қолдану тәжірибесінің Конституция талаптарына сәйкестігін бағалау кезінде базалық әдіснамалық ұстанымдарды анықтауда маңызды рөл атқарады.

Конституцияның 4-бабының мазмұны құқыққа жүйелі түрде қарауға және оны кең ауқымда түсінуге бағыт береді. Елдің барлық жоғары мемлекеттік органдары мен мемлекеттік басқару жүйесінің барлық буындары құқық шығармашылығы – яғни заңдарды әзірлеу және жетілдіру үдерісіне қатысады. Халық биліктің қайнар көзі ретінде референдум арқылы Конституцияны қабылдап, құқық пен мемлекеттің басқа да маңызды мәселелерін шешеді,

тікелей сайлау арқылы орталық және жергілікті мемлекеттік билік органдарын қалыптастырады, сол арқылы мемлекеттік құқық шығармашылық механизмін іске қосады. Парламент Конституцияны, конституциялық заңдарды, кодекстер мен өзге де заңдарды қабылдап, оларға өзгерістер енгізеді. Президент нормативтік жарлықтар, соның ішінде белгілі бір жағдайларда заң күші бар жарлықтар шығарады. Үкімет, Жоғарғы Сот және Конституциялық Сот өз құзыреті шеңберінде нормативтік қаулылар қабылдайды. Аталған мемлекеттік органдар (өкілетті, атқарушы, сот билігі және орталық пен жергілікті деңгейдегі басқа да органдар) өз өкілеттігі мен құзыретіне сәйкес нормативтік құқықтық актілер жүйесін – кең мағынасында заңнаманы – қалыптастыру, қолдану және жетілдіру үдерісіне қатысады. Бұл актілер жүйесі Конституцияға сай келіп, сондай-ақ «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 7-бабында бекітілген заң үстемдігін ескере отырып әзірленуі тиіс.

Сот тәжірибесіне қатысты заңнамалар мен Конституция нормаларын қолданудың мазмұндық бағыттарын жүйелеу және нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын түсіндіруге арналған ҚР Конституциялық Кеңесінің нормативтік актілері ерекше құқықтық мәнге ие [7, 135]. Осыған орай, «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты сот тәжірибесін реттейтін Конституция ережелерін қоса алғанда, заң нормаларын қолдану мәселелері бойынша нормативтік қаулылар қабылдауға уәкілетті» [8]. Сот практикасындағы әртүрлілікті және оның құқықты іске асырудағы ықпалын назарға ала отырып, Жоғарғы Сот құқықтық реттеу процесінде айтарлықтай әлеуеті бар, құқық нормаларын қалыптастыратын маңызды субъектілердің бірі ретінде танылады [9, 48].

Сот органдарының құқық қолдану қызметін жетілдірудің өзекті болуы, ең алдымен, азаматтар мен заңды тұлғалардың, әсіресе, олардың меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарын қорғаудың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілері арасындағы дауларды шешудің қажеттілігімен түсіндіріледі.

Қоғамның қызмет ету жағдайларының түбегейлі өзгеруі заңнаманың нормаларын соттың қолдануы мен түсіндіруі сияқты күрделі әлеуметтік-құқықтық құбылыстарға жаңа ғылыми көзқарас пен бағалауды талап етеді. Бұл нормалар адамның ажырамас құқықтарының кепілдігін қамтамасыз етуге, әділ сот төрелігін жүргізуге және заңдылық пен құқықтық тәртіпті тиісті қорғауға бағытталған. Соттың құқық нормаларын қолдануы мен түсіндіруіне байланысты бірқатар маңызды әрі өзекті мәселелер бүгінгі Қазақстанның даму ерекшеліктерін ескере отырып, одан әрі теориялық талдауды және жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Қазақстан экономикасы қалыптасқан нарықтық инфрақұрылыммен, меншік пен кәсіпкерлік қызметтің әртүрлі нысандарының болуымен сипатталады.

Қазіргі кезеңде заң нормаларын қолдану барысында соттың құқық шығармашылығы мәселесін зерттеу ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл заң шығарушының нормаларды салыстырмалы түрде анық тұжырымдауға, жағдайға байланысты және бағалауға негізделген ұғымдарды енгізуге мәжбүр болуымен байланысты: «Заңнамада азаматтық істі қарау және шешу барысында туындауы мүмкін барлық жағдайларды алдын ала толық қарастыру қиын, кейде

мүмкін емес. Осыған байланысты сот тәжірибесінде процессуалдық қызметті құқықтық реттеудегі олқылықтарды және сот ісін жүргізу субъектілері арасындағы қатынастарды заң аналогиясы мен құқық аналогиясы арқылы толтыру қажеттігі жиі туындайды» [10, 59].

Осы факторды ескере отырып, Қазақстанның сот тәжірибесі анағұрлым айқын және нақты құрамдарды қалыптастыруға бағытталған. Себебі, қандай да бір құқыққа қатысты дау туындамайынша, оның анықтығы туралы мәселе көтерілмейді, ал құқықтық дау сотта қаралған кезде ғана құқық нормасының мазмұны толық анықталады. Бұл тұрғыда Жоғарғы Соттың нақты істер бойынша қабылдаған шешімдерінің маңызы зор. Өйткені олардың көпшілігі төменгі соттар үшін үлгі ретінде қызмет етеді. Біртекті істер бойынша әртүрлі сот шешімдерінің шығарылуы, ең болмағанда, таңданыс тудырады. Демек, қазіргі кезеңде маңызды сот шешімдерін нормативтік реттеушілер ретінде тану және оларды заңнамалық тұрғыдан нақты рәсімдеу қажеттілігін тереңірек зерттеу талап етіледі. Бұл сот тәжірибесінің біркелкілігін қамтамасыз ету үшін өте маңызды болып табылады.

Жоғарыда аталған мәселелердің барлығы диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігін, Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының қазіргі қолданыстағы құқықтың ажырамас бөлігі ретінде және құқықтың қайнар көзі ретіндегі маңыздылығын ғылыми тұрғыда зерттеу қажеттілігін айқындайды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Сот құқықшығармашылығы мәселесі заң ғылымы мен тәжірибесінде жаңа мәселе емес. Сонау Римдік преторлық құқық дәуірінен бастап, бүгінгі күнге дейін бұл саладағы мемлекеттік-құқықтық өмірде жүргізілген шексіз пікірталастар көбінесе соттардың құқықшығармашылық қызметі – сот құқықшығармашылығы, сондай-ақ олардың шешімдерінің сипаты мен ерекшеліктері – судьялық құқық мәселелеріне бағытталды. Бұл мәселелер әртүрлі құқықтық жүйелерде әрқалай қарастырылған, ал континенттік құқықтық жүйеге жататын елдерде сот құқықшығармашылығы мен судьялық құқыққа деген көзқарастар көбінесе мемлекеттік режим мен саяси ұстанымға тәуелді болды.

Ағылшын-саксон құқықтық жүйесіндегі сот құқықшығармашылығы, азаматтық істер бойынша сот шешімдерінің сипаты мен ерекшеліктеріне қатысты зерттеулер Т.В. Апарова, Р. Давид, Р. Кросс, В. Лузин, Л. Лэнкастер, Ю.А. Митрофанов, А.К. Романов, А. Старченко, Р. Уолкер, Д. Фрэнк, Л. Хэнд, К. Цвейгард, Б. Шэртл және басқа да ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Аталған авторлардың бұл елдердегі сот құқықшығармашылығы деңгейін бағалаудағы көзқарастары әртүрлі болғанымен, олар соттардың құқықшығармашылық рөлінің артып келе жатқанын атап өтті. Бұл тенденцияны американдық судья Л. Хэндтің келесі пікірімен сипаттауға болады: «Заң – бұл бос ыдыс, оны судья қалаған нәрсемен толтыра алады» [11]. Бұл құбылыс – заңнамалық функцияны соттардың интерпретация жамылғысы астында иемденуі болып табылады.

Континенттік құқықтық жүйеге жататын елдерде XVIII – XIX ғасырдың басында мемлекет судьялардың заңдарды түсіндіру арқылы өзгертуіне жол бермеуге тырысты. Судьяларға әр сұраққа нақты жауап беру арқылы

құқықшығармашылық мәселесін олар үшін барынша қажетсіз етуге ұмтылды. Алайда сот практикасы мұндай ұстанымдардың тиімсіздігін көрсеткеннен кейін, заң шығарушы қанша мұқият заң әзірлегенімен, барлық туындайтын мәселелерді толықтай қамтып, реттей алмайтыны анықталды. Осыдан кейін Германия, Франция, Австрия, Швейцария, Ресей ғалымдары сот құқықшығармашылығының интерпретациялық қызмет барысында қажетті екенін негіздей бастады. Бұл мәселелер Балло-Бопре, Н.А. Гредескул, Р. Давид, Г.В. Демченко, Н.Дювернуа, Л. Жени, Г. Канторович, Г. Радбрух, Е.Н. Трубецкой, Е. Фукс, Х. Хубман, А. Шонке, Г. Шерешевич, Е. Эрлих және басқа да ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды.

Соттың құқықтық нормаларды қолдану мәселесінің әртүрлі кезеңдердегі аспектілері келесідей заңгер ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты: Б.Ж. Абдраимов, Г.Э. Абдрасулова, М.А. Аленов, Ж.К. Аленова, Ч.И. Арабаев, С.П. Балтабай, Ю.Г. Басин, А.Т. Боннер, Я.М. Брайнин, В.В. Витрянский, Н.Н. Вопленко, Б.М. Гонгало, А.Г. Диденко, И.Я. Дюрягин, В.В. Ершов, Г.А. Жайлин, И.У. Жанайдаров, Б.А. Жетписбаев, Л.Н. Завадская, А.А. Иванов, К.М. Ильясова, Ю.Х. Калмыков, Ф.С. Карагусов, Т.Е. Каудыров, Ж.Х. Косанов, В.В. Лазарев, Л.С. Мамиконян, К.С. Мауленов, Я.С. Михаляк, С.П. Мороз, А.В. Наумов, П.Е. Недбайло, Т.Н. Нешатаева, А.Р. Султанов, И.В. Стюфеева, М.К. Сүлейменов, И.Е. Фарбер, Т.Т. Шиктыбаев, А.С. Шляпочников, Г.Г. Шмелева, П.С. Элькинд және басқалар.

Сот билігін жетілдіру және реформалау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары жүйесін дамыту мәселелері, олардың сот құқықшығармашылығы мен заң нормаларын қолдану сұрақтарымен тығыз байланысты заңгер ғалымдардың, атап айтсақ: Е.М. Абайдельдинов, Б.Ж. Абдраимов, Е.Б. Абдрасулов, М.К. Абсаметов, А.Н. Ағыбаев, К.К. Айтхожин, Г.Б. Ақылбекова, Е.О. Алауханов, С.Т. Әлібеков, С.К. Амандыкова, Б.З. Ашитов, М.Т. Баймаханов, Ж.Н. Байышев, К.Ж. Балтабаев, И.Ж. Бахтыбаев, Л.Ш. Берсугурова, Б.Т. Бүлеулиев, В.В. Витрянский, А.Я. Гинзбург, К.Ф. Гуценко, Р.М. Джансараева, С.З. Зиманов, Х.Ю. Ибрагимов, А.А. Исаев, М.Ч. Қоғамов, О.К. Копабаев, К.А. Мами, Г.С. Мәуленов, С.С. Молдабаев, Э.Б. Мұхамеджанов, М.С. Нарикбаев, А.И. Новиков, Ж.О. Омрали, С.М. Рахметов, И.И. Рогов, С.Н. Сабикенов, Г.С. Сапарғалиев, М.А. Сәрсембаев, Т.Е. Сәрсенбаев, С.С. Сартаев, С.А. Табанов, К.Т. Терлікбаев, Ш.В. Тлепина, Б.Х. Төлеубекова, Ж.К. Түлепенов, Б.Т. Тургараев, С.Т. Тыныбеков, К.Х. Халиков, Р.Н. Юрченко және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған.

Қазіргі кезеңде бұл мәселелерді зерттеген ғалымдардан А. Барак, А.Г. Диденко, Р. Книппер, Р.З. Лившиц, М. Марченко, Т. Маунц, М.К. Сүлейменов, А. Трунк, И.В. Шульга, М.Т. Алимбеков және басқалардың еңбектерін атап өтуге болады. Сот құқықшығармашылығы мәселесі Қазақстанда заңдарды жүйелеу және интерпретациялау бойынша зерттеулер аясында С.А. Табановтың «Заңнаманы жетілдіру: теория және Қазақстан Республикасы тәжірибесі» еңбегінде, сондай-ақ Е.Б. Абдрасуловтың «Заң мен конституция нормаларын түсіндіру: теория, тәжірибе, процедура» атты монографиясында, М.

Марченконың «Сот құқықшығармашылығы және судьялық құқық» атты заманауи арнайы зерттеуінде талданған [12]. Сонымен қатар, бұл тақырыпқа арналған М.Т. Алимбековтың «Сот құқық шығармашылығы және азаматтық-құқықтық нормаларды құқықты жүзеге асыру механизмінде қолдану» [13] атты ғылыми еңбегі ерекше назар аударуды талап етеді. Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектері бұл мәселенің теориялық және ғылыми-тәжірибелік маңыздылығын көрсетеді.

Алайда, осы тақырып төңірегіндегі ғылыми еңбектерді талдау көрсеткендей, көптеген зерттеулердің болуына қарамастан, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы, оның құқықтың қайнар көздері жүйесінде алатын орны мен рөлі мәселелері қазіргі құқықтық тәжірибе қажеттіліктеріне толық жауап бере алмайды. Бұл тақырыпқа қатысты көптеген мәселелер әлі де талқылауды қажет етеді, ал кейбірі мүлде арнайы зерттелмеген. Сондықтан, қазіргі кездегі елімізде орын алған құқықтық реформалар мен заң шығару тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығын жан-жақты, кешенді түрде зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Осы зерттеу жұмысында автор жоғарыда аталған авторлардың еңбектері мен сот тәжірибесі материалдарына сүйене отырып, құқықты қолдану оны жүзеге асырудың ерекше нысаны болып табылатындығын ескере отырып, Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығын және нормативтік қаулыларды құқық нормаларын жүзеге асыру барысында қолданудың маңызды мәселелерін қарастыруға талпыныс жасайды.

Зерттеу объектісі Қазақстан Республикасында сот билігін жүзеге асыру барысында Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылар қабылдауы және осы қаулыларды орындау мен жүзеге асыру барысында туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады.

Зерттеу пәні нормативтік қаулылардың құқықтық табиғаты және соттардың құқық қолдану қызметі нәтижелерінде кездесетін мәселелер бойынша теориялық әзірлемелерден тұрады.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының құқықтың қайнар көздері жүйесіндегі алатын орнын айқындау, олардың интерпретациялық және құқық шығармашылық ерекшеліктерін зерттеу, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесіндегі маңыздылығын көрсету. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшу жағдайында заң ғылымы мен практикадағы жаңа тенденциялар аясында сот құқық шығармашылығымен және құқықты іске асыру тетігінде құқықтық нормаларды қолданумен байланысты мәселелерді кешенді түрде зерделеу, сондай-ақ Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының табиғатына, Жоғарғы Соттың маңызды шешімдерінің төмен тұрған сот істеріне әсеріне қатысты негізгі мәселелер бойынша авторлық ұстанымдарды әзірлеу болып табылады.

Аталған мақсатқа сәйкес зерттеу жұмысының міндеттері:

- Жоғарғы Сот қаулысы ұғымының мазмұнын ашу, түрлері мен ерекшеліктерін көрсету, заңдық күшін анықтау;

- құқықтың қайнар көздерін, олардың қоғам мен мемлекеттің заң шығару қызметімен өзара байланысын зерттеу;

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының құқықтық табиғатын анықтау, олардың нормативтік-интерпретациялық сипатын белгілей отырып, сот құқық шығармашылығының ресми актілері ретінде қарастыру;

- Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары мен өзге де заңға тәуелді актілердің арасындағы айырмашылықты талдау, арақатынасын анықтау;

- Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларындағы заңнаманы нақтылаудың шектерін анықтау;

- нормативтік қаулыларды дайындаудың заңдық техникасының жалпы ережелерін зерттеу, оларда тыйымдарды, ұйғарымдар мен рұқсаттарды көрсету нысандарын, құқықтық анықтамалардың рөлін белгілеу, сот органдарының нормативтік қаулыларды қолдануының өзекті мәселелерін көрсету;

- Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларындағы құқықтық дефинициялардың басты рөлін айқындау;

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын дайындау және жүзеге асырудың тиімділігін арттыру мен жетілдірудің ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің әдістемелік негізі. Зерттеу барысында жалпы ғылыми-танымдық әдістер: талдау және синтез, логикалық, жүйелік және құрылымдық функционалды әдістер, салыстырмалы-құқықтық талдау әдістері қолданылды.

Арнайы-құқықтық әдістердің ішінде жүйелік талдау әдісі Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын құқықтық жүйенің біртұтас элементі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл әдіс Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес нормативтік қаулылардың құқықтық реттеудегі рөлін анықтауға бағытталды.

Тарихи-құқықтық әдіс арқылы Қазақстандағы нормативтік қаулылардың қалыптасу және даму эволюциясын зерттеуге бағытталды.

Формалды-заңдық әдіс нормативтік қаулылардың құқықтық табиғатын және олардың заңдық күшін талдауға мүмкіндік берді. Бұл әдісті қолдану арқылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қылмыстық-процестік кодексі және Қылмыстық-атқару кодексіндегі құқықтық нормалар мен Жоғарғы Соттың қаулыларында көрсетілген түсіндірмелер салыстырылып, олардың құқық қолдану тәжірибесіндегі орны зерттелді.

Зерттеудің теориялық негізі. Диссертациялық зерттеудің теориялық негізін тек конституциялық құқық саласындағы ғана емес, сонымен қатар мемлекет және құқық теориясы, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық құқық және басқа да құқық салаларында еңбек еткен отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері құрайды. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына арнаған Жолдаулары, оқу құралдары, монографиялық еңбектер, диссертациялардың авторефераттары мен мерзімді ғылыми басылымдарда жарық көрген мақалалар, сондай-ақ ресми

статистикалық деректер, ақпараттық көздер мен сот органдарының ресми ақпараттық ресурстарынан алынған материалдар пайдаланылды.

Зерттеудің тәжірибелік негізін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және жергілікті сот органдарының ақпараттық ресурс көздерінен алынған деректер құрайды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Қол жеткізілген нәтижелердің ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы еліміздің тұрақты дамуға көшу жағдайында сот билігі саласындағы құқық шығармашылық және құқық қолданушылық қатынастар теориясын одан әрі дамытуда болып табылады. Сондай-ақ, аталған диссертациялық жұмыс еліміздің тұрақты дамуға көшу, цифрландыруға көшу жағдайында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын қолданыстағы құқықтың маңызды қайнар көзі ретінде қарастыра отырып, кешенді түрде зерттеуге арналған, мемлекеттік тілде дайындалған жұмыстардың бірі деп айтуға болады.

Аталған зерттеу жұмысы – тұрақты даму бағытын ұстану жағдайында сот билігі саласындағы құқық шығармашылық және соттың құқық қолдану қызметі жүйесінде орын алуға тиісті өзгерістерді көрсететін, кешенді құқықтық зерттеу болып табылады.

Зерттеу жұмысында нормативтік қаулылардың құқықтық мәнін талдау арқылы, олардың заңнамалық нормаларды нақтылап, оларға түсініктеме беретін және соттық құқық шығармашылығының негізгі нәтижелерінің бірі болып саналатын, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің ерекше бір түрі екені жөнінде қорытынды жасалады. Автор 2016 жылғы 6 сәуірде қабылданған «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына тиісті түзетулер енгізу арқылы Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының нормативтік құқықтық актілер жүйесіндегі орнын айқындауды, сондай-ақ оларды нақтылауға және егжей-тегжейлеуге бағытталған заңнамалық нормалармен бір деңгейде қарастыруды ұсынады.

Сот практикасының материалдарын зерттеп, талдай отырып, автор құқық қолдану процесінің жетістіктері мен кемшіліктерін анықтайды, нарықтық механизмнің нығаюына, азаматтық айналым саласындағы құқықтық қатынастардың тереңдеуіне байланысты оның әрі қарай өзектілігін негіздейді. Соның нәтижесінде, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғау жөніндегі соттың функциялары күрделене түсуде.

Зерттеу нәтижесінде нормативтік қаулылардың құқықтық табиғаты жаңаша түсіндірілді, олардың заңнамадағы дәстүрлі құқықтық актілерден ерекшеліктері анықталды. Құқық шығармашылық және интерпретациялық техника аспектілері зерделеніп, Жоғарғы Сот қаулыларындағы құқықтық позициялардың қалыптасуы мен олардың нақты істерді шешудегі маңызы қарастырылды.

Құқық қолдану тәжірибесіндегі өзекті мәселелер талданып, нормативтік қаулылардың сот және құқық қорғау органдары қызметінде қолданылуындағы кедергілер мен оларды шешу жолдары ұсынылды. Сонымен қатар, нормативтік қаулылардың заңнаманы жетілдірудегі рөлі айқындалып, олардың ұлттық

құқықтық жүйенің тұрақтылығы мен дамуына ықпалы бағаланды. Халықаралық тәжірибемен салыстыру арқылы басқа елдердің жоғары сот актілері зерттеліп, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының ерекшеліктері мен артықшылықтары белгіленді.

Бұл зерттеу Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларын құқықтық жүйенің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға және олардың тиімділігін арттыру бойынша жаңа ғылыми ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындыларының мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық және іс жүргізу құқығы салаларының теориялық әрі практикалық тұрғыдан нығаюына септігін тигізеді. Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық саласындағы ғылыми зерттеу жұмыстарында, жоғарғы оқу орындарында «Құқық қорғау органдары» пәні бойынша теориялық курстарды өткізу кезінде қолданылуы мүмкін.

Зерттеудің тәжірибелік маңызы. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындыларын сот билігінің қызметін реттейтін нормаларды соттың қолдану мәселелеріне қатысты қатынастарды, сондай-ақ конституциялық, азаматтық және азаматтық іс жүргізу, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіруге бағытталған құқық шығармашылық қызметінің барысында қолдануға болады.

Диссертацияның эмпирикалық негізі. Зерттеу жұмысы барысында нақты сот тәжірибесінен алынған мысалдар қарастырылып, оларды қолданудың ерекшеліктері зерттелді, сондай-ақ, құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тәжірибесі зерделеніп, статистикалық деректер және басқа да мәліметтер пайдаланылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Қолданыстағы заңнамада Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысына қатысты нақты құқықтық анықтама көзделмегендіктен, бұл актілердің құқықтық мәртебесін айқындап, олардың қолданылу аясын нақтылау қажеттілігі туындайды деп есептейміз. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары дегеніміз – сот тәжірибесін үйлестіру және заң нормаларын дұрыс әрі біркелкі қолдануды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қабылдайтын ресми интерпретациялық-құқықтық сипаттағы актілер. Мұндай қаулылар соттар үшін міндетті сипаттағы нұсқауларды қамтиды және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тікелей басшылыққа алынады.

Нормативтік қаулылар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, сондай-ақ халықаралық шарттарға сәйкес әзірленеді. Олар сот жүйесінде құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге және заңдардың дұрыс түсіндірілуіне ықпал етеді.

Нормативтік қаулылардың мазмұны келесі негізгі аспектілерден тұрады:

1) Құқық нормаларының ресми түсіндірмесі – заң нормаларын соттардың біркелкі және дұрыс қолдануын қамтамасыз ету мақсатында олардың мағынасын ашу;

2) Сот тәжірибесін қорыту – төменгі соттарда туындайтын құқықтық мәселелер мен оларды шешу тәсілдерін талдап, ортақ ұстанымдар қалыптастыру;

3) Құқықтық ұстанымдарды бекіту – сот шешімдерінде құқық нормаларын қолданудың бірыңғай тәжірибесін орнықтыру;

4) Сот тәжірибесінде кездесетін қайшылықтарды жою – әртүрлі соттарда бірдей жағдайларда әртүрлі шешімдер қабылдау мүмкіндігін азайту;

5) Соттардың қызметін жетілдіру – сот төрелігінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдар мен нұсқаулар беру.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары заңдық күші бойынша соттарға міндетті болып табылады және құқық қолдану тәжірибесінде маңызды рөл атқарады.

2. Қазақстан Республикасында Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары құқықтың өзіндік ерекше бастауы ретінде танылады. Бұл қаулылар заңнаманы ресми түрде түсіндірудің жалғыз тетігі болып табылады және сот тәжірибесінде құқық нормаларын біркелкі қолдануды қамтамасыз ететін актілер қатарына жатады.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары тікелей заңнамаға кірмегенімен, олардың құқықтық күші соттар үшін міндетті болып саналады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, соттар заң ережелерін қолданумен қатар, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын да негізге алуға тиіс. Аталған қаулылар Қазақстандағы қолданыстағы құқықтың маңызды бастауларының бірі ретінде есептеледі. Олар сот төрелігінің сапасын арттырып, құқық нормаларының бірізді әрі дұрыс қолданылуына ықпал етеді. Осы себепті нормативтік қаулылар құқық жүйесінде сот тәжірибесін жетілдіру мен оны дамытудың пәрменді құралы ретінде кеңінен қолданылады.

3. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының құқықтық табиғатын талдай отырып, олардың заң нормаларын нақтылап, түсіндірме беретін, сондай-ақ соттық құқық шығармашылығының басты нәтижелерінің бірі болып табылатын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің өзіндік түрі екендігін пайымдаймыз. Осыған байланысты, 2016 жылғы 6 сәуірде қабылданған «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына тиісті өзгерістер енгізе отырып, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының құқықтық актілер жүйесіндегі орнын нақты белгілеуді, әрі оларды заңнамалық нақтылау мен түсіндіруге бағытталған құқық нормаларымен бір деңгейде қарастыруды ұсынамыз.

4. Жоғарғы Сот қаулыларының заңнамамен арақатынасын нақтылау қажет деп есептейміз. Яғни, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары Конституция мен заңнаманы толықтыру немесе түсіндіру мақсатында қабылданады. Алайда, кейбір жағдайларда олар заң нормаларын кеңейтіп немесе керісінше, тарылтып жіберуі мүмкін. Сондай-ақ, кейде Парламент қабылдаған заңдар мен Жоғарғы Сот қаулылары арасында қайшылықтар орын алуы мүмкін. Аталған, қайшылықтарды болдырмау мақсатында:

- Жоғарғы Сот қаулылары заңнаманы түсіндіру шегінде қалуы үшін нақты шектеулер енгізу. Яғни, Жоғарғы Сот тек заңдарды түсіндірумен шектелуі керек, жаңа құқық нормаларын енгізуге жол берілмеуі керек;

- Жоғарғы Сот қаулылары мен заңдардың арасында қайшылық туындамауын қамтамасыз ету үшін Конституциялық Сотпен келісу механизмін қарастыру;

- Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын Парламенттің заң шығару қызметімен өзара үйлестіру қажеттілігі туындайды. Қаулыларды әзірлеу және қабылдау барысында заң шығарушы органмен, яғни Парламентпен және өзге де уәкілетті заң шығару құрылымдарымен кеңесу тәртібін енгізу ұсынылады. Сонымен қатар, қажеттілік туындаған жағдайда қолданыстағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды заң шығарушы билікке ресми түрде ұсыну тетігін қарастыру орынды деп есептеледі.

5. Соттардың құқық қолдану қызметі барысында Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының ашықтығын қамтамасыз ету – құқықтық ақпараттың қолжетімділігі мен айқындылығын арттыру да өте маңызды болып табылады. Кейде кейбір қаулылардың толық нұсқалары немесе түсініктемелері көпшілікке қолжетімді болмай жатады. Азаматтар мен заңды тұлғалар кейде өз құқықтарын дұрыс түсінбеуі мүмкін. Ол үшін, барлық қаулыларды бір орталықтан ашық түрде жариялау (ресми веб-сайт, арнайы құқықтық платформалар), қаулыларды түсіндіретін қарапайым тілде жасалған ақпараттық материалдар әзірлеу қажет. Сонымен қатар, сот шешімдерін қолдану бойынша азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру шараларын жүзеге асыру да аса маңызды.

6. Құқықтық тұрақтылықты сақтау мақсатында, жоғарғы сот қаулыларын үнемі өзгертпей, тек қажеттілігі дәлелденген жағдайда ғана жаңарту қажет. Егер, Жоғарғы Сот қаулылары жиі өзгеріске ұшырай беретін болса немесе біркелкі болмаса, құқықтық тұрақтылық бұзылуы мүмкін. Бұл еліміздегі түрлі деңгейдегі кәсіпкерлік субъектілері мен азаматтар үшін құқықтық сенімсіздік тудырады. Аталаған мәселені шешу үшін: жоғарғы сот қаулыларын қабылдау кезінде тұрақтылықты сақтау, тек қажет болған жағдайда ғана өзгерістер енгізу керек. Сондай-ақ, қаулы қабылдамас бұрын алдымен құқықтық-сараптамалық зерттеулер жүргізу қажет. Содан кейін, барлық қаулыларды тұрақты түрде жаңартып, өзгерістерді енгізіп отыру үшін құқықтық базада бірыңғай стандарттарды қалыптастыру қажет.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеу жұмысы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Құқықтану» кафедрасында дайындалды. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары аталған кафедраның кеңейтілген ғылыми семинар мәжілісінде талқылаудан өтті.

Зерттеу нәтижелерінің жария етілуі. Диссертация тақырыбы бойынша 10 ғылыми мақала жарық көрді. Атап айтар болсақ, Scopus және Web of scıence деректер қорына кіретін шетелдік ғылыми басылымдарда 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы

бақылау комитеті бекіткен тізімдегі журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 5 мақала жарияланды.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы. Диссертациялық жұмыстың жалпы көлемі – компьютерде терілген 157 беттен тұрады. Диссертацияның құрылымы ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты мен міндеттеріне сай келеді. Құрылымы бойынша диссертациялық жұмыс нормативтік сілтемелерден, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш тарау және он бір тараушалардан тұратын негізгі бөлім, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫЛАРЫН ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ РЕТІНДЕ ТАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының түсінігі, мазмұны, түрлері және заңдық күші

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары – сот тәжірибесін біркелкілендіруге арналған, заң ережелерін ресми түрде түсіндіретін және сот органдарының құқықтық көзқарастарын белгілейтін құжаттар болып есептеледі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына сәйкес, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары ресми түрде құқықтың қайнар көздерінің бірі ретінде танылады [1]. Дегенмен, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында «нормативтік қаулы» ұғымына қатысты нақты құқықтық анықтама берілмеген. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында нормативтік құқықтық актілердің түрлері айқындалғанымен, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларына арнайы түсініктеме немесе нақты сипаттама қарастырылмаған. Сонымен қатар, бұл актілердің құқықтық табиғаты мен құрылымдық ерекшеліктеріне қатысты да нақты регламенттелген нормалар мен түсіндірмелер жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде, Қылмыстық процестік кодексінде және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларына жекелеген сілтемелер жасалғанымен, олардың заңдық табиғатын айқындайтын арнайы ережелер жоқ. Бұл нормативтік қаулылардың құқықтық мәртебесін түсіндіру және қолдану мәселесінде белгілі бір олқылықтардың бар екенін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының негізгі мақсаты – заң нормаларын дұрыс түсіндіру арқылы сот органдары мен басқа да құқық қолданушы мекемелерге қолданыстағы заңнаманы заңдылық принципін сақтай отырып, бірыңғай қолдануға бағыт-бағдар беру. Бұл қаулылардың міндеті – жаңа нормативтік құқықтық актілерді жасау емес немесе қолданыстағы құқықтық нормаларды кеңейту емес, қайта, кейбір нормалардың мазмұны мен Қазақстан заңнамасының жалпы жүйесі аясында олардың бірізді түсіндірілуін қамтамасыз ету.

Қазіргі кезеңде Жоғарғы Соттың негізгі басымдықтарының бірі – құқықтық және тәжірибелік маңызы жоғары, сапалы нормативтік қаулыларды қабылдау, сондай-ақ сот тәжірибесіне қажетті түсіндірмелер беру болуы тиіс. Бұл мәселелер құқықтық жүйенің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жан-жақты әрі терең зерттеуді қажет етеді.

Бастапқы нүкте ретінде еліміздің Конституциясын алайық, оған сәйкес келетін заңдармен, ратификацияланған халықаралық шарттармен қатар Конституциялық Соттың және Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қолданыстағы құқық ретінде таниды. Құқық теориясы тұрғысынан алғанда, позитивті құқық – бұл мемлекет бекіткен немесе санкциялаған және

мемлекеттік ықпал ету шарасымен қамтамасыз етілген құқық нормаларының жиынтығы. Конституцияда көрсетілген «қолданыстағы» сөзі «құқық» терминінің мәнін өзгертпейді, өйткені қолданыстағы емес құқық тек құқықты ретроспективті талдау кезінде, яғни белгілі бір мемлекеттер тарихында бұрын болған құқық туралы сөз болғанда ғана мүмкін. Ал бұл жағдайда Қазақстан Республикасы аумағында күші бар және қолданылатын құқық туралы айтылып отыр. Демек, заң шығарушы осы конституциялық ережелерді бекіте отырып, нормативтік қаулылар Республикада қолданылатын құқықтың бір бөлігі ретінде құқық нормаларын қамтиды деп болжаған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына сәйкес, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары қолданыстағы құқық нормалары жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Аталған норма нақтылай түсетін Конституцияның 81-бабы Жоғарғы Сотқа «сот практикасы мәселелері бойынша түсініктемелер» беру өкілеттігін заңнамалық түрде бекіте отырып, бұл қаулыларға құқықтың ерекше қайнар көзі ретіндегі мәртебе береді. Мұндай өкілеттік Жоғарғы Сотқа нормативтік түсіндіруді ресми әрі жалпыға міндетті сипатта жүзеге асыру құқығын жүктейді. Бұл тек сот төрелігін жүзеге асыру саласына ғана емес, сонымен қатар өзге де құқық қолданушы мемлекеттік органдардың қызметіне айтарлықтай ықпал етеді.

Мұндай құқықтық маңыз Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасында да көрініс табады. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 1-бабының 2-тармағында Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары қылмыстық сот ісін жүргізуді реттейтін актілердің қатарына жатқызылып, осы құқық саласының құрамдас бөлігі ретінде көрсетілген.

Сол сияқты, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 1-бабында да Жоғарғы Соттың әкімшілік құқықтық қатынастарды реттейтін қаулылары әкімшілік заңнаманың ажырамас бөлігі екені айтылған.

Азаматтық процестік Кодекстің 1-бабында да осындай ереже бар: онда Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары азаматтық процестік құқықтың құрамына енетіні нақтыланған.

Аталған заңдардағы нормалар Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары дербес негізгі нормативтік құқықтық актілер болып табылатынын, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының құрамына енетінін, сондай-ақ қылмыстық процестік, азаматтық процестік құқықтың және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың құрамдас бөлігі болып саналатынын көрсетеді.

Дегенмен, мұндай тұжырым Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы 6 наурыздағы №3 Қаулысымен толықтай үйлесе бермейді. Аталған құжатта Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына сәйкес, қолданыстағы құқық жүйесіне Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары да кіреді деп нақты айқындалған. Бұл қаулылар арқылы соттарға заңнамалық нормаларды қолдану мәселелері жөнінде түсіндірмелер беріледі және сот процесіне қатысатын тараптардың мінез-құлқын айқындайтын белгілі бір қағидалар қалыптастырылады [8]. Осыған орай, Конституциялық Кеңес Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары тек сот тәжірибесі аясында, яғни заң

нормаларын, оның ішінде Конституцияның ережелерін қолдануға байланысты туындайтын мәселелер бойынша ғана қабылдануы қажет ерекшеленген.

Ал Қылмыстық және Азаматтық кодекстердің ережелерін қарастырар болсақ, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары жөнінде, процессуалдық заңдардағыдай нақты норма кездеспейді. Мәселен, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 1-бабында қылмыстық заңнама тек осы Кодекстің өзінен тұратыны және қылмыстық жауаптылықты белгілейтін басқа актілер тек Қылмыстық кодекске енгізілген жағдайда ғана заңдық күшке ие болатыны көрсетілген.

Сонымен қатар, «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 17 және 22-баптарында Жоғарғы Сотқа нормативтік қаулылар қабылдау және сот практикасына қатысты түсіндірмелер беру өкілеттігі берілгені айқын жазылған [5].

Айта кету керек, ғалымдар арасында нормативтік қаулылардың құқықтық табиғаты туралы түрлі пікірлер айтылған. Кейбір ғалымдардың пікірінше, бұл қаулылар құқықтың дұрыс қолданылуына қызмет етеді, бірақ өз бетінше дербес құқықтық норма қалыптастырмайды. Атап айтқанда, С.С. Алексеев «құқық нормаларын қолдану – бұл нақты өмірлік жағдайларда құқықтық нормалардың іске асырылуын қамтамасыз ететін құзыретті органдар мен тұлғалардың билік ұйымдастырушылық қызметі» екенін атап өткен [14, 309]. Сонымен қатар, В.И. Шепелев құқық нормаларын қолдану құқықты іске асырудың ерекше түрі болып табылатынын, ол құзыретті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың жеке адамдар мен қоғамның өмірлік жағдайларына билік ету арқылы араласуы кезінде жүзеге асырылатынын айтқан [15, 422].

Осы негізде Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларды қабылдауы – ғалымдар атап өткендей, «құқықты жүзеге асырудың ерекше формасы» әрі «құзыретті органдардың ұйымдастырушылық-биліктік қызметінің көрінісі» болып табылады. Бұл өз кезегінде заң нормаларын біркелкі түсінуге, оларды нақты түсіндіруге және сот тәжірибесінде дұрыс қолдануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған қаулысында Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының мазмұнына тоқталып, онда «соттарға заңнаманы (оның жекелеген нормаларын) қолдану жөнінде түсіндірмелер берілетіні және сот өндірісіне қатысушы субъектілер үшін мінез-құлық ережелері қалыптастырылатыны» жөнінде нақты атап көрсетеді. Осыған сүйене отырып, нормативтік қаулылар тек процессуалдық заңнамадағы нормаларды түсіндіру мақсатында ғана емес, сонымен бірге заңда тиісті құқықтық ереже болмаған жағдайда құқықтық олқылықтарды реттеу үшін де қабылдануы мүмкін деген тұжырым жасауға болады.

Жоғарғы Сот тарапынан берілетін мұндай нормативтік түсіндірмелер қажеттілігі құқықтық шындықпен тікелей байланысты. Бұл заң нормалары, негізінен, «жалпы сипаттағы мінез-құлық қағидалары ретінде» қалыптасатындықтан, олардың нақты өмірлік жағдайлардың барлығын бірдей қамти алмайтынын білдіреді [16, 88].

Осының салдарынан кейбір заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілердегі құқықтық нұсқамалардың мағынасы мен мазмұнын құқық қолданушылар барлық жағдайда бірмәнді және дұрыс түсіне бермейді. Бұл олардың әртүрлі тұжырымдалуына, құқықтық техниканың жетілмегендігіне, заңнаманың қайшылықтары мен олқылықтарына, құқықтық анықтамалардың, тұжырымдардың айқын еместігі мен екіұштылығына, терминологиялық түсініксіздікке, жекелеген ережелердің жеткіліксіз реттелуіне, бағалау ұғымдарын түсіндірудегі қиындықтарға және басқа да факторларға байланысты. Мұның бәрі құқық қолдану процесіне теріс әсер етеді. Осының нәтижесінде белгілі бір санаттағы істер немесе нақты құқықтық институттар бойынша сот практикасын жинақтау арқылы құқық нормаларын қолданумен байланысты заңдылықтың бұзылуы мен сот қателіктері анықталады. Бұл қателіктер көптеген құқық қолданушылардың қызметінде жүйелі сипатқа ие болуы мүмкін. Сондықтан кейбір құқық нормаларын, олардың мазмұны мен мағынасын түсіндіру қажеттілігі туындайды. Бұл заң шығарушының шынайы еркін айқындауға бағытталып, құқық нормаларын біркелкі әрі дұрыс түсінуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұндай қамтамасыз ету заңдылық пен құқықтық тәртіптің аса маңызды кепілі болып табылады. Жоғарғы Соттың сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірме беруі заң шығарушы органдарға қарағанда сот тәжірибесінің қажеттіліктеріне жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Бұл соттардың заңнаманы қолданудағы айырмашылықтарын анықтауға көмектесіп, сот практикасының бірлігін және заңдардың барлық соттарда біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді. С.Н. Братусь пен А.Б. Венгеровтің пікірінше, сот практикасы сот қызметінің ажырамас бөлігі әрі оның нәтижесі ретінде қалыптасады. Бұл процесс соттың заңды даулы жағдайға қолдану барысында оны түсіндіріп, мазмұны мен мағынасын нақтылау арқылы заңда қолданылған ұғымдарды айқындау қажеттілігінен басталады [17, 9].

Сонымен қатар, соттың нормативтік түсіндірмесінің көлеміне қатысты ғалымдар арасында бірыңғай көзқарас жоқ. Зерттеушілердің бір тобы сот билігінің актілеріне құқық шығармашылық мәнін таниды, ал екінші топ оны жоққа шығарады.

Мәселен, бірінші көзқарасты қолдаушы Р.З. Лившицтің пікірінше, «Соттар заңның негізділігін тексереді және оның күшін жоюға құқылы», сондай-ақ «құқықтық нормаларды қабылдай отырып, құқықтық реттеудегі олқылықтарды толтырады. Мұндай жағдайларда сот заң шығарушы және атқарушы биліктің жұмысын толықтырады» [18, 143]. А.И. Дихтяр мен Н.А. Рогожиннің пікірінше, «сот құқықтағы олқылықтар жағдайында және азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктері (соттан тыс) болмаған кезде, құқықтық вакуумды құқықтық нормалар жасау арқылы толтыруға мәжбүр» [19, 2]. Осыған байланысты «жоғарғы соттардың құқық шығармашылық рөлін негіздейтін белгілі бір құқықтық алғышарттар бар» [19, 2]. А. Барак «судья құқықты жасайды» деп атап өте отырып, соттың құқық шығармашылығы дербес процесс емес екенін ескертеді, өйткені ол әрқашан әділ сот төрелігінің жанама нәтижесі болып табылады. В.М. Лебедев осы көзқарасты қолдай отырып, былай деп нақтылайды: «Егер заңда нақты

тұжырымдалған норма болмаса немесе құқықтағы олқылық орын алса, дұрыс шешім табу өте қиын. Мұндай жағдайларда судья құқық жүйесінде «жасырын» (көмескі) жатқан заң нормасын іздеп, оны қалыптастыруы қажет. Бұл ретте ол заңнаманың жалпы мағынасын, сондай-ақ ақылға қонымдылық пен әділдік талаптарын басшылыққа алады. Осылайша, судья заңдағы олқылықтар мен анық еместіктерді жоя отырып, заң шығарушы секілді әрекет етеді. Сондықтан мұндай жағдайларда судья құқық жасайды» [20, 209].

Керісінше пікірді зерттеушілердің екінші тобы ұстанады. Мәселен, Д.А. Керимов бұл мәселе бойынша нақты ұстанымда болып: «Түсіндіруші құқықтық нұсқаманың мәтінін толықтырмауы, өзгертпеуі немесе өз бетінше түзетпеуі тиіс…» деп қатаң түрде мәлімдейді [16, 93]. Осыған ұқсас көзқарасты Г.С. Сапарғалиев те білдіреді. Ол: «Жоғарғы Сот түсіндірме берген кезде нормативтік құқықтық актілердегі олқылықтарды толтыруға құқылы емес», яғни жаңа нормалар қалыптастыруға және сол арқылы құқық шығармашылық қызметті жүзеге асыруға өкілетті емес деп атап көрсетеді [21, 117]. Жоғарғы Соттың түсіндірмесі өз мәні бойынша «құқық нормасын интерпретациялау бойынша зияткерлік процесс болып табылады, оның нәтижесінде Жоғарғы Соттың қаулысы түріндегі түсіндіру актісі жасалады. Мұндай қаулы Конституцияда нормативтік деп аталғанымен, өз ішінде жаңа құқық нормасын қамтымайды, тек құқық нормасының мәнін ашады» [22, 14]. Сот түсіндіру актілері нормативтік сипатқа ие, өйткені оларда берілген түсіндірмелер жалпы ережелер түрінде тұжырымдалады және құқық қолдану субъектілері үшін міндетті болып табылады. Осы екі ерекшелік оларды құқық шығармашылық қызметтің нәтижесі болып табылатын нормативтік құқықтық актілерге жақындатады. Дегенмен, құқық шығармашылық актілерден ерекшелігі, А.С. Пиголкиннің орынды атап өткендей, «нормативтік түсіндіру актісі толықтай қосалқы сипатқа ие, жаңа дербес нормаларды қамтымайды, тек қолданыстағы нормалардың мазмұнын ашып көрсетеді және негізгі актіден бөлек қолданылмайды [23, 102]». Осыған ұқсас пікірді білдіре отырып, Е.Б. Абдрасулов «...ресми түсіндіру актілері өздері түсіндіретін құқық нормаларынан бөлек өз бетінше қолданылмайды» деп атап көрсетеді. Мұндай түсіндірулер тек түсіндіріліп отырған нормалар қолданылып тұрған уақыт ішінде ғана заңдық күшке ие болады және сол нормалар өз күшін жойған жағдайда өзектілігін жоғалтады. Сондықтан, ресми түсіндірме актілері нормативтік құқықтық актілерден қосалқы сипатымен ерекшеленеді [24, 143]. М.Н. Марченко А.Ф. Черданцевтің пікірімен келісе отырып, ол Жоғарғы Соттың түсіндірмелері «нормативтік жаңашылдыққа ие болмауы тиіс, яғни оларда түсіндірілетін заңдарда жоқ ештеңе болмауы керек. Олардың өз бетінше заңдық күші жоқ және сот үкімдері мен шешімдерінің негізі бола алмайды. Олар тек құқық нормасын белгілі бір түсіну мен қолданудың дәлелі, негізі ретінде қызмет етеді» деп атап көрсетеді [25, 339].

Осыған байланысты Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының басты мақсаты – қолданыстағы құқық нормаларын түсіндіру болып табылады және олар жаңа құқықтық ережелерді енгізбеуі тиіс. Мұндай қаулылар дербес құқықтық акт ретінде емес, тек түсіндірілетін нормалармен қатар әрекет етуі

қажет. Сондықтан олардың заңдық күші тікелей түсіндірілетін құқықтық актімен немесе оның нақты нормаларымен теңестірілмейді. Осы себепті, егер белгілі бір нормативтік құқықтық акт немесе оның жекелеген нормалары күшін жойса не өзгеріске ұшыраса, онда оларға қатысты қабылданған нормативтік қаулылар да толығымен немесе тиісті бөлігінде өз күшін жояды немесе қайта қаралуы тиіс.

Осы контексте Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының құқықтық салмағы болғанымен, олардың мақсаты қолданыстағы құқықты құру, толықтыру немесе өзгеріске ұшырату болмауы тиіс. Сонымен қатар, Жоғарғы Соттың заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мәтінін өздігінен қайта жазуға немесе балама түсіндіруге құқығы жоқ, өйткені заң шығарушы тарапынан мұндай өкілеттік берілмеген. Бұған қоса, заңнамада нақты белгіленген құқықтық ұғымдарға балама немесе жаңаша анықтамалар енгізу құқығы да Жоғарғы Соттың өкілеттігіне жатпайды. Бұл ретте римдік құқықтың мынадай классикалық қағидасын еске түсіруге болады: Judicis est jus dicere, non dare – «Судьяның міндеті – құқықты айту, оны жасау емес» [26, 69].

Билік бөлінісі қағидатының негізінде соттың құқық шығармашылық өкілеттіктерге ие болуы жол берілмейді, өйткені бұл аталған қағиданың басты мәнін – бір билік тармағының екіншісінің функцияларына араласуына тыйым салу талабын бұзар еді. Басқаша айтқанда, мұндай жағдай Жоғарғы Соттың заң шығару билігінің функцияларын иемденуіне әкеліп, билік тармақтарының арасындағы үйлесімді тепе-теңдікті бұзуы мүмкін. Бұл туралы А.Д. Бойков дәл атап өткендей, «биліктің әртүрлі тармақтарының функцияларын үйлесімді ұштастыратын нәзік шекара бұзылған жағдайда, қақтығыстар мен қайшылықтар туындауы мүмкін» [27, 134]. Сот билігінің басты міндеті – әділ сот төрелігін іске асыру болып табылады. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары құқық қолданушы органдар үшін міндетті сипаттағы құқықтық нұсқауларды қамтығанымен, олардың мазмұнында түсіндіріліп отырған нормативтік құқықтық актілерде көзделмеген жаңа құқықтық нормалар болмауы қажет. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағы мен 81-бабында көзделген нормалар Жоғарғы Сотқа заңнаманы және өзге де нормативтік құқықтық актілерді жаңа нормалармен өзгертуге немесе толықтыруға құқық бермейді (тіпті олар түсіндірілетін нормалардан туындайтын жағдайларда да). Сол сияқты, Жоғарғы Сот өз қаулыларында құқық нормаларын түсіндіру барысында оларға баға беруге құқылы емес. Жоғарғы Соттың өкілеттігі тек құқық нормаларының мазмұнын дұрыс әрі біркелкі ұғындыру және қолдану шеңберінде шектеледі, ал оларды өзгерту немесе толықтыру оның міндетіне жатпайды. Осы себепті, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары өзге сипаттағы құқықтық актілер қатарын құрайды.

Нормативтік қаулылардың басты ерекшеліктеріне — олардың жалпыға міндеттілігі, ұзақ мерзімге қолданылуы, бірнеше мәрте қолданылу мүмкіндігі және көптеген субъектілерге бағытталуы жатады. Осыған сүйене отырып, бұл қаулыларды интерпретациялық (түсіндіруші) нормалардың кешені ретінде бағалауға болады. Демек, оларды нормативтік құқықтық актілердің ерекше бір түрі — нормативтік интерпретациялық актілер ретінде жіктеуге негіз бар.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары дәстүрлі нормативтік актілерден бірқатар ерекшеліктерге ие болса да, олар құқық жүйесінің құрамына кіреді деп есептеуге болады.

Біріншіден, нормативтік қаулылар құқықтық реттеудің тетіктерінің бірі ретінде қарастырылады, яғни олардың негізінде бекітілген қағидалар түрлі өмірлік жағдайларда және құқықтық қатынастардың субъектілеріне қатысты қолданыс табады. Екіншіден, мұндай қаулылардың құқықтық маңыздылығы олардың негізіне алынған және түсіндірме беріліп отырған нормативтік құқықтық актілердің — конституциялық заңдар, кодекстер мен өзге де заңдардың — құқықтық деңгейіне жақындайды.

Егер нормативтік қаулылар мен классикалық нормативтік актілердің айырмашылықтарына тоқталсақ, ең алдымен олардың құрылымындағы айырмашылықты атап өту қажет. Нормативтік қаулылар әдетте құқық нормасының толық құрылымын — гипотеза, диспозиция және санкция — қамтымайды. Көбінесе олар тек белгілі бір элементті нақтылап, сол арқылы құқық қолдану тәжірибесіне бағыт береді. Сондықтан, бұл қаулылардың нормативті сипаты олардың құрылымынан емес, жалпыға міндеттілік, көп мәрте қолданылу және көпшілікке арналу секілді басқа қасиеттерінен көрінеді.

Тағы бір маңызды ерекшелігі – нормативтік қаулылар өздігінен, яғни түсіндірілетін құқықтық актіден бөлек әрекет ете алмайды. Олар тек негіз болып отырған құқық нормасы қолданылып тұрған кезеңде ғана заңдық күшке ие болады және егер бұл норма жойылса, сәйкесінше қаулы да өз күшін жоғалтады.

Конституциялық нормалар тұрғысынан келесі заңды мәселе туындауы мүмкін: соттың құқық қалыптастырушы рөлі биліктің бөліну қағидатымен қаншалықты сәйкес келеді? Бұл сұраққа келесідей жауап беруге болады. Иә, соттық құқық шығармашылығы мәселесі өте күрделі. Бір жағынан, соттың құқық шығармашылық қызметі биліктің бөліну қағидатымен тікелей сәйкес келмейді. Екінші жағынан, билік бөлінісінің мәні билік тармақтарының бір-бірінен оқшауланумен шектелмейді, яғни ол абсолютті сипатқа ие емес. Керісінше, бұл билік тармақтарының қызметі өзара тығыз байланысты және көптеген мемлекеттерде билік өкілеттіктерін өзара шектеумен қатар, олардың белгілі бір аяда өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін арнайы ұйымдастырушылық-құқықтық механизмдер қалыптасқан. Осындай ынтымақтастық жағдайында және өз өкілеттіктерінің шеңберінде сот билігі қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мен жаңғырту үдерісіне қатыса алады. Бұған тек тоталитарлық және авторитарлық режимдер ғана ерекшелік болып табылады, онда соттың заңды шығармашылық тұрғыдан түсіндіру рөлі елеулі түрде шектеледі, соттың интерпретациялық қызметіне тыйым салу туралы арнайы нұсқаулар қабылданады және соттың заңның әріптік мазмұнына қатаң бағынуы талап етіледі [28, 221]. Осылайша, соттың мемлекеттік билік жүйесіндегі дербестігі мен оның құқық шығармашылық өкілеттіктерінің арасындағы тікелей тәуелділік айқындалады. Бұл өкілеттіктер құқықты ұқсастық бойынша қолдану, прецеденттік құқықтық ережелерді қалыптастыру,

сондай-ақ Жоғарғы Соттың сот практикасы мәселелері бойынша заңнамаға түсіндірме беретін нормативтік қаулылар шығару арқылы дамиды.

Бұл, әрине, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының заң шығару өкілеттігін иемденіп, Парламенттің функциясын ауыстырады дегенді білдірмейді. Алайда, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларында айқындалатын құқықтық ұстанымдар қолданыстағы заңнаманың мәнін және оның негізгі идеяларын нақтылауға ықпал етіп, заң шығару процесіне жанама түрде әсер етуі мүмкін. Осы арқылы Сот құқықтың позитивті қалыптасуына қатыса отырып, құқықтық нормалардың мазмұндық толықтығы мен тиімділігін арттыруға үлес қосады.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Конституциясында сот билігінің құқықтық шығармашылық қызметі бекітілгенін ескере отырып, қазіргі кезеңде бұл функцияның мазмұнын, нормативтік қаулылар арқылы заң нормаларын нақтылау шектерін, сондай-ақ соттық құқық шығармашылығының парламенттік, ведомстволық (үкімет пен министрліктердің заңға тәуелді актілері) және шарттық құқық шығармашылығымен арақатынасын талдау өзекті болып отыр.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты кейбір жағдайларда өз құзыретін кеңейтіп, заң шығару үдерісіне араласады деген пікірлер жиі айтылып жүр. Сонымен қатар, құқық нормаларының қолданылу шеңберін кеңейту немесе тарылту әрекеттерін жүзеге асырады деген сын да бар. Дегенмен, сот тәжірибесінде құқықтық нормаларды қолдану барысында терминдер мен дефинициялардың бірыңғай әрі нақты түсіндірудің маңызын атап өту қажет. Мұндай түсіндірмелерді қалыптастыру барысында нормативтік құқықтық актілердің мазмұнын түсіну шекарасын белгілеу — жоғарғы сот инстанциясының басты міндеттерінің бірі. Бұл міндеттің өзектілігі азаматтық заңнамада жиі кездесетін бағалаушы ұғымдар мен түсініктердің анық еместігімен тығыз байланысты. Мысалы, «ақылға қонымды уақыт», «ұзақ мерзім», «пайдасына», «елеулі бұзушылық», «шұғыл» сияқты сапалық немесе сандық мәні бар түсініктер, сондай-ақ нақты заңнамалық анықтамасы жоқ терминдер («азаматтық айналым», «әдет-ғұрып», «ұсақ тұрмыстық мәміле» және т.б.) жиі кездеседі. Азаматтық құқықтағы түрлі ұғымдарды түсіндіріп, оларға дәл анықтама беру — күрделі әрі жоғары деңгейдегі интеллектуалдық және ғылыми әдісті талап ететін жұмыс. Алайда бұл процесс заңнаманы жетілдіру жолында міндетті түрде орындалуы тиіс. Бұл саладағы қызмет жиі сынға ұшырағанымен, оның заңдық және практикалық маңызын жоққа шығаруға болмайды. Жаңа азаматтық заң актілерінің қабылдануы бұрын таныс болмаған құқықтық қатынастарды реттеу қажеттілігін туындатып, құқықтық түсініктердің мәнін дұрыс айқындау міндетін алға қояды. Мұндай жұмыс Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары арқылы атқарылады. Аталған қаулыларда заң нормаларын нақтылау мен егжей-тегжейлі түсіндіру міндетті түрде құқықты нақтылау сипатында жүргізіледі, себебі оларда бұрынғы нормалар жүйелі түрде дамытылып, жаңа ұғымдар мен түсініктер енгізіледі, салыстыру, қарсы қою және өзге де тәсілдер қолданылады. Бұл ойлау әрекеттері мәселенің мәнін тереңірек түсінуге жол ашады. Егер жаңаша

көзқарас болмаса, кез келген құқықтық түсіндірменің мәні жойылады. Құқықты интерпретациялау әрдайым қолданыстағы заңды жаңа қырынан ашуға немесе оны нақты жағдайға сәйкес ұғынуға бағытталған. Ал Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары еліміздің құқықтық жүйесіне енгізілетіндіктен, оның интерпретациялық қызметі заңды әрі негізді болып есептеледі.

Нормативтік қаулылардың құқық қалыптастырушы рөлінің маңызын ескере отырып, бүгінде бұл ресми актілердің сапалық деңгейін арттыруға ерекше назар аудару қажет. Біріншіден, нормативтік қаулылардың мазмұнын әзірлеу қағидаларын біріздендіріп, олардың құрылымына және мазмұндық мазмұнына қойылатын жаңартылған талаптарды айқындау қажет. Екіншіден, мұндай қаулыларды бастамалау, талқылау және қабылдау рәсімін нақтылау маңызды. Осы шаралардың барлығы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құқық қалыптастырушы актілерін әзірлеуге арналған арнайы құқықтық техника жүйесін қалыптастыруға жол ашады, ол өз кезегінде нормативтік қаулыларды құру мен қолдану тәртібін жүйелеуді қамтамасыз етеді.

Бір маңызды жайтты атап өткен жөн. Бүгінде заңдарды ресми түсіндіру субъектісі заңнамалық тұрғыда белгіленбеген. Нормативтік қаулылардың заң нормаларын түсіндіруге, нақтылауға және егжей-тегжейлі талдауға бағытталғанын ескере отырып, бұл олқылықты қазіргі таңда ҚР Жоғарғы Соты толтырып отыр деп сенімді түрде айтуға болады [29, 18]. Бұл Конституцияның мазмұны мен рухына толық сәйкес келеді, өйткені онда Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары құқықтық реттеушілер жүйесінде ерекше орын алатыны көрсетілген. Осыған байланысты, нормативтік қаулылардың қолданылу саласы тек соттармен шектелмеуі тиіс деп есептейміз, себебі, біріншіден, Конституция оларды тек сот жүйесіне ғана бағыттамайды, керісінше, құқықтық қатынастардың барлық қатысушылары үшін қолдануға, орындауға және пайдалануға мүмкіндік береді; екіншіден, сот билігінің өзі мемлекеттік билік механизмінде ерекше рөл атқарады және құқықтық дауларда басты төреші ретінде әрекет етеді.

Біздің ойымызша, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары заңнамалық актілерді ресми түсіндірумен қатар, құқықтық олқылықтарды толықтырып, жаңа құқықтық нормалардың қалыптасуына ықпал етеді. Жоғарғы Сот қаулыларының Қазақстан құқықтық жүйесіндегі орны ерекше, олар құқық қолдану тәжірибесінде басшылыққа алынады. Қазақстан жағдайында сот актілерінің құқық шығармашылығындағы рөлін мойындау - құқықтық мемлекеттің дамуы мен құқықтық реформалардың тиімділігін қамтамасыз етудің басты алғышарты [30, 96].

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының қазіргі кезеңдегі рөлін асыра бағалау қиын. Егер Жоғарғы Сот нақты істер бойынша шығарған сот актілері арқылы құқықтық ұстанымдар мен нормаларды қалыптастырып, төменгі сатыдағы соттарға ұқсас жағдайлар бойынша бағыт-бағдар берсе, нормативтік қаулылар бүкіл сот тәжірибесін саралау нәтижесінде қабылданып, міндетті күші арқылы ел аумағында құқықтық бірізділікті қамтамасыз етеді. Бұл – Қазақстан

Республикасының Конституциясымен бекітілген қағидаттардың бірі. Сонымен қатар, мұндай қаулылар сот шешімдерін жою немесе өзгерту барысында заңдардың нақты қалай қолданылып, қандай мағынада түсіндірілетінін анықтауға мүмкіндік беретін аналитикалық жұмыстың нәтижесі болып табылады. Себебі өтпелі кезеңге тән нормативтік құқықтық актілер, көбінесе, сол уақыттың ерекше әлеуметтік-экономикалық ахуалынан туындаған прагматикалық шешімдермен сипатталады және өз әлеуетін толық ашпауы мүмкін [31, 14]. Ал Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары жазбаша құқықтағы бос кеңістіктерді толтырып, қоғамдық қатынастардағы өзгерістерге икемді түрде жауап бере отырып, құқықтық реттеудің дәйекті әрі орнықты бағыттарын қалыптастырады.

1.2 Құқықтың қайнар көздері жүйесіндегі Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары

Алдыңғы бөлімде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының мәні, олардың мазмұндық ерекшеліктері, түрлері және заңдық күші жан-жақты сараланды. Жүргізілген талдау нәтижесінде бұл қаулылардың құқықтық табиғаты, құқық қолдану практикасына ықпалы және заңнамалық жүйедегі алатын орны нақты айқындалды. Дегенмен, нормативтік қаулылардың құқық көздері жүйесіндегі нақты орны мен атқаратын рөлі – өз алдына терең әрі дербес зерттеуді талап ететін маңызды мәселе болып табылады.

Құқықтың қайнар көздері жүйесі – бұл мемлекеттегі құқық нормаларының ресми түрде танылған және заңдық күші бар нысандар жиынтығы. Құқықтың қайнар көздеріне әдетте Конституция, заңдар, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер, халықаралық шарттар және сот тәжірибесінен туындайтын актілер жатады. Осы тұрғыдан алғанда, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары құқықтың қайнар көзі ретінде ерекше орын алады. Осы бөлімде нормативтік қаулылардың құқықтың қайнар көздері жүйесіндегі орны кешенді түрде талданады. Атап айтқанда, олардың заңнамалық актілермен, халықаралық құқық нормаларымен және құқық қолдану тәжірибесімен арақатынасы қарастырылады. Сонымен қатар, Қазақстандағы нормативтік қаулылардың құқықтық мәртебесін шетелдік құқықтық жүйелердегі сот актілерімен салыстыра отырып, олардың құқықтық реттеу механизміндегі орны мен маңызын айқындау маңызды.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары құқықтық реттеудің қай деңгейіне жататынын анықтау, олардың міндетті күші мен құқықтық жүйедегі орнына баға беру құқық теориясы мен тәжірибесі тұрғысынан өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан бұл бөлімде нормативтік қаулылардың құқықтың қайнар көздері жүйесіндегі ерекшеліктеріне, олардың ұлттық құқықтық жүйенің қалыптасуы мен дамуына әсеріне ғылыми тұрғыдан талдау жүргізіледі.

Құқықтың қайнар көздерін нақты түсіну үшін, ең алдымен, «құқық» ұғымының мәнін айқындап алу қажет. Себебі құқықты қалай түсінетініміз – құқық көздерінің мазмұны мен рөліне деген көзқарасты да анықтайды. Құқық теориясында құқықты түсіндіретін әртүрлі ғылыми тұжырымдамалар

қалыптасқан. Атап айтқанда, олардың ішінде табиғи құқықтық, этатистік (мемлекеттілік) және социологиялық бағыттар кең тараған. Бұл әр тәсіл құқықтық қатынастардың мазмұны мен құрылымын өзінше пайымдап, құқық көздеріне де әртүрлі маңыз береді.

Құқық ұғымына байланысты көзқарастарды талдау нәтижесінде екі негізгі тұжырымды бөліп көрсетуге болады. Құқық туралы барлық түсініктерді шартты түрде екі негізгі бағытқа жіктеуге болады: біріншісі – тар мағынадағы (нормативтік немесе легистік) құқық ұғымы, екіншісі – кең мағынадағы (құқықтық немесе антилегистік) көзқарас. Құқықты түсінудің қандай тұжырымдамасы болмасын, оның нормативтік сипатын жоққа шығармайды. Керісінше, олардың барлығы позитивтік құқыққа сүйенеді, содан бастау алып, сол негізде өз теорияларын дамытады. Мұндай тәсіл, әсіресе, континентальдық құқық жүйесіне тән. Тек заманауи американдық реалистік құқық мектебі ғана құқықтың нормативті табиғатына күмән келтіреді. Жалпылай алғанда, бұл тұжырымдамалардан туындайтын басты қорытынды – құқықты нормативтік тұрғыдан тану барлық құқықтық көзқарастарда кездесетін ортақ ұстаным болып табылады. Нормативтік теориялар үшін бұл – құқықты түсінудің жалғыз әрі дұрыс жолы саналса, ал антилегистік теорияларда бұл – құқықтың мазмұнын кеңірек ашып көрсететін кешенді көзқарастың бір бөлігі ретінде қабылданады.

Құқық мәселелерін қарастыруда М.К. Сулейменов құқықтың нормативтік тұжырымдамасын басты негіз ретінде қабылдайды. Біріншіден, бұл оның пікірінше құқықты танудың ең нақты әрі дұрыс теориясы болып саналады. Екіншіден, өзге теориялар, дұрыс тұстарға ие болса да, оны аса қызықтырмайды, себебі олар практикалық мәселелерді шешуде жеткілікті тиімді деп есептелмейді. Барлық теориялардың позитивтік құқықты мойындайтынын ескере отырып, Сулейменов азаматтық құқық саласындағы проблемаларды шешу үшін тек позитивтік құқықты қолдануды ең қолайлы әрі қажет тәсіл деп таниды. Егер ол құқық жүйесіне қатысты аспектілерді зерделейтін болса, онда бұл құрылым оның көзқарасы тұрғысынан тек құқық нормаларының жиынтығы ретінде бағаланады, ал өзге өлшемдер оған айтарлықтай маңызды болып көрінбейді. Табиғи құқық, өз кезегінде, құқық саласының шегінен тыс жатқан құбылыс ретінде, адам құқықтарын айқындау мен оларды іске асыруда елеулі орын алатынын мойындауға болады. Ал әлеуметтік құқық нормалардың тиімділігі мен олардың іс жүзінде қолданылуын бағалау үшін пайдалы құрал болуы мүмкін. Алайда, бұл бағыттардың барлығы Сулейменов ұстанатын құқықтың таза заңдық мәнін ашудан тыс мәселелерді қамтиды [32].

Осы тұжырымдаманы негізге ала отырып, құқықты анықтауға болады. Құқықтың мәні өзінің негізінде А.Я. Вышинскийдің әйгілі анықтамасынан көп өзгермегенін атап өту қажет. Бұл анықтама кеңес кезеңіндегі барлық кейінгі құқық анықтамаларының негізін қалаған болатын. Көрнекілік үшін мен осы анықтаманы толық келтіргім келеді. «Құқық – қоғамдағы үстем таптың мемлекеттік билігімен белгіленген тәртіп ережелерінің жиынтығы, сондай-ақ мемлекеттік билік тарапынан санкцияланған және мемлекеттік аппарат арқылы

мәжбүрлі түрде жүзеге асырылатын қоғамдағы қарым-қатынастар мен тәртіпті қорғау, бекіту және дамыту мақсатында белгіленген әдет-ғұрыптар мен қоғамдық тәртіп ережелері, олар үстем классқа пайдалы және қолайлы» [33, 4].

Қазақстандық ғалым-заңгерлердің құқық түсінігі мен құқықтың мәні туралы пікірлерін ғылыми тұрғыдан қарастырсақ, олардың әрқайсысы құқықтың түрлі қырларын атап өтеді, әрі құқықтың қоғамда атқаратын рөлін анықтайды. Т. Ағдарбеков өзінің еңбектерінде құқықты «қоғамдық қатынастарды мемлекеттік және құқықтық нормалармен реттейтін жүйе» деп сипаттайды. Ол құқықты заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ететін және адам құқықтарын қорғауды көздейтін маңызды құрал ретінде қарастырады. Оның пікірінше, құқықтың ең басты мақсаты — қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамда әділеттілікті қамтамасыз ету. Т. Ағдарбеков құқықтың қоғамдық қатынастарды реттеу мен мемлекеттің билік құрылымының бір бөлігі ретінде қызмет атқаратынын атап өтеді [34, 6]. С. Зиманов құқықтың мәнін «қоғамдағы тәртіпті қамтамасыз ететін, мемлекет тарапынан бекітілген нормалар жүйесі» ретінде түсіндіреді. Ол құқықтың қоғамдағы әртүрлі қатынастарды реттейтін негізгі құрал екенін және құқықтық нормалардың мемлекеттің заңды бақылауы арқылы жүзеге асатынын айтады. Сонымен қатар, С. Зиманов құқықтың мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты күшейтетін, құқықтық қатынастарды жүйелі түрде реттейтін маңызды роль атқаратындығын ерекше атап өтеді [35, 102]. С. Сартаев құқықты «қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды реттейтін және мемлекет тарапынан бекітілген нормалар мен ережелер жүйесі» ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, құқық тек заңды нормалардан ғана тұратын құбылыс емес, ол әлеуметтік және моральдық құндылықтарды да қамтиды. Сартаевтың айтуынша, құқықтың негізгі мақсаты — қоғамдық тәртіпті сақтау, жеке тұлғаның құқықтарын қорғау және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету. Ол құқықтың мемлекеттің негізінде қалыптасып, қоғамның дамуымен тығыз байланысты екенін атап өтеді [36, 405]. М.Т. Баймаханов құқықты «қоғамдағы мемлекеттік нормалар мен ережелердің жиынтығы, олар қоғамдық қатынастарды реттеу үшін мемлекеттің билігімен бекітілген» деп сипаттайды. Ол құқықтың адам құқықтарын қорғаудағы маңыздылығын және оның мемлекеттің заңды және әкімшілік бақылауы арқылы жүзеге асырылатындығын айтады. М.Т. Баймаханов құқықты мемлекеттің күшін көрсету және қоғамдағы әділеттілікті қалыптастыру құралы ретінде қарастырады [37, 75]. Қазақстандық ғалымдардың пікірлері құқықтың мемлекеттің ресми құралы ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы тәртіп пен әділеттілікті сақтаудың, әлеуметтік қатынастарды реттеудің аса маңызды механизм екенін көрсетеді. Құқықтың қоғамдағы рөлі, оның адам құқықтарын қорғаудағы маңызы және мемлекеттік билікпен байланысы осы зерттеулерде айқын көрінеді.

Осыған байланысты, жоғарыда баяндалғандарға сүйене отырып, біз құқыққа ең қысқа әрі дәл сипаттама беруге тырысамыз: құқық – бұл құқықтық нормалар жүйесі (немесе құқық нормаларының жиынтығы). Ал құқықтық норма – бұл мемлекет тарапынан белгіленген немесе ресми түрде мойындалған, мемлекеттік мәжбүрлеу құралдарымен қамтамасыз етілетін және қоғамдық

қатынастарды реттеуге бағытталған жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережесі.

Егер бұл түсінікті кеңірек мазмұнда ұсынсақ, құқық – бұл мемлекетпен бекітілген немесе заңды түрде танылған, мәжбүрлеу тетіктерімен қамтамасыз етілетін және қоғамдық қатынастарды реттейтін жалпыға міндетті құқықтық нормалар жүйесі болып табылады.

Осы анықтама негізінде құқық көзінің мәнін түсіндіруге көшеміз. Бұл мәселені құқықтың нысаны (формасы) ұғымы арқылы ашуға болады. Философиядағы мазмұн мен нысан категорияларын негізге ала отырып, заң ғылымында құқықтың ішкі және сыртқы нысандары ажыратылады. Философиялық тұрғыда ішкі нысан – бұл мазмұнды құрайтын элементтердің өзара байланысу тәсілі, ал сыртқы нысан – осы мазмұнның басқа объектілермен байланысын білдіретін форма ретінде қарастырылады.

Осы көзқарасқа сүйене отырып, құқықтың ішкі нысаны оның құрылымдық жүйесін білдірсе, сыртқы нысаны – заңнамалық актілер мен өзге де құқық көздерінің жиынтығын қамтиды. Бұл түсіндіруде құқық жүйесі мен құқық көздері тиісінше құқықтың ішкі және сыртқы нысандары ретінде өзара тығыз байланыста болады.

Құқықтың ішкі пішіні немесе құрылымы – құқық феноменінің мазмұндық қырын сипаттайды. Бұл жағдайда форма мен мазмұн арасында тұрақты әрі ажырамас байланыс орнайды, өйткені форма мазмұнмен табиғи түрде тұтастықта болады. Құқықтық нормалардың жиынтығы ретіндегі ішкі құрылым – құқық жүйесін құрайтын жекелеген құқық салалары арасындағы тұрақты құрылымдық және мазмұндық үйлесімдердің жиынтығы болып табылады. Осындай байланыстар құқықтық тұтастықты қамтамасыз етіп, қоғамдағы толыққанды құқықтық жүйенің қалыптасуына негіз болады.

Сонымен бірге, құқық көздері, яғни құқықтың сыртқы пішіні, құқықпен тығыз байланысты, себебі олар құқықтық нормалардың өмір сүру тәсілі болып есептеледі. Құқықтық нормалар заңнамалық негізсіз өмір сүре алмайды, сол себепті заңнама құқықтың тікелей көрінісі ретінде қарастырылады. Осы ретте «құқық заңнамадан тыс өмір сүрмейді, ал заңнама – құқықтың өзі» деген тұжырым құқық пен оның сыртқы формасының ажырағысыз байланысын паш етеді [38, 66].

Ең алдымен, мынаны ескерген жөн: «құқық нысаны» мен «құқық көзі» ұғымдары синоним ретінде қолданылуы мүмкін, егер құқықты тар мағынада (яғни, позитивтік құқық ретінде) қарастырсақ. Бұл жағдайда құқықтың формасы мен көзі құқық нормаларының заңды тұрғыда бекітілуі мен көрініс табу ерекшеліктерін сипаттайды. Алайда құқықты кең мағынада талдағанда, бұл екі ұғым әрдайым сәйкес келе бермейді [39, 58]. Біз бұл көзқарасты құптамаймыз, сондықтан құқық нысаны мен құқық көзі арасындағы айырмашылық туралы пікірталас біздің ұстанымымыз тұрғысынан өзекті емес деп есептейміз. Осы себепті, бұл айырмашылықты терең теориялық зерттеу зерттеу нысанымыздың негізгі бағытына жатпайды және ғылыми қорытындыларымыздың өзегіне әсер етпейді.

Екіншіден, құқық нысандары (немесе құқық көздері) тек заңнама (нормативтік құқықтық актілер) ғана емес, сонымен қатар өзге де құқық көздері болып табылады. Олардың негізгі түрлеріне құқықтық әдет-ғұрып және сот прецеденті жатады.

Құқықтық әдет-ғұрыптарға келетін болсақ, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасына қайшы келмеген жағдайда ғана өте сирек қолданылады (ҚР Азаматтық кодексі, 3-бап, 4-тармақ). Бұл әдет-ғұрыптардың құқық жүйесіндегі рөлін шектеулі ететін негізгі фактор болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерде құқық көздерінің басқа да түрлері аталады, олардың қатарына нормативтік шарттар, құқықтың жалпы қағидаттары, құқықтық идеялар мен доктриналар, сондай-ақ діни мәтіндер жатады [39, 110]. Бұл құқықтың қайнар көздері құқық нормаларының қалыптасуына ықпал ететін және құқықтық реттеудің қосымша құралдары ретінде қарастырылады.

Біз құқық көздерінің кеңею мүмкіндігін негіздеуді мақсат етпейміз. Әлемдік деңгейде аталған барлық құқық нысандары шынында да құқық көзі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Мысалы, құқықтық доктриналар – Рим құқығы мен мұсылман құқығында маңызды рөл атқарады. Діни мәтіндер католикалық және мұсылман елдерінде құқықтың ресми көзі болып саналады. Құқықтың жалпы қағидаттары құқық көзі ретінде танылатын мемлекеттерде заң шығару мен құқық қолдану тәжірибесінде негізгі бағыт-бағдар ретінде қызмет етеді. Алайда, бұл көздердің әр елдің құқықтық жүйесіне тәуелділігі жоғары және олардың құқықтық жүйедегі орны әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан біз өз зерттеуімізде олардың құқық көзі ретінде мойындалу мүмкіндігіне ерекше назар аудармаймыз.

Қазақстан үшін нормативтік шартты (мысалы, облыстар арасындағы келісімдер, ұжымдық еңбек шарттары және т.б.) белгілі бір шектеулермен құқық көзі ретінде тануға болады. Дегенмен, оны құқықтың толыққанды дербес көзі ретінде мойындаған күннің өзінде, оның құқықтық жүйедегі рөлі айтарлықтай шектеулі болмақ. Бұл жағдай Ресей сияқты федеративтік мемлекеттермен салыстырғанда айқын байқалады, өйткені Ресейде федерация субъектілері арасындағы келісімдер шын мәнінде құқық көзі ретінде маңызды рөл атқарады.

Сот прецеденті Англия, АҚШ, Канада сияқты англо-саксондық құқықтық жүйесі бар елдерде ресми құқық көзі ретінде танылады.

Батыс құқықтық жүйелеріндегі сот прецедентінің мәртебесі мен дамуын талдау, біздің пікірімізше, сот шешімдері арқылы қоғамдық қатынастарды уақыт пен кеңістікті реттеуде неғұрлым толық және теңдестірілген, икемді және бейімделген жалпы үрдістер мен ұмтылыстарды куәландырады.

Бұл әлемдік қоғамдастықтың экономикалық және әлеуметтік дамуының қазіргі кезеңінде сөзсіз маңызы бар, дұрыс мінез-құлық туралы идеялардың нақты негізін құрайтын құқық қайнар көзі ретінде сот актісі. Әр түрлі ұлттық құқықтық жүйелерде реттеуді, оның ішінде сот жүйесін біріздендіруге оң үрдіс байқалады [40, 33].

Алайда, Қазақстанда, сондай-ақ басқа да континенталдық құқық жүйесіне жататын мемлекеттерде, сот прецеденті құқық көзі ретінде танылмайды. Континенталдық құқықтың негізінде құқықтық актілер жатқандықтан, сот шешімдері тек нақты істер бойынша құқық қолдану тәжірибесін көрсетеді, бірақ олар міндетті құқық нормасы ретінде қарастырылмайды. Сот прецеденті – бұл сот тәжірибесінде қалыптасқан, кейінгі істерді шешуде міндетті түрде қолданылатын бұрынғы сот шешімдері. Прецеденттік құқықтың ерекшелігін айқындайтын бірнеше негізгі белгісі бар. Ең алдымен, сот прецеденті иерархиялық құрылымға қатаң бағынбайды. Яғни, төменгі сатыдағы соттар жоғары тұрған соттардың шешімдерін басшылыққа алғанымен, жалпы алғанда, сот тәжірибесі заңнамадан толықтай тәуелді емес. Бұл ерекшелік прецеденттік құқық жүйесіне тән дербестік пен құқықты қалыптастырудағы соттың белсенді рөлін көрсетеді.Екінші маңызды белгі – қатаң міндеттілік. Яғни, бір рет қабылданған сот шешімі алдағы уақытта ұқсас сипаттағы істерде міндетті түрде қолданылуы тиіс. Бұл құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, сот шешімдеріндегі бірізділікті сақтауға мүмкіндік береді.Үшінші белгі – прецеденттің нормативтік сипаты. Сот шешімдері құқықтық норма ретінде қабылданып, заң күші бар актілер қатарына енеді. Бұл дегеніміз – сот шешімі тек нақты істі ғана шешіп қоймай, сонымен қатар құқық жүйесінің бір бөлігіне айналып, болашақта құқық қолдану практикасына тікелей әсер етеді [12, 115].Осы сипаттамалар сот прецедентін құқықтың дербес және маңызы жоғары қайнар көздерінің бірі ретінде қарастыруға негіз береді, әсіресе англо-саксондық құқық жүйесінде бұл ұғым негізгі құқық көздерінің бірі ретінде танылады.

Сот прецеденті — бұл құқық нормаларын қолдану актісі, нақты жағдайды шешуге арналған, құқықтық қатынастарға қатысты нормативтік актілерді түсіндіретін және ұқсас жағдайларда міндетті немесе ұсыныстық сипатқа ие болатын акт. Сот прецеденті қатаң мағынада Қазақстанның заңнамасы мен түсіндіру концепциясы бойынша қабылданбайды. Дегенмен, отандық ғылыми-тәжірибелік дискуссияларда прецеденттің даму перспективалары жиі талқылануда, бірақ іс жүзінде, көбінесе, прецедент емес, түсіндіру прецеденті туралы сөз қозғалуда. Бұл тұрғыда прецеденттің перспективалары туралы дискуссия ғылыми тұрғыдан конструктивті болуы үшін зерттеу нысаны ретінде екі түрлі ресми түсіндіру актілерін бөлу қажет: 1) құқықтық орнатушы түсіндіру актілері (нормативтік түсіндіру актілері); 2) Прецеденттік түсіндіру актілері (нормативтік емес түсіндіру актілері). Бұл классификацияда құқық орнатушы нормативтік түсіндіру актілері құқық көздері ретінде қарастырылады, және оларға аутентикалық және делегирленген түсіндіру актілері кіреді, олар заңнамалық актінің нақтылау мен нақтылауын қамтиды [41, 62].

Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде қалыптасқан құқықтық жүйенің құрамдас элементтері ретінде Конституцияның өзі, онымен үйлесетін заңдар, ратификацияланған халықаралық шарттар, сондай-ақ Конституциялық Сот пен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары танылады. Құқық теориясы тұрғысынан алғанда, құқықтың позитивтік мағынасы – бұл

мемлекет тарапынан қабылданған немесе ресми түрде танылған, әрі мемлекеттік мәжбүрлеу механизмімен қамтамасыз етілетін құқық нормаларының жиынтығы ретінде қарастырылады.

Осы теориялық негіздерді ескере отырып, біздің ойымызша, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының барлық ерекшеліктерін назарға алған жағдайда, бұл актілердің бірқатар айрықша сапалық сипаттамаларын бөліп көрсетуге болады. Атап айтқанда, олардың жалпыға міндеттілігі, әрекет ету мерзімінің шектеулі болмауы, көп мәрте қолданылуы және кең ауқымды құқық субъектілеріне таралуы – бұл қаулылардың түсіндірме актісі ғана емес, сонымен бірге дербес құқық көзі ретінде танылуына негіз болады. Осы сипаттар негізінде нормативтік қаулыларды құқық нормаларын түсіндіретін актілердің ерекше түрі – нормативтік түсіндірме актісі ретінде қарастыруға болады.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары классикалық нормативтік құқықтық актілерден бірқатар айырмашылықтарға ие болғанымен, олар құқықтық реттеу жүйесіне мынадай белгілер бойынша толықтай енеді деп пайымдаймыз. Біріншіден, нормативтік қаулылар реттеуші әсерге ие, яғни Жоғарғы Сот қабылдаған құқықтық ережелер көптеген субъектілерге және түрлі құқықтық жағдайларға қатысты қолданылады. Екіншіден, бұл қаулылардың құқықтық күші олар түсіндіретін негізгі нормативтік құқықтық актілердің (Конституциялық заңдар, кодекстер, жәй заңдар) заңдық күшіне жақын келеді, себебі олар сол актілерге нақтылау мен егжей-тегжейлі түсініктемелер береді. Жоғарғы Сот құқық нормасына түсініктеме беру барысында оның мазмұнын толықтырады, осының нәтижесінде объективті түрде жаңа нормативтік ережелер қалыптасады [42, 8]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары жалпыға міндетті сипатқа ие. Бұл олардың барлық соттар үшін міндетті екендігін және сот төрелігін жүзеге асыру барысында – сот шешімдері мен үкімдер шығарылған кезде – қолданылуы тиіс екенін білдіреді.

Аталған тұжырымдар Қазақстан Республикасының Конституциясының 81-бабында нақты бекітілген. Осы баптың мазмұнына сәйкес, Жоғарғы Сот азаматтық, қылмыстық және басқа да істер бойынша еліміздің жоғары сот органы ретінде танылады, өз құзыретіне жататын сот істерін қарайды әрі сот тәжірибесіне қатысты мәселелер бойынша ресми түсініктемелер береді [43].

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты осы конституциялық өкілеттіктерін жүзеге асыра отырып, сот төрелігі саласында құқықтық нормаларды бірізді әрі дұрыс қолдануға бағытталған әрекеттерді қамтамасыз етеді. Бұл міндетке қол жеткізудің негізгі тетіктерінің бірі – Жоғарғы Сот қабылдайтын нормативтік қаулылар. Аталған қаулылар сот практикасының біркелкілігін қалыптастыруда және құқық қолдану тәжірибесін жүйелеуде шешуші мәнге ие.

Соттардың құқық нормаларын түсіндіру мен қолданудың бірыңғай жолдарын қалыптастыру тек Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қабылдаумен шектелмейді, сондай-ақ төменгі соттардың сот актілеріне кассациялық тәртіппен қайта қарау арқылы да жүзеге асырылады. Бұл

процедуралалар соттардың заңды, негізді және әділ шешімдер қабылдануына ықпал етеді.

Жоғарғы Соттың сот актілерінің заңдылығын, негізділігін және әділдігін қамтамасыз етуге бағытталған қызметі сот практикасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Мұның өзі, өз кезегінде, құқықтың үстемдігін қамтамасыз етуге және сот жүйесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын құқық көздері ретінде тануға қатысты тағыда мәселелер келесідей көрініс табады. Түсіндіру мен құқық жасау процестері жаңа нәрсе жасауға бағытталған ойлау қызметімен тығыз байланысты, әсіресе құқықтық норманың мазмұнын қалыптастыруда. Осы орайда, Ресей Федерациясының Жоғарғы Сотының Пленумы заңнамалық нормаларды түсіндіру барысында заң шығару қызметінің табиғи жалғасы іспетті әрекет етеді [44, 71]. Құқықтық ұғымдарға анықтама беру үдерісі тек құқық шығармашылығы шеңберінде ғана емес, сондай-ақ нормативтік түсіндірме жүргізу барысында да іске асырылуы мүмкін [45, 147]. Жоғарғы Сот өз тәжірибесінде бірқатар нормативтік қаулыларында белгілі бір құқықтық категориялар мен ұғымдарға нақты түсініктемелер беріп, олардың мазмұнын ашып көрсеткен. Атап айтқанда, ол кейбір құқықтық ережелерге қатысты интерпретация жүргізіп, оларды нақтылау мақсатында түсіндірмелер мен терминологиялық анықтамаларды ұсынған:

1) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 2003 жылғы 11 шілдедегі №8 нормативтік қаулысында материалдық құндылықтарды тұрақты немесе уақытша сақтау үшін бөлінген, қоршаумен немес техникалық құралдармен арнайы жабдықталған не күзетпен қамтамасыз етілген құрылыстар, ерекше құрылғылар, аумақ орындары немесе учаскелері (мысалы, мүлікті сақтауға арналған немесе осы мақсаттарда пайдаланатын контейнерлер, сейфтер, қоймалар, жүктері бар күзетілетін темір жол платформалары, қоршаумен қоршалған үйлердің аулалары және өзге де қоршалған немес қоршалмаған күзетілетін учаскелер және т.б.) қойма деп түсіндірілді [46];

2) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 2006 жылғы 23 маусымдағы №6 нормативтік қаулысында күш қолданамын деп қорқытып, мәжбүрлі психологиялық ықпал ету ниетін білдіретін әрекеттерді қорқытып алушылық деп түсінген жөн деп мәнін ашып көрстетті [47];

3) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2019 жылғы 31 мамырдағы №1 «Әкімшілік қадағалау жөніндегі заңнаманы қолданудың сот практикасы туралы» нормативтік қаулысында әкімшілік қадағалауды ұзартуға негіз болатын жағдайларға нақты түсініктеме берілген. Аталған қаулыда әкімшілік қадағалаудың ұзартылуына қажетті шарт ретінде тұлғаның бұрын кем дегенде бір рет жеке адамның құқықтарына, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, қоғамдық қауіпсіздікке, халықтың денсаулығына, қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны көрсетіледі. Бұл бұзушылықтар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 10, 12, 24 және 25-тарауларында көзделген [48].

Аталған мысалдарда Жоғарғы Сот құқықтық нормалардың мазмұнын нақтылап, яғни құқық шығармашылық процесін жалғастырды. Алайда, құқықтық норманы түсіндіру мен оны құрастыруды ажырату қажет. Түсіндіру — бұл құқықтық норманың логикалық дамуы, ал құрастыру — бұл құқықтық норманың өзгертілуі немесе жаңадан жасалуы. Логикалық түсіндіру деп нормативтік актінің жекелеген ережелерінің логикалық құрылымын, логика заңдары мен ережелерін пайдалана отырып зерделеуді айтамыз. Мұнда талдаудың нысаны – сөздердің өзі емес, сол сөздермен белгіленетін ұғымдар мен олардың өзара байланысы болып табылады [49, 285].

Қазіргі таңда Жоғарғы Сот сапалы, құқықтық және тәжірибелік мәні бар нормативтік қаулыларды қабылдау және соттарға ауадай қажет сот тәжірибесі бойынша түсіндірмелер беру туралы мәселерге баса назар аударуы қажет, себебі бұл мәселелер теориялық және тәжірибелік тұрғыдан терең зерттеуді қажет ететін мәселелер [50, 194].

Сот практикасының заңды біркелкі қолдануды қалыптастырудағы маңызын асыра бағалау қиын. «Жоғарғы Сот Пленумының қаулыларының басым көпшілігі жай ғана соттың (тіпті ең жоғары сот органының) пікірлері емес, керісінше, тікелей іс-әрекетке нұсқаулық болып табылады» деген пікірмен келісуге болады [51, 438].

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын талдау кезінде олар заңнаманы өзгертпейтінін, алайда оны бағалау тәсілін айқындайтынын көрсетеді, бұл өз кезегінде сот практикасының бағытының өзгеруіне әкеледі. Заңнамада тым артық қолданылған бағалау ұғымдарына түсініктеме беріледі. Жаңа заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілердің үнемі қабылдануы көбінесе олардың арасындағы қайшылықтар мен олқылықтардың пайда болуына әкеледі. Бұл, әсіресе, заң техникасының талаптарының сақталмауымен байланысты болуы мүмкін, сондықтан жекелеген ережелерді түсіндіру қажеттілігі туындайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірме беру өкілеттігі берілген. Осыған байланысты Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздерінің бірі ретінде танылады және көп мәрте қолдануға есептелген, жалпыға міндетті мінез-құлық ережелерін қамтитын актілер болып табылады. Құқықтық актілердің иерархиясында бұл қаулылар негізгі санатқа жатқызылады және тиісінше, құқық қолданушы органдар үшін міндетті сипатқа ие.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары өзінің реттеуші ықпалын заңмен белгіленген құқықтық қатынастар шеңберінде барлық құқық субъектілеріне таратады. Бұл актілер Қазақстан Республикасының барлық соттары үшін міндетті сипатқа ие ресми құқық көзі ретінде танылады және сот практикасының бірізділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Қоғамның қарқынды дамуы жағдайында Жоғарғы Сот пен жалпы сот жүйесі құқықтық мемлекет институты ретінде айрықша мәнге ие бола түсуде. Осы орайда, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының құқықтық салмақтағы рөлі мен маңызының арта түсуі заңды құбылыс [29, 18].

Жоғарғы Сот өз қызметі барысында барлығы 207 нормативтік қаулы қабылдаған, олардың 96-сына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Бұл актілер Қазақстан Республикасының Конституциясында айқындалған демократиялық және құқықтық мемлекет қағидаттарын жүзеге асыруға бағытталған. Атап айтқанда, Конституцияда адам және оның құқықтары мен бостандықтары – мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде бекітілген. Конституция Жоғарғы Сот актілеріне айрықша мәртебе бере отырып, оларды тікелей "нормативтік қаулылар" деп атауы олардың құқықтық жүйедегі орны мен беделін айқын көрсетеді және сот билігінің құқықтық реттеудегі маңызын арттыра түседі.

Бұл нормативтік қаулылардың сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттырудағы рөлін және сот тәжірибесін жүйелеу қажеттілігін айқындайды. Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларды қабылдау арқылы заңдарды олардың мазмұны мен негізгі қағидаттарына сәйкес қолдану тәртібін түсіндіреді және қажет болған жағдайда, заңнама мен оның жекелеген нормаларына талдау жүргізеді.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары еліміздің әртүрлі құқық салаларына қатысты қабылданады. Атап айтқанда, сот қызметінің жалпы мәселелеріне байланысты – 7 қаулы, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасы саласы бойынша – 57 қаулы, азаматтық және азаматтық процестік заңнамаға қатысты – 42 қаулы, ал әкімшілік іс жүргізу саласы бойынша – 5 нормативтік қаулы қабылданған. Бұдан бөлек, бұрын қабылданған қаулыларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мақсатында 96 нормативтік қаулы қабылданған. Осылайша, қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жалпы саны 207 нормативтік қаулы қабылдаған. Бұл көрсеткіш Жоғарғы Соттың құқық қолдану тәжірибесін реттеудегі және құқық салаларындағы заңнаманы нақтылау мен біріздендірудегі белсенді қызметін дәлелдейді. Қаулылардың айтарлықтай бөлігі қолданыстағы заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты қайта қаралып немесе жаңадан қабылданған. Бұл өз кезегінде ұлттық құқықтық жүйенің үнемі жетілдіріліп, өзгермелі қоғамдық қатынастарға бейімделіп отыратынын және заңнаманың тиімділігін арттырудың қажеттілігін көрсетеді.

Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасына қатысты қаулылар саны 57-ні құрайды. Бұл көрсеткіш құқық қорғау жүйесіне қатысты нормативтік актілердің басым екенін және қылмыстық құқықтың динамикалық сипатқа ие екенін көрсетеді. Құқық қорғау саласындағы заңнамалық өзгерістер мен нақтылаулар сот тәжірибесін біріздендіру үшін маңызды болып табылады.

Әкімшілік іс жүргізу бойынша қабылданған қаулылар саны 5-ті құрайды, бұл басқа құқық салаларына қарағанда едәуір төмен. Бұл әкімшілік заңнаманың тұрақтылығы мен құқық қолдану тәжірибесінің айтарлықтай орныққанын көрсетеді. Қылмыстық құқыққа қарағанда әкімшілік құқыққа қатысты қаулылардың аз болуы оның салыстырмалы түрде өзгеріссіз қалатынын білдіреді.

Сот қызметінің жалпы мәселелері бойынша қабылданған қаулылар саны 7-ні құрайды. Бұл құқықтық жүйенің жалпы мәселелерін реттейтін қаулылардың

басқа санаттармен салыстырғанда аз қабылданатынын көрсетеді. Сот жүйесі мен құқықтық тәжірибенің негізгі қағидаттары айтарлықтай тұрақты болып қала беретіндіктен, мұндай қаулылардың саны аз болуы заңды құбылыс.

1.3 Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінің жоғарғы соттарының нормативтік сипаттағы қаулыларының құқықтық табиғаты

Құқық нормалары объективті себептерге байланысты заң шығарушы тарапынан жеткілікті түрде айқындалмаған жағдайда, сондай-ақ ұлттық заңнама жүйесінің мазмұнын толық қамту соттардың көпшілігінде болмаған кезде, сот тәжірибесі тікелей немесе жанама түрде құқық нормаларын нақтылауды қамтамасыз етеді. Құқық нормаларын жанама түрде айқындау мен нақтылау жоғарғы сот органдарының сот тәжірибесін талдау және нормативтік қаулыларды қабылдау арқылы жүзеге асады. Осындай нормативтік қаулылар нұсқаулар, түсіндірмелер және қағидалар түрінде ТМД елдерінің барлығында дерлік қабылданады. Бұл сот актілері әдетте абстрактілі түрде тұжырымдалып, сот шешімінің құқықтық мазмұнын қорытындылау сипатында болады. Сонымен қатар, шешім қабылданған істің мән-жайлары тек шет жағалап аталып өтеді немесе мүлде айтылмайды, ал негіздеменің қалай қалыптасқанын көрсететін процесс әдетте келтірілмейді. Осындай сот актілерінің құқықтық табиғаты ғылымда әлі күнге дейін пікірталастар тудырады. Кеңестік құқықтану ғылымында кейбір зерттеушілер КСРО Жоғарғы Соты Пленумының басшылық түсіндірмелерін құқықтың дереккөзі ретінде тану қажеттігін негіздеген. Мысалы, М.Д. Шаргородский Жоғарғы Сот Пленумының басшылық қаулылары қылмыстық құқықтың дереккөзі болып табылатынын, тіпті олар сот жүйесі туралы заңның 75-бабына сәйкес қабылданған және жаңа құқық нормаларын жасамаса да, осындай мәртебеге ие екенін атап өтті [53, 41]. П.Орловский сот тәжірибесіне тек КСРО Жоғарғы Соты Пленумының тұжырымдары мен жалпыламаларын ғана жатқызып, жоғары сот органының жекелеген сот шешімдері мен анықтамаларын сот тәжірибесінен алып тастай отырып, Жоғарғы Сот Пленумының нұсқауларына құқықтың дереккөзі ретіндегі рөлін мойындады [54, 96].

М. Исаев Жоғарғы Соттың құқық шығармашылық қызметтерін негіздей отырып, бұл орган тек құқық аналогиясын қолдану тәсілдерімен шектелмейді деген пікірді алға тартады. Оның пайымдауынша, КСРО Жоғарғы Соты заңдарды кеңейтілген немесе шектеулі түрде түсіндіру барысында жаңа құқықтық нормалар қалыптастырады [55, 84]. Осылайша, бірқатар зерттеушілердің көзқарасы бойынша, соттық түсіндірулер мен жинақталған сот практикасы – ресми түрде құқықтың дереккөзі ретінде танылса да, танылмаса да – нақты құқықтық реттеуде құқықтың қайнар көзі рөлін атқарады [56, 18]. Мұндай тұжырымдарды шетелдік тәжірибе де қуаттайды. Мәселен, француз ғалымдары өз елдерінің соттарын құқық қалыптастырушы орган ретінде қарастырады. Олардың пікірінше, әсіресе әкімшілік құқық саласындағы маңызды құқықтық нормалардың көпшілігі заңдарды түсіндіру барысында судьялар арқылы қалыптасқан [57, 56].

Алайда, басқа бірқатар ғалымдар мұндай тұжырымдармен келіспейді. Олардың пайымдауынша, Жоғарғы Соттың заңнамаға берген түсіндірмелері тек интерпретациялық сипаттағы актілер болып табылады және олардың құрылымында құқық нормасы ретінде танылатын жаңа ережелер жоқ. Мәселен, С.И. Тишкевич Жоғарғы Сот Пленумының басшылық қаулыларын құқықтың ресми дереккөзі ретінде тану көзқарасын қате деп есептейді. Оның пікірінше, мұндай сот актілері құқық нормасы ретінде қарастырылмауы тиіс, себебі кеңестік құқықтық жүйеде, оның ішінде жоғары сот органдары, тек сот төрелігін жүзеге асыру функциясымен шектелген және құқық шығармашылық өкілеттіктерден толықтай айырылған [58, 30].

Бұл туралы А.С. Шляпочников та жазып, КСРО Жоғарғы Соты Пленумының түсіндірмелері нормашығармашылыққа айналмауы керек екенін, өйткені бұл кеңестік заңның тұрақтылығына әсер етуі мүмкін екенін ескерткен. Н.Н. Вопленко сот тәжірибесінің қолданыстағы заңнама жүйесіне ықпалы нәтижесінде басшылық түсіндірмелер нормативтік сипатқа ие болатынын мойындай отырып, олардың тек билік органдары бекіткен құқық нормаларын түсіндіру, нақтылау және егжей-тегжейлі баяндау функциясын атқаруы тиіс екенін атап көрсеткен [59, 144]. А.Ф. Черданцев Пленумдардың басшылық түсіндірмелерін нормативтік актілердің бір түрі ретінде қарастырып, «олар құқықтың дереккөзі болып табылмайды, нормативтік жаңашылдықты қамтымауы тиіс және құқық нормаларын белгілеуге, өзгертуге немесе жоюға бағытталмаған. Егер мұндай жағдай кейде орын алса, онда бұл олардың құқықтық табиғатына қайшы келеді» деп тұжырымдаған [57, 157].

Осындай көзқарасты жақын шетелдердің кейбір қазіргі заманғы зерттеушілері де ұстанады. Дегенмен, осындай қатаң пікірлерге қарамастан, ТМД елдерінің жоғары соттарының сот практикасын жалпылау мақсатындағы түсіндірмелері іс жүзінде құқықтың дереккөзі белгілерін жиі қамтитынын мойындау қажет. Көптеген министрліктер мен ведомстволардың нормативтік құқықтық акті ретінде танылған құжаттары нақтылау сипатына ие, заңды толықтырады және дамытады, бірақ оған қайшы келмеуі тиіс.

Осындай ережелер жоғары сот инстанцияларына тек құқық қолдану қызметімен шектелмей, құқық шығармашылық қызметінің субъектілері ретінде қарастырылуына негіз болды және олар кеңестік конституциялар мен заңнамалық актілерде де қамтылды.

1924 жылғы КСРО Конституциясы КСРО Жоғарғы Сотының құзыретіне құқық қолдану қызметінен бөлек, құқық шығармашылыққа жақын функцияларды да жатқызды. Атап айтқанда, оған «одақтық заңнама мәселелері бойынша одақтас республикалардың жоғарғы соттарына нұсқаулық түсіндірмелер беру» және КСРО Орталық Атқару Комитетінің талабы бойынша «одақтас республикалардың жекелеген қаулыларының Конституция тұрғысынан заңдылығына қатысты қорытындылар беру» міндеттері жүктелді. Нұсқаулық түсіндірмелер беру және заңдарды түсіндіру Жоғарғы Соттың Пленарлық отырысының құзыретіне кірді. Бұл жұмыс КСРО Орталық Атқару Комитетінің Президиумы бекіткен КСРО Жоғарғы Сотына берілген Нұсқаудан кейін (1924 жылғы 14 шілде) жүргізіле бастады. Басшылық түсіндірме кімге

бағытталғанына қарамастан, ол КСРО Жоғарғы Соты туралы Ереженің 4-бабына сәйкес, КСРО және одақтас республикалардың барлық соттары мен мекемелері үшін міндетті болды [61, 424]. Бұл түсіндірмелер одақтас республикалардың жоғарғы соттары үшін ресми-құқықтық тұрғыдан ұсыныстық сипатта болғанымен, іс жүзінде императивтік мәнге ие болды.

Мағынасы жағынан ұқсас ережелер 1938 жылғы 16 тамыздағы «КСРО, одақтық және автономиялық республикалардың сот құрылысы туралы» КСРО Заңының 45 және 63-баптарында, сондай-ақ 1957 жылғы 12 ақпанда қабылданған және «КСРО Жоғарғы Соты туралы ережені» бекіткен заңда көрініс тапқан. Бұл актілер Жоғарғы Соттың түсіндірме құзыреттерін бекітіп, оның нормативтік қаулыларының құқық қолдану саласындағы орнын белгілеген. Кейінгі кезеңде бұл ережелер 1979 жылғы 30 қарашада қабылданған «КСРО Жоғарғы Соты туралы» КСРО Заңының 3-бабында және 1981 жылғы 8 шілдеде қабылданған «РСФСР-дегі сот құрылысы туралы» РСФСР Заңының 56-бабында нақты бекітілді. Аталған нормаларға сәйкес, Жоғарғы Соттың Пленумы қабылдаған түсіндірмелер тек төмен тұрған соттар үшін ғана емес, сонымен қатар өзге де мемлекеттік органдар мен құқық қолдану өкілеттігіне ие лауазымды тұлғалар үшін де міндетті құқықтық күшке ие болған [62, 25].

Мәселен, 1977 жылғы КСРО Конституциясы қабылданғаннан кейін сот пен сот төрелігінің рөлі айтарлықтай артты. В.М. Савицкий атап өткендей, 57-бапқа сәйкес, жалпы алғанда, адамның барлық игіліктері – абыройы мен қадір-қасиеті, өмірі мен денсаулығы, жеке бас бостандығы және мүлкі – соттың қорғауында болды [63, 77]. Егер 1957 жылғы Ережеде тек Пленумның «соттарға басшылық түсіндірмелер беретіні» (9-бап, «в» тармағы) ғана айтылса, енді бұл түсіндірмелердің соттар үшін міндетті екендігі және оларды анықтау органдары, алдын ала тергеу, прокуратура және басқа да органдардың ескеруге міндеттілігі бекітілді.

Ең қызығы, кейбір түсіндірме сипатындағы КСРО Жоғарғы Соты Пленумының қаулылары материалдық заңнама өзгергеннен кейін де өз күшін сақтап қалған. Мысалы, 1984 жылғы 16 тамыздағы «Қоғамға қауіпті әрекеттерден қажетті қорғану құқығын қамтамасыз ететін заңнаманы соттардың қолдануы туралы» қаулысы өзінің күшін тек 2012 жылғы 27 қыркүйекте Ресей Федерациясы Жоғарғы Соты Пленумының «Соттардың қажетті қорғану және қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру туралы заңнаманы қолдануы туралы» қаулысы қабылданғаннан кейін ғана жойды. Бұл ретте, 1997 жылы Ресей Федерациясының жаңа Қылмыстық кодексі күшіне енген болатын [64, 108].

КСРО-дағы соңғы конституциялық реформа 1988 жылғы 1 желтоқсаннан басталып, 1977 жылғы КСРО Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң қабылданды. Құқықтанушылар бұл заңды қайта құру кезеңіндегі конституциялық реформаның алғашқы кезеңі ретінде бірден анықтады [65, 3].

КСРО Конституциясының 114-бабына елеулі өзгерістер енгізілді. Енді КСРО Жоғарғы Соты заңнамалық бастама құқығына ие болды. КСРО Жоғарғы Сотының соңғы Төрағасы Е.А. Смоленцевтің айтуы бойынша, КСРО-ның

соңғы жылдарында заң шығару қызметі оның жұмыс уақытының үлкен бөлігін алған [66, 25].

Кеңес сот жүйесі туралы заңнаманы зерттеу жоғары соттардың құқық шығармашылық өкілеттіктерге ие болғанын көрсетеді. Мысалы, 1979 жылғы 30 қарашадағы «КСРО Жоғарғы Соты туралы» КСРО Заңының 3-бабында [67, 842]. КСРО Жоғарғы Сотына сот практикасын зерттеу және қорыту, сот статистикасын талдау, сондай-ақ сот істерін қарау барысында туындайтын заңнаманы қолдану мәселелері бойынша соттарға нұсқаулық түсіндірмелер беру өкілеттігі берілді. КСРО Жоғарғы Соты Пленумының нұсқаулық түсіндірмелері осы түсіндірме берілген заңды қолданатын соттар, өзге де органдар мен лауазымды тұлғалар үшін міндетті болды. Заңнаманы қолдану мәселелері бойынша міндетті нұсқаулық түсіндірмелер беру құқығы сондай-ақ РСФСР Жоғарғы Сотына да берілді («РСФСР сот жүйесі туралы» 1981 жылғы 8 шілдедегі РСФСР Заңының 58-бабы) [68, 976].

Кеңес дәуіріндегі заңнама мен сот тәжірибесін талдау нәтижесінде, КСРО мен РСФСР-дың жоғары соттарының пленумдары мен президиумдары деңгейінде сот құқық шығармашылығының болғанын, оның түрлі заңды нысандармен бүркемеленгенін байқауға болады [69, 20]. Қазіргі теория мен тәжірибе де Ресей Федерациясының жоғары соттарының сот құқық шығармашылығын мойындау мәселесіне қатысты біркелкі жауап бермейді. Отандық құқықтық жүйеде заңнамадағы үнемі туындайтын олқылықтарды толықтыру қажеттілігі өзекті мәселе болып табылады. Осыған байланысты Ресей Федерациясының Жоғарғы Соты заңнамалық олқылықтарды Пленум қаулылары мен Президиум шешімдері арқылы толықтыруға мәжбүр. Жоғарғы соттың бұл қызметі іс жүзінде қосалқы (субсидиарлық) құқықтық реттеу механизмі ретінде қарастырылатындықтан, заң әдебиетінде «кейбір жағдайларда сот квазизаң шығарушы орган ретінде әрекет етеді» деген көзқарас қалыптасқан [70, 28].

Сот практикасы мәселелерін түсіндіру функциясын жоғарғы соттар көбінесе Пленум қаулыларын қабылдау арқылы іске асырады. А.В. Корневтің айтуынша, жоғары сот органдарының Пленум қаулылары сот практикасын біріздендіруге ықпал ететін құрал ретінде әрекет етеді және соттардың заңнаманы қалай қолдануы керектігіне бағыт-бағдар береді. Сонымен қатар, Пленум қаулыларында жиі заң шығарушының нормаларын нақтылайтын және түсіндіретін, бірақ заң мәтінінен тікелей туындамайтын ережелер қамтылады. Мұндай нормативтік сипаттағы түсіндіру материалдық және іс жүргізу құқығы нормаларына да қатысты болуы мүмкін [71, 28].

Қазіргі Ресей Федерациясында құқық нормаларын ресми түсіндіруді елдің Жоғарғы Соты жүзеге асырады. Ресей Федерациясы Конституциясының 126-бабында Жоғарғы Соттың сот практикасы мәселелері бойынша түсініктеме беру құзыреті нақты белгіленген. Бұл өкілеттік сот жүйесі туралы заңнамалық актілерде де өз көрінісін тапқан.

Сонымен қатар, 2014 жылғы 5 ақпанда қабылданған «Ресей Федерациясының Жоғарғы Соты туралы» Федералдық конституциялық заңда заң шығарушының ұстанымы айқын көрсетілген. Атап айтқанда, осы заңның 5-

бабының 3-бөлігінің 1-тармағына сәйкес, Жоғарғы Сот Пленумы сот тәжірибесін талдау және қорыту материалдарын қарастырады. Мұндай іс-әрекет Ресей Федерациясы заңнамасының біркелкі және жүйелі түрде қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі. Ал 7-баптың 1-бөлігінің 7-тармағы Жоғарғы Сот Президиумына сот тәжірибесінің нақты мәселелерін қарастыру құқығын береді [72].

Бұған қоса, Жоғарғы Сот Пленумының қаулыларының өздерінде де оларды орындау тәртібіне қатысты нұсқаулық сипаттағы ережелер қамтылған. Мысал ретінде, Жоғарғы Сот Пленумының «Сот шешімі туралы» қаулысының 4-тармағында соттарға шешім қабылдау кезінде тек осы құқықтық қатынастарға қолданылатын материалдық және іс жүргізу нормаларын ғана емес, сонымен қатар, Жоғарғы Сот Пленумының материалдық немесе іс жүргізу құқығы нормаларын қолдану жөніндегі түсіндірмелерін де басшылыққа алу қажеттігі айтылған.

Бір соттардың сот практикасы ұқсас істерді қарау кезінде басқа соттар үшін тәжірибе көзіне айналады, сондай-ақ азаматтардың өз заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауына ықпал етеді. Ол заңдылық қағидаттарына, судьялардың заңға бағынуына негізделе отырып, прецеденттік сипатқа ие болады. Осы тұрғыда жоғары сот инстанцияларының сот практикасы мәселелері бойынша ұсынатын түсіндірмелерінің маңызы ерекше зор. Қазіргі таңда Ресей Федерациясы Жоғарғы Соты Пленумының қаулыларында тұжырымдалған құқықтық ұстанымдарды нақты бір құқық саласының жеке дереккөзі ретінде мойындау мәселесі қаралмаған құқық саласын табу қиын [73, 21].

Аталған құқықтық реттеу көзінің маңыздылығы мен беделі келесі негіздермен дәлелденеді. Біріншіден, бұл қаулылар Ресей Федерациясы Президентінің ұсынысы негізінде Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысының Федерация Кеңесі тарапынан тағайындалған жоғары кәсіби біліктілікке ие судьялармен қабылданады. Екіншіден, Пленум қаулыларындағы құқықтық тұжырымдар сот практикасын жан-жақты зерделеу мен жинақтау нәтижесінде қалыптасады және оларды дайындау барысында Ресей Федерациясы Жоғарғы Соты жанындағы Ғылыми-консультативтік кеңестің ұсыныстары ескеріледі. Үшіншіден, бұл ережелер қылмыстық, азаматтық, іс жүргізу және өзге де құқық салаларындағы нормаларды қолдануға қатысты ресми түсіндірулермен тығыз байланысты. Сонымен қатар, аталған заң нормалары Ресей Федерациясының Конституциялық Сотында да талқыға салына алады. Төртіншіден, қолданыстағы заңнама мен сот тәжірибесінде орын алған өзгерістерге сәйкес, Пленум қаулыларына уақытылы түзетулер мен толықтырулар енгізіледі [75, 69].

Ресей Федерациясы Жоғарғы Соты Пленумының қаулылары бірнеше дәстүрлі құқық көздерінің қасиеттерін біріктіреді, сонымен бірге құқықтық реттеуде өзіндік ерекшелігі мен дербес рөлін сақтайды. Жоғарғы Сот Пленумы қаулыларының құқықтық табиғаты біркелкі емес: олар бір мезгілде құқық көзі де, құқықты түсіндіру актісі де бола алады, ал кейбір жағдайларда кадрлық

және ұйымдастырушылық мәселелерді шешу сияқты басқа да функцияларды атқара алады [76, 9].

Айта кету керек, Ресей Федерациясы Жоғарғы Соты Пленумының қаулылары салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан алғанда бірегей құқықтық құбылыс болып табылады [77, 17]. Шетелдік құқықтық жүйелерде де жоғары сот органдарының құрамында сол соттың барлық судьяларын біріктіретін пленумдар қалыптасқан. Алайда, басқа елдердің сот жүйелерінде пленумдар, әдетте, не ұйымдастырушылық функцияларды, не заңды күшіне енген сот шешімдерін қадағалау тәртібімен қайта қарау функцияларын, не белгілі бір іс бойынша қолданылуы тиіс құқық нормаларын түсіндіру функцияларын атқарады. Соңғысы, әдетте, төмен тұрған сот инстанциясының сұранысы бойынша жүзеге асырылады [78, 361]. Жоғарғы Сот Пленумының түсіндірмелері сот қателіктерін түзетуге емес, олардың алдын алуға бағытталған, яғни соттарға жаңа құқықтық нормаларды алдын ала түсіндіру міндетін атқарады. Бұл, әсіресе, азаматтық заңнаманың үнемі жаңарып отыруымен тікелей байланысты. Мұндай түсіндіру тәсілі тек отандық құқықтық жүйеге тән бірегей ерекшелікке ие: бұрынғы қаулылар, негізінен, соттар қараған нақты істерге сүйене отырып абстрактілі түсіндірмелер ұсынса, қазіргі кезде қабылданатын кейбір Пленум қаулылары нақты сот тәжірибесіне емес, тек құқық нормаларының мәтіндік мазмұнына негізделеді [79, 32] Мысалы, Е.Н. Дробышева «соттық нормашығармашылықты дербес құқықтық қайнар көз ретінде заңнамалық тұрғыда бекітуге қарай белгілі бір қадамдар жасалып жатыр» деп есептейді [80, 95]. Ал, В.Н. Саламовтың пікірінше, «қазіргі ресейлік заңнамада Жоғарғы Сот Пленумының түсіндірмелері кеңестік кезеңнен айырмашылығы, міндетті емес, ұсынымдық сипатқа ие» [81, 34].

Ресей Федерациясы Жоғарғы Соты Пленумының «Сот шешімі туралы» қаулысының 4-тармағында соттарға шешім қабылдау кезінде материалдық және іс жүргізу нормаларымен қатар, Пленумның құқықты түсіндіруге қатысты қаулыларын да ескеру қажет екені көрсетілген. Заңнамада бұл қаулылар ресми түрде құқық көзі ретінде танылмағанымен, соттар мен басқа да субъектілер оларды іс жүзінде қолданады. Бұл – Пленум қаулыларының нақты құқық көзі ретіндегі рөлін айқындайды. Соңғы жылдары Ресей құқық жүйесі континентальдық және прецеденттік үлгілердің жақындасу үрдісін бастан өткеруде, сондықтан сот билігінің құқықшығармашылық рөлін мүлде жоққа шығару негізсіз.

КСРО-ның бұрынғы құрамына кірген елдерде Пленумның ұйымдастырушылық және басқарушылық өкілеттіктері әртүрлі сипатта болады. Мысалы, Украина Жоғарғы Сотының Пленумы келесі өкілеттіктерге ие: 1) Жоғарғы Сот Төрағасын және оның орынбасарын лауазымға тағайындау және қызметтен босату; 2) Жоғарғы Сот Төрағасының және оның орынбасарларының қызметі туралы есептерін тыңдау; 3) Сот жүйесі мен Жоғарғы Соттың қызметіне қатысты заң жобалары бойынша пікір беру; 4) Жоғарғы Раданың өтініші негізінде, Президенттің денсаулығына байланысты өз міндеттерін атқаруға қабілетсіздігі туралы жазбаша ұсыным енгізу. Беларусь Жоғарғы Сотының Пленумы келесі өкілеттіктерге ие: 1) Жоғарғы Сот Пленумының

мүшелерінің арасынан Судьялардың Біліктілік алқасын сайлау, сондай-ақ осы алқа мүшелерінің арасынан оның төрағасы мен орынбасарын бекіту; 2) Жоғарғы Сот Судьялар біліктілік алқасының қызметі туралы мәліметті тыңдау. Тәжікстан Жоғарғы Сотының Пленумы Жоғарғы Сот Президиумының сандық құрамын және мүшелерін бекітеді. Грузия Жоғарғы Сотының Пленумы келесі өкілеттіктерге ие: 1) Жоғарғы Сот судьяларының санын белгілеу; 2) Үлкен палата құрамын сайлау; 3) Жоғарғы Сот палаталарының төрағасы мен құрамын сайлау; 4) Судьялардың біліктілік алқасының төрағасы мен құрамын сайлау; 5) Конституциялық Соттың үш судьясын тағайындау. 6) Президентке Жоғарғы Сот құзыретіне жататын халықаралық шарттарды жасасу бойынша ұсыныстар береді; 7) Жоғарғы Соттың ресми баспа органын құрады, оның редакторы мен редакциялық алқасын тағайындайды; 8) Грузиядағы сот төрелігінің жай-күйі туралы жылдық есепті дайындап, жариялайды. Эстония Мемлекеттік Сотының Пленумы: 1) Президентке бірінші және екінші саты соттарының судьяларын тағайындау үшін ұсынады; 2) Судьялардың өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлайды. Ерекше жағдайларда, егер құқықтық қайшылықтар туындаса және бірыңғай шешім қабылдау қажет болса, Пленум сот істерін қарастыра алады [82, 50].

Белгілі болғандай, сот билігі қазіргі заманғы мемлекеттің өркендеуі мен азаматтық қоғамның орнығуында маңызды маңызға ие. Тәуелсіздікке қол жеткізген кезден бастап ТМД құрамындағы әртүрлі мемлекеттер мемлекетті, құқықты және қоғамды демократиялық бағытта дамыту жолында әртүрлі тәсілдерді таңдады. Тарихи тәжірибені ескере отырып, жоғарғы сот органдары актілерінің заңнама құрылымындағы орнын анықтау қажеттілігі туындайды.

Қазіргі таңда әлемнің көпшілік елдері конституциялық демократия мен саяси тұрақтылық үрдістеріне бет бұрған. Осы тұрғыда мемлекеттік жүйенің демократиялық сипатының кепілі – билік тармақтарының бөлінуі және олардың тең дәрежеде өзара әрекеттесу қағидаты болып есептеледі. Аталған ұстаным әрбір билік тармағының өзіне тиесілі функцияларды дербес атқаратынын және басқа тармақтардың өкілеттіктерін иемденуге құқығы жоқ екенін білдіреді. Бұл аса маңызды, себебі сот билігі – мемлекеттің заңмен белгіленген өкілеттіктерін іске асырудың ежелден келе жатқан түрлерінің бірі.

Кең мағынада сот билігін – әділ сот жүргізетін мемлекеттік сот органдарының танылған құрылымы ретінде сипаттауға болады. Теориялық көзқарас тұрғысынан алғанда, әділ сот – сот билігін жүзеге асырудың ең басты міндеті мен түрі болып саналады. Әділ сот жүргізу – мемлекеттік қызметтің айрықша бір түрі ретінде, заң нормаларының дұрыс қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған. Күмәнсіз, сот органдары бұзылған құқықтарды қорғау мен қалпына келтіру процесінде шешуші маңызға ие.

Айта кету керек, ТМД елдерінің заңнамасында сот қызметінің қағидаттары барлық сот сатыларында сот ісін жүргізуді қамтамасыз етудің негізгі және жеткілікті құралдары ретінде бекітілген. Бұл үдерісте ТМД елдерінің жоғарғы сот органдарының актілері ерекше рөл атқарады, олар құқық нормаларын түсіндіреді, сот практикасын біріздендіреді және құқықты қолдануда тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Мәселен, Тәжікстан Жоғарғы Сотының құқықтық түсіндіру қызметі төменгі соттар үшін дұрыс бағыт-бағдар беріп, елде бірыңғай сот практикасын қалыптастырады. Бұл сот билігінің беделін нығайтуға және сот органдарының әділ қызметін қамтамасыз етуге ықпал ететін маңызды құқықтық тетік болып табылады. Тәжікстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 82-бабына сәйкес, Тәжікстан Республикасының Жоғарғы Сотының Пленумы және Тәжікстан Республикасының Жоғарғы экономикалық сотының Пленумы заңнаманы қолдану практикасын қорыта келе, соттар, өзге де органдар мен лауазымды тұлғалар үшін міндетті болып табылатын басшылық түсіндірмелер береді [83].

Аталған тәжірибе Ресей Федерациясында да жүзеге асырылады, алайда ол тікелей заңмен емес, мысалы, 2003 жылғы 19 желтоқсанда қабылданған Ресей Федерациясы Жоғарғы Соты Пленумының «Сот шешімі туралы» қаулысы негізінде реттеледі. Аталған қаулыда жалпы юрисдикциядағы соттар өз шешімдерінде Конституциялық Соттың қаулыларын, сондай-ақ материалдық және іс жүргізу құқығы нормаларын қолдану кезінде туындайтын мәселелер бойынша түсіндірмелер ұсынылатын Жоғарғы Сот Пленумының қаулыларын назарға алуы тиіс екендігі нақтыланған.

Аталған заңнамалық актінің нормаларында Тәжікстан Жоғарғы Соты Пленумының қаулылары түрінде берілетін түсіндірмелерінің сипаты айқындалады. Оның негізгі ерекшеліктерін бөліп көрсетуге болады: 1) қаулылар тек жоғары сот органы тарапынан қабылданады; 2) олар заңнаманы қолдану тәжірибесін қорыту және сот статистикасын талдау негізінде әзірленеді; 3) соттар мен өзге де құқық қолданушы органдар үшін міндетті сипатқа ие. Осылайша, Тәжікстан Республикасының заңнамасы Тәжікстан Жоғарғы Сотының сот практикасы мәселелері бойынша Пленум қаулылары түрінде берілетін түсіндірмелерін құқықтық қайнар көз ретінде танып, олардың жалпы юрисдикция соттары үшін міндеттілігін бекітеді.

Тәжікстан Республикасының құқықтық жүйесінде қолданыстағы заңнаманы дұрыс және бірыңғай қолдануға бағытталған жоғары сот органдарының қызметі Тәжікстан Жоғарғы Соты Пленумының қаулылары түрінде міндетті және нормативтік сипатқа ие [84, 84].

Айта кету керек, Өзбекстан Республикасы Конституциясының 110-бабында бекітілген «жоғарғы сот органы» түсінігін айқындайтын басты ерекшелік – бұл Жоғарғы Соттың қабылдаған шешімдерінің құқықтық күші мен міндеттілігі. Конституцияға сәйкес, Жоғарғы Соттың актілері түпкілікті сипатқа ие және Өзбекстан Республикасының бүкіл аумағында орындалуы міндетті болып есептеледі. Бұл норма Жоғарғы Соттың сот билігі жүйесіндегі шешуші орнын және оның актілерінің жоғары заңдық мәртебесін көрсетеді.

Өзбекстан Республикасының Жоғарғы Соты бірнеше рет қылмыстық және азаматтық істердің жекелеген санаттары бойынша сот практикасын және статистикасын қорытып, материалдық және іс жүргізу құқығының көптеген аспектілері бойынша түсіндірмелер берген. Бұл сот әділдігін жүзеге асыру барысында туындайтын бірқатар мәселелерге жауап табуға жағдай жасайды. Пленумның түсіндірулері сот әділдігін жүргізу кезінде заң нормаларын нақты

әрі дұрыс қолдануды қамтамасыз етуге бағытталған. Жалпы қорытындылардың негізінде тиісті түсіндірмелер ұсынылады. Өз қызметі барысында Жоғарғы Сот заңнаманы дұрыс қолдануға бағытталған сот практикасын қалыптастырып, азаматтық-құқықтық және қылмыстық-құқықтық тәжірибенің маңызды мәселелерін уақтылы шешіп, Пленум түсіндірмелерінің орындалуын тиімді бақылауды жүзеге асырып келеді [85, 105].

Сондай-ақ, Қырғыз Республикасы Жоғарғы соты нақты істерді қараумен қатар, Пленум қаулыларын қабылдау арқылы маңызды құқықшығармашылық функциясын атқарады. Олар материалдық және іс жүргізу құқығы нормаларын түсіндіруге бағытталған, бұл құқық қолдану практикасының бірізділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді [86].

Әзірбайжан Республикасы Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық және өзге де істер бойынша жалпы және мамандандырылған соттардың қарауына жататын істерді қарайтын жоғарғы сот органы ретінде танылып, кассациялық тәртіппен сот төрелігін жүзеге асырады. Сонымен қатар, ол сот практикасына қатысты түсіндірмелер беруге уәкілетті [87].

Армения Республикасындағы жоғарғы сот сатысы – Конституциялық сот төрелігі шеңберінен тыс қалған мәселелерді қарауға құзыретті Кассациялық Сот болып табылады [88]. Бұл Сот өзіне заңмен жүктелген өкілеттіктер аясында сот актілеріне қайта қарау жүргізеді және заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің бірыңғай қолданылуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, оның қызметі адам құқықтары мен бостандықтарының негізсіз бұзылу фактілерін жоюға бағытталады [89].

Молдова Республикасының Конституциясында – 114–116-баптарында – сот жүйесі мен соттардың тәуелсіз мәртебесі белгіленген [90]. «Сот жүйесі туралы» Молдова Республикасының Заңы – сот жүйесінің жұмыс тәртібін, соның ішінде Жоғарғы Соттың құзыретін айқындайды. Молдова Жоғарғы Соты Пленумының қаулылары төменгі деңгейдегі соттар үшін міндетті сипатқа ие және сот тәжірибесін бірыңғайландыруға ықпал етеді.

Көрім отырғаныздай, көпшілік бұрыңғы ТМД елдерінің конституцияларында сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірмелер береді деп бекітілген. Енді, сонымен қатар, зерттерліп отырған тақырып бойынша осы елдердегі нормативтік құқықтық актілерді қарастырайық.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде нормативтік-құқықтық актілер туралы заңдарды өзектендіру еуразиялық интеграцияға қатысушы мемлекеттердің бірыңғай құқықтық кеңістігін қалыптастыру қажеттілігімен негізделген. Қазақстан Республикасы, Беларусь, Өзбекстан, Армения Республикасы, Тәжікстан, Қырғыз Республикасы және Әзербайжан Республикасы өздерінің нормативтік-құқықтық актілер туралы заңдарын әзірлеп, қолданысқа енгізді [91, 48]. Нормативтік-құқықтық актілер туралы заң қабылданған елдерде оның қолданысы нормативтік-құқықтық актілер жүйесін ретке келтіруге және актінің қоғамдық қатынастарға әсерінің тиімділігін бағалауға дейінгі барлық кезеңдерді қамтитын мәселелерді реттеуге бағытталған.

Әзербайжан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» заңының (2005 жылғы 1 қыркүйектегі заң редакциясы) 2-бабына сәйкес, нормативтік құқықтық акт – уәкілетті мемлекеттік орган қабылдаған, жалпы сипаттағы нұсқауларды қамтитын, құқық нормаларын белгілейтін, өзгертетін немесе күшін жоятын және бірнеше рет қолдануға арналған ресми жазбаша құжат болып табылады [92].

Өзбекстан Республикасының 2021 жылғы 20 сәуірдегі «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» заңында нормативтік-құқықтық акт деп заңнамаға сәйкес қабылданған, құқық нормаларын белгілеуге, өзгертуге немесе күшін жоюға бағытталған және жалпыға міндетті мемлекеттік нұсқаулар ретінде танылатын ресми құжат түсініледі [93].

Әртүрлі елдердегі нормативтік-құқықтық актінің заңнамалық анықтамалары олардың ортақ тарихи өткеніне негізделген бірыңғай доктриналық негіздің бар екенін көрсетеді. Ал ТМД елдерінде заңдастырылған нормативтік-құқықтық актілердің түрлік жіктелуі айтарлықтай алуан түрлілікке ие.

Осылайша, Әзербайжан Республикасында нормативтік сипаттағы актілерге мыналар жатады:

1) Әзербайжан Республикасының Конституциялық соты Әзербайжан Республикасының Конституциясының 130-бабының III бөлігінің 1–6, 8-тармақтарына және IV бөлігіне сәйкес қабылдаған қаулылар;

2) Әзербайжан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының қаулылары, нұсқаулықтары және түсіндірмелері;

3) Жергілікті атқарушы билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шешімдері;

4) Әзербайжан Республикасының Ұлттық банкінің шешімдері;

5) Теледидар мен радио мәселелері жөніндегі Ұлттық кеңестің қаулылары;

6) Сот-құқықтық кеңестің қаулылары.

Ал, Өзбекстанда келесі нормативтік-құқықтық актілер мойындалған:

- Өзбекстан Республикасының Негізгі заңы (Конституциясы);
- Өзбекстан Республикасының нормативтік заңдары;
- Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі палаталарының қаулылары;
- Өзбекстан Республикасының Министрлер Кабинетінің шешімдері;
- Өзбекстан Республикасының Министрлер Кабинетінің қаулылары;
- Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және ведомстволардың бұйрықтары мен шешімдері;
- Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қаулылары.

Ал, Қазақстанда, нормативтік құқықтық актілер базалық және туынды болып ажыратылады. Нормативтік құқықтық актілердің негізгі түрлеріне төмендегілер жатады:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары, Қазақстан Республикасының кодекстері, Қазақстан Республикасының шоғырланған заңдары, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң күші бар уақытша шешімдері;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары;

3) Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының нормативтік құқықтық актілері;

4) Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының нормативтік құқықтық қаулылары;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары;

6) Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары;

7) Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық шешімдері;

8) Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;

9) орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;

10) мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері және тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық шешімдері.

Беларусь Республикасы құқықтың роман-германдық (континентальдық) жүйесіне жататын мемлекеттердің қатарында, онда құқықтың басты нысаны нормативтік құқықтық акт болып саналады. 2019 жылғы 1 ақпаннан бастап жаңартылған «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Беларусь Республикасының Заңы күшіне енді. Беларусь Республикасының 2018 жылғы 17 шілдедегі «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңы нормативтік құқықтық актіні арнайы белгіленген нысандағы ресми құжат ретінде анықтайды. Ол құзыретті нормашығармашылық орган (лауазымды тұлға) өз құзыреті шегінде немесе референдум арқылы заңда белгіленген тәртіппен қабылдаған (шығарған) және құқық нормаларын белгілеуге, өзгертуге, ресми түсіндіруге, тоқтата тұруға, қайта бастауға, ұзартуға немесе күшін жоюға бағытталған. Бұл нормалар жалпыға міндетті мінез-құлық ережелері болып табылады және тұрақты немесе уақытша сипатқа ие, жеке белгіленбеген тұлғалар тобына арналады және бірнеше рет қолдануға есептелген.

Жаңа Нормативтік құқықтық актілер туралы заң бірқатар актілерге, соның ішінде Беларусь Республикасы Жоғарғы Сотының актілеріне қолданылмайды (1-бап, 2-тармақ). Дегенмен, Жоғарғы Соттың Пленум қаулылары түріндегі актілері аталған Заң бойынша нормативтік құқықтық актілер санатына жатқызылған [94].

Дегенмен, беларусьтік заңгер-ғалымдар бұл актілерді нормативтік құқықтық актілер санатына жатқызудың мақсаттылығы туралы ортақ пікірге келген жоқ. Сонымен қатар, Жоғарғы Соттың, әсіресе оның Пленумының актілері қоғамдағы қарқынды өзгеріп отыратын қатынастарды реттеуде маңызды рөл атқарады. Бұл жағдай Жоғарғы Соттың Пленум қаулылары түріндегі актілерінің құқықтық табиғатын анықтаудың қажеттілігін

туындатады. Жалпы алғанда, құқықтық ғылымда «құқықтық табиғат» ұғымының нақты әрі бірыңғай түсіндірмесі қалыптаспағанын ескере отырып, бұл контексте біз оны осы актілердің нормативтік сипатына негізделген реттеушілік маңызы ретінде қарастырамыз.

Айта кету қажет, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, сараптамадан өткізу, қабылдау (қабыл етілуі), ресми жариялау (халыққа жеткізу), заңды күшіне енгізу, қолдану, түсіндіру және жүйелеу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілер туралы заң бұл талаптарды Беларусь Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулыларына қолданбайды.

Беларусь Республикасы Конституциясының 109-бабына сәйкес, елдегі арнайы сот жүйесінің тәртібі заңмен анықталады [95].

Қазіргі уақытта Беларусь Республикасының Жоғарғы Сотының құзыретін, құрылымын және қызмет ету тәртібін реттейтін негізгі құқықтық құжат — «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы Кодекс» болып табылады [96]. Ал Пленум отырыстарын дайындау тәртібі, өткізу ережелері, актілерді рәсімдеу мен олардың орындалуын бақылау үдерісі Беларусь Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының Регламентімен реттеледі [97].

Өз өкілеттігіне жататын мәселелер бойынша Беларусь Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы тек қаулылар қабылдайды және жоғарыда көрсетілгендей, осы қаулылардың нормативтік сипаты жайлы мәселе құқықтық ғылым саласында пікірталас туындатып отыр. Бұл тұрғыда екі негізгі көзқарасты бөліп көрсетуге болады. Бірінші көзқарасқа сәйкес, Беларусь Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулыларын нормативтік құқықтық актілерге жатқызуға болмайды, өйткені олар сот билігінің органынан шығады және нормашығармашылықтың емес, сот төрелігінің өнімі болып табылады [98, 292].

Г.А. Василевич бұл актілерді қосалқы түсіндіру сипатында деп санайды және олардың құқықтық маңызын қайта қарау қажет деп есептейді [99, 3]. Ғалымның пікірінше, оларды сот прецеденттері ретінде қарастыру қажет [100]. Пленумның қаулыларының прецеденттік сипатын Л.И. Данькова да атап өтеді. Оның пікірінше, Жоғарғы Сот Пленумының қаулылары – бұл белгілі бір санаттағы қаралған сот істерін жинақтаудың қорытындысы. Жинақтау негізінде Жоғарғы Сот Пленумы қаулы қабылдайды, онда қолданыстағы заңды түсіндіреді, оны соттардың ұқсас істерді қарау кезінде бірыңғай қолдануын қамтамасыз ету үшін бағыттайды, сондай-ақ, егер заңда құқықтық олқылықтар анықталса, құқықтық нормаларды қалыптастырады [101, 16]. Т.В. Иванова тіпті Жоғарғы Сот Пленумы актілерін нормативтік құқықтық актілер тізімінен алып тастаудың орынды екенін айтады, өйткені «аталған түсіндіру актілері құқықтық шығармашылық әлеуетіне қарамастан, ұсынымдық сипатқа ие» [102, 121].

Екінші ғалымдар тобы, атап айтқанда В.Н. Бибило мен А.Н. Пугачев, Беларусь Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулыларын заң шығарушының нормативтік құқықтық актілерге жатқызуын заңды құбылыс деп санайды [103, 52]. Сонымен қатар, «жоғарғы сот инстанциялары пленумдарының қаулылары – бұл нормативтік құқықтық актінің өзіндік ерекше

түрі, бірақ ешқандай жағдайда сот прецедентінің бір түрі емес» деп атап көрсетеді [104, 117].

Ресей Федерациясында да Жоғарғы Сот Пленумының қаулыларының құқықтық табиғаты талқылау нысаны болып табылады. Ресей Федерациясы Жоғарғы Соты Пленумының заңнаманы қолдану мәселелері бойынша түсіндірмелерді қамтитын қаулыларын заңгер-ғалымдар әрі нормативтік құқықтық актілердің ведомстволық түріне, әрі сот прецеденттеріне жатқызады, сондай-ақ оларды сот құқықшығармашылығының ерекше нысаны ретінде қарастырады [105, 20].

Соттың нормашығармашылық өкілеттіктерге ие болуы ғылыми ортада қолдау табуда. Бұл, ең алдымен, заң шығару үдерісінің әрдайым мінсіз бола бермейтінімен және өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерге уақтылы әрі дұрыс әрекет ете алмауымен байланысты. Сондай-ақ, заңнаманың кемшіліктерін толтыру үшін соттың белсенді рөл атқаруы қажет, яғни құқықтық кеңістікті толықтыру мақсатында соттың құқықтық нормаларды қалыптастыруы маңызды [106, 30].

Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының заңнамаларын талдай отырып, Ж.У. Тлембаева былай деп жазады: «Жоғары сот органдары актілерінің құқықтық табиғатын анықтау мәселелері бойынша барлық осы проблемалар Ресейде Нормативтік құқықтық актілер туралы Заңның әлі қабылданбауымен түсіндіріледі». Сонымен қатар, Ресей Федерациясы Жоғарғы Соты Пленумының қаулыларында оларды орындау бойынша нұсқаулар бар. Ескерте кету керек, Қазақстан Республикасында 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары нормативтік құқықтық актілерге жатқызылған. Сонымен бірге, Ж.У. Тлембаева Қазақстанда Жоғарғы Сот актілерінің нормативтілігі тақырыбымен айналысатын зерттеушілер арасында бір пікір жоқ екенін атап өтеді [107, 101].

А.Н. Пугачев беларусь ғалымдарының көзқарастарын тек доктриналық ізденістердің нәтижесі ретінде ғана емес, сонымен қатар оларды бағалау кезінде заң шығарушының пікірін де ескеру қажет деп санайды [108, 116]. Осыған ұқсас пікірді негізге ала отырып, заңнамалық ережелерді талдау арқылы Беларусь Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының барлық қаулыларын нормативтік құқықтық актілер ретінде тануға бола ма деген сұрақты көтеруге болады.

Ескерте кеткен жөн, Пленумның қарауына ұсынылатын мәселелер бойынша қаулы жобалары мынадай материалдардың негізінде дайындалады:

- сот практикасын жалпылау нәтижелері;
- Бас прокурордың заңнаманы қолдануға байланысты соттарға түсіндірме беру жөніндегі ұсыныстары, олар істерді қарау мен сот актілерін орындау барысында туындайтын сұрақтарға қатысты болады;
- Жоғарғы Соттың сот алқаларының, облыстық (Минск қалалық) соттарының, облыстардың (Минск қаласының) экономикалық соттарының заңнаманы қолдану тәжірибесі және Пленумның бұрынғы қаулыларының орындалу жағдайлары туралы анықтамалары мен басқа да құжаттар;

- Пленумның құзыретіне жататын мәселелер бойынша дайындалған басқа материалдар (анықтамалар, қызметтік жазбалар және т.б.).

Қажет болған жағдайда, Пленум қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның күшін жойылған деп тану мақсатында арнайы қаулы жобасы дайындалады және ол Пленумның жалпы отырысында талқыланады. Бұдан бөлек, азаматтық, қылмыстық немесе экономикалық сипаттағы істерді қадағалау тәртібінде немесе жаңадан анықталған мән-жайларға сүйене отырып қарау нәтижесінде Пленум тиісті шешімін қаулы түрінде рәсімдейді.

Осыған байланысты, Беларусь Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулыларын олардың мазмұнына қарай үш санатқа бөлуге болады. Бірінші санат – нормативтік сипаттағы Пленум қаулылары. Екінші санат – жеке құқықтық сипаттағы Пленум қаулылары. Үшінші санат – техникалық-заңдық сипаттағы Пленум қаулылары.

Ұсынылып отырған жіктеу, біздің ойымызша, Беларусь Жоғарғы Соты Пленумының қызметінің ерекшелігін толық көрсетеді және Пленум қабылдайтын қаулылардың түрлерін олардың мазмұндық негізінде түсіндіруге мүмкіндік береді [109, 10].

Нормативтік сипаттағы Пленум қаулыларын қамтитын бірінші топты екі ішкі топқа бөлу орынды:

1) Сот практикасын, сот статистикасын жалпылау нәтижелері бойынша және жалпы юрисдикциядағы соттарға заңнаманы қолдану мәселелеріне байланысты түсіндірулер беру мақсатындағы Пленум қаулылары;

2) Пленум қаулыларының ережелерін немесе олардың жекелеген тармақтарын күшін жойылған деп тану немесе сот практикасын зерттеу негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулылар.

Заңнама өзгеріске ұшырауы мүмкін болғандықтан, соған сәйкес Пленум қаулыларына тиісті түзетулер енгізілуі мүмкін немесе олар толықтай не ішінара күшін жойған деп танылуы ықтимал. Мұндай жағдайда, бұл қаулылар сот практикасын талдауға сүйенуі мүмкін немесе арнайы зерттеуді қажет етпеуі де мүмкін. Бұл жайт – екінші ішкі топты жеке бөлудің негізі болып саналады.

Жеке құқықтық сипаттағы Пленум қаулыларын қамтитын екінші санатқа нақты сот істерін қарауға байланысты қабылданған қаулылар жатады. Бұл топтағы қаулылар әдетте бір нақты іс бойынша немесе сот шешімін қайта қарау қажеттілігі туындаған жағдайда қабылданады. Олар процесуалдық сипатта болады және нормативтік емес мазмұнға ие. Аталған қаулыларды қадағалау тәртібімен (яғни тараптардың шағымдары бойынша) немесе жаңадан ашылған мән-жайлар негізінде қаралатын істердің мынадай санаттарына бөліп көрсетуге болады:

1) Азаматтық істер;

2) Қылмыстық істер;

3) Экономикалық істер.

Аталған санаттағы Пленум қаулыларының орындалуы олардың нормативтік мәніне байланысты емес, өйткені мұндай сипатқа ие емес және олар процессуалдық заңнамада көзделген тәртіппен іске асырылады.

Үшінші топқа техникалық-құқықтық сипаттағы Пленум қаулылары кіреді, олар екі ішкі топқа бөлінеді:

1) Пленум қаулыларын немесе олардың жекелеген тармақтарын күшін жойылған деп тану, сондай-ақ сот тәжірибесін арнайы зерттеуді қажет етпейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулылар;

2) Ұйымдастырушылық мәселелер бойынша шешімдер қамтылған Пленум қаулылары, олар алдын ала зерттеуді және дайындауды қажет етпейді. Мұндай қаулылар Пленум отырысының хаттамасында көрсетіледі (хаттамалық қаулылар) [110, 284].

Сонымен бірге, Беларусь Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының заңнаманы қолдану мәселелері бойынша түсініктемелерді қамтитын қаулылары басқа нормативтік құқықтық актілерден өзгешеленетін бірқатар белгілерге ие. Біріншіден, олар өздігінен қолданылмайды, тек Пленум түсіндірме беретін нормативтік құқықтық актілермен бірге қолданылады. Екіншіден, Пленумның мұндай қаулылары олардың қолданылу мерзімі тек түсініктеме берілген нормативтік құқықтық актілер қолданылған кезеңде ғана өзекті болып табылады. Үшіншіден, бұл қаулыларда құқықтың дәстүрлі түсінігіндегі норма жоқ (гипотеза, диспозиция және санкция).

Беларусь Республикасы Жоғарғы Сотының құзыретіне төмен тұрған соттардың Пленум қаулыларын орындауын бақылау кіреді, бұл олардың орындалу міндеттілігін көрсетеді. Пленумның заңнаманы қолдану мәселелері бойынша қаулыларды орындау туралы төмен тұрған соттардың төрағаларының баяндамаларын тыңдау өкілеттіктері де олардың міндетті екенін көрсетеді.

Мысал ретінде, Беларусь Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының заңнаманы қолдану тәжірибесі бойынша бір қаулыдан келесі тұжырымдарды келтіруге болады: «соттардың назарын аудару», «соттар назарда ұстауы керек», «соттарға түсініктеме беру», «соттар ескеруі керек» [111].

Осыған ұқсас тұжырымдар заңнаманы қолдану мәселелері бойынша түсініктемелерді қамтитын барлық басқа Пленум қаулыларында да кездеседі.

Барлық осы тұжырымдар мен Пленум қаулыларының мазмұны Беларусь Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының жалпы юрисдикция соттарының қызметін заң нормаларын қатаң әрі дәлме-дәл қолдануға бағыттайтынын көрсетеді. Бұл соттардың құқық қолданушы орган ретінде заңды әрі негізделген шешімдер қабылдауын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады. Алайда, оқыған кезде бұл Пленум қаулыларының ұсыныс сипатында болуы мүмкін деген әсер қалдыруы мүмкін. Бірақ Беларусь Республикасы Жоғарғы Сотының Пленум қаулылары заңнамамен нормативтік құқықтық актілерге жатқызылған, бұл олардың императивтік сипатта екенін білдіреді. Қаулыларды талдау көрсеткендей, Пленум құқық қолданушы өзі түсіне алатын мәселелерді де, түсіну қиын болатын және шешім қабылдауда қиындық туғызатын мәселелерді де түсіндіре алады. Атап айтқанда, Беларусь Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 2001 жылғы 21 желтоқсандағы №15 қаулысы Қылмыстық кодекстің 206-бабы (тонау) мен 207-бабы (қарақшылық) арасындағы айырмашылықтарды түсіндіруге бағытталған. Бұл баптар көбінесе сот тәжірибесінде шатастырылып қолданылуы мүмкін, өйткені екеуі де бөтен

мүлікті иеленуге байланысты. Аталған қаулының нормалары Пленумның құқық нормаларын нақтылай алатынын және судьялар нақты істерді қарау кезінде туындайтын құқықтық айқынсыздықты жоя алатынын ашық көрсетеді. Мұны былай деуге болады: Пленумның түпкі мақсаты – барлық деңгейдегі сот судьяларының заңнаманы дұрыс әрі бірыңғай қолдануын қамтамасыз ету деп айту орынды. Бір жағынан, Пленум беретін түсініктемелер судьяларға көмек көрсетіп, олардың жұмысын белгілі бір деңгейде оңайлатуы тиіс. Екінші жағынан, мұндай қажеттілік туындайды, себебі судьялар шешім қабылдау кезінде кейбір жайттарды ескермей қалуы мүмкін, соның салдарынан қабылданған шешімдер объективтілік өлшемдеріне сәйкес келмеуі ықтимал.

Беларусь Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулылары – белгілі бір санаттағы сот істерін жинақтау мен талдау нәтижесінде қабылданатын актілер. Мұндай талдаудың қорытындысы негізінде Пленум қолданыстағы заңнаманы түсіндіретін әрі соттар үшін бірыңғай құқық қолдану тәжірибесін қалыптастыратын қаулы шығарады. Сонымен қатар, егер заңнамада құқықтық олқылықтар анықталса, оларды толықтыру мақсатында тиісті құқықтық нормалар белгіленеді. И.Н. Минецтің көзқарасы бойынша, «Пленумда қаралатын мәселелерді алға тартуда негізгі рөл Жоғарғы Соттың сот алқаларына тиесілі болуы керек, себебі олар кассациялық және қадағалау тәртібінде істерді қарау барысында соттардың нақты құқық нормаларын қаншалықты дұрыс қолданғанын бағалай алады» [113, 3].

Жоғарғы Сот Пленумында қабылданған, заңнаманы нақты істер санатын қарау кезінде қолдану тәртібіне қатысты қаулылар «Судовы весник» журналында жарияланады және оларды соттармен қатар, құқықты қолданатын өзге де органдар мен лауазымды тұлғалар орындауға міндетті [114, 7]. Беларусь Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы В. О. Сукалоның айтуынша, мұндай қаулылар сот практикасын жинақтау нәтижесінде заңнаманы нормативтік соттық түсіндіру сипатында қабылданады немесе заңдарды дұрыс және біркелкі қолдану қажеттілігі туындаған жағдайда шығарылады [115, 44].

Жоғарғы Сот Пленумы қабылдайтын қаулылар заңнаманы тек соттар ғана емес, өзге де құқық қолданушы субъектілер тарапынан да біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталғандықтан, олар мәні жағынан нормативтік сипаттағы актілерге айналады, бұл «Нормативтік құқықтық актілер туралы» заңда да нақты көрініс тапқан. Осылайша, «заң шығарушы олардың құқық қалыптастыру мен құқық шығармашылық үдерісіндегі ерекше орнын толық негізбен мойындады» [101, 21].

Айта кету керек, Жоғарғы Сот Пленумының қаулылары нормативтік құқықтық актілердің белгілі бір ережелерін қолдануда түсініксіздік туындаған жағдайда қабылданады және қолданыстағы заң нормаларын нақтылау, түзету, өзгерту немесе олардың қолдану бағытын қайта қарастыру қажеттілігі туындағанда шығарылады. Аталған қаулылар қоғам өмірінің әртүрлі салаларында туындайтын дауларды шешу бойынша нақты сот тәжірибесіне негізделеді.

Пленум қаулыларының маңыздылығы мен ерекшелігі олардың уақтылы қабылдануында, сұранысқа ие болуында және сот тәжірибесінде туындайтын

мәселелерді жедел реттеуінде жатыр. Құқықтық реттеу жүйесінде қолданыстағы заңнама мәселелері бойынша Жоғарғы Сот Пленумы қаулыларын толық немесе ішінара алмастыра алатын рәсімдер мен актілер қазіргі уақытта жоқ.

Айта кету керек, кейбір жағдайларда Жоғарғы Сот Пленумының қаулыларындағы түсіндірмелер тұжырымдары мен мазмұны бойынша заңдарда бекітілген құқық нормаларына жақындайды, әсіресе, егер бұл қаулылар жалпы сипатқа ие болса. Ал егер аталған қаулылар соттардың өз қызметінің сапасы мен тиімділігін арттыруға қатысты болса, олар тікелей жалпы реттеушілік мәнге ие болмауы мүмкін. Алайда, мұндай қаулылар соттардың жұмыс нәтижелерін жинақталған түрде көрсетіп, орын алған кемшіліктерді анықтауға, оларды жоюға және болашақта қайталамауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде, кеңестік дәстүрді жалғастыра отырып, Беларусь Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулылары заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді дұрыс түсіну және қолдану үшін аса маңызды рөл атқарады. Осы тұрғыда С. В. Поленинамен келісуге болады, ол заңның сапасы мен құқық шығармашылығын жүйелеу бір-бірінен ажырамас ұғымдар. Заңдардың әлеуметтік, құқықтық және саяси тиімділігі өздігінен артпайды. Ол үшін заң ғылымы мен тәжірибесінің тұрақты, жүйелі және мақсатты күш-жігері қажет [116, 19].

Мұндай қаулыларды қабылдау соттарда нақты істерді қарау тәжірибесін жан-жақты талдауға негізделеді, бұл құқықты қолдану барысындағы күрделі жайттарды айқындауға және заң нормаларын қолдану тәртібін түсіндіруге жол ашады. Бір жағынан, бұл қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің қосымша тетігі ретінде қабылданса, екінші жағынан, судьялардың ұқсас істерді бағалау әдістерін жүйелеуге септігін тигізеді. Құқықтық сараптама барысында нормативтік құқықтық актіде ресми түрде бекітілген құқық нормасының мәтінінен гөрі (позитивті құқық), оның түсіндірмесі мен тиісті соттар тарапынан іс жүзінде қолданылу тәжірибесіне басымдық беріледі. Даулы жағдайларды тиімді шешуді алдын ала болжау үшін сот актілерін және жоғары тұрған сот органының нұсқаулық сипаттағы түсіндірмелерін терең зерделеу қажет.

Жүргізілген зерттеу көрсеткендей, посткеңестік дәстүрге сүйенетін ұлттық құқық көздерінің жүйелерінде, әдетте, романо-германдық құқықтық жүйеге кіретін (немесе дербес құқықтық жүйе ретінде ерекшеленетін) мемлекеттерде, заң шығарушы белгілейтін позитивті құқық нормаларымен қатар, құқықты қолдану үдерісінде сот практикасы негізінде қалыптасқан прецеденттік сипаттағы элементтер де ұшырасады. Бұл элементтердің пайда болуы құқық шығармашылық шешімін қабылдаудың күрделі әрі көп сатылы процесс екенін көрсетеді. Сонымен қатар, заңнамалық шешімдерді қалыптастыруға әсер ететін көптеген факторлардың бар екендігін және заң шығарушының жалпы норманың барлық ерекшеліктерін алдын ала ескеріп, толықтай егжей-тегжейлі айқындау мүмкін еместігін аңғартады.

Осылайша, жоғары соттардың түсіндірмелері құқықтық жүйенің қарқынды дамуы және заңнама жүйесінің қоғам мен мемлекеттің өзгермелі жағдайларына

бейімделуі барысында сот арқылы дауларды шешу тек құқықтық қатынастарды қамтамасыз етудің институционалдық тәсілі ғана емес, сонымен қатар, заң шығарушының жаңа қоғамдық қатынастарды ретке келтіруге бағытталған әрекеттерін толықтыратын реттеуші рөлін де атқарады. Бұл үдеріс нормативтік құқықтық актілердің ережелерін ұғыну, түсіндіру, сондай-ақ құқықтық реттеудегі олқылықтардың орнын толтыру арқылы жүзеге асырылады.

Осылайша, ТМД елдеріндегі құқықтық жүйелердің қарқынды дамуы және оларды заманауи жағдайларға бейімдеу қажеттілігі жағдайында жоғарғы сот органдарының қаулылары құқықтық реттеудің маңызды элементі болып қала береді, заңнаманы толықтырып, оның тиімді қолданылуына ықпал етеді.

2 ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҢ НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫЛАРЫ СОТ ҚҰҚЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ РЕСМИ АКТІЛЕРІ РЕТІНДЕ

2.1 Жоғарғы Соттың сот практикасына қатысты түсіндірмелерінің нормативтік-интерпретациялық сипаты

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басты функцияларының бірі – сот практикасының біртектілігін сақтау. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Жоғарғы Сот заң ережелерін нормативтік қаулылар арқылы талқылап, оларды қолданудың нақты тәртібін айқындайды. Мұндай түсіндірмелер нормативтік-интерпретациялық сипатқа ие, өйткені олар сот практикасын жүйелеуге, құқықтық анықтықты қамтамасыз етуге және құқық қолдану саласында бірізділікті орнатуға бағытталған.

Сот практикасының ұлттық заңнаманы жетілдіру процесіндегі рөлі оның деңгейлік жүйесі арқылы анықталады. Сот жүйесінің негізгі бағыты ретінде сот практикасының әртүрлі деңгейлері сот практикасы ұғымына кең және тар мағынада қарау туралы теориялық тұжырымдамадан туындайды. Кең мағынада сот практикасы сот органдарының жиынтық қызметі ретінде қарастырылады, ол сот жүйесінің әртүрлі сатыларында – бірінші, апелляциялық және кассациялық инстанцияларда шешімдер шығарумен аяқталады [117, 123].

Сол себепті, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының негізін құрайтын қағидаттар мен нормалардың қоғамдық тәжірибеде тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету қажет. Осы мақсатта Конституция ережелері мен заңдарына, соның ішінде оларды орындау тетігінде маңызды рөл атқаратын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларындағы түсіндірулерге ерекше мән беріледі [120, 52].

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары сот практикасын талдау және қорыту нәтижесі ретінде Конституцияда белгіленген міндетті күші арқылы оның бүкіл мемлекет көлемінде біркелгілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Олар құқық қолдану процесінің заңды негізі болып, заңнаманың дұрыс және бірыңғай түсіндірілуі мен қолданылуына ықпал етуі тиіс, осылайша, ұлттық құқықтың жүйенің дамуына оң әсерін тигізеді.

Нормативтік-құқықтық шығармашылық қызмет Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Елдегі сот реформасының жалғасуы жағдайында жоғары сот органдарының құқық шығармашылық процесіне қатысуы барған сайын өзекті әрі маңызды мәселеге айналуда. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормашығармашылық қызметі мен қабылданатын актілерінің нормативтік-құқықтық сипаты туралы пікірталастар әлі де жалғасуда. Құқықтық әдебиетте жоғары сот органдарын құқық шығармашылық өкілеттіктермен қамтамасыз етудің дұрыстығы, сондай-ақ сот органдарының құқық шығармашылық және құқық қолдану қызметінің шекарасын айқындау мәселелері бойынша қызу ғылыми дискуссиялар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңына (16-баптың 4-тармақшасы, 17-баптың 2-тармағы) сәйкес, сот практикасын зерделеу және қорыту Жоғарғы Соттың,

сондай-ақ облыстық және оларға теңестірілген соттардың құзыретіне жатады, бұл ретте Жоғарғы Сот үйлестіруші рөл атқарады. Сот практикасын талдау және қорыту, сондай-ақ Жоғарғы Сот төрағасының заңнаманы жетілдіру жөнінде Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныстар енгізу құқығын жүзеге асыру арқылы соттар заңнаманың дамуына жанама түрде ықпал етеді [5].

Нормативтік қаулылардың құқықтық сипаты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының тек құқық нормаларын түсіндіру, нақтылау және нақтылап ашып көрсету мүмкіндігін ғана қарастырады. Жоғарғы сот органы беретін басшылыққа алынатын түсіндірмелердің негізі соттардың заңдарды қолдану тәжірибесіне сүйенуі тиіс. Өйткені бұл түсіндірмелердің басты мақсаты – заңдарды дұрыс түсіндіру мен олардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Осылайша, сот нормашығармашылығы құқық шығармашылық қызметінің ерекше түрі ретінде арнайы субъект – сот билігінің жоғары органы арқылы жүзеге асырылады, бірақ оның дербес сипаты жоқ. Ол заң шығарушы және атқарушы билік органдары қабылдайтын нормативтік құқықтық актілердің нормаларына қатысты қосымша сипатқа ие. Құқықшығармашылық деп әдетте құқықтық нормаларды құру, өзгерту және жою бойынша мемлекеттік билік органдарының қызметін айтады, бұл нормалар нормативтік құқықтық актілерде бекітіледі [121, 415]. Марченко М.Н. атап өткендей, судьялық құқықшығармашылық парламенттік құқықшығармашылыққа қайшы келмейді немесе оны алмастырмайды, керісінше, оны толықтырып, байытады [12, 396]. О. В. Поповтың бейнелі тұжырымы бойынша, сот нормашығармашылығы «идеалды құқық пен нақты құқықты байланыстыратын жіп іспетті, ол бүкіл мемлекеттік механизммен қолдау табатын құқықтық қажеттіліктерді құқықтық нормаларға айналдырып, адамдардың мінез-құлқын реттеуді қамтамасыз етеді» [76, 8].

Бұл көзқарас Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына; 14-бабының 1-тармағына, 77-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына, 79-бабының 1-тармағына және 83-бабының 1-тармағына ресми түсінік беру туралы» 1997 жылғы 6 наурыздағы №3 қаулысында бекітілген ережелермен дәлелденеді. Аталған қаулыға сәйкес, Жоғарғы Соттың құқық нормаларын қолдану мәселелері бойынша соттарға берген түсіндірмесі бар қаулы ғана нормативтік сипатта деп танылады және онда сот ісін жүргізу саласындағы субъектілер үшін нақты нұсқаулар баяндалады. Мұндай нормативтік қаулы Қазақстан Республикасының Конституциясын қоса алғанда, сот практикасына енгізілген құқықтық ережелерге негізделіп қабылданады және елдегі барлық соттар үшін міндетті сипатта болады [8]. Бұл пікірді көптеген зерттеушілер де қуаттап, «реттеу аясы тек сот ісін жүргізумен байланысты жайттармен шектеледі...» деп көрсетеді [122].

Сот практикасы бойынша түсіндірмелер беруді жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етуге шақырылған, оның аясында заңнаманы сот өндірісінде

біркелкі түсіндіру және қолдану көзделеді. Бұл міндетті шешу, қазіргі нормативтік қаулылардың мазмұнды құрамының толықтығы мен сапасын қамтамасыз етуде жатыр.

Сот тәжірибесінің бірізділігінің негізгі бағыты ұқсас даулар бойынша бірдей шешімдер шығаруда емес, заң нормаларын түсіну мен қолданудың бірізділігін қамтамасыз етуде жатыр. Бұл, заңды түсіндіру үлгісі ретінде, англосаксондық құқықтағы сот прецедентіне ұқсас болып табылады. Практика көрсеткендей, бұл тәсіл төменгі инстанциялы соттардағы сыбайлас жемқорлықпен күресуде ең тиімді құралдардың бірі болып табылады.

Өкінішке орай, Қазақстандағы сот тәжірибесінде бұл принциптің мағынасы мен рөлі, сондай-ақ оның нақты қамтамасыз етілуі әлі де болса жүзеге асқан жоқ. Сонымен қатар, соңғы уақытта Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары көбіне заңға түсіндірме беруге ұқсап кетеді, яғни заңды қолданудың ең күрделі мәселелеріне түсініктемелер беру орнына, тек заңға пікір білдіру сипатында болып отыр.

Бұл мәселені одан әрі күрделендіретін жайт – қазіргі уақытта қолданыстағы заңнамалық базада Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларына шағымдану тәртібі көзделмеген. Алайда, мұндай тетік аса маңызды, себебі Конституциялық заңның 22-бабына енгізілген соңғы түзетулер мен Конституцияның 4-бабындағы ережелер Жоғарғы Соттың Пленумын құқықтық нормаларды қалыптастыруда кеңірек өкілеттіктермен қамтамасыз етеді.

Бұл жағдайды ескере отырып, Жоғарғы Сот ҚР Конституциясына сәйкес барлық субъектілер үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құқығына ие орган болып табылады. Сонымен қатар, оның нормативтік қаулыларының құқықтық қалыптастырушы сипаты кең мүмкіндіктері айтарлықтай маңызды. Осы орайда, осы нормативтік құқықтық актілердің сапалық сипаттамаларын жақсартуға бар күш-жігерді бағыттау керек. Бұл, ең алдымен, олардың нысаны мен мазмұнына қатысты талаптарды қалыптастыру, сондай-ақ нормативтік қаулыларды талқылау және қабылдау процедураларын жетілдіру арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Жоғарғы Сот аталған конституциялық өкілеттіктерді іске асыра отырып сот ісін жүргізуді жүзеге асыру кезінде заңды біркелкі түсіндіруді және қолдануды қамтамасыз етеді. Соттардың құқық нормаларын түсіндіру мен қолданудың бірыңғай жолдарымен сипатталатын сот практикасының біркелкілігіне сот практикасының мәселелерін түсіндіретін Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қабылдау арқылы ғана емес, сонымен бірге төмен тұрған соттардың сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қараудың нәтижесінде де қол жетеді. Осы тұрғыда Жоғарғы Соттың сот актілердің заңдылығын, негізділігін және әділдігін қамтамасыз етуге бағытталған қызметі сот тәжірибесін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады [123].

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары үлкен әлеуметтік құндылыққа ие, себебі олар жеке құқықтық жағдайларды шешуге емес, сот практикасында жиі кездесетін жағдайларды қамтуға бағытталған. Бұл сот шешімдерінің тұрақтылығы мен болжаушылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ заңнаманы қолданудағы біртектілікті қолдайды.

Мұндай қаулылар құқықтық жүйенің сапасын жақсартуда, сот жүйесіне деген сенімді арттыруда және азаматтар мен заңды тұлғалар үшін құқықтық анықтығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларына да, өзге нормативтік құқықтық актілер секілді, актінің қабылдану мақсаттары мен міндеттерін сипаттайтын кіріспе бөлік (преамбула) енгізіледі. Бұл кіріспе акт мазмұнын ұғынуға, оны қабылдаудың себептерін түсіндіруге және белгілі бір құқықтық мәселелерді реттеуге бағытталған негізгі қағидаттарды айқындауға жағдай жасайды. Көп жағдайда преамбулада келесі мазмұндағы тіркестер пайдаланылады: «Қазақстан Республикасының заңнамасын дәл және бірыңғай қолдануды қамтамасыз ету үшін», «заң нормаларын сот тәжірибесінде бірізді қолдану үшін». Мұндай тұжырымдар нормативтік қаулылардың негізгі мақсатын ашып көрсетуге және олардың қолдану аясын нақтылауға арналған. Кейбір нормативтік қаулылардың кіріспе бөліктерінде нақты сот істерін зерделеу нәтижелеріне сілтемелер жасалады. Көп жағдайда Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының преамбулаларында заңнамалық өзгерістердің қажеттілігіне байланысты қабылданғаны да көрсетіледі. Бұл өз кезегінде құқықтық жүйенің эволюциясын және құқық нормаларының уақыт талабына бейімделу қажеттігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында преамбуланың болуы оларды сот практикасында туындайтын ең маңызды мәселелер бойынша қабылданатынын және дереу нормативтік жауап беруді талап ететінін көрсетеді. Нормативтік қаулының мәтінінде, өз кезегінде, оның адресаттары - соттар мен басқа да сот ісін жүргізуші қатысушылар анықталады. Яғни, нормативтік қаулылардың ерекшелігі оларды тұлғалық тұрғыда белгілемей, олар тек судьяларға ғана емес, сонымен бірге құқық қолданушылардың кең әрі нақты белгіленбеген тобына таралатынын білдіреді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары формалды түрде айқындалған сипатқа ие және олар, әдетте, ресми жазбаша түрде ұсынылады. Бұл нормативтік қаулылар құқықтық норманың барлық құрылымдық элементтерін (гипотеза, диспозиция, санкция) толық қамтымайды, бірақ, көп жағдайда, құқықтық норманы нақтылауға бағытталған бөлікке ғана негізделеді, яғни нормативтік қаулыда гипотеза, диспозиция немесе санкция элементтерінің тек біреуі нақтылауға алынады. Осылайша, аталған актінің нормативтік сипаты дәстүрлі құқық нормасының құрылымы арқылы емес, зерттеліп отырған қаулыларда анық байқалатын өзге де нормативтік құжаттарға тән сипаттар арқылы көрініс табады [124, 67].

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында қамтылған түсіндірмелік құқық нормалары қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған белгілі бір мінез-құлық ережелерін қалыптастырады. Бұл нормалар судьялар мен өзге де құқық қолданушылар арасындағы өзара іс-қимыл барысында туындайтын сот өндірісіндегі қоғамдық қатынастарды бірнеше мәрте реттеуге арналған. Бұл жағдай Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары құқықтық мазмұнды түсіндіруге бағытталған интерпретациялық актілер болып табылатынын білдіреді. Олар заңнамалық

актілердің мәнін нақтылап көрсетіп, міндетті құқықтық күшке ие болады. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қолданудың басты шарты – олардың ресми түрде жарық көруі болып есептеледі. Нормативтік қаулылардың барлық өзіндік белгілерін, соның ішінде түсіндіру қызметінің нәтижелерін ескере отырып, олардың жалпыға міндетті сипаты, ұзақ мерзім бойы қолданылуы, қайталанып пайдаланылуы, көптеген құқық субъектілеріне әсер етуі – бұл актілердің ерекше сапалық қасиеттерін көрсетеді. Осыған орай, нормативтік қаулыларды түсіндіруші құқықтық нормалар жиынтығы ретінде қабылдауға болады және оларды құқықтық актілердің жеке бір түрі ретінде бағалап, «нормативтік интерпретациялық актілер» деп атаған жөн [13, 24]. Осы көзқарас бойынша, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы – елдің жоғарғы сот органы тарапынан арнайы рәсіммен қабылданатын, сот өндірісі саласындағы қатысушылардың мінез-құлқын реттейтін ережелерді белгілейтін түсіндірмелі сипаттағы нормативтік құқықтық акт болып табылады.

М.Т. Алимбековтың пікірінше, қазіргі ғылыми ұстанымдар бұл мәселеге қатысты қайшылықты сипатқа ие, себебі бір жағынан, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары Конституцияда қолданыстағы құқық ретінде танылса, екінші жағынан, Қазақстан Республикасы Конституциясының 81-бабы Жоғарғы Соттың сот практикасына байланысты түсініктемелер беруін ғана көздейді. Аталған бап Жоғарғы Сотқа заңдарға ресми түрде нормативтік түсініктеме беруге өкілеттік бермейді, ал Конституцияның 4-бабында құқық қалыптастыру мүмкіндігі айқындалады. Нормативтік қаулылардың құқықтық табиғатын зерделей отырып, автор оларды заңнамалық нормаларды нақтылайтын, түсіндіретін және сот билігінің құқық шығармашылығындағы негізгі нәтижелерінің бірі болып табылатын нормативтік құқықтық актілердің ерекше түрі деп тұжырымдайды [13, 3].

Сапарғалиев Г.С. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабы (онда Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларды қабылдау құқығы көрсетілген) мен 81-бабы (онда нормативтік қаулылар арқылы сот тәжірибесіне түсініктеме берілетіні айтылған) мазмұнына сүйене отырып, бұл түсініктемелер ең алдымен құқық нормаларын іске асырудың барлық нысандарына – орындау, қолдану, пайдалану және жүзеге асыруға – қатысты берілуі қажет деп пайымдайды. Екіншіден, ол түсіндірулер сот ісін жүргізуде басшылыққа алынатын барлық нормативтік құқықтық актілерге қатысты болуы тиіс деп санайды. Бұл, өз кезегінде, Конституциялық нормаларға сәйкес, Жоғарғы Соттың кең ауқымды құзыреттерге ие екенін білдіреді. Алайда 2000 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң бұл өкілеттіктерді өзгеше түсіндіреді. Аталған заң Жоғарғы Сотқа тек сот тәжірибесіне байланысты заңнаманы қолдану мәселелері бойынша ғана нормативтік қаулы шығару құқығын береді. Басқаша айтқанда, Конституциялық заң Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының аясын тек заңдарды қолдану мәселелерімен шектейді, ал бұл Сапарғалиевтің пікірінше, Конституцияның ережелеріне толығымен сай келмейді. Бұл заңда құқықтық нормаларды іске асырудың басқа түрлеріне –

мысалы, орындау, қолдану немесе пайдалану мәселелеріне – қатысты түсіндіру беру мүмкіндігі қарастырылмаған. Жаңадан қалыптасқан жағдайларда Жоғарғы Сот тек сот органдарына бағытталған түсіндірмелермен шектелуге мәжбүр. Алайда, Конституция мұндай шектеулерді нақтыламайтындықтан, құқық нормаларын жүзеге асыруға қатысты басқа субъектілерді – жеке және заңды тұлғаларды – да құқықтық процестің қатысушысы ретінде қарастыруға жол ашады. Конституциялық заңда Жоғарғы Сотқа тек заңнаманы қолдану мәселелері бойынша түсініктеме беру жөнінде белгіленген шектеулер де елеулі сұрақтарды туындатып отыр [125, 117].

Скрябин С. өз көзқарасында, Қазақстан Республикасының Конституциясының 4-бабының 1-тармағын сөзбе-сөз түсіну негізінде құқықтық нормалар үш түрлі актіде қамтылуы мүмкін екенін атап өтеді: 1) нормативтік құқықтық актілерде; 2)халықаралық келісімдер мен Қазақстан Республикасының басқа да халықаралық міндеттемелерінде; 3) Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларында. Жоғарғы Соттың актілерінің құқықтық мәнін дұрыс түсіну үшін Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабының 1-тармағында бекітілген қағидалар айрықша мәнге ие. Аталған ережелерге сүйене отырып, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын «құқық нормаларын ресми түсіндіру» түсінігімен ұштастыра отырып, интерпретациялық сипаттағы құқықтық актілер ретінде пайымдау қажет. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын ресми түсіндіру мазмұнындағы құқықтық актілер түрінде қабылдауға қатысты қалыптасқан құқықтық көзқарас нақты заңнамалық бекітуді талап етеді [126, 80].

Сот практикасы, әсіресе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары процессуалдық құқықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олар азаматтық, қылмыстық және әкімшілік процессуалдық заңнаманың ажырамас бөлігі болып табылады, оның дамуын және өзгеріп жатқан құқықтық жағдайларға бейімделуін қамтамасыз етеді. Кейбір жағдайларда олар құқықтық реттеудегі кемшіліктерді жою құралы болып қызмет етеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларына нормативтік құқықтық актінің мәртебесін беру олардың сот ісін жүргізуге қатысатын барлық құқық қолданушы субъектілерге бағытталғанын білдіреді. Нормативтік қаулылардың құқық қорғау құрылымдары тарапынан қолданылуы туралы сөз қозғағанда, олардың нақты істерді әділ шешудегі рөліне назар аудару қажет. Тергеу мен бақылау функцияларын атқаратын органдардың өкілдері өздерінің процессуалдық құжаттарында бұл қаулыларға тікелей сілтеме жасамауы мүмкін, дегенмен оларды іс жүзінде қолданады. Себебі Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары тәжірибеде аса қажет және құқықтық маңызы жоғары актілер болып табылады, бұл әсіресе қылмыстық сот ісін жүргізу саласында айқын байқалады. Мұндай қаулылардағы қағидалар кеңінен қолданылып, қылмыстық процеске қатысушы органдардың әрекеттерінде заңдылық пен негізділік деңгейін арттырады [127, 11].

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік сот практикасы қолданыстағы құқықтың бір бөлігі бола отырып, заңдардың ережелерін нақтылайтынын немесе қолданыстағы заңнамалық актілердегі олқылықтарды жоятындығын атап өту қажет. Кейбір жағдайларда бұл құқықтық нормаларды түсіндіру арқылы жүзеге асса, басқа жағдайларда – құқық немесе заң ұқсастығын қолдану арқылы азаматтық істер бойынша шешімдер қабылдау жолымен іске асырылады.

Осылайша, сот практикасы заңнаманы жетілдіруде маңызды рөл атқарады, өйткені ол өмір талаптарына сай келмейтін кейбір ескірген нормалардың бар екенін, нормативтік актілердегі олқылықтар мен қателерді, олардың басқа актілермен үйлеспеушілігін, сондай-ақ нормативтік актілердің мәтіндеріндегі техникалық-құқықтық кемшіліктерді көрсетеді, бұл өз кезегінде олардың дұрыс қолданылуын қиындатады.

Соттарға заңдарды дұрыс қолдануға жәрдем көрсетудің тиімді құралы ретінде Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларындағы түсіндірмелердің мәні артып келе жатқанын да атап өтпеу мүмкін емес, бұл қолданыстағы заңнама мен өзге де заңдардың елеулі өзгерістер мен толықтыруларға ұшырауына байланысты болып отыр [128, 95].

Атап өткен жөн, Қазақстан Республикасының құқық қолдану тәжірибесінде осы күнге дейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының Қазақстан Республикасының Конституциясына немесе қолданыстағы заңнамалық актілерге қайшы келетіні жөнінде мәселе көтерілмегеніне назар аудару қажет.

Осы контексте, М.Т. Алимбековтың Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының заңдық салмағы – олар түсіндірме мен нақтылауға бағытталған нормативтік құқықтық акті деңгейімен теңдес келеді деген көзқарасын орынды деп қабылдауға болады. Бұл пікір аталмыш қаулылардың конституциялық заңдарға, кодекстерге немесе басқа да заңнамалық актілерге мазмұндық тұрғыдан мейлінше жақын екендігін айғақтайды.

2.2 Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары және олардың заңға тәуелді актілерден айырмашылығы

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары мемлекеттің құқықтық өмірінде маңызды рөл атқарады. Дегенмен, қазіргі ұлттық заңнамада оларды нақты реттейтін ережелердің болмауы бұл актілердің құқықтық табиғатын түсінуде белгілі бір сұрақтар туындатып, заңгерлер мен ғылыми ортада ұзақ уақыт бойы пікірталас тудырып келеді. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары құқықтың көзі ретінде құқықтану ғылымындағы дәстүрлі мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, заң шығарушы барлық ниетіне қарамастан, сот төрелігін жүзеге асыру барысында туындайтын барлық мәселелерді заңнама арқылы шешіп бере алмайды [129, 14].

Алдында атап өтілгендей, Жоғарғы Сот қаулыларының құқықтық сипаты мәселесі кеңес ғалымдары тарапынан бұрында көтерілген. 1940-жылдары,

соттық құқықшығармашылық ресми түрде мойындалмағанына қарамастан, КСРО Жоғарғы Соты Пленумының қаулыларының нормативтік сипаты және олардың сот тәжірибесін білдіру нысаны ретіндегі рөлі ғылыми пікірталастарда қарастырылған. Бұл тақырыпқа қатысты пікірталастар әртүрлі қарқынмен әлі күнге дейін жалғасуда.

Қазіргі посткеңестік, соның ішінде қазақстандық құқықтану ғылымында Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының құқықшығармашылық сипаты мәселесі қайта өзекті болуда. Ғылыми еңбектерде нормативтік қаулылардың нормативтік құқықтық актілерге тән негізгі белгілері бар екендігі көрсетілген. Атап айтқанда, олардың ережелері жекелеген тұлғаларға емес, жалпыға бағытталған, бірнеше рет қолданылу мүмкіндігі бар және қабылдау кезінде белгілі бір заңнамалық рәсімдер мен құқықтық техника талаптарына сай жүзеге асырылады.

Шынында да, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары нормативтік құқықтық актілердің қасиеттеріне ие, алайда олар құқықтық реттеуде өзіндік ерекшеліктері мен дербес рөлін сақтайды. Осы орайда, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының құқықтық табиғатын зерттей отырып, белгілі құқықтанушы-теоретик А.Б. Венгеров «құқықтық тұжырымдар теориясын» ұсынғанын атап өткен жөн. XX ғасырдың екінші жартысында «құқықтық тұжырым» термині ғылыми айналымға енгізілді. А.Б. Венгеровтың көзқарасы бойынша, құқықтық тұжырымдар – құқық нормаларына қосымша ықпал ететін құрал ретінде қызмет атқарады, олар жеке тұлғаларға емес, құқық нормаларымен бірдей, сот органдарының қызметі арқылы реттелетін қоғамдық қатынастардың барлық қатысушыларына бағытталады және формалды-айқындалған сипатқа ие болады [130, 109].

Қазіргі уақытта бұл теория кеңінен танымал болғанымен, ғалымдар арасында кең қолдау таппай отыр. Мұның бір себебі – «құқықтық тұжырымдарды» құқық нормаларынан бөлек қарастыру дәстүрлі құқық түсінігін қайта қарастыру қажеттілігіне әкелуі мүмкін. Сондықтан заңгерлер, әдетте, қалыптасқан терминологияны қолдана отырып, «құқықтық тұжырымдарға» ерекше мәртебе бермейді. Мысалы, С.С. Алексеев Ресей Жоғарғы Сотының Пленумы қызметін талдай келе, «жалпылама сипаттамада «құқықтық тұжырым» деп аталатын ұғым іс жүзінде заңға тәуелді сипаттағы нақтылаушы құқықтық нұсқамалар (құқықтық нормалар) болып табылады» деп атап өтеді [131, 140].

Жалпы, ғалымның бұл ойларын қолдай отырып және шығармашылық тұрғыда дамыта келе, біз нормативтік қаулыларды нормативтік құқықтық актінің ерекше бір түрі – нормативтік интерпретациялық актілер деп санаймыз.

Нормативтік қаулы қабылдау барысында заңның қолданыстағы нормасын нақтылау мен егжей-тегжейлі сипаттау мақсатында заң нормалары – ережелер қалыптастырылады. Осыдан келіп, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары заңға тәуелді нормативтік актілер тобына жататыны туралы айқын қорытынды жасауға болады.

Нормативтік қаулылардың құқықтық табиғатына және олардың нормаларының классикалық заңға тәуелді актілерден белгілі бір

айырмашылықтарына назар аудара отырып, заң әдебиетінде ТМД елдерінің жоғарғы сот инстанцияларының қаулылары құқықтың дереккөзі бола алмайды деген пікір әлі де айтылуда. Негізгі аргументтер мыналар: соттардың ресми түрде бекітілген құзыреті тек құқықты қолдану аясымен шектеледі, құқық жасауға жатпайды; соттардың нормашығармашылық қызметі биліктің бөліну қағидатына қайшы келеді; ТМД елдерінің жоғарғы сот органдары пленумдарының нормативтік түсіндірмелерінде құқық нормаларының толық логикалық құрылымы жоқ, тек диспозициялар, гипотезалар мен санкциялардың жекелеген элементтері ғана қамтылған.

Осылай ша, атқарушы билік органдарының заңнан туындайтын нормативтік актілерді қабылдау құқығы еш күмән тудырмайды, алайда осы дәлелдер атқарушы билікке қатысты құқық шығармашылық қызметіне де қолданылуы мүмкін. Егер нормативтік қаулыларға нормативтік құқықтық актілерге тән негізгі белгілер тұрғысынан қарасақ — олардың жалпыға бірдей міндеттілігі, ұзақ мерзімге қолданылуы, көп мәрте пайдаланылуы және кең көлемдегі субъектілерге таралуы — онда бұл нормалардың өзіндік сапалық ерекшеліктері айқындала түседі және оларды құқықтық интерпретациялық нормалардың жиынтығы ретінде сипаттауға болады.

Бұл жағдай елімізде — романо-германдық құқықтық жүйеге жататын мемлекетте — прецеденттік құқықтық элементтердің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Біздің көзқарасымызша, бұл құбылыс Қазақстанның құқықтық мемлекет ретіндегі даму бағыты және осы аяда сот билігінің беделінің артуымен тікелей байланысты.

В.С. Нерсесянц дұрыс байқағандай, сот тәжірибесінің құқық қалыптастырудағы рөлі құқықтық доктринадан гөрі, XX ғасырдағы тарихи-эволюциялық даму үдерісіне тығыз байланысты [132, 271]. Осыған байланысты, С.Л. Зивстің пайымдауынша, «сот тәжірибесі біртіндеп дербес құқық көзі ретінде мойындалып, өзінің құқық шығармашылық табиғаты жағынан заң деңгейімен теңестірілуде» [133, 156].

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың дереккөзі бола отырып, өзіне тән ерекшеліктерге ие және өзге мемлекеттік органдардың құқық шығарушылық қызметі нәтижелерінен өзгешеленеді, яғни интерпретациялық нормативтік актілерге тән сипаттамаларға ие. Осы ғылыми жұмыста біз сол ерекшеліктерді ашып көрсетуге талпынамыз.

Біріншіден, заңға тәуелді актілер – бұл заң нормаларына негізделетін және оның негізгі ережелерін нақтылап ашуға бағытталған уәкілетті органдардың құқық шығармашылық актілері, олар қосалқы сипатта болады. Мұндай сипаттар Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларына да тән. Алайда басқа мемлекеттік құрылымдардың заңға тәуелді нормативтік актілері қолданыстағы заңнаманы орындауға бағытталып, құқықтық реттеу тетігінің қажетті бөлігі ретінде қарастырылады.

Құқық шығармашылық процесінде заң шығарушының алдында әрдайым қоғамдық өмір құбылыстарын нормативтік құқықтық актілерде барынша дәл көрсету және туындайтын проблемалық жағдайларға дұрыс әрекет ету міндеті тұрады. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, заң шығарушы барлық мәселелерді

алдын ала болжай алмайды және оларды толық реттей алмайды, өйткені шынайы өмірде және құқық қолдану барысында үнемі жаңа жағдайлар туындайды. Құқық нормаларын түсіндіру – заңдардың құқықтық нұсқамаларының жоғары дәрежелі абстрактылығынан туындайтын заңды процесс.

Құқық нормаларын түсіндіру үдерісінде олардың түпкі мағынасы мен заң шығарушының еркі нақты айқындалады, өйткені кез келген нормативтік құқықтық актінің қабылдануы белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталады. Осы тұрғыдан алғанда, интерпретацияның нысаны болып тек құқықтық актінің мәтіні ғана емес, сонымен бірге Конституцияда айқындалған мақсаттар мен заң шығарушының көздеген ниеті мен қағидаттары да табылады. Ғалымдар атап өткендей, «тиісті мақсаттың болуы құқықтық нормативтік актінің жасалуына негіз болады, бұл оның мазмұнын анықтау мен құқықтық нұсқамалардың мәнін түсіндіру кезінде оны басшылыққа алынатын қағида ретінде қарастыруға мүмкіндік береді» [134, 114].

Демек, бірыңғай мемлекеттік билік жүйесінде соттың дербестігі оның басқа да құрамдас бөліктерімен қатар, интерпретациялық құзыреті арқылы да көрініс табады. Бұл құзырет заңдарды нақтылау, құқықтағы олқылықтарды жою, сондай-ақ құқықтық маңызы жоғары құқықтық ұстанымдарды қалыптастыру арқылы дамиды. Бұл ұстанымдар тек соттар үшін ғана емес, сонымен қатар өзге де мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар, яғни бүкіл қоғам үшін маңызды рөл атқарады. Заң ғылымдарының докторы, И.Ж. Бахтыбаевтың айтуынша, нормативтік қаулылар тергеу органдарының, алдын ала тергеу, прокуратура, кеден органдары және басқа да мемлекеттік мекемелердің қызметінде кеңінен қолданылады. Бұл олардың қолданыстағы құқық жүйесіндегі ерекше, дербес орнын айқындайды [135, 31].

Бұл құбылыс құқықтық қатынастарға қатысушылардың өз мінез-құлқын қалыптастыру барысында сот органдарының ықтимал шешімдерін алдын ала болжауға ұмтылуымен түсіндіріледі. Себебі, белгілі болғандай, даулы құқықтық қатынастар бойынша соңғы шешімді шығаратын орган – сот.

Сонымен бірге, құқық нормаларын түсіндіру олардың біркелкі және дұрыс қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сот тәжірибесі үшін құқықтық ұғымдар мен терминдердің біртұтас түсіндірілуі аса маңызды, себебі мұндай бірізділік – құқықтық тұрақтылық пен нақтылықты қамтамасыз ететін негізгі тетіктердің бірі болып табылады. Егер құқықтық норма дұрыс тәпсірленбесе, ол дұрыс қолданылмайды. Бұл жағдай, өз кезегінде, құқық қолдану үдерісінде заң талаптарының бұзылуына алып келеді.

Жоғарғы Сот құқық қолдану қызметінің дәл ортасында бола отырып, әрбір сот процесіне қатысушының ісінің заңды және әділ шешілу құқығын қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы заң нормаларына түсіндірме бере алады.

Нормативтік қаулылардың басқа заңға бағынышты нормативтік құқықтық актілерден негізгі өзгешелігі – олардың құқықтық күші. Бұл айырмашылық түбегейлі мәнге ие, себебі құқықтық күш актінің нормативтік құқықтық актілер жүйесіндегі иерархиялық орнын, маңыздылығын және бағыныштылығын

айқындайды. Егер дәстүрлі түрде кез келген заңға бағынышты актінің жүйедегі орны оны қабылдаған органның өкілеттілігі мен құзыретіне байланысты болса, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары өз құқықтық күші тұрғысынан оларда түсіндірілген нормативтік құқықтық актілермен тең деңгейде қарастырылады. Осыған орай, күші жойылған «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабы 4-тармақшасында бекітілген нормаларға сәйкес, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары нормативтік құқықтық актілер жүйесінде иерархиядан тыс орналастырылған болатын [136]. Ал қазіргі кезде, 2016 жылғы 6 сәуірде қабылданған «Құқықтық актілер туралы» Заңда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары нормативтік құқықтық актілердің негізгі нысандарына жатқызылып, заңнамалық актілер жүйесінің белгіленген сатысынан тыс тұрады.

Сонымен қатар, 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Конституциялық Кеңестің қаулысында көрсетілгендей: «Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме беру құқығынан, Конституциялық Кеңес шешімдерінің, Конституциялық Кеңестің түсіндіру нысаны болған нормалардың заңдық күшіне тең, заңдық күші келіп шығады» [137]. Осы ережеге ұқсас түрде және Жоғарғы Соттың пленарлық отырысының нормативтік қаулыларды қабылдау құзыретіне сүйене отырып, нормативтік қаулының заңдық күші оның интерпретацияланатын нормативтік құқықтық актінің заңдық күшімен айқындалатынын айтуға болады. Бұл қаулылар заңның ажырамас бөлігі ретінде қарастырылып, оның нормаларымен бірлікте қолданылуы тиіс.

Осыдан нормативтік қаулылардың үшінші маңызды белгісі туындайды – Жоғарғы Сот қалыптастырған құқықтық тұжырымдардың заң нормаларынан бөлінбеуі. Бұл олардың заң нормаларынан тыс жеке дара өмір сүре алмайтынын және қолданылмайтынын білдіреді. Демек, нормативтік қаулының қолданылу мерзімі интерпретацияланған заңның қолданылу мерзімімен сәйкес келеді. Яғни, егер заң өз күшін жойса, онда оған негізделген нормативтік қаулы да күшін жояды. Дегенмен, бұл нормативтік қаулының әрекеті бірден тоқтатылады дегенді білдірмейді. Оның қабылдануы да, күшінің жойылуы да Жоғарғы Соттың Пленум отырысында талқылау арқылы іске асырылады.

Төртіншіден, нормативтік қаулылар олар арқылы қалыптасатын нормалардың ерекше құрылымымен дараланады. Белгілі болғандай, құқық шығармашылық қызметінің нәтижесінде туындайтын құқық нормалары заңтану ғылымында орныққан теорияға сәйкес үш құрамдас бөліктен – диспозиция, гипотеза және санкциядан тұруы қажет.

Нормативтік қаулы негізінде қалыптасатын норманың құрылымы өзіндік айрықша сипатқа ие, алғашқы көзқараста оның барлық құрылымдық бөліктері толық қамтылмағандай әсер қалдыруы мүмкін. Көп жағдайда, нормативтік қаулыларда тек гипотеза, диспозиция немесе санкцияның біреуі ғана толығырақ сипатталады. Осыған орай, олардың нормативтік табиғатын теріске шығаруға бағытталған пікірлер орын алып жатады.

Шынында да, құқық нормасы өзінің тікелей реттеушілік функциясын барлық құрылымдық элементтері болған жағдайда ғана орындай алады. Тіпті

интерпретация нәтижесінде де жаңашылдыққа ие нормалар жасалуы тиіс, әйтпесе, құқықтық түсіндірудің нормативтік мазмұны жойылып, мұндай қаулылар қарапайым түсіндірмеден айырмашылығы болмай қалады.

Бұл олардың қолданыстағы заңдарды немесе басқа нормативтік актілерді өзгертуі немесе оларға қайшы келуі мүмкін дегенді білдірмейді. Керісінше, Жоғарғы Соттың сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірмелері арқылы қалыптастырылатын ережелер қатаң түрде заңға бағынышты болуы тиіс, яғни мемлекеттік билік органдары бекіткен құқық нормаларын тек түсіндіру, нақтылау және толықтыру функциясын атқаруы керек. Тек осы шектерде ғана олар нормативтік сипатқа ие болады.

Алайда, кез келген норма барлық аталған элементтерді бір ғана баптың ішінде қамти алмайды. Құқықтың әртүрлі салаларының ерекшеліктері мен заң тілінің талаптары құқық нормаларын баяндаудың әртүрлі тәсілдерін анықтайды. Бұл жағдайда норманың кейбір элементтері тікелей көрсетілмей, тек астарлы түрде берілуі мүмкін.

Ж.У. Тлембаева Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары бастапқы нормаларды интерпретациялау, нақтылау және егжей-тегжейлі айқындау элементтерін біріктіретін нормативтік құқықтық актілердің ерекше түрі болып табылатынын атап өтеді. Сонымен қатар, автор олардың нормативтік құқықтық актілерге ұқсастығына қарамастан, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының бірқатар айырмашылықтары бар екенін көрсетеді [138]. Е.Б. Абдрасулов та Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары интерпретациялық мәнге ие деген тұжырымға келеді. Ондай қаулылар заң шығарушы бекіткен жалпы және абстрактылы нормалардан логикалық талдау арқылы алынған нақтылаушы құқықтық ережелерді қамтиды [4, 22].

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары, бір жағынан, заңға тәуелді болып, оны өзгертуге немесе күшін жоюға құқылы емес, алайда екінші жағынан, құқық нормасының мәтінін тарылту не кеңейту арқылы заңның мазмұнын нақтыландыруы мүмкін. Бұл, белгілі бір дәрежеде, дербес норма қалыптастырумен пара-пар, себебі ол басқа логикалық деңгейде тұжырымдалады.

Мысал ретінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 143-бабында жалпылама сипаттағы ереже бекітілген: егер азамат немесе заңды тұлға өз қадір-қасиетіне, ар-намысына не іскерлік абыройына нұқсан келтіретін деректердің шындыққа сәйкес келмейтінін дәлелдей алмаса, ол мұндай ақпаратты жоққа шығаруды талап етуге құқылы.

Аталған норманы нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Сот практикасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғауға қатысты заңнаманы қолдану жөнінде» қабылдаған нормативтік қаулысында қандай мәліметтер адамның беделіне нұқсан келтіретін ретінде қарастырылатыны, сондай-ақ бұл ақпараттың таралуы ұғымы мен ар-намыс, қадір-қасиет және іскерлік бедел ұғымдарына түсініктеме берілген [139].

Көріп отырғанымыздай, бұл қаулыда берілген құқық нормаларын түсіндіру сөзсіз нақтылау сипатында, өйткені онда бұрын қалыптасқан нормалар логикалық түрде дамытылады. Бұл ретте жаңа ұғымдар, анықтамалар, салыстыру және қарама-қарсы қою әдістері сияқты тәсілдер қолданылады, яғни мәселені түсінуге жаңаша көзқарас енгізетін ойлау операциялары жүзеге асырылады. Сот қолданыстағы заң нормалары негізінде құқықтық ұстанымдарды қалыптастырады. Бұл жағдайда ол олардың мазмұнын және құрылымдық элементтерін қабылдайды, кейбір элементтер тікелей нормативтік қаулыда жасалады немесе өзгереді, ал қалған элементтер интерпретацияланатын заң нормаларынан алынады немесе олардың мағынасы арқылы тұжырымдалады.

Осыған орай, Жоғарғы Соттың «Сот тәжірибесінде жеке және заңды тұлғалардың ар-намысы, қадір-қасиеті және іскерлік беделін қорғауға қатысты заңнаманы қолдану жөніндегі» нормативтік қаулысының 3-тармағына сәйкес, соттың шешімдері мен үкімдерінде, құқық қорғау органдарының қаулыларында және өзге де ресми құжаттарда көрсетілген деректерді теріске шығару туралы талаптар Азаматтық процестік кодекстің 23-бабы мен 143-бабында белгіленген рәсім бойынша қаралуы мүмкін емес, өйткені мұндай істер бойынша шағымданудың өзгеше тәртібі заңда көзделген [139].

Бұл жағдайда диспозиция ретінде сот актілерінде, тергеу органдарының шешімдерінде немесе өзге де ресми құжаттарда қамтылған ақпаратты теріске шығару Азаматтық процестік кодекстің 24-бабында және Азаматтық кодекстің 143-бабында көзделген тәртіпте қаралмайтындығы нақты көрсетілген. Гипотеза – соттың нақты істерді қарауы және осы ережені қолдану қажеттігі. Санкция – бұл сот шешімінің жоғары тұрған сот арқылы жойылуы немесе өзгертілуіне бағытталған процестік заңнамада көзделген шаралар.

Аталған құрылымның ерекшелігі нормативтік қаулыда көрсетілген құқықтық ұстанымдар мен заң нормаларының тығыз байланысына негізделген. Осыған байланысты, түсіндірілетін заң ережелері тиісті нормативтік қаулының нормаларымен бірлесіп қолданылуға тиіс. Соның нәтижесінде біз барлық құрылымдық элементтері бар толық құқықтық норманы байқаймыз.

Бесіншіден, мазмұны мен заңдық маңызы жағынан өзге заңға тәуелді актілерден ерекшелене отырып, нормативтік қаулылардың күшіне ену рәсімі айтарлықтай жеңілдетілген. Олар қабылданғаннан кейін қосымша бекітуді қажет етпейді.

Аталған ереже «Құқықтық актілер туралы» Заңның 35-1-бабында айқындалған.

Бұл бапқа сәйкес, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының, Ұлттық Банктің және басқа да орталық мемлекеттік мекемелердің нормативтік құқықтық қаулылары, сондай-ақ министрлер мен орталық мемлекеттік құрылымдардың өзге де жетекшілерінің нормативтік құқықтық бұйрықтары, сондай-ақ оларға бағынысты ведомстволар басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары әділет органдарында тіркеуден өтуі тиіс. Мұндай тіркеу – олардың заңды күшіне енудің басты шарты. Тіркеу барысында бұл актінің қолданыстағы заңнамаға сәйкестігі

тексеріледі: ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектей ме, заңда көзделмеген жаңа міндеттер жүктей ме, құзырлы орган өзінің өкілеттігін асыра пайдаланбады ма – осы жайттар ескеріледі. Мемлекеттік тіркеуден өтпеген нормативтік құқықтық актілер заңды күшіне ие болмайды және, егер әділет органдарының шешімі белгіленген тәртіппен дау айтылмаған болса, оларды шығарған орган бұл актілерді жоюға міндетті болады. Нормативтік қаулының дәл осындай ерекше күшіне ену процесі Жоғарғы Соттың Конституциямен айқындалған мәртебесіне негізделген. Ата Заңда бекітілген өкілеттіктерге сәйкес, Жоғарғы Сот азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделерін қорғауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының, басқа да нормативтік құқықтық актілердің және халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Түйіндей келе, сот жүйесіне Конституцияда бекітілген нормашығармашылық функциялары мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және өзге де қызмет салаларындағы өзгерістерге жедел әрі икемді жауап қайтаруға мүмкіндік береді. Бұл функция соттарға заңнаманың негізгі мазмұны мен іргелі қағидаттарын сақтай отырып, қолданыстағы құқық нормаларын түсіндіру және нақтылау арқылы заңнамалық олқылықтарды тиімді түрде толтыруға жағдай жасайды.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерсіз тиімді мемлекеттік және әлеуметтік-экономикалық қызметті жолға қою қиын, бірақ құқық шығармашылық өкілеттіктері бар әрбір орган мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін тек өзіне тән заңи рөлді орындауға тиіс [140, 56].

Жоғарыда аталған нормативтік қаулылардың сипаттамасы олардың келесі ерекше белгілерін айқындайды:

– нормативтік қаулылар тек құқық қолдану практикасының қажеттіліктеріне байланысты қабылданады. Бұл олардың белгілі бір заңнамалық ережелерді түсіндіру және нақтылау мақсатында шығарылатындығын көрсетеді;

– олардың заңдық күші интерпретацияланатын нормативтік құқықтық актілердің заңдық күшімен теңестіріледі. Бұл қаулылар заң нормаларын өзгертпестен, олардың мазмұнын ашуға және біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған;

– нормативтік қаулылардың құқықтық ұстанымдары интерпретацияланатын заң нормаларымен біртұтас қолданылады. Олар негізгі заң ережелерінен бөлектенбей, керісінше, сол нормалардың түсінікті әрі тиімді қолданылуына ықпал етеді;

– нормативтік қаулы арқылы қалыптастырылатын норма өзіндік ерекше құрылымға ие және заңнама нормаларымен тығыз байланысты болады. Яғни, ол заң ережелерін өзгертпейді, тек олардың мазмұнын ашу арқылы құқық қолдану практикасын жетілдіреді;

– қабылданған нормативтік қаулылар Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуге жатпайды. Бұл олардың ерекше құқықтық табиғатын айқындайды және оларды заңнамалық актілерден ажыратады.

Аталған барлық ерекшеліктер нормативтік қаулылардың басты қағидатты сипаты – олардың интерпретациялық мәні екенін көрсетеді. Осыған сүйене отырып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын заңға тәуелді нормативтік интерпретациялық актілер ретінде қарастыруға болады.

2.3 Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларындағы заңнаманы нақтылау шектері

Ғылымның негізгі міндеттерінің бірі – қоғам өмірінде, соның ішінде оның саяси саласында пайда болатын жаңа құбылыстар мен үдерістерді зерделеу және жүйелеу. Құқықтық реттеу аясындағы осындай үдерістердің бірі – заңнамалық ережелерді нақтылау, ол өзіндік заңдылық ретінде көрініс табады. Қазіргі кезеңде құқықтық (оның ішінде конституциялық) реттеудің бірқатар бағыттарының кеңеюі, бастапқы нормативтік ережелердің көбеюі, олардың жалпылық дәрежесінің (яғни, абстрактілігінің) артуы, заңдылықты нығайту қажеттілігі, құқықтық нормаларды қолдану мен жүзеге асыру тиімділігін көтеру – осы заңдылықтың белсенді әрекет етуін қажет ететін маңызды алғышарттар саналады [141, 50].

Нақтылау үдерісі барысында құқықтық нормалардың мағынасы неғұрлым анық әрі толық сипатқа ие болуы мүмкін, бұл – түсіндіру, мазмұнын тарқату, нақтылау және нормалардың жекелеген бөліктерін дамыту тәсілдері арқылы жүзеге асырылатын, дәл әрі толық құқықтық реттеуді қамтамасыз етуге бағытталған процесс.

Сонымен қатар, оның әрі қарай дамуы бірқатар объективті және субъективті сипаттағы факторларға байланысты қиындықтарға тап болады. Объективті себептер қатарына құқықты нақтылау процесінің басқа құқықтық маңызы бар әрекеттермен – оны егжей-тегжейлі сипаттау, толықтыру, түсіндіру, құқықтық олқылықтарды жою және тағы басқалармен – тығыз байланысы мен өзара ықпалдастығы жатады. Сондай-ақ, құқықтық реттеу барысында жүзеге асырылатын нақтылау нәтижелері мен өзге де құқықтық әрекеттердің көрініс тапқан нәтижелерінің (көп жағдайда) бір-бірінен ажыратылмауы да осы себептерге кіреді.

Субъективті факторлардың арасында құқық нормаларын нақтылаудың мәні мен механизмін түрліше ұғыну мәселесін атап өтуге болады. Бұл жағдай құқықты нақтылау ұғымын әрқалай түсіндіруге (кейде бір-біріне қайшы көзқарастарға) әкеледі және оны басқа, дербес құқықтық категориялармен (мысалы, құқықты тарқату немесе құқықты түсіндіру) теңестіруге тырысушылықтар туындатады [142, 43].

Құқықтық әдебиеттерде классикалық заң шығару үдерісінде, яғни заңға тәуелді актілер (министрліктер мен ведомстволар актілері) қабылдау арқылы құқық нормаларын нақтылау заңдылық және мақсатқа сәйкестік тұрғысынан әдетте күмән туғызбайтыны атап өтілген. Өйткені бұл үдеріс барысында

норманың мазмұны белгілі бір дәрежеде қайта қаралып, заң нормасы анағұрлым айқындалады. Ал заңнаманы сот органдарының нақтылауы әрқашан өткір пікірталастар тудырып келеді. Кейбір ғалымдар мен тәжірибешілер бұл үдеріс барысында сот өзінің құзыретінен асып кетуі мүмкін, яғни заңның қолдану аясын негізсіз тарылтып немесе кеңейтіп жіберуі ықтимал деп алаңдайды [143, 41]. Мұндай қиындықтарды еңсеру үшін құқықты нақтылауды заң ғылымындағы дербес жалпытеориялық құбылыс ретінде жан-жақты зерттеп, оның шектерін анықтау маңызды.

Көптеген ғалымдар үшін нақтылау түсінігі құқықты қолдану процесінің міндетті құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Құқық нормалары құқық субъектілерінің нақты іс-әрекеттері арқылы жүзеге асып, нақты өмірлік жағдайларға қолданылады. Осы себепті, құқық нормаларын іске асыру барысында, әсіресе құқық қолдану кезеңінде, жалпы және абстрактылы түрде қалыптасқан құқық ережесінің мазмұнын нақты жағдайларға бейімдеу үшін оның кейбір мазмұндық элементтерін нақтылау қажеттілігі туындайды.

Аталған ұғымның әдіснамалық негізін философиядағы «жалпы – ерекше – жекеше» және «абстрактылы – нақты» ұғымдарының өзара байланысы, сондай-ақ бұл категориялардың диалектикалық заңдылықтарына сәйкес ұғым көлемі мен мазмұны арасындағы кері байланыс логикасы құрайды. Философиялық-гносеологиялық және логикалық аспектілерге терең тоқталмай-ақ, тек мына жайтты атап өтуге болады: «нақты» ұғымының мазмұны тек «абстрактылы» ұғыммен өзара байланыста болғанда ғана мәнге ие болады. Егер объективті шындықты бейнелейтін құбылыстар арасында «жалпы – ерекше» немесе «жалпы – ерекше – жекеше» арасындағы логикалық қатынас болмаса, онда «нақтылау» терминін қолданудың мәні болмайды және ол әдіснамалық негізден айырылады [144, 39]. Осы қатынастың болуы жалпы нормалардың қолдану барысында нақтырақ тұжырымдарға аударылуын, сол арқылы қолданылатын норманың дәл осы жағдайға қатысты екендігіне күмән келтірмеуді қамтамасыз етеді [145, 6]. Бұл заңның әрекеті абстрактылы қатынастар мен абстрактылы субъектілерге таралатындығымен түсіндіріледі.

Қоғамдық қатынастар әрдайым оларды объективтейтін құқықтық қатынастарға қарағанда қарқындырақ дамиды. Сондықтан «заң шығарушыға үнемі өзгеріп отыратын қоғамдық өмір жағдайларына құқықтық форма беру объективті түрде қиын» [146, 10]. Бұл «заңда қарастырылмаған құқықтық қатынастар санының артуына алып келеді. Осындай дауларды шешу үшін судьяларда дайын жауаптар болмайды» [147, 12]. Бұл өмірдің біз белгілейтін құқықтық формаларға қарағанда әлдеқайда күрделі екенін көрсетеді. Құқық нормалары әрдайым өмірдегі нақты жағдайларға ілесе бермейді, кейде олар белгілі бір кезеңдегі шынайы жағдайды дәл көрсете алмайды. Осы тұрғыдан алғанда, заңнаманы дамыту үдерісін үйлестіретін негізгі вектор құқықтық реттеудің толықтығы мен нақтылығын қамтамасыз ету мақсатында құқық нормаларының жекелеген элементтерін түсіндіру, нақтылау, деталдау және дамыту құралдарын пайдалана отырып, құқық қолдану барысында нақтылау болуы тиіс. Заңның абстрактілі сипаты оның жалпы түрде баяндалған құқық нормасының жекелеген мазмұндық элементтерін нақтылау қажеттілігін

айқындайды. Осылайша, құқық нормасының мазмұнын нақты жағдайларға жақындату жүзеге асырылады. Демек, нақтылау – құқықтық нормалардың абстрактілігімен шартталған заңды үдеріс, өйткені егер олар шындықты барлық күрделілігімен және нақтылығымен мінсіз бейнелейтін болса, онда олар реттеуші әсер бере алмас еді.

Басқаша айтқанда, құқық нормаларын нақтылау – тиімді құқықтық реттеудің объективті алғышарты, өйткені онсыз нормативтік актілерде көрсетілген жалпы және абстрактылы мінез-құлық ережелерін нақты жағдайларда қолдану және жүзеге асыру мүмкін емес. Екіншіден, өзге құқықтық құбылыстар тәрізді, бұл үдеріс те мемлекеттік ерік білдіру арқылы жүзеге асады, сондықтан оның еріктік сипаты бар; бұл уәкілетті мемлекеттік (немесе тиісті қоғамдық) органдар мен лауазымды тұлғалардың қызметі болып табылады. Үшіншіден, нақтылау қызметінің нысанасы – жоғары деңгейде жалпыланған әрі абстрактылы сипаттағы заң нормалары, мұндай ережелердің (логикалық) ауқымы оларда қолданылатын ұғымдардың көлеміне байланысты айқындалады. Төртіншіден, құқықты нақтылау қызметінің нәтижелері белгілі бір нысанда бекітіліп, заңдық міндетті күшке ие болады. Осыған сәйкес, құқықтың ресми нақтылауы – бұл мемлекет және басқа да уәкілетті субъектілер орындайтын, заңнамалық нормалардағы ұғымдардың ауқымын мазмұнды кеңейту арқылы тарылтуға бағытталған қызмет, оның нәтижелері тиісті құқықтық актілерде рәсімделеді [148, 480].

Қазіргі құқықтық жүйеде сот тәжірибесінің құқық шығармашылығына әсері ерекше талдауды қажет етеді. Бұл процесс құқықты интерпретациялау және нақтылау арқылы абстрактылы сот нормасын қалыптастырумен сипатталады. Кейіннен мұндай нормалар заңнамалық тұрғыдан дамытылып, ресми құқық нормалары ретінде бекітілуі мүмкін. Сот тәжірибесінің шығармашылық мәні көбінесе құқықтық белгісіздік жағдайында айқындалады. Құқықтық анықсыздық сот органдарының құқықты түсіндіру және нақтылау қызметінің шығармашылық сипатын негіздейді, ал олардың нәтижелері нормативтік мазмұнға ие болады.Құқық интерпретациясы бірнеше негізгі кезеңнен тұрады: ұғыну – құқық нормаларының мазмұнын терең зерделеу және олардың мәнін ашу; түсіндіру – құқық нормаларының дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету үшін олардың мағынасын нақтылау; даму – сот тәжірибесі негізінде құқық нормаларын жетілдіру және оларды жаңа деңгейге көтеру. Осылайша, құқық нормаларын дамыту үдерісінде сот тәжірибесінің қалыптасқан нәтижелері оның шығармашылық табиғатын айқындайды [149].

Осындай мемлекеттік органдардың бірі – жоғары сот органы, ол сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірме беретін актілерді қабылдау арқылы құқық нормаларын нақтылау және айқындау қызметін жүзеге асырады.Бұл ретте, соттар «өнімді» қағидатты қолданады, яғни мәтін мазмұнын нақтылап, оны нақты өмірлік жағдайларды ескере отырып түсіндіреді. Құқық нормаларын нақтылайтын мұндай актілер көптеген мемлекеттерде қабылданып, әртүрлі атаулармен танымал – қаулылар, түсіндірмелер, нұсқаулар, басшылыққа алынатын ұстанымдар. Әдетте, мұндай актілер абстрактылы түрде тұжырымдалып, сот шешімдерінің құқықтық мазмұнын қорытып береді.

Сонымен қатар, шешім қабылданған істің нақты жағдайлары көбіне жанама түрде ғана аталып өтеді немесе мүлде көрсетілмейді, ал құқықтық негіздеменің қалай қалыптасқанына қатысты үдеріс, әдетте, сипатталмай қалады.

С.С. Алексеевтің атап өтуінше, Жоғарғы соттардың басшылыққа алынатын түсіндірмелері құқық нормаларын нақтылаушы сипатқа ие, ал олар қамтылған қаулылар – ведомстволық нормативтік құқықтық актілер болып табылады [150, 342]. Осыған байланысты Ю.Х. Калмыков жоғары сот инстанцияларының басшылыққа алынатын қаулыларының рөлін былайша сипаттайды: «Біріншіден, олар азаматтық құқықтың белгілі бір институтының немесе нақты құқықтық норманың мақсаттарын анықтауға арналған… Екіншіден, олар бағалауға жататын ұғымдардың мазмұнын түсіндіруге бағытталған… Үшіншіден, олар азаматтық құқықтың бағалау сипатындағы санаттарға жатпайтын негізгі ұғымдарының мәнін ашып көрсетеді… Төртіншіден, аталған түсіндірмелер белгілі бір құқық нормасында бекітілген жүріс-тұрыс қағидасын талдауға арналған… Соңында, түсіндірмелерде құқықты жүзеге асырудың оңтайлы жолдары мен оның мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалану жөнінде ұсыныстар беріледі» [151, 36].

Осы орайда, заң нормаларын қандай деңгейге дейін нақтылауға болатыны туралы заңды сұрақ туындайды.

Нормативтік қаулылар аясында заңнамалық нормаларды нақтылау шегін белгілеу мәселесі ғылыми тұрғыда ерекше назар аударуға тұрарлық. Әлбетте, нақтылаушы акт бастапқыда қабылданған норманың орнына жүре алмайды. Ол тек өздігінен емес, тек түсіндірілуі тиіс норманың қолданылуымен тығыз байланысты болған жағдайда ғана практикалық мәнге ие болады. Мұндай жағдайда нақтылаушы ереженің мазмұны нақтыланатын норманың мән-мазмұнына сүйене отырып анықталады және қисынды түрде содан туындайды. Осы негізде нақтылау нәтижесінде мінез-құлық қағидаты айқындалады. Оның жаңалық сипаты бастапқы нормамен салыстырғанда логикалық қамту ауқымының тарылуынан және мазмұндық сипаттамаларының (белгілер жиынтығының) толығуынан көрінеді. Дегенмен, бұл нақтылаушы ереже өзінің құрылымы бойынша бастапқы норманың мазмұнын толығымен қамтып отырады. Логикалық көлем мен мазмұн тұрғысынан алғанда, бұл қатынасты жалпы мен ерекше арасындағы байланыс ретінде сипаттауға болады. Осыған байланысты нақтылау актілерінің шеңбері нақтыланатын норманың мазмұнын бейнелейтін ұғымдардың логикалық көлемімен және мазмұндық ауқымымен (интенсионалмен), яғни норманың барлық элементтерін қамтитын құқыққа сәйкес мінез-құлықтың нақты, тәжірибеде тексерілетін үлгісін және норманы жүзеге асыру (қолдану) жағдайларын сипаттаумен шектеледі. Бұдан бөлек, нақтылау процесінен айырмашылығы – толықтыру кезінде толықтыратын норманың мазмұны бастапқы норманың мазмұнынан логикалық түрде туындамайды. Ал егжей-тегжейлеу – құқық нормасының мазмұнын құрамдас бөліктерге бөлу арқылы қоғамдық қатынастарды реттеуді неғұрлым нақтылау болып табылады [152, 57].

Бұған мысал ретінде ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысындағы түсіндірмелерді келтіруге болады, онда соттар құқықты жүзеге асырудың бір

түрі ретінде құқықтық нормалардың талаптарын сақтаудың маңыздылығын басшылыққа алуы қажет. Бұл ретте жоғарғы сот органы қандай нормаларды сақтау керектігін нақтылап қана қоймай, оларға түсініктеме де береді. Мәселен, ҚР Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі «Азаматтық істер бойынша сот шешімі туралы» № 5 нормативтік қаулысы бойынша, ҚР Азаматтық процестік кодексінің 224-бабына сәйкес сот шешімі заңды және негізді болуға тиіс [153]. Бұл қаулыда осы қағидалар түсіндіріліп, олардың мазмұны ашылып, нақтыланады. Басқа сөзбен айтқанда, ҚР Жоғарғы Соты, бір жағынан, құқық қолдану тәжірибесінің бағыттарын айқындаса, екінші жағынан, құқықтық қағидаттардың мазмұнын талдап, олардың мазмұндық жүктемесін нақтылауға ықпал етеді.

Егер ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын қабылдау қажеттілігі туралы айтатын болсақ, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында бағалау ұғымдары, нақты анықталмаған тұжырымдар, сандық және сапалық сипаттамаларды қамтитын көптеген ережелер бар екенін атап өткен жөн. Бұл қоғамдағы қатынастардың жаңашылдығы, алуан түрлілігі және күрделілігімен байланысты. Мысалы, заң шығарушы жиі қолданатын келесі ұғымдарды атауға болады: «тұрмыстық ұсақ мәмілелер» (ҚР АК 23-бабының 2-тармағы, 27-бабының 1-тармағы), «ақылға қонымды мерзім» (ҚР АК 277-бабының 1-тармағы, 314-бабының 2-тармағы, 356-бабы, 357-бабының 1-тармағы) [154], «кешіктірмей, дереу» (ҚР АК 439-бабының 1-тармағы, ҚР АК 765-бабының 2.1-тармағы, 789-бабының 3-тармағы, 834-бабы), «сапасы лайықсыз» (ҚР АК 455-бабының 1-тармағы, ҚР АК 456-бабының 2-тармағы) және т.б. [155].

Шетел мемлекеттерінің заңнамаларында да соттың түсіндіруін, нақтылауын және айқындауын қажет ететін құқықтық нормалар көп. Мәселен, 1804 жылғы Франция Азаматтық кодексінде «адалдық», «жақсы әдет-ғұрыптар», «қоғамдық тәртіп», «меншік құқығының абсолютті сипаты» сияқты терминдер сот тарапынан тиісті нақтылауды және түсіндіруді талап етеді (1133-1135-баптар) [156]. Ресей Федерациясында да «адалдық», «ақылға қонымдылық», «әділеттілік» (РФ АК 6-бабы) ұғымдары соттың түсіндіруі мен нақтылауын қажет етеді [157, 103]. Бұдан бөлек, басқа елдердің заңнамаларында «ақылға қонымдылық пен әділеттілік» (1992 жылғы Нидерланд Азаматтық кодексі), «ұқыпты кәсіпкердің қамқорлығы» (Германияның Сауда ережесінің 384-параграфы) сияқты ұғымдар қолданылады.

Сондықтан, сот практикасы үшін құқықтық нормаларды қолдану барысында әртүрлі дефинициялар мен құқықтық терминдерді біркелкі түсіну өте маңызды. Құқықтық құбылыстардың мәнін нақты және дұрыс анықтау, терминологияны қалыптастыру және құқықтық категориялардың мағынасын түсіндіру, бұған дейін айтылғандай, ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын қабылдау арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте заң шығарушы құқық нормаларын қолдану барысында олардың нақтылауға мұқтаж болатынын алдын ала ескереді және мұндай нақтылау бастапқы нормалардың шеңберінде жүргізілетінін біледі. Осыған байланысты Л. Чантурия былай деп атап көрсетеді: «Заңдардың көптеген мәселелер бойынша мүлде жауап бермеуі

немесе өте түсініксіз жауаптар беруі, не тек жалпы ережелермен шектелуі – қазіргі құқықта табиғи құбылыс болып саналады. Тіпті заңдардың жетілмегендігі қажеттілік ретінде қарастырылады» [158, 43]. Автор бұл жерде нормативтік құқықтық актілердің жалпыға ортақ қатынастарды реттеу ерекшелігін меңзейді. Осыған байланысты заңдар абстрактілі және стандартты сипатқа ие болады. Бұл ұстаным құқықтық нормаларды нақтылаудың шегін айқындайтын қарама-қарсы екі теория – субъективтік (статикалық) және объективтік (динамикалық) теориялармен расталады. Субъективтік теория құқық нормасын «заңның әрпімен» дәлме-дәл сәйкестендіре отырып түсіндіруге бағытталған және құқықтық норманың барынша тұрақтылығын, сонымен бірге оны негізсіз кеңінен түсіндіруден құқықтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басымдық береді. Бұл дегеніміз, нақтылау кезінде норманың тек негізгі тұрақты элементтері ғана ашылады. Мұнда басты міндет – норманы қабылдау кезінде көзделген мақсаттар мен заң шығарушының еркін анықтау. Құқық қолданушы заңның мағынасын ешқандай себеппен өзгертуге немесе түзетуге құқылы емес. Басқаша айтқанда, субъективтік доктрина заң шығарушының бастапқы еркін сақтауға бағытталған, бірақ сонымен қатар, «бастапқы ерік қалай және қандай негізде анықталады?» деген сұрақтар туындайды. Ал объективтік (динамикалық) теория құқық нормасының әрекет ету кезеңіндегі нақты өмір шындығына сәйкестігін негіздеуге бағытталған. Қоғамдық өмір заң шығарушының еркінен әлдеқайда жылдам өзгеретіні анық, бұл өз кезегінде құқық нормалары мен шынайы өмір арасындағы сәйкессіздікті туындатады. Заңнамаға нақты негізделген өзгерістер енгізу процесі өте күрделі. Сондықтан заң мен шынайы өмір арасындағы қайшылықтар қоғам дамуының қаншалықты алға жылжығанына байланысты кеңейе береді. Мұндай қайшылықтарды шешудің екі жолы бар: 1) Жаңа құқықтық норма қабылдау; 2) Қолданыстағы құқықтық норманың мазмұнын ашып, оны қалыптасқан жағдаймен сәйкестендіру. Соңғы жағдайда нақтылау, егжей-тегжейлеу және түсіндіру құқық нормасының қоғамдық өмірдің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды. Бұл тұста заңның «рухы» белгілі бір деңгейде ашылады, ал оның объективті мәні өзгермейтін, қатып қалған құбылыс ретінде қарастырылмауы тиіс. Мұнда заң мәтінін қайта жазу емес, оның мазмұнын саяси және экономикалық дамудың қажеттіліктеріне бейімдеу туралы сөз болып отыр, әрі бұл өзгерістер заң мәтінін өзгертпестен жүзеге асырылады.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты нормативтік қаулылар қабылдау барысында Конституция нормалары мен заңнамалық актілерді жүйелі түрде талдау және салыстыру негізінде кейбір құқықтық олқылықтардың орнын толтырып, заңдарды олардың мазмұны мен іргелі қағидаттарына сай қолдану тәртібін түсіндіреді. ҚР Азаматтық процестік кодексінің 6-бабына сәйкес: «егер даулы құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормалары болмаса, сот ұқсас қатынастарды реттейтін нормаларды қолданады, ал ондай нормалар болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасының жалпы негіздері мен мазмұнына сүйене отырып, дауды шешеді» [159].

Осылайша, сот практикасы заң негізінде құқықтағы бос орынды толықтырады. Бұл жағдайда Жоғарғы Сот сот тәжірибесін жинақтап, жаңа құқықтық қатынастарды реттейтін әрі заңнамадағы кемшіліктердің орнын толтыратын түсіндірмелер (нақтылау және айқындау) береді [160, 22].

Мысалы, ҚР Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдану туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы №7 нормативтік қаулысында ҚР Азаматтық кодексінің 951-бабының 1-тармағында көзделген «моральдық зиян» ұғымын нақтылап, түсіндіреді. Атап айтқанда, біркелкі түсінікті қамтамасыз ету мақсатында моральдық зиян ұғымына кіретін адамгершілік және физикалық зардаптар мәселелері ашып көрсетіледі. Сонымен қатары, ҚР АК-нің 917-бабының 1-тармағына сәйкес моральдық зиянды құқыққа қайшы (қасақана немесе абайсызда) келтіретін адам толық көлемде өтеуге ұғымы да нақтыланады және түсіндіріледі.

Моральдық зиянды толық өтеу деп зиян келтіруші заңнамалық актілердің нормаларында тікелей жазылуына орай жасауы және талап қою бойынша жәбірленушіге моральдық зиян өтемақысын сот шешімінде белгіленген сомада төлеуі тиіс әрекеттерді түсінген жөн [161].

ҚР Азаматтық кодексінің 952-бабының талаптарына сәйкес, моральдық зиян ақшалай түрде өтеледі. Бұл жағдайда сот өтемақы мөлшерін ақылға қонымдылық пен әділеттік өлшемдеріне сүйене отырып айқындайды. ҚР Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдану жөніндегі» нормативтік қаулысының 6-тармағында көрсетілгендей, өтемақы сомасын белгілеу барысында соттар әділеттілік пен жеткіліктілік қағидаттарын басшылыққа алуы тиіс екені түсіндіріледі. Сонымен қатар, қаулыда моральдық зиянды өтеу сомасын әділетті және жеткілікті деп тану үшін сот азаматтың жеке мүліктік емес құқықтарының бұзылуына байланысты барлық нақты мән-жайларды ескеруі қажет екендігі нақтыланған. Бұдан бөлек, сот тағайындаған өтемақы көлемі талапкердің талабын негізді түрде қанағаттандырылған деп тануға мүмкіндік беруі тиіс [161].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, жоғарғы сот инстанциясының басты қызметі – нормативтік қаулы мәтінін нақтылау, құқықтық терминология мен дефинициялардың аясын белгілеу болып табылады. Бұл ретте Жоғарғы Сот, Парламенттен ерекшелігі ретінде, қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған «таза» құқық нормаларын жасаумен айналыспайды, тек Конституция мен заң ережелерін нақты істер бойынша сот тәжірибесін жинақтау негізінде түсіндірумен шектеледі [162, 53]. Сонымен бірге, Жоғарғы Сот заң шығару органының құзыретіне қол сұқпайды және оның қызметін алмастырмайды. Дегенмен, нормативтік қаулыларда берілетін құқықтық позициялар мен соттың заң мәтіні мен рухына қатысты ұстанымдары арқылы Жоғарғы Сот заң шығару процесіне жанама түрде қатысады, позитивті құқықты қалыптастырады және қолданыстағы заңнаманың дамуына әрі жетілуіне ықпал етеді.

Бұған қоса, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, нормативтік қаулылар қолданыстағы құқық жүйесінің бір бөлігі болып табылады және барлық субъектілер үшін міндетті күшке ие. Осыған

байланысты, Жоғарғы Сот қабылдайтын нормативтік қаулылар жобаларын әзірлеу және қалыптастыру барысында қоғамдық ұйымдар, адвокаттар қауымдастығы, адам құқықтарын қорғаумен айналысатын үкіметтік емес ұйымдарды қатыстыру қажеттілігі туындайды.

Осылайша, жүргізілген зерттеулер нормативтік қаулылар арқылы заң ережелерін нақтылау Қазақстан Республикасының заңнамалық жүйесін жетілдіру мен дамытудың тікелей құрамдас бөлігі екенін дәлелдейді. Құқық нормаларын жүзеге асыру барысында олардың мазмұны өзгеруі мүмкін, бұл әлеуметтік өмірдегі экономикалық, саяси, қоғамдық және басқа да жағдайлардың өзгеруіне, сондай-ақ Конституция нормаларын толықтыратын заңнамалық актілердің елеулі жаңаруына байланысты. Егер Жоғарғы Сот нақты істер бойынша шығарған шешімдері төменгі инстанция соттарына ұқсас істер бойынша бағыт берсе, ал нормативтік қаулылар бүкіл сот тәжірибесін жалпылау нәтижесінде ел көлемінде құқық қолдану тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етеді. Олардың міндетті күші Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген. Негізгі мәні – заңның мәтінін өзгертпестен, оның мағынасын нақтылау және Жоғарғы Соттың осындай өзгерістерді бекітудегі рөлін анықтау. Бұл өзгерістер нормалар мен қағидаларды нақтылау процессінде жүзеге асады, әсіресе азаматтық-құқықтық қатынастар субъектілері тиісті құқықтар мен міндеттерге ие болуы қажет болған жағдайда. Олар әрдайым заңнамалық актілерде тікелей жазылмағанымен, заңнама мазмұнынан туындайды, тұспалданады және құқықтық реттеу саласына кіреді. Қазақстан Республикасында, біздің ойымызша, дәл Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларды қабылдау арқылы осындай өзгерістердің шегін, сипатын және салдарын анықтайды, сондай-ақ «қоғамдық қатынастардың өзгеруіне икемді түрде жауап береді» [163, 14]. Бұл жағдайда заңдардың қоғамдық дамуға сәйкес біртіндеп өзгеруі туралы сөз болады. Заң нормалары өз бастауларын сақтай отырып жетілдіріледі, ал сот органдары заңдарды нақтылап, дауларды шешіп немесе заңдарға ресми түсіндірме бере отырып, осындай өзгерістерді бекітеді. Осылайша, олар құқықтық доктринаны қалыптастырып, заңдардың жекелеген ережелеріне өз көзқарасын білдіреді және өз нормативтік қаулыларында заңдарды нақтылау арқылы өтпелі қоғамға тұрақты құқықтық бағдарлар жүйесін ұсынады.

Осылайша, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларындағы заңнаманы нақтылау құқықтық жүйенің тұрақтылығы мен оның өзгермелі жағдайларға бейімделу қажеттілігі арасындағы тепе-теңдікті сақтауы тиіс. Құқықтық анықсыздықты еңсеру және нормалардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету заңнама аясында ғана жүзеге асырылуы керек.

3 ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҢ НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

3.1 Нормативтік қаулыларды әзірлеудің жалпы заңдық техникалық ережелері

Нормативтік қаулылардың мәнін нормативтік құқықтық актілердің өзіндік ерекше түрі ретінде айқындай отырып, нормативтік құқықтық актілерді тиімді әзірлеу және дұрыс мазмұндаудың жалпы құқықтық техникалық қағидалары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын дайындау мен ресми ресімдеу барысында да қолданылады деген тұжырым жасауға болады. Алайда, нормативтік қаулыларды қалыптастырудың жалпы және арнайы қағидаларын қарастыруға көшпес бұрын, алдымен «құқықтық техника» ұғымына тоқталған орынды.

Қазіргі уақытта заң техникасы негізінен нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, рәсімдеу, жүйелеу, түсіндіру және қолдану барысында қолданылатын қағидалар, әдістер, тәсілдер мен құралдардың жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Заң техникасын ғылыми зерттеудің нағыз тарихы адвокаттар отбасында дүниеге келген, 1760-1763 жылдары Оксфордта заңтану мамандығы бойынша білім алған Иеремия Бентам сонау 1791 жылы жазған «Саяси тактика тәжірибесінен» басталады екен. Автор қайтыс болғаннан кейін шәкірті еңбекті өңдеп, «Заңнамалық жинақтар тактикасы» деп басып шығарады. Осы кітаптың бір тарауы заң техникасына арналып, онда Иеремия Бентам заң техникасы қағидаларын әзірлеу рәсімінің маңызын атап өте келе, оның мазмұнын: «Біз сөйлемдерді жиналысқа талқылауға берілген және заң болуға арналған актілер ретінде қарастыратын боламыз. Демек, сөйлем тиісті нысанда баяндалуы, барлық жағынан сынды көтере білуі және өзінің нысаны бойынша түзетулерге жол бере білуі керек» деп көрсетеді [164, 200].

Кейбір дереккөздерге сәйкес, «Заң техникасы» ұғымының авторы ретінде неміс заңгер-ғалымы Рудольф фон Иеринг (1818–1892) көрсетіледі. Бұл термин алғаш рет Иерингтің басты еңбегі – «Рим құқығының рухы оның даму кезеңдерінде» атты зерттеуінде негізделіп сипатталған [165, 5].

Құқық теориясында «заң техникасы» ұғымына қатысты бірнеше бағыттағы көзқарастар қалыптасқан. Солардың ішіндегі ең кең таралғаны – инструменталдық көзқарас. Бұл бағытта заң техникасы құқық жүйесін жетілдіру үшін қолданылатын белгілі бір тәсілдер мен әдістердің, құралдардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Ал екінші көзқарас – сапалық көзқарас – заң техникасында құқық шығармашылығының өзі қандай деңгейде жетілдірілгенін көрсететін өлшем ретінде көрінеді. Әдетте, бұл екі тәсіл – инструменталдық және сапалық – бір-бірін толықтырып, үйлесімді түрде қарастырылады [166, 24].

Атқаратын заң қызметінің түріне байланысты заң техникасы екі негізгі түрге бөлінеді: құқық шығармашылығы техникасы және құқық қолдану техникасы. Құқық шығармашылығы техникасы – нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу кезінде қолданылатын қағидалар мен әдістер жүйесі. Ал

құқық қолдану техникасы – жекелей құқықтық актілерді жасауға арналған қағидалар мен тәсілдердің жиынтығы ретінде сипатталады [167, 4].

Құқық теориясына арналған әдебиеттерде заң техникасы әдетте құқық шығармашылық үдерісінің ажырамас әрі маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. А. Қожақов пен В. Вежновец өз еңбектерінде «заң техникасы» ұғымын анықтау жолында әртүрлі авторлардың ұстанымдарын сараптай отырып, кейбір зерттеушілердің оны нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу кезіндегі әдіс-тәсілдер мен ережелер жүйесі ретінде қарастыратынын атап өтеді. Бұл жүйе актінің мазмұны мен сыртқы пішінінің үйлесімділігіне, құқықтық мәтіннің қарапайымдылығы мен қолжетімділігіне, сондай-ақ реттелетін қоғамдық қатынастарды толық қамтуына кепілдік береді [168, 28]. Г.И. Муромцевтің көзқарасы бойынша, құқықтық техника құқықпен бірге пайда болған, өйткені құқықтық нормаларды формалды түрде білдіру қажеттілігі құқықтық реттеудің бастапқы кезеңінен-ақ туындаған. Бұл пікірді қазіргі заманғы көптеген ғалымдар қолдайды, олар құқықтық техниканы құқық шығармашылық процесінің ажырамас бөлігі деп қарастырады. Аталған автор құқықтық техниканың көпқырлылығын ескере отырып, оның бірнеше түрін ажыратады: заң шығармашылығы немесе заң техникасы, құқық қолдану техникасы, құқық нормаларын түсіндіру техникасы, соттағы сөйлеу техникасы, жауап алу техникасы, нотариаттық қызмет техникасы және басқа да түрлері [169, 9].

Бүгінгі таңда заң техникасы – бұл құқықтық актілердің сапасын арттыру мен тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған оларды дайындау, ресімдеу, жариялау және жүйелеу жолдары, әдістері мен қағидаттарының жиынтығы ретінде қарастырылады. М.Л. Давыдованың пайымдауынша, заң техникасы – бұл құқық шығармашылығы, құқықты түсіндіру, биліктік және билікке жатпайтын құқықтық қызметті жүзеге асыру аясында құқықтық актілерді қалыптастыруда қолданылатын кәсіби құқықтық тәсілдер мен құралдар жүйесі, ол актінің мазмұны мен құрылымының жетілдірілуіне мүмкіндік береді [170, 10].

Заң техникасының тар мағынасын В.А. Кодавбович пен Е.В. Жигалко сипаттай отырып, оны құқықтың қайнар көздері мен құқық шығармашылығы аясында барлық нормативтік құқықтық актілерді жобалау, рәсімдеу және жүйелеу ережелері мен әдістерінің жиынтығы ретінде сипаттайды. Бұл зерттеушілер заң техниканың пәні ретінде нормативтік акт мәтінінің баяндалу құрылымын қарастырады [171, 34].

Біздің ойымызша, бұл анықтама нормашығармашылық техникасының мәнін көбірек ашады және заң техниканың тек бір қырын ғана қамтиды. Аталған авторлар құқықтық техниканы нормашығармашылық, соның ішінде заң техникасынан ерекшелендіреді, себебі құқықтық техника нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу бойынша міндетті талаптарды жүйелі түрде және толық көлемде белгілемейді. Бұл пікірмен келісу қиын, өйткені біздің көзқарасымыз бойынша, заң техникасы кеңірек ұғым болып табылады және жоғарыда қарастырылған түсініктерді қамтиды. Қарастырылған анықтамалар ішінде біз ең дәл анықтама ретінде М.Л. Давыдова ұсынған

анықтаманы бөліп көрсету қажет деп есептейміз, өйткені ол заң техниканы қолданудың барлық салаларын қамтиды.

Қазақстандық ғалымдардың көзқарастарын қарастыратын болсақ, олар да заң техникасын құқықтық реттеудің маңызды элементі ретінде сипаттайды. Отандық зерттеушілер заң техникасын заңнаманы әзірлеу, жүйелеу, түсіндіру және қолдану үдерістерінде пайдаланылатын арнайы тәсілдер мен құралдар жиынтығы ретінде қарастырады. Т.Ағдарбеков «заңды техника - нормативтік-құқықтық және жекелеген заң актілерін дайындаудағы пайдаланылған жолдардың, тәртіптердің және құралдардың жиынтығы, олардың жетілдірілуін қамтамасыз етуші» деп анықтама берген. Сонымен қатар, заңды техниканың ішінде ерекше бөлінетіні заң шығару техникасы, ол мыналарды қамтамасыз етуге міндетті:

а) жазудың қисынды бірізділігі;

ә) нормативті актілердің ішінде қарама-қайшылықтың жоқтығы және толығымен заң шығару жүйесінде;

б) нормативті материалдардың жинақы болуы;

в) заң тілінің анықтығы және түсініктілігі;

г) заң шығарудағы пайдаланылған терминдердің құрылуындағы дәлдік және белгілілік;

ғ) тек бір мәселе бойынша белгіленген нормативтік актілердің көптігін болдырмау [34, 52].

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде заң техникасы заңнаманың сапасын арттырудың, құқықтық нормалардың түсініктілігін қамтамасыз етудің және құқықтық актілердің тиімділігін жоғарылатудың құралы ретінде қарастырылады. Заңнамалық актілерді құрылымдау, жетілдіріп, түсінікті етуге арналған заң техникасының құқық құжаттарының сапалы болуына ықпал ететіні сөзсіз. Ол заңнаманы жетілдіруде үлкен мәнге ие [172, 225]. Норма шығармашылық процесте заң техникасының маңызы зор. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау барысында заң техникасына тән қағидаттар мен тәсілдерді қолдану қажет. Заң техникасының басты мақсаты – құқықтық материалды жүйелеу, құқықтық акт мәтінінің тілдік сапасын арттыру, сондай-ақ мәтінді баяндаудағы анықтықты, нақтылықты және тілдік сауаттылықты қамтамасыз ету. Заң техникасын дұрыс пайдалану сол қоғамдағы құқықтық мәдениеттің белгілі бір деңгейінің көрсеткіші ретінде қарастырылады. Заңи, тілдік және логикалық жағынан жетілдірудің жоғарғы деңгейіне жету арқылы нормалардың сапасын тиісінше қамтамасыз ету құқықтық актілерді сапалы дайындау алғышарты болып табылады. Заң шығару кезіндегі заң жобаларын әзірлеу, жазу және рәсімдеу бойынша барлық іс-қимылдарға, сондай-ақ заңнамалық процестің түрлі сатысында олармен кейіннен жұмыс жасауға заң техникасының ережелері негіз болуы керек. Заң жобаларын, өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу кезінде заң техникасы ережелерін сақтау олардың сапасына кепіл бола алады [164, 202]. Бұл көзқарастар заң техникасының тек нормашығармашылық қызметпен ғана шектелмейтінін, оның құқық қолдану мен құқықтық интерпретация салаларында да кеңінен қолданылатынын көрсетеді.

Көріп отырғанымыздай, заң техникасының ережелері күрделі нормативтік сипатқа ие. Бір жағынан, олар ғылыми нормалар ретінде қарастырылуы мүмкін – ғылыми білімнің әртүрлі формаларында объектіні бейнелеу процесін реттейтін танымдық ұстанымдар. Бұл тұрғыдан алғанда, заң техникасының нормалары – құқық шығармашылық процесінде пайда болатын, қоршаған шындықтың көрінісі болып табылатын құбылыс. Екінші жағынан, олар техникалық нормалар ретінде де қарастырылуы мүмкін (белгілі бір шарттылық дәрежесімен), өйткені олар заңнамалық актіні рәсімдеудің техникалық операцияларының реттілігін анықтайды. Сонымен қатар, заң техникасының ережелері құқық шығармашылық тәжірибесінде қалыптасқан дәстүр-нормалар ретінде де бағалануы мүмкін.

Сондықтан бұл ережелердің дәстүрге, тәжірибеге және мақсатқа сай орындалатынын толық айтуға болады. Сонымен қатар, соңғы жылдары заң техникасы ережелерін формализациялау процесі байқалуда.

Бұл ретте заң техникасы тек құқық шығармашылығында ғана емес, сонымен қатар құқық қолдану мен жалпы құқықтық нормаларды жүзеге асыруда да маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн. Сондықтан заң техникасын кең мағынада азаматтық қоғамның билік органдары көздеген немесе жүзеге асыратын мақсаттарды құқықтық нормалар шеңберіне сыйғызып, оларды тиімді орындау арқылы іске асыруға мүмкіндік беретін құралдар мен әдістер жиынтығы ретінде анықтауға болады.

Тар мағынада заң техникасы құқық тілін қолдану және құқықтық пайымдау құрылымын анықтайтын немесе нақтылайтын мәселелермен, сондай-ақ әртүрлі техникалық әдістермен, құралдармен және ережелермен шектеледі. Осы тұрғыдан алғанда, заң техникасының әдістері құқықты іске асыруға бағытталған заңдық құжаттарды, сондай-ақ қоғамдық қатынастар субъектілерінің мінез-құлқын реттейтін, өзгертетін немесе күшін жоятын құқықтық актілерді әзірлеуде ерекше маңызға ие. Осы зерттеуде біз заң техникасын – құқықтық актілерді анық, түсінікті және тиімді түрде құру мен ресімдеудің өнері ретінде қарастыратын ережелер жүйесін талдаймыз. Г.Д. Денисов заң техникасы негізінен практикалық және құралдық сипатта екенін атап көрсеткен. Алайда бұл оның екінші дәрежелі, көмекші немесе өз алдына дербес мәнге ие емес дегенді білдірмейді. Ол – ғылыми-қолданбалы әрі құралдық білім саласы ретінде тек құқықтанудың ғана емес, сонымен қатар логика, құжаттану, тіл білімі секілді өзге де ғылымдардың жетістіктерін, сондай-ақ тәжірибе негізінде қалыптасқан көптеген әдіс-тәсілдер мен құралдарды да пайдалана отырып, құқықтық реттеудің мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді [173, 54].

Осыған байланысты, заң техникасы – бұл құқықтық нұсқауларды логикалық әрі құрылымдық негізделген түрде қалыптастыруға, сондай-ақ құқықтық акт мәтінін әзірлеуге арналған ережелер мен әдістердің, тәсілдердің жүйесі. Жалпы алғанда, заң техникасы құқықтық үдерісті оңтайландырудың маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Ол құқықтық құжаттардың нақтылығын, түсініктілігін, ықшамдылығын және бірізділігін қамтамасыз етуге

бағытталған. Мұның өзі қоғамдық қатынастарды тиімді реттеуге жағдай жасап, құқықтық олқылықтардың алдын алады.

2016 жылғы 6 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының Құқықтық актілер туралы» Заңының 1-бабының 9) тармақшасында заң техникасы – құқықтық актілерді рәсімдеудің тәсілдері, талаптары мен қағидаттарының жиынтығы ретінде анықталған [6]. Заңнама техникасының мақсаты – қоғамдық қатынастарды ұтымды реттеу, құқықтық олқылықтардың алдын алу, ережелерді жеткілікті деңгейде нақты, анық, түсінікті, қысқа әрі бірізді түрде баяндау [167, 10].

Заң шығармашылық техникасы белгілі бір қағидаттарға сүйенеді, олардың қолданылуын Жоғарғы Соттың қабылдаған нормативтік қаулыларының мысалдарынан байқауға болады.

Біріншіден, бұл қағидаттар құқықтық актінің мемлекеттік саясатпен үйлесімділігін, құқықтық реттеудің жан-жақтылығы мен нақтылығын, кері әсердің болмауын немесе оның рұқсат етілетін шегінде қалуын, сондай-ақ құқықтық актінің уақытылы күшіне енуін қамтамасыз етуге бағытталған. Мемлекеттік саясатқа сәйкестік қағидаты – құқықтық актілердің елдің жалпы даму стратегиясы мен мақсаттарына сай келуін көздейді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың қылмысқа қатыстылық пен қылмыстық құқық бұзушылыққа жәрдемдескені үшін жауаптылық туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысы экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылды күшейтуге бағытталған мемлекеттік саясатпен үйлесімді түрде қабылданған [174].

Бұл қаулы қылмысқа қатыстылықты анықтау және қылмыстық жауаптылықты белгілеу мәселелерін нақтылайды, осылайша мемлекеттік саясаттың мақсаттарына жетуге ықпал етеді. Реттеудің толықтығы мен нақтылығы құқықтық актілердің барлық қажетті аспектілерді қамтуын және олардың түсінікті болуын қамтамасыз етеді. Жоғарғы Соттың «Соттардың қылмысқа қатыстылық пен қылмыстық құқық бұзушылыққа дем берушілік үшін жауаптылық туралы» нормативтік қаулысы қылмысқа қатыстылықтың негізгі түрлерін, қылмысты хабарламау және жасыру үшін жауаптылықты нақты түсіндіреді. Бұл соттардың заңнаманы дұрыс әрі біркелкі қолдануын қамтамасыз етеді. Жанама әсерлердің болмауы немесе олардың жол берілетін деңгейі қағидаты құқықтық актілердің күтпеген немесе жағымсыз салдарларға әкелмеуін талап етеді. Аталған нормативтік қаулы қылмыстық жауаптылықты нақты анықтау арқылы заңнаманың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді және құқықтық анықсыздықтың алдын алады. Құқықтық актінің күшіне енуінің уақтылылығы қағидаты нормативтік құжаттардың уақытында қабылдануын және іске асырылуын қамтамасыз етеді. Жоғарғы Соттың жоғарыда аталған қаулысы экстремизм мен терроризмге қарсы күресті күшейту қажеттілігі туындаған кезде қабылданып, уақытылы әрекет етудің үлгісі болды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары құқықтық актілердің сапасын арттыруға бағытталған маңызды құжаттар болып табылады.

Сонымен бірге, қабылданған нормативтік қаулылардың уақытылылық қағидатына сәйкес келмеу жағдайлары да байқалды. Мәселен, Қазақстан

Республикасының «Жауапкершілік шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңы 1998 жылы 22 сәуірде қабылданғанына қарамастан, осы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысы тек 2008 жылғы 10 шілдеде қабылданды. Бұл ретте соттар аталған заңның жекелеген нормаларын қолдану барысында туындайтын проблемалармен 10 жыл бойы бетпе-бет келіп отырды.

Екіншіден, бұл – құқықтың жүйелілік қағидаты, яғни құқықты салаларға, кіші салаларға және құқықтық институттарға бөлуді ескере отырып, құрылымдық үйлесімдікті сақтау, сондай-ақ құқықтық актілердің заңдық күші аясындағы өзара арақатынасын белгілеу және олардың мазмұнын қисынды түрде орналастыру қағидаты. Құқық салаларына, тармақтарына және институттарына бөліну қағидасы құқықтық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін нормативтік актілердің нақты құқық саласына сай жүйеленуін көздейді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары, әдетте, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, еңбек және басқа да құқық салалары шеңберінде дербес түрде қабылданады. Мысалы, «Азаматтық істер бойынша сот шешімі туралы» нормативтік қаулы азаматтық іс жүргізу саласындағы нормаларды қамтып, азаматтық процестегі құқықты қолдану біркелкілігін қамтамасыз етуге бағытталған [153]. Ал «Қылмыстық процесті жүзеге асыратын органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдану тәжірибесі жөніндегі» нормативтік қаулы қылмыстық құқық аясындағы нормалардың бірізді түрде қолданылуын қамтамасыз етуге арналған [175]. Құқықтық актілердің заңдық күші тұрғысынан өзара байланысын қарастыратын болсақ, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары мен заңдардың, сондай-ақ өзге де құқықтық актілердің арасындағы өзара үйлесімділік – құқық жүйесінің жүйелілігін сақтаудың маңызды алғышарттарының бірі болып табылады. Аталған қаулылар заң нормаларын нақтылау, құқық қолдану тәжірибесін біріздендіру, сондай-ақ құқықтық олқылықтарды жою мақсатында қабылданатындықтан, олардың заңнама және өзге нормативтік құқықтық актілермен сәйкестігі құқықтық реттеудің тұтастығын қамтамасыз ету үшін шешуші мәнге ие.

Құқықтың жүйелілік қағидаты құқықтық нормалардың салаларға, кіші салаларға және институттарға бөлінуін, сондай-ақ құқықтық актілердің заңдық күші тұрғысынан өзара байланысын және материалдың логикалық баяндалуын қамтамасыз етуді көздейді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары осы қағидаттарды сақтау арқылы құқық қолдану тәжірибесінің бірізділігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған.

Үшіншіден, бұл – құқықтық қатынастарды айқындайтын заңи форманың дәлдігі мен нақтылығы қағидаты: құқықтық шешімнің мәнін (тұжырымдамасын) тілдік құралдар арқылы дұрыс жеткізу; құқықтық актінің ережелерін барлық құқық субъектілерінің нақты түсінуін қамтамасыз ету; нормативтік нұсқаулардың өзара байланысын сақтау; құқықтық актінің ресми заңи құжат ретінде дұрыс рәсімделуі. Бұл қағидат бірнеше маңызды аспектілерді қамтиды. Құқықтық шешімнің мәнін тілдік құралдар арқылы дәл беру – құқық нормаларының мазмұны заңнамалық актінің тұжырымдамасына

сәйкес келуі қажет. Құқықтық актінің ережелерін барлық құқық субъектілерінің дұрыс түсінуін қамтамасыз ету – құқықтық нормалар көпмағыналылықтан, екіұштылықтан және түсініксіздіктен арылуы тиіс. Нормативтік нұсқаулардың өзара байланысын сақтау – құқықтық актінің ішкі логикалық құрылымы сақталып, оның нормалары бір-біріне қайшы келмеуі қажет. Актінің ресми заңи құжат ретінде дұрыс рәсімделуі – құқықтық актілер заңнама талаптарына сәйкес рәсімделіп, тиісті құрылым мен құқықтық техника ережелеріне сай болуы тиіс.

Бұл қағидат жалпы алғанда нормативтік қаулыларды қабылдау барысында сақталғанымен, кейбір жағдайларда құқықтық актілердің ережелері құқық нормаларының дәл түсіндірілуін қамтамасыз етпейді. Сонымен қатар, қабылданған және бұрын қабылданған Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары арасында қайшылықтар орын алуына байланысты олардың өзара байланысы сақталмайтын жағдайлар кездеседі [135, 137].

Аталған қағидаттарды құқық шығармашылығы үдерісінде жүзеге асыру үшін түрлі заң техникасына тән тәсілдер мен құралдар қолданылады. Олардың қатарына құқықтық логиканы сақтау қағидалары, заңдық терминология, құқықтық құрылымдар, құқықтық презумпциялар мен фикциялар, сондай-ақ заңи символика секілді техникалық құралдардың жиынтығы жатады. Осындай әдістер мен құралдар арқылы нормативтік нұсқамалардың техникалық-құқықтық (мазмұндық, құрылымдық және стилистикалық) сапасы қамтамасыз етіледі.

Логиканың негізгі заңдары құқық шығармашылығында құқықтық актілердің жалпы құрылымын ғана емес, олардың жекелеген бөліктері мен ережелерін қалыптастыру үшін де қолданылады. Н.А. Власенко бұл туралы былай дейді: «Нормашығармашылық субъектісінің тіл бірліктерімен жасаған операциялары формалды логика заңдары мен қағидаларына бағынады, осылайша нормативтік мәтіннің сырттай көрінбейтін, бірақ аса маңызды логикалық негізін құрайды» [176, 143]. Канттың іліміне сәйкес, логика – бұл тек пішініне ғана емес, мазмұнына да қатысты ақыл-ой туралы ғылым, яғни жекелеген объектілерге емес, барлық объектілерге жалпы түрде қажетті ойлау заңдары туралы априорлы ғылым. Демек, логика – парасат пен ақыл-ойды дұрыс қолдану жөніндегі ғылым.

Бүгінгі күні құқықтық нормалардың мәтінін әзірлеу және жазу кезінде ежелден қалыптасқан және көптеген ойшылдар дамытқан формалды және диалектикалық логиканың әдістері қолданылады. Олардың қатарына қайшылық заңы, үшіншіні жоққа шығару заңы, жеткілікті негіз заңы, тепе-теңдік заңы, логикалық түрлендірулер, дәрежелік ой қорыту, ұғымдардан тұжырым жасау, аналогия бойынша қорытынды шығару, кері дәлелдеу әдістері және т.б. жатады. Осылайша, логика заңдары – объективті шындықтың адам санасындағы көрінісі болып табылады. И. Канттың пікірінше, логикадағы ақиқаттың формалды өлшемдері қайшылық заңы мен жеткілікті негіз заңы болып табылады, және бұл заңдар кейіннен құқық шығармашылығында кеңінен қолданылды. Қайшылық заңы нормашығармашылық үдерісінде логикалық дәйекті ойлауды, пайымдаулардағы қайшылықты тұжырымдардан аулақ

болуды білдіреді. Бұл заңға сәйкес, бір объектіге қатысты бірдей уақытта, бірдей жағдайда қарама-қарсы екі тұжырым бір мезгілде ақиқат бола алмайды.

Формалды логика ережелерінен туындайтын заң техникасының әдістерінің бірі – заңдық конструкциялар. Заңдық конструкциялар – құқықтық нормаларды жүйелеп, құқықтық реттеудің бірізділігі мен нақтылығын қамтамасыз ететін теориялық-құқықтық құрылымдар. Олар белгілі бір құқықтық қатынастарды сипаттайтын тұрақты үлгілерді білдіреді. Құқықтық актілердің тұжырымдалуында формалды логика қағидаларына сүйене отырып, заңдық конструкциялар нормалардың түсінікті әрі дәйекті болуын қамтамасыз етеді.

Құқықтық әдебиетте бұл ұғымның әртүрлі анықтамалары бар. А.Ф. Черданцевтің пікірінше, кейбір авторлар заңдық конструкцияны логикалық дедукциямен, басқалары – грамматикалық құрылыммен, ал үшіншілері – қоғамдық қатынастарды реттеу тәсілімен теңестіреді. Көп жағдайда заңи конструкциялар құқықтық техниканың құрамдас тетігі ретінде қарастырылады. Олар құқықтық нормаларға логикалық бірізділік беріп, олардың мазмұнын жүйелі түрде қалыптастырады, нормалар арасындағы өзара байланыстарды айқындай отырып, нақты бір қоғамдық қатынастарды толық, кемшіліксіз әрі нақты құқықтық реттеуге мүмкіндік жасайды. Заңи конструкция дегеніміз – нормативтік мазмұнның негізіне айналатын, оның құрылымын жүйелеуге бағытталған белгілі бір сұлба, яғни «қаңқалық құрылым» ретінде қызмет ететін тәсіл [177, 14].

Дегенмен, нормативтік қаулыларды дайындау және бекіту барысында бұл талаптар әрдайым толықтай сақтала бермейді. Кейбір жағдайларда нормативтік қаулының жекелеген тармақтары өзара белгілі бір деңгейде қайшылыққа келіп, оны сот тәжірибесінде қолдану барысында судьялар үшін қиындықтар туындатуы мүмкін.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі №6 «Соттардың жер заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 2-тармағында «жер қатынастарынан туындайтын талаптар» термині қолданылса, ал 3-тармағында «жер учаскелеріне құқықтар туралы талаптар» ұғымы берілген.

Бұл жағдай қаулы ережелерін түрліше түсіндіруге алып келді. Кейбір судьялар 3-тармақтың негізінде тек жер учаскелеріне құқықтарға қатысты талаптар ерекше соттылыққа жатқызылады деп санаса, ал басқалары үшінші тармақ екінші тармақтың логикалық жалғасы болып табылады деп есептеп, жер қатынастарынан туындайтын барлық талаптар ерекше соттылық тәртібімен қаралуы тиіс деген ұстанымды ұстанады. Соған сәйкес, жер учаскелеріне құқыққа қатысты талаптар Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 31-бабының бірінші бөлігіне сай, олардың орналасқан жері бойынша сотқа берілуі керек деп пайымдайды [178].

Кейбір жағдайларда заңда баяндалған белгілі бір нормативтік нормалар механикалық түрде нормативтік қаулыларда қайталанып жатады. Мұндай жағдайлар, әдетте, нормативтік қаулыларды әзірлеушілердің жіті назар аудармауы немесе өзге де себептерге байланысты орын алады. Бұл мәселе құқықтық нормалардың артық қайталануына әкеліп соғып, құқықтық реттеудің

тиімділігіне теріс әсер етуі мүмкін. Мысалы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 10 шілдедегі «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» нормативтік қаулысының екінші тармағы 2005 жылғы 30 мамырдағы «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар туралы» Заңының 1-бабының 8) тармақшасымен шамамен толық сәйкес келеді. Айырмашылық тек кіріспе бөлімінде кездеседі – онда «2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңының 1-бабының 6) тармақшасына сәйкес» деген сөйлем енгізілген. Қазақстан Республикасының халықаралық шарты деп Қазақстан Республикасының шет мемлекетпен (немесе бірнеше шет мемлекеттермен), не болмаса халықаралық ұйыммен (немесе бірнеше халықаралық ұйымдармен) жазбаша түрде жасасқан халықаралық келісімді түсіну керек. Мұндай келісім бір құжат түрінде де, өзара байланысқан бірнеше құжат түрінде де жасалуы мүмкін және оның атауына (мысалы, конвенция, пакт, келісім және т.б.) қарамастан, халықаралық құқық нормаларымен реттеледі. Қазақстан Республикасы атынан бекітілетін халықаралық шарттар – мемлекетаралық шарттар болып саналады, ал Қазақстан Республикасы Үкіметі атынан жасалатын шарттар – үкіметаралық шарттар болып есептеледі. Сондай-ақ орталық атқарушы органдардың немесе Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағыныста және есеп беретін мемлекеттік құрылымдардың атынан жасалған шарттар – ведомствоаралық келісімдер ретінде танылады [179]. Бұл мысал нормативтік қаулыда заңнамалық актінің нормаларын механикалық түрде қайталау орын алғанын көрсетеді. Мұндай қайталау заң техникасы тұрғысынан тиімсіз болып табылады, өйткені ол құқықтық актілердің құрылымдық жүйелілігін бұзып, нормативтік актілер арасында артықшылықтар мен үйлесімсіздікке әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, заңнамадағы нормаларды қайталау құқық қолданушыларға құқықтық нормаларды түсіндіру және қолдану кезінде қиындықтар туғызуы мүмкін. Сондықтан, нормативтік қаулылар заңнаманы түсіндіру мен нақтылау функциясын орындауы керек, ал ондағы нормалар заңнамалық актілерді механикалық қайталаудан гөрі, олардың мазмұнын ашуға және қолданылу тәртібін нақтылауға бағытталуы тиіс.

Осылайша, заңдық конструкциялардың маңызын асыра бағалау қиын. Олардың рөлін Т.В. Кашанина дәл анықтаған, сондықтан ол бөліп көрсеткен кейбір қасиеттерді келтіруге болады.

Біріншіден, заңдық конструкциялар құқықтық үнемдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қоғамдық өмірдің күрделенуі құқықтық реттеу аясының кеңеюіне әкеледі. Алайда, заңдық конструкциялардың арқасында құқықтың абстрактілік деңгейін арттырып, құқықтық кеңістікті экономикалық тұрғыда реттеуге болады. Олар құқықтағы құбылыстардың алуан түрлілігін қабылдауды және зерттеуді жеңілдетеді, өйткені құқықтық тәжірибенің әртүрлі жеке жағдайларын белгілі бір жүйеге келтіреді.

Екіншіден, заңдық конструкциялар құқықтық нормалардың мазмұнын ықшам әрі жинақы түрде білдіруге ықпал етеді. Құрылған модель – бұл өзіндік

үлгі, қалып немесе эталон, ол бірден көптеген өмірлік жағдайларды реттеуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, заңдық құрылымдар – бұл нақты өмірлік жағдайларды жинақтап көрсетуге арналған тиімді құрал болып табылады, ол құқық саласының кең ауқымын бір мезетте қамтуға мүмкіндік береді. Осыдан келіп, заңдық құрылымдар құқықтағы кемшіліктерді толтыруға жол ашады деген тұжырым шығады. Соңында, мұндай құрылымдар құқықтық жағдайларды олардың құрамдас элементтері бойынша жүйелеп, нормативтік құқықтық актілердің мазмұнына логикалық бірлік береді [180, 182].

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары заңдық конструкцияларды қолдану арқылы құқықтық ұстанымдардың дәйектілігін сақтап, сот тәжірибесінің біркелкілігін қамтамасыз етеді. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларында заңдық конструкцияларды қолдану құқықтық нормалардың жүйелілігі мен дәйектілігін сақтауға ықпал етеді. Бұл сот тәжірибесінің бірізділігіне, құқықтық реттеудің анықтығы мен тиімділігіне оң әсерін тигізеді. Сондықтан құқықтық актілерді әзірлеу барысында заңдық конструкциялардың формалды логика қағидаларына сәйкес келуін қамтамасыз ету – заң техникасының маңызды міндеттерінің бірі.

Заң техникасында қолданылатын келесі әдіс – презумпциялар мен фикцияларды пайдалану. Құқықтық фикция – бұл заңнамалық және құқық қолдану тәжірибесінде ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан құқықтық категория. Әр түрлі дәуірлерде зерттеушілердің құқықтық фикциялар институтына деген көзқарастары өзгеріп отырды, олардың құқықтағы рұқсат етілуі немесе рұқсат етілмеуі туралы пікірлер ғасырлар бойы қалыптасты.

Құқықтық фикцияның тамыры тереңге кеткен, оның тарихы бірнеше мыңжылдықтарды қамтиды. Бұл институт Аристотель заманынан белгілі, ал оның кеңінен таралуы Рим құқығы дәуіріне сәйкес келеді. Преторлық фикциялардың негізгі мақсаты – заңмен реттелмеген қоғамдық қатынастардағы олқылықтарды толтыру болатын.

«Fictio» термині латын тілінен аударғанда «ойдан шығару», «қиял», «жалғандық» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз «fingere» етістігінен туындаған, оның мағынасы «ойдан шығару», «жалған түр беру», «жалған көрініс жасау» дегенді білдіреді. Рим құқығы тарихында құқықтық фикцияларды О.Ф. Омельченко «бар болмаған нәрсені бар деп үзілді-кесілді бекіту» деп сипаттаған. Бастапқыда құқықтық фикциялар құқық нормаларын түсіндіру барысында қолданылғанымен, кейіннен олар құқық шығармашылығында да маңызды рөл атқара бастады. Бұл әсіресе «заңды фикциялар» пайда болған кезде айқын көрінді, олар заңнамалық актілерде ресми түрде бекітілді. Мұның айқын мысалы Корнелий заңының фикциясы болып табылады (D. 49. XV. 22. pr). Бұл ретроспективті фикция б.з.д. 80 жылдар шамасында, яғни Рим Республикасының дәуірінде пайда болды. Оның мәні келесідей еді: жау қолына түскен адамның мұрасы, оның тұтқынға түскенге дейін қайтыс болғанындай болып қарастырылатын. Яғни, мұрагерлік мәселелері дәл осы құқықтық фикция негізінде шешілген.

Осы ойдан шығарылған құқықтық ережеге сәйкес, мұрагерлік мәселелері былайша шешілген: тұтқынға түскен мұра қалдырушы тұтқынға түскенге дейін қайтыс болғандай қарастырылады. «Егер өсиет қалдырған адам жаудың тұтқынына түссе, онда оның өсиеті постлимний құқығы бойынша қайтып оралған жағдайда заңды күшінде қалады; ал егер ол сол жерде қайтыс болса, онда Корнелий заңы бойынша оның мұрасы азаматтық қауымда қайтыс болғандай рәсімделеді» [181, 45].

«Фикция» ұғымының әртүрлі интерпретацияларын талдай отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: құқықтық фикцияның жалғандығы ұсынылған жағдай туралы ақпараттың шындыққа сәйкес келмеуінде жатыр, ал оны құқықтық актіде бекіту тәсілінде емес. Осылайша, фикцияның жалған сипаты оның мазмұнының шынайы еместігімен анықталады, ал құқық нормасының сыртқы құқықтық формасы бұл жалғандықтың белгісі болып табылмайды [182, 262].

Фикциялар бүгінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында да қолданылады. Мәселен, «Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау туралы істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулысында «АК-нің 31-бабының 3-тармағына сәйкес қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген күн қайтыс болды деп жарияланған адамның қайтыс болған күні болып есептеледі. Өлім қатері төнген немесе жазатайым оқиғадан қаза тапты деп жорамалдауға негіз болатын мән-жайлар кезінде хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамды қайтыс болды деп жариялау кезінде сот бұл адамның шамамен қаза тапқан күнін оның қайтыс болған күні деп тануы мүмкін» [183]. Бұл жерде екі құқықтық фикция көрініс табады. Біріншіден, қайтыс болған күннің заңды түрде анықталуы – азаматтың қайтыс болуын құқықтық тұрғыдан тіркеу сот шешімінің заңды күшіне енген сәтінен бастап жүзеге асырылады. Шын мәнінде, адамның нақты қайтыс болған күні белгісіз болуы мүмкін, бірақ құқықтық реттеу мақсатында белгілі бір күн тіркеледі. Екіншіден, болжалды өлім күні – егер адам ерекше қауіпті жағдайларда (мысалы, табиғи апаттар, соғыс әрекеттері, төтенше жағдайлар) жоғалып кетсе, сот оның қайтыс болған күні деп оның болжалды өлім күнін белгілеуі мүмкін. Бұл норманың мақсаты – мұрагерлік, отбасылық және өзге де азаматтық құқықтық қатынастарды реттеу.

Құқықтық фикциялардың өмір сүруі тек құқықтық мақсаттармен ақталады, олардың басты мақсаты – тәртіп пен тиімділікке ұмтылу. Фикциялардың маңызы олардың келесі функцияларында көрініс табады:

- күнделікті шындықты құқықтық шындыққа айналдыруға ықпал етеді;
- құқықтық реттеудегі белгісіздікті жояды;
- құқықтық қатынастарды жеңілдетіп, құқықтық реттеуді тұрақты әрі орнықты етеді;
- азаматтардың құқықтарын қорғауға ықпал етеді;
- кейде шындыққа қайшы немесе оған қарама-қарсы болса да, әділеттілікке қол жеткізуге көмектеседі;

- құқықтық шындықтың көлемін немесе ұзақтығын қысқартып, мән-жайларды анықтауды жеңілдетеді және сол арқылы құқықтық жүйені үнемді етеді [181, 47].

Алайда, фикциялар мен презумпциялардың шынайы мақсаты заң техникасымен ғана шектелмейді, дегенмен олардың құрамындағы заң техникасының маңыздылығын жоққа шығаруға болмайды. Олардың терең мәні – жеке құқықтың негізгі қағидаттарының айқын көрініс табуында. Мысалы, мүлік иесінің меншік иесі деп танылуы туралы презумпция – тек заң техникасының мәселесі емес, ол меншік нысандарының теңдігі қағидатын тікелей жүзеге асыру емес пе?! Немесе кінәлілік презумпциясы қазіргі түсіндірмесінде кәсіпкерлік қызмет еркіндігі қағидатын жүзеге асыру мен оның нәтижелері үшін жауапкершілікке тартылу емес пе?! Белгілі бір жағдайлар туындағанда міндеттеменің тоқтатылуы туралы фикция да тек техникалық жүктемені көтеріп қана қоймай, азаматтық құқықтың маңызды қағидаты – шарт еркіндігінің шекараларына да қатысты. Ал заңды білудің міндеттілігі туралы презумпция құқықтық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Тарихтың әртүрлі кезеңдерінде презумпциялар ірі экономикалық және саяси міндеттерді жүзеге асыру құралы болды. Мұның ең айқын мысалы – мемлекеттік меншік презумпциясы. Соғыстан кейін ол трофейлік, иесіз қалған және басқа да мүліктерге қолданылғанда, оның ақылға қонымды негізі болды. Алайда, осы шеңберден тыс мемлекеттік меншік презумпциясы кеңестік қоғамның басты саяси мақсаты – экономиканы толықтай мемлекет меншігіне көшірудің құралына айналды. Оның орнына фактілік иеленушінің меншік құқығы презумпциясы келді, бұл оны нарықтық экономиканың талаптарына сай етеді [184, 138].

Енді презумпцияларға тоқталайық. Кейде презумпциялар мен фикциялар бір-біріне соншалықты жақын келеді, тіпті оларды ажырату мүмкін болмай қалады. Презумпция мен фикцияның құқықтық табиғатын зерттей отырып, олардың көптеген ортақ белгілерін көрсеткен Д.В. Быстров бұл мәселе бойынша былай деп атап өтті: «Осыған жарқын мысал – заңды білудің міндеттілігі туралы презумпция. Егер бұл болжамды (барлық азаматтардың заңды білетіні туралы) талдайтын болсақ, өте қызықты қорытындыға келеміз – заңды білу презумпциясы шын мәнінде презумпция емес, ол нағыз фикция» [185, 18].

Презумпция – бұл көбінесе құқықтан тыс пайда болған ұғым, дегенмен қазіргі уақытта ол мемлекеттік органдардың құқық шығармашылығы мен құқық қолдану қызметінде кеңінен қолданылады. Құқықтық қатынастарды реттеуде де бұл құқықтық техника құралының маңызы зор. Орыс тіліндегі сөздіктерде «презумпция» термині «алдын ала қабылданған болжам» (лат. Praesumtio – алдын ала пайымдау) ретінде анықталады. Ол белгілі бір жағдай немесе факт керісінше дәлелденгенге дейін шындық деп танылады немесе шындыққа баланады.

«Презумпция» терминінің шығу тегі көбінесе латынның «praesumptio» сөзімен байланыстырылады, ол ықтималдыққа негізделген болжам, күту деген мағынаны білдіреді [186, 215]. Кейбір дереккөздерде бұл ұғымның кеңейтілген

аудармасы беріледі: «құқық нормасында тікелей немесе жанама түрде бекітілген белгілі бір болжам, оған сәйкес әлеуметтік қатынастар саласындағы белгілі бір жағдай қалыпты деп танылады және дәлелдеуді қажет етпейді» [187, 72].

Құқықтық презумпциялар әрдайым заңгерлердің назарын аударған, өйткені олардың қолданылуы заң шығару және құқық қолдану процесіне айтарлықтай әсер етеді. Бүгінде бұл құқықтық категорияға деген қызығушылықтың артуының тағы бір себебі – соңғы жылдары нормативтік құқықтық актілердегі презумпциялардың көбеюі байқалады. Сонымен қатар, қазіргі құқықтық жүйеде жоғарғы сот инстанцияларының практикасы көптеген презумптивтік ережелерді қалыптастырудың көзіне айналып келеді.

Шынында да, мемлекеттің барлық заңдарын қалтқысыз білетін қарапайым адамды ғана емес, тіпті заңгерді елестету қиын. Бірақ бұның қажеті де жоқ. Ең бастысы – әр азаматтың нормативтік-құқықтық актілермен танысу мүмкіндігі бар. Егер солай болса, бұл құқықтық фикция емес пе? П. Сандевуар барлық фикциялардың ішіндегі ең танымал болғаны мақалға айналғанын атап көрсетеді: «заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды». Біздің заманымызға тән заңдар мен регламенттердің күрт көбеюі жағдайында бұл тұжырым тіпті заңгерлер үшін де фикцияға айналуда [188, 208].

Кейбір ортақ белгілеріне қарамастан, заңды презумпциялар оларды құқықтық фикциялардан ажыратуға мүмкіндік беретін ерекше қасиеттерге ие. Легалды презумпциялар (praesumtio juris) – бұл құқық нормаларында тікелей немесе жанама түрде бекітілген және сондықтан заңды мәнге ие болжамдар. Құқықта бекітілген презумпциялардың көпшілігі – бұрын фактілік презумпциялар ретінде қолданылған жалпыламалар. Мысалы, әке болу туралы болжам осыған жатады.

Нормативтік қаулыларда презумпция принципін қолданудың мысалы ретінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсанда қабылдаған «Соттардың авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғауға қатысты заңнаманың жекелеген нормаларын қолдану туралы» нормативтік қаулысының 29-тармағын келтіруге болады: «авторлық презумпциясы қолданылатын болғандықтан, егер басқаша дәлелдер ұсынылмаса, туындының түпнұсқасында немесе көшірмесінде автор ретінде көрсетілген адам сол туындының авторы болып танылады» [189].

Бұл жерде біз презумпцияның дәстүрлі логикалық құрылымын байқаймыз: а) норманың қолданылу шарты; ә) негізгі ереже; б) оны жоққа шығару мүмкіндігін қамтитын қарсы презумпция (яғни, егер А болса, онда Б, басқа айғақтар ұсынылмағанша). Егер нормативтік қаулыда баяндалған ережені логикалық түрде тарқатсақ, онда мынадай қорытындыға келеміз: егер біреу шығарманы өз атымен жарияласа (гипотеза), онда ол сол туындының авторы деп есептеледі (диспозиция), егер бұл құқық басқа біреуге тиесілі екені дәлелденбесе (контрпрезумпция).

Презумпциялар, өз кезегінде, дәлелдеу міндетінің тараптар арасында бөлінуінде маңызды рөл атқарады. Ежелгі Римнің азаматтық процесінде әр тарап өзі сілтеме жасап отырған жағдайларды дәлелдеуі тиіс деген жалпы

қағида қалыптасқан. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 72-бабында дәлелдемелерді тараптар мен іске қатысатын басқа тұлғалар ұсынуға міндетті екендігі туралы норма бар [159].

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы бұл нұсқамаларды әрі қарай дамытып, дәлелдемелерді ұсыну міндетін нақтылайды. Мысалы, жоғарыда аталған нормативтік қаулының 29-тармағында мынадай ереже бекітілген: авторлық және сабақтас құқықтардың бұзылуына байланысты істерді қарау барысында талапкер ҚР АПК-нің 72-бабына сәйкес өз құқықтарын жауапкердің заңсыз әрекеттері арқылы бұзылғанын дәлелдеуі тиіс, ал жауапкер өз әрекеттерінің заң талаптарына сәйкес екенін және автор, орындаушы, фонограмма өндіруші немесе хабар таратушы ұйымдардың құқықтарын бұзбағанын негіздеуі қажет. Егер жауапкер бұл талапты орындай алмаса, ол құқық бұзушы ретінде танылады және азаматтық-құқықтық жауаптылыққа тартылады.

Жоғарыда айтылғандай, нормативтік құқықтық актілердің мазмұны – бұл нормативтік нұсқамалардың жиынтығы, ал оларды тілдік құралдар арқылы беру және белгілі бір жүйеге келтіріп орналастыру (яғни құрылымдау) – актінің ішкі формасын құрайды. Заң шығармашылық техникасында нормативтік актінің ішкі құрылымын қалыптастыруға арналған арнайы құралдар бар. Бұл құралдар екі үлкен топқа жіктеледі: құрылымдық және тілдік ережелер [190, 25].

Нормативтік нұсқаманың құрылымы – бұл мазмұндық материалдың жүйелі орналасуын және оның логикалық реттілігін білдіреді. Нормативтік актінің құрылымы оның көлеміне және құқықтық реттеу аясына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Егер құқықтық актінің құрылымын қалыптастыруда қолданылатын барлық мүмкін элементтерді тізіп көрсек, олар мыналар: тақырып, мазмұн (contents), кіріспе (преамбула), бөлік, бөлім, тарау, бап, параграф, тармақ, тармақша, абзац, ескертулер, қорытынды ережелер. Алайда, әрбір нормативтік акт бұл құрылымдық элементтердің барлығын міндетті түрде қамтымайды – бұл оның құқық жүйесіндегі орнына, көлеміне және мазмұндық ерекшелігіне байланысты анықталады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында, олар заңды нақтылау, егжей-тегжейлі ашу және түсіндіру құралы болып табылатындықтан, жоғарыда аталған барлық құрылымдық бөліктерді бөлу қажеттілігі жоқ. Мұнда тақырып, қысқа кіріспе (преамбула), тармақтар мен тармақшалар жеткілікті.

Нормативтік қаулының тақырыбы белгілі бір құқықтық нормалар тобының мәнін білдіру құралы болып табылады және оның мақсаты – нормативтік құжаттың негізгі идеясын, оның тақырыбын қысқа әрі нұсқа түрде көрсету. Мысалы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының тақырыбы оның мазмұнын ықшам түрде жеткізеді және реттеу нысанын белгілейді [191]. Бұл өз кезегінде осы актіні басқа құқықтық нұсқамалар жиынтығынан айқын ажыратуға мүмкіндік береді.

Кіріспе бөлімі, яғни преамбула (фр. *préambule*, латынша *praeambulus* – алда жүретін, алдын ала болатын, *preambulo* – алдын жүру) – құқықтық актінің кіріспе сипатындағы немесе алғысөз ретіндегі құрылымдық элементі болып табылады. Преамбуласы бар құқықтық актілерге декларациялар, халықаралық келісімдер, заңдар, нормативтік құқықтық актілер мен азаматтық-құқықтық шарттар жатады. Әдетте, преамбулада актінің қабылдану мақсаттары, міндеттері мен негізгі қағидалары қысқаша сипатталады, сондай-ақ оны қабылдауға негіз болған мән-жайлар, алғышарттар, себептер мен бастапқы көзқарастар көрсетіледі.

Кіріспе (преамбула) құқықтық акт құрылымының маңызды құрамдас бөлігіне жатады. Сонымен бірге, онда актінің қолданылу аясы да көрініс табуы мүмкін. Преамбула нормативтік актінің негізгі бөлігінен бұрын орналасады және заң шығарушының мақсатын, ниетін түсіндіру, сондай-ақ қабылданатын актінің құқықтық мәнін негіздеу қажеттілігі туындаған жағдайда енгізіледі. Ол заң актісінің қолданылу шеңберін сипаттап, оның құқықтық негізін қалыптастырады.

Бұл ретте, преамбула мазмұнына нормативтік сипаттағы тікелей міндеттеуші нұсқамалар енгізуге жол берілмейді. Сонымен қатар, преамбула құрылымдық тұрғыдан тармақтарға немесе тармақшаларға бөлінбейді және басқа нормативтік құқықтық актілерге ресми сілтемелерді қамтымайды.

Мысал ретінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының кіріспе бөлімін келтіруге болады, онда былай деп көрсетілген: «Сот төрелігін жүзеге асыру барысында судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ететін нормаларды сот практикасына біркелкі қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы етеді» [192].

Заң техникасы қағидаларының бұзылуының ең кең тараған түрлерінің бірі – нормативтік құқықтық актілердің жазылу стиліне қойылатын талаптардың сақталмауы және логикалық жүйеліліктің болмауы екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты, нормативтік қаулылардың жобаларын әзірлеу және сараптау барысында, ең алдымен, олардың логикалық құрылымына, стиліне және тілдік дәлдігіне ерекше мән берілуі қажет.

Енді тілдік ережелер туралы айтар болсақ. Құқық шығармашылығы мәдениеті кәсіби заң стилі мен тілін қатаң сақтауды, сонымен қатар оның қарапайымдылығы, түсініктілігі және халықтың кең ауқымына қолжетімділігін қамтамасыз етуді талап етеді. Сондықтан құқық шығармашылығындағы стиль мен тілдің маңызын асыра бағалау қиын, өйткені қоғамдағы қандай да бір өзге салада қате құрастырылған сөйлем, ой мен оның мәтіндік көрінісінің арасындағы алшақтық, орынсыз немесе дұрыс қолданылмаған сөз құқық шығармашылығы саласындағыдай ауыр теріс салдарға әкелуі екіталай [193, 89]. Сонымен, заң немесе өзге де құқықтық акт белгілі бір қағидаларға бағынуы, баяндаудың айқындылығы мен дәлдігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келуі, екіұшты тұжырымдарды қамтымауы, қысқа және белгілі бір саланың мамандарына ғана емес, басқа тұлғаларға да түсінікті болуы тиіс [194, 12].

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының тілі мазмұнды әрі нақты болуы керек. Бұл құқықтық нормалардың маңыздылығын сақтай отырып, артық сөздерден аулақ болуды және мазмұнды барынша қысқа әрі түсінікті жеткізуді білдіреді. Мәтін түсінікті және анық болуы тиіс. Құқықтық нормалардың мәні толық ашылып, терминология бірізді қолданылуы қажет. Сонымен қатар, күрделі грамматикалық құрылымдарды болдырмау, сөйлемдерді ықшам әрі логикалық тұрғыдан түсінікті етіп құру маңызды.

Сондықтан ресми іскерлік құжаттың бір түрі болып табылатын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының мәтініне қойылатын негізгі талаптарды белгілеуге болады. Терминология нақты және қатаң айқындалған болуы керек. Сөздер мен тіркестер әдетте жалпы әдеби тілге қарағанда тар немесе арнайы мағынада қолданылады. Сөздерді тек тура және бастапқы мағынасында пайдалану қажет. Екіұшты немесе көпмағыналы терминдерді қолданудан аулақ болу маңызды. Терминологияның бірізділігі сақталуы тиіс. Баяндау стилі логикалық жүйелілікке және мағыналық тұтастыққа негізделуі керек. Ойдың толық ашылуы және мазмұнның аяқталған болуы маңызды. Біртекті тұжырымдарды баяндаудың бірізділігі сақталып, олардың ақпараттық мәні әртүрлі болғанымен, құрылымдық жағынан сәйкестігі қамтамасыз етілуі қажет.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының жобаларын дайындауда да қолданылатын заң шығармашылығының негізгі әдістері мен заң техникасының қағидалары қарастырылды.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының жобаларын дайындауда заң техникасының қағидалары мен заң шығармашылығының әдістері маңызды рөл атқарады. Олар нормативтік актілердің түсінікті, нақты және логикалық құрылымдалған болуын қамтамасыз етеді.

3.2 Нормативтік қаулыларда тыйымдардың, ұйғарымдардың және рұқсат етулердің көрініу нысандары

Нормативтік қаулылардың құқықтық табиғатын түсіну үшін нормативтік нұсқамалардың, рұқсаттардың, сондай-ақ тыйымдардың мазмұнын және олардың нормативтік қаулыларда көрініс табу формаларын анықтау маңызды. Бұл үшін құқық нормалары теориясының жалпы мәселелерін қарастыру қажет.

Барлық әлеуметтік нормаларға ортақ сипаттамаларды (нормативтік мазмұн, адамдар мен олардың ұжымдары арасындағы қатынастарды реттеу, қоғамда қалыптасқан және т.б.) иелене отырып, құқық нормалары өзге әлеуметтік нормалардан оларды даралайтын бірқатар маңызды ерекшеліктермен ерекшеленеді.

Біріншіден, құқықтық норма – мемлекеттің еркін білдіретін және соның бастамасымен қалыптасатын ресми талап. Бұл ерекшелік құқықтық әдет-ғұрыптарға да қатысты: мұндай дәстүрлер құқық нормасы ретінде тек мемлекет оларды заң жүзінде тану арқылы ғана күшіне енеді.

Екіншіден, кез келген құқық нормасы – баршаға міндетті мінез-құлық қағидасы ретінде қабылданады. Оның жалпы міндеттілігі тек мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен шектелмейді; ол, ең алдымен, қоғамда жиі кездесетін, тұрақты түрде қайталанатын әлеуметтік жағдайларды, себеп-салдар байланыстарын және мінез-құлық үлгілерін құқықтық тұрғыда реттеумен айқындалады.

Үшіншіден, құқық нормаларының міндетті ерекшелігі – олардың нақты және ресми нысанда бекітілуі. Яғни, олар мемлекетпен белгіленген немесе танылған ресми құқықтық актілерде көрініс табады. Бұл нормалар заңдарда, заңға бағынышты актілерде, нормативтік мәні бар келісімшарттарда, сондай-ақ англосаксондық құқық жүйесіне тән сот шешімдерінде және өзге де құқықтық құжаттарда орнықтырылады.

Төртіншіден, құқық нормасының өзге әлеуметтік ережелерден өзгешелігі – ол мемлекеттік мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етілетінінде. Алайда бұл мәжбүрлеу әрдайым қолданылмайды, себебі көп жағдайда азаматтар мен заңды тұлғалар құқық нормаларын саналы түрде, өз еріктерімен орындайды және сақтайды.

Қосымша айта кету керек, құқық нормалары негізінен екі негізгі құқықтық ұйғарымнан құралады: мінез-құлық ережелері және бастапқы нормалар.

Мінез-құлық ережелері – бұл субъектілердің не істеуге құқылы екенін және қандай міндеттемелерді орындауы қажет екенін нақты көрсететін, құқықтық қатынастарды тікелей реттейтін нормалар. Ал бастапқы нормалар құқықтық реттеудің негізгі қағидаларын белгілейді және нақты ережелердің орындалуына бағыт береді. Олар, көбіне, қағидаттық сипаттағы нормалар, терминологиялық анықтамалар, кіріспелер және өзге де құқықтық ұстанымдар түрінде көрініс табады.

Осылайша, құқықтық норма дегеніміз – мемлекетпен белгіленген немесе заң жүзінде мақұлданған, жалпыға міндетті, дәл айқындалған және негізгі құқық қағидаттарына сай келетін мінез-құлық ережесі. Қажет болған жағдайда ол мемлекеттік мәжбүрлеу құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Құқық нормасының құрылымына келетін болсақ, оның ішкі ұйымдасуы үш өзара байланысты негізгі элементтен тұрады: гипотеза, диспозиция және санкция.

Гипотеза – бұл құқық нормасының құрылымдық элементі, ол белгілі бір өмірлік жағдайларды айқындайды, олардың орын алуына байланысты құқықтық норманың негізгі ережесі (диспозиция) күшіне енеді. Құқық нормасындағы гипотеза – бұл норманың әрекет етуіне негіз болатын фактілік мән-жайлар мен оқиғаларды айқындайтын бөлігі. Бұл фактілік мән-жайлар, кейде фактілік құрам деп те аталады, норманың іске қосылу негізі болып табылады және оның қолданылу шарттарын белгілейді.

Құқық нормасындағы гипотеза маңызды рөл атқарады, өйткені ол норманың қолданылу контексті мен жағдайларын анықтайды. Гипотеза соттарға, құқық қолдану органдарына және құқықтық қатынастардың басқа да қатысушыларына белгілі бір жағдайларда қандай ережелерді қолдану қажеттігін түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша, ол құқықтық жүйеде

болжамдылық пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Мысалы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 22-1-бабына сәйкес «Кәмелетке толмаған адамды толығымен әрекетке қабілетті деп жариялау (эмансипация)»: жасы он алты жасқа толған кәмелетке толмаған адам (гипотеза) толық әрекетке қабілетті деп танылуы мүмкін (диспозиция), егер ол еңбек шарты бойынша жұмыс істесе немесе ата-анасының, асырап алушыларының не қорғаншысының келісімімен кәсіпкерлік қызметпен айналысса (гипотезаның жалғасы) [154].

Құқықтық норманың диспозициясы – оның негізгі мазмұндық бөлігі болып табылады. Ол гипотезада көзделген жағдайлар орын алған кезде құқық субъектілерінің қандай мінез-құлық танытуы тиіс екенін, қандай құқықтары мен міндеттері бар екенін анықтайды. Бұл элемент құқық субъектілеріне нақты фактілік жағдайларда қалай әрекет ету керектігі туралы нұсқаулық рөлін атқарады. Диспозиция құқықпен реттелетін мінез-құлық ережелерін, тыйым салынатын әрекеттерді, құқықтар мен міндеттерді сипаттайды. Ол құқықтық норманың мәнін айқындай отырып, субъектілердің құқықтық жағдайын анықтайды және олардың әрекет ету шекарасын белгілейді. Мысалы, егер қылмыстық құқық нормасының гипотезасында «тұлға ұрлық жасады» деген жағдай қарастырылса, диспозицияда: «ұрлық жасаған адам қылмыстық жауапкершілікке тартылады және оған айыппұл салынады немесе бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады» деген ереже көрініс табады. Бұл жағдайда диспозиция нақты құқық бұзушылықтың салдарын айқындап, құқық бұзған адамға қандай шара қолданылатынын көрсетеді. Осылайша, диспозиция – құқықтық норманың өзегі, ол құқықтық қатынастарды нақты реттейді және субъектілердің әрекет ету тәртібін белгілейді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 3-бөлігінде: «Қазақстан Республикасы азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады» [1], деп белгіленген. Келесі мысал: «Мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге) міндеттенеді» [155].

Құқық нормасындағы санкция маңызды рөл атқарады, өйткені ол субъектінің диспозицияда белгіленген талаптарды орындауына байланысты қолданылатын жазалау немесе ынталандыру шараларын айқындайды. Санкция құқықтық талаптарды бұзған тұлғаларға қолданылатын жауапкершілік шараларын немесе салдарын көрсететін элемент болып табылады. Ол құқықтық нормалардың сақталуын қамтамасыз етіп, субъектілерді заң талаптарын орындауға ынталандыруға бағытталған. Санкция құқықтық тәртіпті сақтау мен қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Мысалы, қылмыстық құқық саласында санкция ретінде айыппұл салу, бас бостандығынан айыру, түзеу жұмыстары және өзге де жаза түрлері көзделуі мүмкін. Ал азаматтық құқықта санкциялар мүліктік залалды өтеу, өтемақы төлеу немесе бұзылған құқықтарды қалпына келтіру түрінде көрініс табады. Құқық нормасындағы санкция – құқықтық нормалардың тиімді әрекет етуін

және олардың іс жүзінде орындалуын қамтамасыз ететін басты құрал болып саналады. Ол заң талаптарының сақталуына ықпал етіп, құқықтық жүйеге деген сенімді арттырады.

Санкция әрбір құқықтық нормада міндетті түрде бола бермейді. Кейбір нормалар мемлекеттік мәжбүрлеуді қажет етпейді, өйткені олар реттейтін қоғамдық қатынастар шын мәнінде бұзылмайды. Мұндай нормалар көбінесе конституциялық құқық саласында кездеседі. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабының 3-тармағында: «Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы» деп белгіленген.

Құқық нормасының құрылымын ұғынудағы басты мәселе – оның тұтастығы мен бірлігі, мұнда гипотеза, диспозиция және санкция өзара үйлесімді байланысқан. Бұл элементтер тұтас құқықтық ережені құрайды, мұнда әрбір компонент келесісінің мазмұнын толықтырады және шартты түрде соған негізделеді. Олардың өзара әрекеттестігі құқық нормасының құрылымының бөлінбейтін құрамдас бөлігі болып табылады және оның жалпыға міндетті сипатын қамтамасыз етеді.

Гипотезаның, диспозицияның және санкцияның өзара байланысы «егер – онда – әйтпесе» формуласы арқылы көрініс табады. Мұнда «егер» – құқық нормасының әрекет ету шарты, «онда» – мінез-құлық ережесі, ал «әйтпесе» – құқық бұзушыға қолданылатын жағымсыз салдарлар. Ежелгі әлем мен ерте орта ғасырлар кезеңінде, заң шығармашылығының құқықтық техникасы әлі толық дамымаған кезде, құқық нормалары дәл осы тәсілмен баяндалған. Мысалы, Хаммурапи заңдарында мынадай норма бар: «Егер жоғалған заттың иесі оны білетін куәгерлерді келтірмесе, онда ол жалған айып тағып отыр деп есептеледі; оны өлім жазасына кесу керек» [195, 10]. Бұл жағдайда сөйлемнің бірінші бөлігі – гипотеза, екінші бөлігі – диспозиция, оны логикалық тұжырымға айналдыру жеткілікті, яғни қылмыс жасауды тыйым салу ретінде қарастыру қажет: жалған сөйлеуге, жала жабуға болмайды. Ал сөйлемнің үшінші бөлігі – санкция, яғни осы әрекет үшін қолданылатын жазалау шарасы.

Ескеретін жайт, құқықтың әртүрлі салаларының ерекшеліктері мен заң тіліне қойылатын талаптар құқық нормаларын баяндаудың түрлі тәсілдерін анықтайды. Көп жағдайда норманың кейбір элементтері тікелей көрсетілмей, тек астарлы түрде беріледі. Құқық нормасының барлық элементтерін дәлірек анықтау үшін оны ойша логикалық тұжырымға айналдыру қажет. Осы процесс барысында белгілі бір ереженің құрылымдық бөліктерін – гипотезаны, диспозицияны және санкцияны – нақты ажыратуға болады. Мысалы, ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөліміндегі баптар қылмыстық әрекеттің түрін, оның белгілерін, сондай-ақ осы әрекет үшін қолданылатын жаза түрі мен мөлшерін көрсетеді: «Ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру – екі жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе сотталған адамның екі айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не жеті айға дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады» [196]. Бұл жерде құқықтық норманың өзі – бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру қылмыс болып табылады және ол үшін қылмыстық жаза қарастырылған – тікелей баяндалмаған, өйткені бұл қағида

Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінде бекітілген және Ерекше бөлімнің барлық баптарына қатысты қолданылады. Осы норманы толық ашып көрсететін логикалық құрылым төмендегідей болуы мүмкін: 1) Егер кімде-кім бөтеннің мүлкін жасырын түрде жымқырса (гипотеза), 2) Ал бөтеннің мүлкін ұрлауға тыйым салынады (диспозиция), 3) Онда ол екі жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге немесе басқа да жазаларға тартылады (санкция). Бұл мысал құқық қорғау нормаларында тек гипотеза (яғни, қылмыс сипаттамасы) мен санкция ғана емес, сонымен қатар тыйым салу бар екенін көрсетеді. Ал бұл тыйым, өз кезегінде, құқықтық норманың диспозициясын білдіреді: «ұрлық жасауға болмайды».

Гипотезалар анықтық дәрежесіне қарай абсолютті айқын және салыстырмалы айқын болып бөлінеді. Абсолютті айқын гипотезалар құқық нормаларын жүзеге асырудың нақты және дәл белгіленген шарттары мен жағдайларын қамтиды. Мысалы, Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 9 бабында некені тіркеу үшін қажетті барлық шарттар нақты көрсетілген: неке қию (ерлі-зайыпты болатын) еркек пен әйелдің ерікті әрі толық келісімі және олардың неке (ерлі-зайыптылық) жасына толуы қажет. Ал осы кодекстің 11 бабында араларында неке қиылуына (ерлі-зайыпты болуына) жол берілмейтін адамдарды белгілейді, олар:

1) бір жынысты адамдардың;

2) олардың біреуі болса да басқа тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұратын адамдардың;

3) жақын туыстардың;

4) бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың, асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалардың;

5) соттың заңдық күшіне енген шешімі бойынша олардың біреуі болса да психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың арасында жол берілмейді. Аталған екі бап бірігіп, абсолютті айқын гипотезаны құрайды, өйткені оларда некені тіркеу үшін қажетті барлық шарттар мен жағдайлар толық және нақты сипатталған.

Салыстырмалы айқын гипотезалар мүмкін болатын жағдайлардың шекарасын анықтаумен шектеледі және норманы жүзеге асырушы тұлғаларға әрбір нақты жағдайда белгілі бір шартты таңдауға мүмкіндік береді. Тағыда мысал ретінде, аталған кодекстің 19 бабына сәйкес, сот ерлі-зайыптылардың одан әрі бірлесіп өмір сүруі және отбасын сақтауы мүмкін еместігін анықтаған жағдайда ғана жүзеге асырылады [197].

Диспозициялар құқықтық норманың білдіру тәсіліне қарай билік беретін, міндеттейтін және тыйым салатын түрлерге жіктеледі. Билік беретін диспозициялар құқық субъектілеріне белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыру құқығын береді, олардың қалауы бойынша белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға мүмкіндік туғызады. Бұл диспозициялар құқықтық қатынастардың қатысушыларына өз мүдделерін жүзеге асыру үшін нормативтік негіз болып табылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 1-тармағында көрсетілген норманың диспозициясы әр адамның құқық

субъектілігін тану құқығына ие екенін және өз құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен, оның ішінде қажетті қорғаныс арқылы қорғауға құқылы екенін белгілейді [1].

Міндеттейтін диспозициялар құқық субъектілеріне белгілі бір әрекеттерді орындау міндеттемесін жүктейді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 34-бабында құқықтық қатынастар субъектілеріне нақты позитивті міндеттер жүктелген: «Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті» [1].

Тыйым салатын диспозициялар белгілі бір құқыққа қайшы әрекеттерді (немесе әрекетсіздікті) жасауға тыйым салады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабының 3-тармағында мынадай шектеу белгіленген: «Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді» [1].

Осылайша, жоғарыда құқық нормаларының классикалық нормативтік құқықтық актілерде көрініс табу ерекшеліктері қарастырылды. Бұл тұрғыда Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларында құқық нормаларының көрініс табу сипатын анықтау өзекті мәселе болып табылады. Аталған актілердің мазмұнын талдау барысында оларда құқық нормаларының, рұқсат беру немесе тыйым салу сипатындағы ережелердің болуы туралы тұжырым жасау мүмкін бе деген сұрақ туындайды.

Құқықтық мазмұнды қалыптастыратын элементтері бар нормативтік интерпретациялық актілердің жалпы сипаттамасын анықтау үшін заңның мазмұнын нақтылайтын және түсіндіретін интерпретация түрлерін бөліп көрсету қажет. Интерпретацияның жиі қолданылатын түрлерінің бірі – құқық нормаларының құрылымдық бөліктерін нақтылайтын және айқындайтын түсіндірмелер болып табылады.

Дегенмен, құқықтық норманың барлық құрылымдық бөліктерін қамтитын нормативтік қаулылардың баяндалу нысандары да аз емес. Мысалы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі заңнаманының кейбір нормаларын қолдануы туралы» нормативтік қаулысында құқық нормасының толық құрылымы көрініс табады. Атап айтқанда, 25-тармақта былай делінген: «егер баспахана өз бастамасымен басылымның таралымын көбейтсе (гипотеза), онда ол туындының контрфактілік даналарын дайындаушы болып саналады (диспозиция) және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жауаптылылқта болады (санкция)» [189]. Бұл жерде құқықтық норманың құрылымдық элементтерін анықтау үшін логикалық операциялар жүргізудің қажеттілігі жоқ, себебі олар дәстүрлі түрде тікелей баяндалған. Дегенмен, санкция нақты жазаны көрсетпей, оны басқа нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасау арқылы айқындайды.

Егер мінез-құлық ережелерін қалыптастырудың түрлі әдістеріне, атап айтқанда, міндеттеу, тыйым салу және рұқсат беру тәсілдеріне қайта оралатын болсақ, олардың әрқайсысын талдау қажет. Бұл әдістер құқықтық нормалардың мазмұнын айқындай отырып, олардың реттеушілік әлеуетін нақтылайды және құқықтық реттеу механизмінің тиімділігін арттырады.

Нұсқама – құқықтық норманың бір түрі болып табылады, ол құқық субъектілерін белгілі бір әркеттерді жасауға міндеттейді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Сот практикасында жеке жәнезаңды тұлғалардың ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау жөніндегі заңнаманы қолдану туралы» нормативтік қаулысының 2-тармағында келісідей нұсқама беріледі: «теріске шығару туралы талап қойылған мәліметтердің таратылған-таратылмағанын, олар азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, ұйымның беделіне нұқсан келтіретін-келтірмейтінін және осы мәліметтердің шындыққа сай келетінін түбегейлі толық анықтау қажет» [139]. Осыған орай, соттар даулы мәліметтердің жария етілген-етілмегенін, сондай-ақ олардың азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетіне немесе ұйымның іскерлік беделіне нұқсан келтіру сипатына құқықтық баға беруге міндетті. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың азаматтық процестік заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 9-тармағында келісідей нұсқама бекітілген: «Сот істі сот талқылауына дайындау сатысында, сонымен қатар істі мәні бойынша қарау процесінде дәлелдеу нысанасын нақтылауы тиіс. Соттар дәлелдемелерді бағалау және тараптарды дәлелдеуден босату туралы мәселені шешу кезінде АПК-нің 73-бабының тоғызыншы бөлігінде, 79-бабының екінші бөлігінде және 82-бабының сегізінші бөлігінде қамтылған нормаларды ескеруге тиіс» [198]. Бұл нұсқама соттардан дәлелдеу нысанасын нақтылауды, сондай-ақ дәлелдемелерді бағалау және тараптарды дәлелдеуден босату мәселесін шешу кезінде азаматтық процестік заңнама нормаларын қатаң сақтауды талап етеді. Осы арқылы соттардың процестік заңнаманы дұрыс қолдануы қамтамасыз етіліп, тараптардың құқықтары мен заңды мүдделері қорғалады.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларындағы нұсқамалар сот практикасын реттеуде маңызды рөл атқарады. Олар соттардың және басқа құқық қолданушы субъектілердің нақты міндеттерін айқындай отырып, заңнаманы тиімді іске асыруға бағытталған.

Тыйым салушы нормалардың мәні белгілі бір әрекеттерден бас тарту міндетін белгілеуде жатыр. Құқықтық нормаларды бұлайша тұжырымдау қоғамдағы қолданыстағы жағдайды сақтауға бағытталған. Тыйымдарды белгілеу кезінде құқық шығарушы орган субъектілерді қажет мінез-құлыққа айқын түрде бағыттайды. Құқықтағы тыйымдарды қолдану техникасының ерекшелігі олардың заңнамалық рәсімделуінің өзіндік сипаттарымен тікелей байланысты. Тыйым салушы нұсқаулармен жұмыс істеуге арналған қағидалар мен техникалық құралдардың басым бөлігі өзара байланысты және диалектикалық сипатқа ие [199, 29]. Мысал ретінде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы»

нормативтік қаулысының 9-тармағында мұрагерлердің белгілі бір әрекеттеріне тыйым салу бекітілген: «авторлық құқықтың және (немесе) сабақтас құқықтардың объектілері нақтыланбай, автордың немесе туындыны орындаушының мүліктік (айрықша) құқықтыраның заң бойынша немесе өсиетпен бірнеше мұрагерге ауысуы автордың барлық туындыларына және (немесе) сабақтас құқықтардың объектілеріне бірлесіп қолдану құқығы пайда болғанын көрсетеді. Бұл ретте жеткілікті негіз болмаса мұрагерлердің бірде біреуі туындыны пайдалануға тыйым салуға құқылы емес» [189]. Белгілі бір әрекеттерге тыйым салу сот органдарына да қатысты қолданылуы мүмкін. Бұл құқықтық шектеулер соттардың заңнама талаптарын қатаң сақтап, әділ әрі негізделген шешімдер қабылдауын қамтамасыз етуге бағытталған. Мұндай тыйымдар сот билігінің шегінен шықпауын, әділеттілік пен заңдылық қағидаттарын сақтауын қамтамасыз ету үшін енгізіледі. Мәселен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың қылмыстық істер бойынша жекеше қаулылар шығару тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысында «бұл ретте тергеу судьясы қылмыстық істі мәні бойынша шешу кезінде сотта қарау нысанасы болуы мүмкін мәселелерді алдын ала шешуге, оның ішінде кінәнің дәлелденгені немесе дәлелденбегені туралы, іс бойынша жиналған дәлелдемелердің қатыстылығы, жол беретіндігі, анықтығы және жетгіліктілігі туралы тұжырымдар жасауға тиіс емес» деп нақты көрсетілген [200]. Бұл мысалдар құқықтық тыйым салу нормаларының сот актілерінде нақты құқықтық реттеудің құралы ретінде қолданылатынын көрсетеді. Осылайша, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларындағы соттарға шешім шығаруға қойылған тыйымдар сот төрелігінің сапасын арттыруға, заңдылықты қамтамасыз етуге және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған маңызды құқықтық құрал болып табылады.

Рұқсат ету – бұл нормативтік реттеу әдісі, ол құқық субъектілеріне белгілі бір мінез-құлықты жүзеге асыру мүмкіндігін ұсынумен байланысты. Субъективті құқықтарды белгілей отырып, құқық шығармашылық органы оларды тек бағыттап, белгілі бір әрекеттер жасауға ынталандырады. Құқықтық нормаларды белгілеудің бұл әдісі құқық субъектілеріне өз мінез-құлықтарын өз бетінше анықтауға мүмкіндік береді, олардың бастамалары мен шығармашылық әлеуетін іске асыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, ол тиімділік тұрғысынан тыйым салу мен міндеттеуге негізделген әдістерден асып түседі. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында рұқсат етулер сот тәжірибесінде белгілі бір құқықтық нормаларды қолдануда субъектілерге таңдау еркіндігін беретін құқықтық құрал ретінде көрініс табады. Бұл құқықтық реттеу тәсілі құқық субъектілеріне өз құқықтарын жүзеге асыруда белгілі бір дәрежеде еркіндік беріп, олардың заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді. Мысалы, ҚР Жоғарғы Сотының «Сот практикасында жеке және заңды тұлғалардың ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау жөніндегі заңнаманы қолдану туралы» нормативтік қаулысында «егер нұқсан келтіретін мәліметтер кәмелетке толмағанға немесе белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз деп танылған адамға қатысты таратылған болса, АПК-нің 54-бабының үшінші бөлігінде, 55-бабында, 148-

бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен заңды өкілдері немесе прокурор оның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау туралы талап қоюға құқылы делінген» [139]. Бұл норма сотқа талап қою құқығының берілуін реттей отырып, белгілі бір субъектілерге заңды мүдделерін қорғау үшін құқықтық мүмкіндік береді. Яғни, мұндай рұқсат ету механизмі жеке және заңды тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауда олардың әрекет ету аясын кеңейтеді, сондай-ақ құқықтық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларында көрсетілген рұқсат ету нормалары құқық субъектілеріне өздерінің заңды құқықтарын еркін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл құқықтық қатынастардағы икемділікті қамтамасыз етіп, құқық субъектілерінің таңдауы мен мүдделерін ескеруге бағытталған. Сонымен қатар, соттарға нақты жағдайға байланысты құқық қолдану мүмкіндігін беру арқылы әділ сот төрелігін жүзеге асыруға ықпал етеді. Жалпы, рұқсат ету нормалары сот билігінің құқық қолдану тәжірибесінде заңдылық, әділеттілік және құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды құқықтық құралдардың бірі болып табылады.

3.3 Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларындағы құқықтық дефинициялардың рөлі

Құқықтық дефинициялар заң ғылымының негізгі элементтерінің бірі ретінде құқықтық реттеудің мазмұнын анықтауға, құқықтық нормаларды нақтылауға және олардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында құқықтық дефинициялар белгілі бір заңдық ұғымдарды түсіндіру және құқықтық нормаларды жүйелендіру мақсатында жиі қолданылады.

Нормативтік құқықтық актілердің құрылымында терминология ерекше маңызға ие. Терминдер – құқық шығармашылығымен айналысатын субъектінің еркін білдіру үшін қолданатын белгілі бір ұғымдардың тілдік таңбалануы. Олар құқықтық мәтіннің дәлдігі мен мазмұндық айқындығын қамтамасыз ету құралы ретінде қарастырылады. Терминдер жалпы үш санатқа бөлінеді: біріншісі – күнделікті өмірде қолданылатын жалпы тілдік терминдер; екіншісі – арнайы заңи ұғымдар (мысалы, талап қою, қоса қатысушы, кінә және т.б.); үшіншісі – заңи емес, бірақ құқықтық актілерде қолданылатын кәсіби немесе салалық терминдер. А.С. Пиголкиннің Декарттың сөздерін мысалға келтіре отырып, «сөздердің мағынасын анықтау арқылы әлемді оның адасушылықтарының жартысынан арылту» қажеттігін атап көрсетуі өте орынды. Ол былай деп жазады: «Құқықтық терминдерді нақты және анық түсіну нормативтік актілерде олардың барынша дәл, қысқа әрі нақты анықтамаларының берілуі арқылы сәтті жүзеге асады. Құқықтық терминдердің нақты анықтамалары, яғни дефинитивтік нормалардың мазмұнын құрайтын ұғымдар, құқық шығармашылығының заңи мәдениетін арттырудың, заңдылықты нығайтудың қажетті шарты болып табылады» [201, 12].

Дефиниция (латын тілінен — definitio, анықтау, шектеу) — логикалық және құқықтық категория, ол белгілі бір ұғымның мәнін ашып, оның шекарасын анықтайды. Құқықтық дефиниция — заң нормаларында қолданылатын құқықтық ұғымдардың мазмұнын дәл, нақты әрі толық ашатын заң техникасының маңызды элементі.

Құқықтық интерпретацияның (түсіндірудің) мәні – ұғымдар арасындағы байланысты орнатып, соның негізінде сол ұғымға қатысты түсіндірме бейнесін жасау, ал бұл бейне осы ұғымның дефинициясы болып табылады. Көбінесе құқықтық нормаларды түсіндіру барысында интерпретацияның мағынасын дәл ашуға мүмкіндік беретін қосымша дефинициялар енгізіледі. Осыған байланысты Н.А. Власенконың: «құқықты түсіндіру мен дефинияларды қалыптастыру — табиғи өзара байланысты құбылыстар» деген пікірі орынды деп айтуға болады» [202].

Құқықтық реттеуде дефинициялардың маңызын асыра бағалау қиын. Өйткені құқықтық ұғымдар бастапқы материал рөлін атқарады, олар құқық шығармашылығы мен құқық нормаларын жүзеге асырудың бағдаршамы және заң ғылымында білімдерді жинақтау құралы болып табылады. Бұл тек қана нақты дефинициялар арқылы, яғни ұғымдар мен терминдердің ең маңызды қасиеттерін даралау мен бөліп көрсету арқылы мүмкін болады. Осыған байланысты дефинициялардың рөлі құқықтық ұғымдардан кем емес, себебі дәл осы дефинияларда құбылыстар мен объектілердің негізгі белгілері көрініс табады. Құқықтық дефинияның міндеті - мамандар атап өткендей, белгілі бір құбылыстар мен заттар класына тән «өзгермейтін» басты белгілерді бейнелеу болып табылады.

Құқықтық дефинициялар құқықтық реттеудің құрылымында маңызды жүйелеуші және нақтылаушы құрал ретінде танылады. Құқық нормалары мен құқықтық ұғымдар өзінің табиғаты бойынша абстрактылы және мазмұны жағынан жиі айқын емес сипатта болады. Мұндай ерекшелік құқықтың жүйелілік пен тұрақтылық талаптарына қайшы келмейді, керісінше, оның әмбебаптығы мен икемділігін қамтамасыз етеді. Алайда құқық нормаларын қолдану кезінде ұғымдардың анықталмағандығы белгілі бір қиындықтар туғызады. Осы тұрғыдан алғанда, құқықтық дефинициялар құқықтағы абстрактылық пен белгісіздікті жеңіп, заң мәтіндеріндегі және құқықты қолдану тәжірибесіндегі нақтылық пен айқындықты қамтамасыз етудің басты құралы болып табылады. Дефинициялар арқылы құқықтық ұғымдардың мәні ашылады және олардың негізгі, тұрақты белгілері айқындалады, бұл құқық нормаларының дұрыс қолданылуы мен біркелкі түсіндірілуіне негіз болады [203].

Құқық шығармашылығы процесінде құқықтық дефинияларға ерекше мән бере отырып, В.Ю. Картухин құқықтық дефинициялардың құқық шығармашылығы техникасының дәстүрлі элементі болып табылатынын атап көрсетеді. Ғалымның пайымдауынша, құқықтық дефиниция – бұл құқықтық қатынастардың мәнді, сапалық белгілерін бейнелейтін ұғымдардың анықтамасы [204, 25].

Құқықтық дефинициялардың дамуына адам құқықтарына деген қызығушылықтың артуы да елеулі әсер етті. Адам құқықтары декларативтік сипаттан шығып, нақты әрекет ететін және құқықтық нормалардың мазмұнын, мағынасын, қолданылу тәртібін айқындайтын тетікке айналғаннан кейін, оларды нормативтік актілерде айқын әрі түсінікті түрде бекіту қажеттілігі туындады. Бұл талап құқық нормаларының біркелкі түсіндірілуі мен қолданылуын қамтамасыз ету және билік органдары тарапынан болуы мүмкін субъективизм мен еркіндіктің алдын алуға бағытталған. Мұндай мақсатқа қол жеткізудің пәрменді құралдарының бірі — легальды дефинияларды қолдану болып табылады. Егер кейбір жағдайларда заң шығарушы құқықтық норманың мазмұнын екіұшты етіп, мемлекеттік органдардың мүддесіне сай түрліше түсіндіруге мүмкіндік беретіндей етіп тұжырымдаса, ол күрделі, бейтарап немесе жасырын формалар мен формулировкаларды қолдануы мүмкін. Мұндай жағдайда заң мәтіндерінде нақты дефинициялар берілмейді немесе олар әдейі бұлыңғыр жазылады. Керісінше, егер құқықтық нормаларды әзірлеу процесі тұлғаның құқықтарын тиімді қорғауға және құқықтық реттеудің айқындығына бағытталса, заң шығарушы норманың кез келген екіұштылығын жоюға тырысады, арнайы және құқықтық терминдердің мағынасын дәл әрі толық ашатын дефинициялар ұсынады.

Алимбеков М.Т. пікірінше, дефинияларды келесі түрлерге жіктеу қажет:

- заңнамалық дефинициялар (заңнамалық немесе нормативтік құжаттарға негізделген);

- сот практикасына негізделген дефинициялар (яғни, сот шешімдерінен туындайтын);

- доктриналық дефинициялар (жекелеген автор немесе қандай да бір құқықтық мектеп ұсынған) [205, 122].

Осы пікірмен келісе отырып, ғылыми әдебиеттер мен құқық қолдану тәжірибесінде дефинияларды олардың қайнар көздеріне байланысты бірнеше түрге жіктеуге болады. Атап айтқанда, құқықтық дефинициялар келесі негізгі түрлерге бөлінеді:

Заңнамалық (легальды) дефинициялар — бұл заң шығарушы тарапынан қабылданған заңдарда немесе басқа да нормативтік құқықтық актілерде тікелей бекітілген ұғымдар мен терминдердің ресми анықтамалары. Аталған дефинициялар құқық шығармашылығы мен құқықты қолдану процесінде міндетті сипатқа ие болып табылады және құқықтық реттеудің бірыңғайлығын қамтамасыз етеді.

Сот практикасына негізделген дефинициялар — сот актілерінде, соның ішінде соттардың шешімдерінде, қаулыларында, құқықтық позицияларында қалыптасқан ұғымдар мен категориялардың түсіндірмелері. Мұндай дефинициялар соттардың құқық нормаларын қолдану барысында жасалатын түсіндіру қызметінің нәтижесінде пайда болады және заңның ресми мәтінінде бекітілмеген жағдайда құқықты қолдануда маңызды бағыт-бағдар береді.

Доктриналық дефинициялар — заң ғылымында жекелеген авторлар, ғылыми мектептер немесе ғылыми қауымдастықтар ұсынған ұғымдар мен терминдердің теориялық түсіндірмелері. Доктриналық дефинициялар міндетті

күші болмаса да, ғылыми айналымда кеңінен қолданылып, заң шығармашылығы мен құқықты қолдану процесінде елеулі ықпал етеді. Осы жіктеу құқықтық дефиниялардың көпқырлы табиғатын көрсетеді және олардың нормативтік-құқықтық жүйедегі рөлін тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді.

Құқықтық дефиниялар құқық шығармашылығы техникасының қарапайым құралы ғана емес, сонымен бірге дербес құқықтық норма ретінде де танылады. Дефиниялардың міндетті сипаты олардың мазмұнын бұрмалау немесе тиісті талаптарды сақтамау құқық субъектілері үшін жағымсыз және құқықтық жауаптылыққа алып келетін құқықтық салдарға ұшырататынын көрсетеді. Бұл ерекшелік құқықтың барлық салаларына тән болып табылады және құқық нормаларын дұрыс қолданудың кепілі ретінде танылады.

Құқық өзінің күрделі табиғатына, ішкі құрылымы мен терминологиялық ерекшеліктеріне байланысты кәсіби білім мен арнайы даярлықты талап етеді. Сонымен қатар, құқық нормаларының әрекеті тек кәсіби заңгерлермен шектелмей, барша азаматтарға бағытталғандықтан, құқықтық нормалардың айқындығы мен қолжетімділігі ерекше маңызға ие. Осыған орай, құқық шығармашылығы барысында құқықтық актілердің мәтіні қарапайым азаматтар үшін де түсінікті әрі мазмұны жағынан біржақты болуы тиіс.

Құқықтық дефиниялар осы мақсатқа қол жеткізудің маңызды әдістерінің бірі болып табылады, өйткені олар нормативтік құқықтық актілерде қолданылатын негізгі ұғымдар мен терминдердің мәнін ашуға мүмкіндік береді. Дефиниялар құқық нормаларының түсініктілігін, анықтығын қамтамасыз ете отырып, құқықтық қатынастарды реттеудің тиімділігін арттырады және құқықты дұрыс түсінудің алғышарты болып табылады. Сонымен қатар, дефиниялар құқық қолдану тәжірибесінде нормативтік ережелердің біркелкі және жүйелі түрде қолданылуын қамтамасыз ететін маңызды құрал ретінде танылады.

Құқықтық дефиниция құқықтық ұғымның немесе құқықтық құбылыстың барлық ерекшеліктерін ортақ әрі абстрактылы формада қамтуы тиіс, сондай-ақ күнделікті қолданыстағы тілден алынған терминдерге нақты құқықтық мазмұн дарытуы қажет. Логикалық тұрғыдан дұрыс құрастырылған анықтама кез келген екіұштылықты болдырмайды және құқық нормасын немесе құқық нормаларының тобын түсіндіру мен қолдануды айқын әрі сенімді етеді [206, 23].

Осыған орай, құқықтық дефиниялар келесі талаптарға сай болуы тиіс:

- дефиниция мүмкіндігінше толық болып, жинақталған құбылыстардың тек маңызды, мәнді белгілерін ғана көрсетуі керек;

- көрсетілген белгілердің құқықтық мәні болуы тиіс, яғни олар нақты құқықтық маңызға ие болуға міндетті;

- дефиниция мен анықталатын ұғым көлемінің тепе-теңдігі сақталуы тиіс (адекваттылық қағидасы);

- дефиниция құрамында қарама-қайшы пікірлер болмауы қажет;

- дефинцияда анықталатын ұғымның өзінде қолданылатын терминдер қайталанбауы тиіс, яғни тавтологиядан алшақ болу керек. Аталған талаптар

құқықтық дефиниялардың ғылыми-дұрыстығын және нормативтік мәтіндердегі ұғымдардың мазмұнын айқын, түсінікті және бір мағыналы түрде баяндаудың басты шарты болып табылады.

Дефиниция ұғымының терең мәнін ұғыну үшін оларды бірнеше түрге жіктеу қажет деп есептеледі. Бұл жіктеу дефиниялардың құрылымы мен мазмұндық ерекшеліктерін саралауға мүмкіндік береді. Ғылыми әдебиетте және нормативтік құқықтық актілерде дефиниялар, негізінен, төмендегі түрлерге бөлінеді:

1) Салыстырмалы түрде толық емес дефиниялар – мұндай анықтамаларда белгілі бір негізгі белгілер ғана көрсетіледі, бірақ ұғымның толық мазмұнын ашпайды. Мысал ретінде ҚР Азаматтық кодексінің 147-бабында берілген анықтаманы келтіруге болады: «азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәмілер деп танылады» [154]. Бұл анықтама мәміле ұғымының құқықтық табиғатын жалпы сипаттайды, бірақ оның барлық құқықтық белгілерін толық қамтымайды.

2) Салыстырмалы түрде толық дефиниялар – мұндай анықтамаларда ұғымның көптеген мәнді белгілері қамтылады, бірақ соған қарамастан кейбір маңызды аспектілер назардан тыс қалуы мүмкін. Мысал ретінде Азаматтық кодекстің 33-бабында берілген заңды тұлғаның анықтамасын келтіруге болады: «Заңды тұлға деп меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым танылады. Заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы болуға тиіс» [154]. Бұл дефинияда заңды тұлғаның негізгі құқықтық белгілері көрсетілгенімен, кейбір теориялық және практикалық мәні бар сипаттамалар ашылмаған. Осылайша, дефиниялардың салыстырмалы толықтығы олардың практикалық тиімділігі мен ғылыми деңгейін айқындайды.

Дефиниялар мен құқық қолдану практикасын осы аспектіде қарастыру орынды. Себебі құқық қолдану тәжірибесінің нәтижесінде құқық нормаларының үлгілері, сондай-ақ практикалық құқықтық қызмет барысында қалыптасатын құқықтық дефиниялар пайда болады. Мұндай дефиниялар құқықтық ұғымдардың дамуына ықпал етеді және, сайып келгенде, құқық жүйесі мен құқықтық мәдениеттің жетілуіне қызмет етеді. Құқықтық дефиниялар арқылы құқықтық категориялардың, ұғымдардың, институттардың мазмұны нақтыланып, олардың мән-маңызы айқындалады. Дәл осы механизм құқықтық реттеудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Құқықтық практиканың ерекше күрделілігі мен маңыздылығы оның құрылымының көпқырлылығында және түрлі құқық қолданушы субъектілердің қызметін қамтитындығында көрініс табады.

Сонымен қатар, құқықтық тәжірибе аясында маңызды рөлді сот практикасы атқарады, себебі дәл осы салада сот дефиниялары қалыптасады. Сот дефиниялары нормативтік актілерде бекітілген немесе заң шығарушы тұжырымдамаған ұғымдарды нақтылауға, олардың мазмұнын түсіндіруге және

соттардың құқықты қолдануда біркелкі тәсілдер қалыптастыруына септігін тигізеді. Сот дефинициялarының құқық жүйесіндегі орны мен маңызы, сондай-ақ олардың құқықтық реттеуді жетілдірудегі рөлі қазіргі заманғы құқық ғылымында және заң тәжірибесінде ерекше маңызға ие.

Шынында да, дәстүрлі құрылымға ие нормативтік құқықтық актілер туралы сөз қозғалғанда, олардың құрамында көп мөлшерде анықтамалардың (дефинициялардың) болуы құжаттың қабылдануын қиындатып, көлемін арттырып, күрделі сипат беруі мүмкін. Кейбір жағдайларда бұл нақты қоғамдық қатынастарды реттеу үдерісін тежеп, құқық қолдануды қиындататыны байқалады. Осы тұрғыдан қарағанда, нормативтік қаулылардың құқықтық мәні – интерпретациялық (түсіндіруші) актілер ретіндегі табиғаты олардың мазмұнында түрлі ұғымдардың мәнін ашатын анықтамалардың болуын заңды түрде талап етеді. Өйткені мұндай қаулыларда дәл сол құқықтық терминдер мен ұғымдарға түсінік беріліп, олардың мағынасы нақты әрі анық баяндалады. Сонымен бірге, нормативтік қаулылар құрамындағы дефинициялар құқық нормаларын дұрыс әрі біркелкі түсіндіруге және қолдануға бағытталады. Мұндай тәсіл құқық қолдану тәжірибесінің сапасын арттыруға, құқықтық түсініктер мен ережелердің бірыңғай қолданылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық-құқықтық қатынастарды реттеудегі ерекше рөлін атап өткен жөн. Бұл ерекшелік ең алдымен азаматтық заңнаманың құрылымдық сипатына байланысты. Себебі, азаматтық заңнамада көптеген бағалау сипатындағы ұғымдар мен нақты анықталмаған терминдер кездеседі. Мәселен, «ақылға қонымды мерзім», «ұзақ уақыт», «пайдасына», «маңызды бұзу», «дереу», «азаматтық айналым», «әдет-ғұрып», «ұсақ-түйек тұрмыстық мәміле» секілді ұғымдар заң мәтінінде қолданылғанымен, олардың мазмұны заңнамалық деңгейде нақты айқындалмаған [154]. Осындай жағдайларда заңнаманың тұрақты қолданылуы мен біркелкі түсіндірілуі үшін дефинициялар мен түсіндірмелердің маңызы ерекше артады.

Аталған мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерде де пікірталастар орын алған. Ғалымдар құқықтағы бағалау ұғымдарының болуы заң шығармашылығының ажырамас элементі екенін, бірақ оларды дұрыс қолдану үшін құқық қолданушының жоғары кәсіби дайындыққа ие болуы қажет екенін атап өтеді [207, 45]. Сонымен қатар, Н.А. Власенко құқықтық дефинициялардың рөлін сипаттай отырып, оларды заң терминдерінің көпмағыналылығын жоюдың басты құралы ретінде қарастырады [149].

Азаматтық-құқықтық қатынастарды тиімді реттеу мен құқық қолдану тәжірибесінде құқықтық айқындық пен нақтылыққа қол жеткізу үшін Жоғарғы Сот өзінің нормативтік қаулыларында терминологиялық айқындамалар беруге және заң нормаларын толықтырушы дефинициялар жасауға мәжбүр. Бұл жағдай, әсіресе, соңғы жылдары жаңа құқықтық қатынастарды реттейтін заңдардың қабылдануына орай (мысалы, электрондық мәмілелер, цифрлық активтер, платформалық қызметтер) ерекше өзекті бола түсті.

Жалпы алғанда, дефинициялардың Жоғарғы Сот қаулыларында берілуі — құқықты дамыту мен құқық қолдану тәжірибесін жетілдірудің қажетті шарты болып табылады. Бұл қызметтің күрделілігі мен маңыздылығына қарамастан, кейбір авторлар оның жеткіліксіз бағаланатынын атап өтеді [208, 70]. Алайда, құқықтық доктрина мен тәжірибеде мұндай дефинициялarсыз құқықтың тиімділігі мен тұрақтылығы қамтамасыз етілмейтіні сөзсіз.

Нормативтік қаулылардағы ұғымдарды нақтылау шектеріне келер болсақ, олардың құқық қалыптастырушы сипатқа ие екенін атап өткен жөн. Себебі мұндай қаулыларда бұрыннан қалыптасқан нормалар логикалық тұрғыдан дамытылып, жаңа ұғымдар мен анықтамалар енгізіледі, салыстыру, қарсы қою сияқты әдістер қолданылады. Яғни, бұл — зерттелетін мәселені жаңаша ұғындыруға бағытталған ойлау операциялары. Осындай жаңалық элементі болмаған жағдайда кез келген түсіндіру немесе пікір беру өзінің ғылыми және практикалық мәнін жоғалтады.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларында заң нормаларын нақтылаудың шектері деп заңмен белгіленген жалпы құқықтық нормалар мен нормативтік қаулыларда көрініс тауып, бекітілген нақтылаушы нормалардың арасындағы теңгерімді айқындайтын шекараны түсінген жөн.

Құқықтық реттеу механизмінде көрсетілген теңгерімді айқындайтын шектердің бұзылуы, яғни жеткіліксіз немесе артық нақтылаудың орын алуы құқықтық реттеу тетігінің теңгерімсіздігіне әкелуі мүмкін және соның салдарынан қоғамдық қатынастар қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерінің шектелуіне немесе өзге де бұзылуына әкеп соғуы ықтимал. Кейбір жағдайларда мұндай нақтылау тіпті пайдасыз, тіптен зиянды және құқық қолдану тәжірибесін дискредитациялайтын сипатта болуы мүмкін. Мәселен, бізге таныс нормативті қаулы, біздің ойымызша, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 10 шілдедегі «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» нормативтік қаулысында кейбір бастапқы нормалардың жеткіліксіз нақтылануы оның 2-тармағында көрініс тапқан, ол Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңының 1-бабының 8) тармақшасының мәтінін бірнеше сөзді қоспағанда, сөзбе-сөз қайталайды. Нәтижесінде, аталған тармақта дефиниция мәнін ұғынуда жеткілікті жаңалық енгізілмей, заң мәтіні жай ғана қайталанған. Бұл жағдайда нормативтік актінің логикасына, құқықтық құрылымына қойылатын талаптар толық көлемде сақталмаған, себебі нормативтік ұйғарымдарды қайталауға жол бермеу қажет.

Осы айтылғандарды ескере отырып, нормативтік қаулыларда құқықтық дефинацияларды мынадай жағдайларда қолдану орынды деп санаймыз:

- егер ұғым құқықтық сипатқа ие болып, құқықтық норманың бастапқыда көзделген жалпы мақсаты мен мазмұнын ашуда негізгі мәнге ие болса;

- егер құқықтық емес ұғым реттелетін құқықтық қатынастардың негізі мен ерекшелігін білдірсе және бұл ұғымды білдіретін термин жалпыға бірдей қолданылатын болмаса, оның мағынасы көпшілікке танымал болмаса, яғни термин арнайы кәсіби немесе шетелдік сөз ретінде пайдаланылса;

- егер нормативтік қаулы мәтінінде жалпы қолданыстағы сөз қайта ой елегінен өткізіліп, оған әдеттегі мағынасына қарағанда басқа мазмұн берілсе;

- егер сөздің күнделікті қолданыста бірнеше мағынасы болса;

- егер нақты құқықтық норма мақсаттары үшін ұғымның жекелеген белгілері маңызды рөл атқарса [209, 14].

Сонымен қатар, нормативтік қаулы мәтінінен туындайтын тағы бір маңызды талап – құқықтық талаптардың анықтығын қамтамасыз ету үшін оның терминологиялық бірізділігін сақтау. Бұл қағида құқық шығару барысында бірыңғай терминологияны, құқықтық құрылымдар мен тұжырымдарды, сондай-ақ унификацияланған құқықтық тілді қолдануды көздейді. Терминдердің, ұғымдардың және құқықтық конструкциялардың тұрақты және стандартталған сипатта болуы құқықтық нормаларды дұрыс және біркелкі түсіндірудің міндетті шарты болып табылады.

Өз кезегінде, нормативтік қаулыларда қолданылатын арнайы терминология заң мәтіндерінің ішкі логикасын қамтамасыз етеді және құқық қолдану процесінің тиімділігіне тікелей ықпал етеді. Егер құқықтық актіде бір ұғым әртүрлі мағынада немесе әртүрлі терминдермен берілсе, бұл заң нормаларын қолданушыларда түсінбеушілік туғызып, нормаларды әртүрлі түсіндіруге және, сайып келгенде, құқықтарды қорғау мен жүзеге асыру тетіктерінің әлсіреуіне әкеп соқтырады. Ал, керісінше, терминологиядағы бірізділік пен анықтық нормативтік қаулыны ғана емес, сонымен қатар бүкіл құқықтық жүйені тұрақты әрі сапалы етеді.

Осы ретте нормативтік қаулыда қолданылатын ұғымдар мен терминдер тек дәл әрі нақты ғана емес, сонымен қатар бірдей мазмұнды иеленуі тиіс. Термин бір қаулыда немесе бірнеше қаулыда қолданылса да, оның мағынасы әрдайым тұрақты әрі өзгеріссіз сақталуы қажет. Мұндай талаптың орындалуы құқық қолданушыға құқықтық норманы дұрыс ұғынуға және нақты қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл ұстаным азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімділігін арттырады және заңдылық принципінің мүлтіксіз сақталуына негіз болады [210].

Сондықтан да нормалар-дефинициялар ғылыми негізге сүйенуі тиіс және оларды қалыптастыру барысында тиісті құқық саласындағы ғылыми қағидалар мен құқықтық ғылымның жетістіктеріне барынша сәйкес келетін бірыңғай және үйлестірілген (унификацияланған) ұстанымдар басшылыққа алынуы қажет. Бұл құқықтық анықтамалардың жүйелілігі мен логикалық тұтастығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, құқық қолдану процесінде құқықтық айқындықтың бұзылуына жол бермеу үшін Жоғарғы Сот тарапынан бұрынғы берілген түсіндірмелердің мәнін қайта қарастырып, қосымша актілер қабылдау тәжірибесі шектелуге тиіс. Себебі мұндай қайшылықты және өзгермелі ұстанымдар нормативтік қаулылардың беделін төмендетіп, құқықтық тұрақтылық пен предсказуемость қағидаларына қайшы келеді. Осыған орай, нормалар-дефинацияларды қалыптастыру кезінде бірізділік пен ғылыми дәйектілік сақталып, олардың мазмұны даусыз әрі нақты айқындалуы қажет.

Құқықтық нұсқаулардың айқындығы мен нақтылығы, сондай-ақ нормативтік қаулы мәтінінің заң шығармашылығының мазмұны мен

мақсаттарына дәл сәйкестігі оның тілдік ерекшеліктерін нақтылау міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл ретте нормативтік қаулы мәтінінің дәлдігі мен анықтығы нақты ғылымдар саласындағы дәлдіктен кем емес, керісінше, одан да маңызды деп айту артық болмас еді. Себебі құқық нормалары құқық қолданушыларға құқықтық реттеу құралдарының көмегімен заңды мінез-құлықтың шекаралары мен тәртібін айқындайды, ал оның кез келген мағынасыздығы немесе екіұштығы құқықтық тұрақсыздық пен құқық қолдану тәжірибесінде қайшылықтарға әкеп соғады. Сондықтан нормативтік қаулы мәтіні құқық қолданушылар үшін барынша түсінікті, ұғынықты және дәл болуы тиіс. Тілдік нақтылық пен терминологиялық бірізділік заң нормаларының тиімділігі мен олардың дұрыс қолданылуының басты шарттарының бірі болып табылады [211, 68].

Ұлттық заңнаманың сапасы мен тиімділігіне тікелей әсер ететін факторлардың бірі — сот жүйесінің қызметі және оның заңнамалық процестегі рөлі. Бұл тұрғыда соттар заң нормаларын тікелей қолданумен қатар, заңшығарушылық қызметтің сапасын арттыруда және құқықтық дефинициялардың қалыптасуында ерекше маңызға ие.

Біздің ойымызша, сот жүйесі заңнаманың формалдық заңдылығын ғана емес, сонымен бірге құқық нормаларының айқындығын, жүйелілігін және дефинициялардың сапасын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Соттардың заңнаманы жетілдіруге ықпал етуінің бірнеше бағыттары атап өтуге болады:

- заң нормаларындағы олқылықтар мен қайшылықтарды сот практикасы арқылы анықтау;
- заңды қолдану барысында туындайтын құқықтық түсініксіздіктерді айқындау;
- құқықтық дефиницияларды нақтылау және жетілдіру бойынша ұсыныстар беру;
- құқықты қолдану тәжірибесін жүйелендіру арқылы заң шығарушыға кері байланыс ұсыну.

Сонымен қатар, нормативті қаулыларда қалыптасатын құқықтық позициялар заң нормаларының кемшіліктерін анықтап қана қоймай, оларды жетілдіруге бағытталған құқықтық дефиницияларды нақтылауға негіз болады. Бұл процесс заң техникасының сапасын арттыруға және құқық қолдану тәжірибесінде бірізділікті қамтамасыз етуге ықпал етеді [212].

Нормативтік қаулылар құқықтық реттеуде айтарлықтай рөл атқаратынын ескере отырып, оларды әзірлеу және қабылдау барысында заң техникасының белгілі бір теориялық және практикалық қағидаттарын басшылыққа алу қажет. Жалпы алғанда, ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары мен олардың құрамында жиі кездесетін дефинициялар жеткілікті дәрежеде айқындылықпен сипатталады. Бұл мысалды ҚР Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы №9 «Соттардың жылу және электр энергиясы үшін берешекті өндіруге байланысты заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысынан (2024 жылғы 28 қарашадағы өзгерістермен) көруге болады. Аталған қаулыда «жылжымайтын мүлікке құқық ауыртпалығы» ұғымының құқықтық анықтамасы жеткілікті дәрежеде жан-жақты баяндалған.

Атап айтқанда, бұл қаулыда: «жылжымайтын мүлікке құқық ауыртпалығы деп, Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе тараптардың келісімімен белгіленген тәртіп негізінде пайда болатын және құқық иесінің жылжымайтын мүлікке иелік ету, оны пайдалану және (не болмаса) билік жүргізу құқығын шектеу арқылы көрініс табатын кез келген шектеу түсініледі» деп нақты көрсетілген [213]. Осы мысалда жылжымайтын мүлікке қатысты жүктеме дефинициясы құқықтық нақтылау арқылы ашылған және меншік иесінің өкілеттіктері мен олардың шектерінің мазмұны көрсетілген.

Бұдан көретініміз, нормативтік қаулыларда қолданылатын дефинициялар арқылы құқықтық ұғымдарды нақтылау жүзеге асырылады, бұл өз кезегінде құқықты қолдану барысында туындайтын түсінбеушіліктерді болдырмауға және заң нормаларын біркелкі қолдануға септігін тигізеді. Осы тұрғыдан алғанда, нормативтік қаулылардағы дефинициялар құқықтық реттеу сапасын арттыратын маңызды құрал болып табылады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қабылдайтын нормативтік қаулылар азаматтық айналымдағы құқықтық қатынастарды дұрыс реттеуде және біркелкі қолдануда шешуші рөл атқарады. Қаулылардағы құқықтық дефинициялар заң нормаларының мазмұнын ашып қана қоймай, оларды практикада дұрыс қолданудың кілтіне айналады. Осыған байланысты құқықтық дефинияларды әзірлеу мен қолдану барысында төмендегідей ұсынымдар беруге болады:

1. Жоғарғы Сот дефинияларды қалыптастыруда тиісті құқық саласының теориялық жетістіктеріне сүйенуі қажет. Дефинициялар ғылыми дәлелді, ұғымдық жағынан дәйекті және логикалық жағынан толыққанды болуы тиіс.

2. Жоғарғы Сот дефинициялары қолданылып жүрген заңнама нормаларымен үйлесуі, оларға қайшы келмеуі және қолданыстағы заңнаманың жүйесімен өзара байланыста болуы қажет. Бұл дефинициялар мен заң нормалары арасындағы қайшылықтардың алдын алады.

3. Нормативтік қаулылардағы дефинициялар практикалық маңызға ие болуы, құқық қолданушы органдар мен соттардың нақты істерді шешуде қолдануына ыңғайлы болуы қажет. Дефиниция құқықты дұрыс түсіндіру мен қолдануды қамтамасыз етуі керек.

4. Нормативтік қаулыларда қолданылатын құқықтық терминдер мен дефинициялар құқық жүйесінің басқа актілеріндегі ұғымдармен үйлесімді және бірыңғай болуы тиіс. Терминологиялық тұрақтылық құқықты біркелкі түсінуге мүмкіндік береді.

5. Жоғарғы Сот тек шын мәнінде қажетті жағдайларда ғана дефиниция беруге тиіс. Егер ұғым заңда немесе қалыптасқан доктринада жеткілікті түрде ашылған болса, оны қайтадан дефинициялау артық болады. Сонымен қатар, берілген дефиниция толық, мазмұнды және айқын болуы қажет.

6. Дефинициялар жаңа құқықтық қатынастарды реттеу кезінде пайда болатын құқықтық олқылықтарды толтыруға бағытталуы тиіс. Олар заңның мақсаттары мен қағидаттарын ескере отырып, құқық нормаларын дамытатын элементке айналуы керек.

7. Жоғарғы Сот дефинициялардың өзгерту немесе қайта қарау кезінде олардың тұрақтылығын қамтамасыз етуі тиіс. Себебі, дефинициялардың жиі өзгеруі құқықтық тұрақтылық пен болжамдылық қағидатына қайшы келеді.

Жоғарғы Соттың нормативтік актілерінде ұсыныстар құқықтық ұғымдарды қалыптастыру және жетілдіру процесінің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ құқық қолдану практикасын біріздендіруге және құқықтық реттеу сапасын жақсартуға бағытталған.

3.4 Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының логикасы

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары ерекше құқықтық мәнге ие және заң нормаларын қолданудағы негізгі бағыт беруші интерпретациялық актілердің бірі болып табылады. Бұл қаулылар заңнаманың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етіп қана қоймай, құқық нормаларын түсіндіру мен нақтылау арқылы құқықтық реттеу тетігінің тиімділігіне үлес қосады. Бұл кезекте, нормативтік қаулылардың логикасы, солардың заңнаманың жалпы қағидаттарына ұқсастығы, заңның идеясына негізделуі және құқық нормаларын реттеудегі ерекшеліктері кешенді түрде зерттеуді кажет етеді.

Нормативтік қаулылардың логикалық құрылымы ең алдымен Қазақстан Республикасының Конституциясында және салалық заңдарда бекітілген құқықтың жалпы қағидаттарына сүйенеді. Осы қағидаттарға заңдылық, әділеттілік, құқық теңдігі, диспозитивтік және императивтік бастаулардың үйлесімділігі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, құқықтық анықтылық жатады. Жоғарғы Сот өзінің нормативтік қаулыларында осы қағидаттарды міндетті түрде басшылыққа алады, себебі бұл құқық қолдану тәжірибесінде заң нормаларының дұрыс және бірізді қолданылуының кепілі болып табылады.

Мысалы, азаматтық құқық саласында қалыптасқан Жоғарғы Соттың бірқатар нормативтік қаулылары азаматтық айналым қатысушыларының теңдігі мен диспозитивтік қағидатын нақтылап қарастырады [214]. Құқық қолдану тәжірибесінде тараптардың теңдігі мен келісім бостандығы қағидаттарын сақтамау құқық бұзушылықтарға әкеп соқтырады. Сондықтан нормативтік қаулы логикасының маңызды шарты — оның заң қағидаттарына толық сәйкестігі.

Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау кезінде логиканың ерекше рөлін ескере отырып, бұл мәселеге жеке тоқталу қажет. Практика көрсетіп отырғандай, формальды логика қағидаларын білу және оларды дұрыс қолдану құқық шығармашылығы қызметі үшін үлкен маңызға ие.

Нормативтік қаулылардың логикасын ашу үшін бұл ұғымды логиканың классикалық анықтамасы арқылы талдаған жөн. Ғылыми әдебиеттерде логика көбінесе келесідей сипатталады: логика — бұл теориялық ғылым, философияның бір саласы болып табылатын, нақтылық заңдылықтарын

формальды және ұғымдық тұрғыдан зерттейтін ғылым. Демек, логика — ойлаудың әмбебап тәсілі мен пайымдау техникасы ретінде көрініс табады және ол зерттелетін объектіге немесе қолданылатын ғылым саласына тәуелсіз әмбебап сипатқа ие.

Осы тұрғыдан алғанда, логика — кез келген құқықтық құжат, оның ішінде Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары сияқты күрделі құқықтық актілерді құрудың іргелі әдістемелік негізі болып табылады. Логика қағидаларын ескеру арқылы нормативтік қаулы құрылымдық жағынан жүйелі, ұғынықты және ішкі қайшылықтардан таза болады.

Нормативтік құқықтық актілерді құрастыру барысында белгілі бір логикалық қағидаларды сақтау қажет екендігін атап өту маңызды. Бұл қағидалардың бір бөлігі жалпы сипатқа ие және барлық құқықтық құжаттарға, оның ішінде нормативтік қаулыларға да қатысты. Оларға мыналар жатады:

- терминдерді біркелкі және тұрақты қолдану;
- құқықтық құжаттың түрлі бөліктерінің өзара үйлесімділігі;
- әртүрлі құқықтық актілердің өзара үйлесімділігі;
- құқықтық құжаттың жекелеген бөліктері арасында қайшылықтардың болмауы;
- әртүрлі құқықтық актілер арасындағы қайшылықтардың болмауы;
- құқықтық актілерді қалыптастыру кезінде ойлау әрекеттерінің дәйектілігі.

Сонымен қатар, құқық шығармашылығы процесінде қолданылатын логиканың арнайы ережелеріне де назар аудару қажет, олар:

- нормативтік құқықтық актіні қабылдау себептерін негіздеу (мотивация қағидасы);
- нормативтік актінің жалпы заңнамалық жүйе қағидаттарына сәйкестігі;
- нормативтік актіде берілетін құқықтық жалпылаулардың біртектілігі (салалық типтендіру қағидасы);
- нормативтік нұсқауларды жіктеу;
- құқық нормасының барлық логикалық элементтерін реттеу;
- нормативтік нұсқаулардың санкциялармен қамтамасыз етілуі;
- логикалық нормалардың қайталанатын элементтерін ықшамдау (біріздендіру тәсілі) [215, 214].

Осы қағидаларды сақтау Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларына ғана емес, тұтастай алғанда, барлық құқықтық актілердің сапасын арттыруға, құқық қолдану практикасында олардың тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өз кезегінде, нормативтік қаулылардың ішкі қисынын құқық шығармашылығы үдерісінің теориялық іргетасы ретінде қарастыруға болады. Құқықтық нормаларды қалыптастыру техникасының құрамдас бөлігі ретінде ол құқықтық норманың мәні мен оның нормативтік қаулы мәтініндегі көрінісі арасындағы мазмұндық тұтастықты қамтамасыз етеді.

Нормативтік қаулыларды әзірлеу жүйесін қалыптастыру барысында құқық нормаларын олардың мәтіндік үлгісінде іске асыруға бағытталған нақты тәсілдерді қолдану орынды болар еді. Бұл – құқық шығармашылығына

тартылған субъектілер таныған және зерделеген заңдылықты тілдік формада дәл әрі айқын бейнелеуді білдіреді. Мұндай нәтижеге қол жеткізу логикалық тұрғыдан жүйелі дайындықсыз, ғылыми тұрғыда негізделген стильсіз және құқық нормасының жалпыға танылған тілдік құрылымынан едәуір ерекшеленетін (түсіндіруші сипаттағы) арнайы тілдік әдістерсіз мүмкін болмайды.

Құқық шығармашылығында идея, ой, ниет пен олардың мәнін жеткізетін нормативтік қаулы мәтіні арасында мағыналық алшақтық орын алған жағдайда бұл елеулі кері салдарға әкелуі ықтимал: құқық шығармашылығының көзделген мақсатына жетпеу, құқықтық қатынастарды реттей алмау немесе оларды бұрмаланған, құқыққа қайшы негізде реттеу (қоғамдық мүддеге зиян келтіре отырып).

Д.А. Керимовтің пікірінше, құқықтық нұсқамалардағы логикалық жүйеліліктің бұзылуы, терминологиялық дәлсіздік, ұғымдар мен тұжырымдардың анық еместігі – көптеген сұранымдардың туындауына, жиі өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, әртүрлі әрі қайшы келетін түсіндірулер мен құқықтық ұстанымдардың қалыптасуына әкеледі. Мұндай жағдайлар уақытты, ресурсты және күшті тиімсіз жұмсауға себеп болады, сондай-ақ артық бюрократиялық кедергілер туғызып, құқықтық норманың мәнін бұрмалауға және оны дұрыс қолданбауға жол ашады.

Іс жүзінде осындай кемшіліктер мен дәлсіздіктерге жол бермеу үшін нормативтік қаулыларда олардың ішкі құрылымдық элементтері арасындағы қажетті мазмұндық байланыстар жүйесіне сүйену қажет. Бұл байланыстар жиынтығы нормативтік қаулыны тұтас мағыналық құрылым ретінде сипаттайды. Мұндай жүйе қаулының мазмұндық тұтастығын, бірыңғай мағыналық бағытын, құқықтық мақсатын және алғашқы түсіндірілуге жататын нормамен тікелей байланысын қамтамасыз етеді.

Логиканың маңыздылығы бұрынғы ғылыми еңбектерде де атап өтілген, онда құқық нормаларын түсіндіру – бұл логикалық мәні бар құқық нормасының мазмұны туралы пікірлер арқылы көрініс табатын ойлау процесі екендігі көрсетілген [24, 41]. Демек, логика құқық нормаларын нақтылаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Ал Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары нормативтік құқықтық актілердің ерекше түрі ретінде заң нормаларын нақтылауға және егжей-тегжейлі түсіндіруге бағытталған. Нормативтік қаулылар мәтінінде жиі кездесетін мынадай тұжырымдар: «Соттар назар аударуға тиіс...», «Кәсіпкерлік не өзге де қызметті лицензиясыз жүзеге асыруға байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы ретінде машиналарды, жабдықтарды, станоктарды, механизмдерді және басқа да техникалық құралдарды, сондай-ақ құқық бұзушылық жасалған кезде тікелей пайдаланылған шикізатты (жартылай дайын өнімдерді) түсіну керек...» – осындай үлгідегі формулировкалар олардың құқықты түсіндіру және нақтылау бағытындағы реттеуші-интерпретациялық мәнін анық көрсетеді [217].

Осыған байланысты, кез келген нормативтік қаулының логикалық құрылымына қойылатын негізгі талап – оның ішкі мазмұны мен тұжырымдары бірыңғай мақсатқа бағынуы тиіс. Яғни, нормативтік қаулы белгілі бір құқықтық

қатынастар жүйесін реттеуге бағытталған және бұл реттеу заң шығарушының еркін нақтылау мен ашып көрсету арқылы жүзеге асырылуы керек.

Нақты айтқанда, қоғамдық қатынастардың белгілі бір саласын құқықтық тұрғыдан реттеу – әрбір нормативтік қаулының басты логикалық желісі болуға тиіс және бұл оның құрылымдық және мазмұндық діңгегін қалыптастыратын шешуші фактор болуы қажет.

Нормативтік қаулының реттеуші-интерпретациялық сипаты оның мәтінінде құқықтық қатынастарға қатысушыларға белгілі бір жағдайларда нақты әрекеттерді орындау немесе олардан бас тарту міндеттелетін құқықтық нұсқамалардың қамтылуынан көрінеді. Нормативтік қаулы құқықтық қатынастар субъектілеріне осы актімен белгіленген жағдайларда міндетті түрде сақталуға тиісті мінез-құлық моделін айқындайды. Осылайша, құқық шығармашылығы нәтижесінде қабылданатын актінің негізгі логикалық мағынасы – құқықтық реттеу субъектілерінің қызметіне нақты сипат беру, олардың осы актіде қатаң түрде белгіленген әрекеттерді орындауын немесе белгілі бір әрекеттерден бас тартуын қамтамасыз ету болып табылады. Нормативтік қаулы нақты белгіленген мінез-құлық үлгісін бекітуге арналуы тиіс және оның талаптары құқықтық қатынастардың барлық қатысушылары үшін міндетті болып табылады.

Қолданыстағы құқықты жаңғырту мен жетілдірудің тиімді әрі нәтижелі құралы ретінде нормативтік қаулы өзінің мазмұнында құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін, олардың құқықтық мәртебесін нақты және дәл айқындауы, сондай-ақ құқықтық нұсқамалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-құқықтық шараларды анық әрі толық көрсетуді қамтамасыз етуі қажет. Тек осындай талаптарға жауап беретін нормативтік қаулы ғана құқықтық реттеудің тиімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Нормативтік қаулы логикасына қойылатын талаптардың бірі ретінде оның логикалық біртұтастығын атап көрсетуге болады. Кез келген нормативтік қаулы - құқықтық қатынастардың нақты бір кешенін реттеуге және оларға белгілі бір бағыт беру функциясын орындайтын бірыңғай және тұтас құжат болып табылуы тиіс. Құқықтық реттеу пәнінің айқындылығы нормативтік қаулының логикалық бірлігін, ішкі жүйелілігін қамтамасыз ететін басты кепіл болып саналады, себебі дәл осы айқындылық оның функционалдық мақсатының біртұтастығын және үйлесімділігін қалыптастырады. Нормативтік қаулының барлық құрамдас бөліктері бірыңғай мақсатқа - құқықтық қатынастардың нақты бір элементін жүйелеуге және реттеуге бағындырылуы тиіс.

Нормативтік қаулының логикалық бірлігі құқықтың жалпы сипаттамасы болып табылатын жүйелілік қасиетінің өзіндік жалғасы болып табылады. Құқықтың бірыңғай жүйесінің құрамдас бөлігі, элементі ретінде нормативтік қаулы нормативтік-интерпретациялық сипатты иелене отырып, құқықтық ықпал етудің тиімді құралы ретінде көрініс таба алады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 20 наурыздағы №2 «Соттардың азаматтық процестік заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» нормативтік қаулысындағы логикалық бірлік, ең алдымен, қаулының пәні

ретінде азаматтық іс жүргізу саласындағы нақты қатынастарды реттеуден көрініс табады. Мәселен, нормативтік қаулының 1-тармағында: «Заңдылық қағидатына және әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшем шарттарына жауап беретін сот актісін (шешімді, үйғарымды, қаулыны, сот бұйрығын) шығару мақсатында әрбір азаматтық істі қарау кезінде материалдық және процестік құқық нормаларын мүлтіксіз сақтау қажеттігіне соттардың назары аударылсын» [198], – деп нақты көрсетілген. Бұл жерде нормативтік қаулы талап қоюдың қабылдану тәртібін нақтылауға және бірыңғай қолдануға бағытталғанын көреміз. Сонымен қатар, қаулының барлық құрылымдық бөліктерінде (талап қоюды қабылдау, сот бұйрығы, дәлелдемелер, апелляциялық және қадағалау тәртібімен қарау) процестік нормаларды қолданудың бірізді түсіндірмесі беріледі. Осы арқылы қаулының құрылымы мен мазмұны логикалық жағынан өзара сабақтасып, оның әрбір нормасы бастапқы мақсатқа — азаматтық процесс қатысушыларының құқықтарын нақтылау мен қорғауға бағындырылған.

Нормативтік қаулының логикасына қойылатын келесі маңызды талап — оның логикалық жүйелілігі мен мағыналық аяқталғандығы болып табылады, бұл қаулының логикалық бірлігінің табиғи жалғасы ретінде көрініс табады. Нормативтік қаулының жүйелілігі мен аяқталғандығы оның құқықтық ықпалының тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі болып саналады. Бұл талап нормативтік қаулының құрылымдық және мазмұндық жағынан толыққанды болуын білдіреді. Яғни, әрбір нормативтік қаулы құқық субъектілерінің мінез-құлқын анықтайтын, құқықтық қатынастарды реттейтін функционалды дербес және жүйелі акт ретінде қабылдануы тиіс. Оның жүйелілігі мен құрылымы құқықтық реттеуді кезең-кезеңмен реттеуге, құқық қолданушылардың іс-қимылдарын дұрыс бағдарлауға және нормативтік қаулының регулятивтік және интерпретациялық ықпалын арттыруға мүмкіндік береді. Логикалық жүйелілік құқықтық реттеу процесінің сатылы және қисынды құрылымын қалыптастыру арқылы нормативтік қаулының мазмұны мен мақсатының толық және дәйекті жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Құқықтық нұсқама шеңберінде құқық элементтерінің толық әрі тұжырымды түрде көрініс табуы – құқық нормаларын білдіру және оларды ресми түрде бекіту мақсатындағы құқықтық актілердің тиімділігінің басты алғышарты болып табылады. Нормативтік қаулылардың басты ерекшелігі – олардың қолданыстағы құқықтық нормаларды түсіндіру мен нақтылау міндетін орындауға бағытталуында. Осыған орай, нормативтік қаулылар дербес құқықтың қайнар көзі бола алмайды, себебі олардың реттеушілік және интерпретациялық табиғаты тікелей заңнамалық нормаларды ашуға және құқық қолдану тәжірибесін жүйелеуге негізделеді.

Демек, нормативтік қаулылардың негізгі қызметі – заңда белгіленген нормалардың мазмұнын нақтыландыру, олардың мәнін айқындау және құқықтық қолдануды бірізді әрі дұрыс жүзеге асыруды қамтамасыз ету. Мұндай қаулылардың логикалық бірізділігі мен құрылымдық аяқталғандығы олардың мәтінінде пайдаланылатын нақты құқықтық терминдермен, реттеу үдерісінің кезең-кезеңімен сипатталуымен және әрбір норманың өзіне тән функционалдық жүктемесін толық орындауымен қамтамасыз етіледі. Осындай тәсілдер

нормативтік қаулыны құқықтық реттеудің дәйекті әрі біртұтас құралы ретінде орнықтырады.

Нормативтік қаулы логикасына қойылатын келесі маңызды талап – құқықтық нұсқалардың баяндалуында логикалық реттіліктің сақталуы. Қаулының реттеушілік әлеуеті оның ережелері қандай құрылыммен беріледі және олардың арасындағы өзара байланыс қалай жүзеге асады деген факторларға тікелей тәуелді. Өзара мағыналық жағынан сабақтас, логикалық жүйелі және айқын кезекпен баяндалған қағидалар оларды терең әрі дұрыс түсінуге жағдай жасайды және тиімді психологиялық қабылдау тудырады.

Бұл қағида нормативтік қаулы құрамындағы барлық құқықтық нұсқамалардың өзара келісімділігі мен мазмұндық үйлесімділігін талап етеді. Олар нақты ретпен, ішкі байланыс негізінде ұсынылуы қажет. Нормативтік қаулы – түсіндірмелік сипаттағы нормалардың біртұтас жүйесі ретінде құрылымдық жағынан толыққанды және мағыналық тұрғыдан бірегей акт болып есептеледі. Ол қосымша түсіндіруді қажет етпейтіндей деңгейде айқын болуы тиіс. Мұндай актінің әрбір бөлімі басқа бөліктермен логикалық сабақтастықта құрылып, бірін-бірі толықтырып, біртұтас құқықтық мазмұнды қалыптастыруы қажет [218, 75].

Нормативтік қаулы ережелерінің логикалық байланыстылығы оның мазмұндық жүйелілігі мен нұсқамаларының біртұтастығын білдіреді. Бұл жүйенің бұзылуы, яғни талаптардың бірлігі мен үйлесімділігінің сақталмауы, құқықтық қатынастар субъектілерінің қаулыда бекітілген құқықтық нұсқамалардың шынайы мәнін дұрыс ұғынуы мен қабылдауына кедергі келтіруі мүмкін.

Нормативтік қаулы мәтініндегі құқықтық нұсқамалардың логикалық кезектілікпен баяндалуы құқықтық реттеу субъектілерінің санасында мінез-құлықтың біртұтас кешенді моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді, ол тікелей құқық нормаларынан туындайды, актінің мақсаттарын ұғынуға және меңгеруге, сондай-ақ онда көзделген нұсқамаларды дәл орындауға жағдай жасайды. Бұл аса маңызды, себебі құқықтық нұсқамалар күрделі сипатқа ие және көп буынды құрылымнан тұрады. Әдетте, мұндай нұсқамалар әртүрлі тұлғалардың бір-бірімен өзара байланысқан және шарттасқан әрекеттер (не әрекетсіздік) жүйесін талап етеді, бұл жүйе нақты жағдайлар мен факторлар кешеніне тәуелді. Құқықтық қатынастар субъектілерінің осы талаптар жиынтығын дұрыс және дәл ұғынуы үлкен проблема болып табылады. Нормативтік қаулының логикасына қойылатын бұл талаптың сақталуы осы мәселені едәуір жеңілдетеді.

Нормативтік қаулының құрылымына қойылатын логикалық талаптар оның құрылымын, сондай-ақ онда баяндалатын талаптардың, яғни құқық нормасының мазмұнын айқындайтын талаптардың баяндалу тәртібін айқындайды. Нормативтік қаулының логикасы құқықтық нұсқамалардың баяндалу тәртібін ғана емес, сонымен қатар нормативтік қаулының өзге де сипаттамаларын анықтайды [216, 170].

Бұған дейін айтылғандай, әрбір құқықтық норма оның тұтастығымен және мазмұндық бірлігімен сипатталады. Бұл қасиеттері болмаса, ол көпшілікке

түсінікті әрі қолжетімді жалпыға міндетті мінез-құлық ережесі ретінде қызмет ете алмайды. Сол сияқты, нормативтік қаулыда қамтылған құқық нормасының да өзіндік сыртқы бейнесі – баяндалу тәсілі болады. Сонымен қатар, оның ішкі мазмұндық құрылымы да бар, ол өзара байланысты бірнеше бөліктерден (элементтерден) құралған логикалық жүйені білдіреді. Бұл құрылымның әрбір компоненті өзіне тән функционалдық маңызға ие.

Құқық теориясының тарихи қалыптасу үдерісіне шолу жасағанда, құқық нормасының мұндай құрылымдық бөлінуі бастапқыда тек азаматтық-құқықтық нормаларға тән деп қарастырылған. Өйткені дәл осы салада норманың негізгі элементтері жиі әрі айқын байқалады: белгілі бір нақты жағдайлар болған кезде (гипотеза) тараптар нақты міндетті әрекеттерді орындауға тиіс (диспозиция), егер бұл талаптар орындалмаса, жағымсыз құқықтық салдарлар (санкция) қолданылады [219, 117].

М.Т. Алимбеков пен Е.Б. Абдрасұловтың ғылыми еңбектерінде келесі ой тұжырымдалған: «Құқық нормасының сыртқы құрылымымен қатар (гипотеза, диспозиция, санкция) оның ішкі, терең құрылымы да бар, ол құқықтың құндылықтарымен, мазмұнымен және құқықтық көрінісімен анықталады. Құқық нормасының құрылымы, әдетте, құқықты жалпы және жекелеген құқықтық нормаларды жақсы түсінуге, оларды нормативтік актілерде айқын баяндауға, дұрыс қолдануға мүмкіндік беретін логикалық формула ретінде қарастырылады. Бұл ретте көптеген ғалымдардың пікірінше, кез келген құқық нормасы екі немесе бір емес, үш элементтен (буыннан) тұрады деген көзқарас кең таралған. Осы тұжырымды қолдаушылардың айтуынша, гипотеза – құқық нормасының қолданылу жағдайларын анықтайтын құрылымдық элемент; диспозиция – құқық субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін белгілейтін мінез-құлық ережесі; ал санкция – норманы орындамау жағдайында мемлекеттік мәжбүрлеумен байланысты жағымсыз салдарларды көрсетеді. Құрылым құқық нормаларының өзге де жіктеу белгілерін жинақтай отырып, олардың ерекшеліктерін неғұрлым айқын көрсетеді» [220, 71].

Бұл жағдайда нормативтік қаулыда көрініс тапқан құқықтық нұсқамалардың құрылымы мәселесі талқылауды қажет етеді. Біздің пікірімізше, егер құқықтық нұсқамалардың «құрылымдық элементтері» туралы айтатын болсақ, онда олардан құқық нормасының құрылымдық элементтеріне ұқсас белгілерді табу қажет, яғни нормативтік қаулыларда көрініс тапқан нормалардың өзіндік гипотезасы мен диспозициясын анықтау қажет. Алайда, мұндай ізденіс белгілі бір дәрежеде жасанды сипатқа ие, өйткені құқықтық нұсқамалар бастапқы құқық нормаларымен тығыз байланысты болып келеді және сол нормалардың түсіндірілген және дамытылған элементтерінің мазмұнына табиғи түрде енеді [221, 45].

Осылайша, нормативтік қаулыларда құқық нормаларының құрылымдық элементтері ретіндегі гипотеза мен диспозицияны дербес түрде қалыптастыру мәселесі нормативтік-актілік шығармашылықтағы маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Бұл элементтер бастапқы құқық нормаларымен тығыз байланыста болып, солардан туындайды және олардың мәнін айқындайды. Алайда, көптеген жағдайларда нормативтік қаулыларда классикалық құқық

нормасының құрылымын — гипотеза, диспозиция және санкция элементтерін — толығымен қамтитын нормалар да кездеседі. Бұл ретте қаулы нормаларын логикалық жағынан талдау және олардың ішкі құрылымын анықтау арқылы құқықтық регламентация мен оны қолданудың тиімділігін арттыруға болады.

Осы орайда логиканың құқық шығармашылығындағы мәні ерекше айқындалады, өйткені логика құқықтық ойлаудың басты әдісі ретінде құқықтық нормалардың мәнін дұрыс түсіндіруге және оны ғылыми негізде құруға мүмкіндік береді. Нормативтік қаулының логикалық құрылымының сақталуы құқық нормасының реттеушілік және интерпретациялық мүмкіндіктерін қамтамасыз етіп, оның тиімділігін арттырады [222, 8].

Нормативтік қаулылардың логикасы заңның тек мәтініне ғана емес, оның идеясы мен мақсатына да негізделуі тиіс. Жоғарғы Сот заң шығарушының еркін формальды қайталамай, керісінше, заңның идеясына сәйкес оның мазмұнын ашады және толықтырады. Бұл – нормативті қаулы қабылдаудағы құқықшығармашылық қызметінің маңызды ерекшелігі. Жоғарғы Сот қаулылары құқық нормаларын қолдану кезінде жиі туындайтын құқықтық олқылықтар мен түсінбеушіліктерді жоюға бағытталады. Қаулылар заңның шегінен аспай отырып, заңның мазмұнын толықтырады, түсіндіреді және нақтылайды. Бұл олардың заңдық күшін айқындайтын басты ерекшелік болып табылады.

Жалпы алғанда, нормативтік қаулылардың логикалық құрылымы мен мазмұны олардың құқықтық реттеу тиімділігіне тікелей әсер етеді. Олар құқықтық реттеудің айқындығын қамтамасыз ету, құқық қолдану практикасын бірыңғайлау, заң нормаларын тиімді іске асыру міндеттерін шешуге көмектеседі.

Осылайша, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының логикасы — бұл заңнаманың жалпы қағидаттарына, заң идеясына және құқық нормалары элементтерінің ерекшеліктеріне негізделген күрделі және ғылыми тұрғыдан негізделген процесс. Оның дұрыс құрылуы құқықтық жүйенің тұрақтылығына, заңдылық пен құқықтық қауіпсіздіктің сақталуына және құқықты қолдану практикасының бірізділігіне тікелей ықпал етеді.

3.5 Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын Соттардың қызметінде қолдануының өзекті мәселелері

Мемлекеттің тұрақты және орнықты дамуының қажетті шарттарының бірі – оның құқықтық негіздерін нығайту болып табылады. Осыған байланысты Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар қолданыстағы құқықтық жүйені оңтайландыруды қажет етеді. Сонымен қатар, қазақстандық қоғамда жүзеге асырылып жатқан демократиялық өзгерістердің тиімділігі нормативтік құқықтық нұсқамаларды қолдану сапасына тікелей байланысты болғандықтан, Қазақстанның құқықтық жүйесін реформалау жағдайында құқықты қолдану мәселелері, яғни құқықты жүзеге асырудың ерекше түрі ретіндегі мәселелерді неғұрлым жан-жақты қарастыру қажеттігін айқындайды.

Құқықты жүзеге асырудың ерекше нысаны ретіндегі құқықты қолдану мәселелері кез келген құқықтық жүйе үшін іргелі болып келеді, себебі дәл

құқық қолдану заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етіп, құқық қолдану тәжірибесін арттыруға нақты рөл атқарады.

Құқық қолданудың ұғымы мен табиғатын, оның терең ішкі мәнін түрлі қырынан ашуға белгілі құқықтанушы ғалымдар талпыныс жасағанымен, біздің ойымызша, ғылыми әдебиеттерде осы құқықтық құбылыстың жалпыға ортақ, бірыңғай түсіндірмесі осы күнге дейін қалыптаспаған. Осылайша, әрине, құқық қолданудың қиындығы мен көпқырлылығымен түсіндіріледі, өйткені ол материалдық және іс жүргізу сипатындағы нормалар мен оларға дәл құқықтық қатынастардың өзара әрекеттестігіне негізделген материалдық-процессуалдық құрылым ретінде көрініс табады.

Құқық қолданудың мәні, мазмұны, нысандары, функциялары, кезендері де заманымыздың ғалымдарының ғылыми-танымдық қызығушылықтарының пәніне айналуы мүмкін. Құқық қолданудың осы және сонымен байланысты көптеген мәселелері әр кездері және әртүрлі деңгейдегі негізділіпен ірі заңгер – ғалымдармен алдын да зерттелген. Дегенмен, құқық қолдану проблематикасының өзектілігі қазіргі таңда төмендемеуімен қоймай, артып келеді. Бұл, әсіресе, құқық қолданудың жоғары маңыздылыққа ие компоненті болып табылатын, оның арнайы типі ретінде танылған, соттөрелігін оның гуманистік және демократиялық мағынасында ең толық бейнелейтін соттық құқық қолдануға қатысты [50,293].

В.К. Бабаевтің пікірінше, құқық қолдану — бұл құзыретті органдар мен лауазымды тұлғалардың өкілетті ұйымдастырушылық қызметі болып табылады және ол құқық нормаларының адресаттарына тиесілі құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға жәрдемдесуді, сондай-ақ осы процесті бақылауды мақсат етеді. Оның көзқарасы бойынша, құқық қолданудың негізгі белгілері мыналар болып табылады: өктемдік (биліктік) қызмет; нақты істі шешу; ұйымдастырушылық қызмет; тек қана құзыретті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың жүзеге асыратын қызметі [223, 564].

В.С. Нерсесянцтың пікірінше, құқық нормаларын қолдану — бұл заңда көзделген жағдайларда және құқық нормаларымен белгіленген құқықты жүзеге асырушы әрекеттер нысанында мемлекеттік орган (немесе лауазымды тұлға) тарапынан нақты құқықтық істерді шешу және тиісті құқықтық актілерді қабылдау шегінде жүзеге асырылатын құқық нормаларын іске асыру болып табылады. Оның ойынша, құқық қолдану қызметі — бұл бір мезгілде мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның нақты құқықтық істі (мәселені) шешу үшін тиісті құқық нормасын қолдануы және осы органның (немесе тұлғаның) қолданылатын норманың диспозициясында көзделген тиісті міндетін (және құқығын) іске асыруы болып табылады [224, 487].

Ғылыми талдау барысында құқықты қолдану категориясын зерттеу кезінде зерттеушілер бұл ұғымның әртүрлі аспектілеріне назар аударады. Мәселен, П.Е. Недбайлоның пікірінше, «құқықтық нормаларды қолдану – бұл құқықтық нормаларды іске асыруға бағытталған ерекше ұйымдастырушылық қызмет, ол қоғамдық өмірге қатысушылардың нақты құқықтық қатынастарындағы құқықтары мен міндеттерін белгілеумен және осы қатынастардағы міндетті тұлғаларға құқық нормаларының талаптарын орындау мақсатында ықпал

етумен байланысты» [225, 11]. Көрсетілген автор осы мәселеге қатысты ерекше көзқарасты ұстанып, құқықты қолданудың субъектілері ретінде азаматтарды таниды.

Тағы бір, жоғарыда келтірілген көзқарасқа жақын тұжырым бойынша, «құқық нормаларын қолдану (құқық қолдану қызметі) – бұл заңда арнайы белгіленген нысандарда жүзеге асырылатын, құзыретті мемлекеттік органдар мен мемлекет уәкілеттік берген қоғамдық органдардың жекелеген нақты құқықтық нұсқауларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік-биліктік, ұйымдастырушылық қызметі» [226, 19]. Бұл анықтама неғұрлым нақты сипатқа ие болып, құқық нормаларын қолданудың жалпы мақсаттарын ғана емес, оның субъектілік құрамын, сипатын және рәсімдік шектерінің болуын анықтауға мүмкіндік береді.

П.Е. Недбайлоның көзқарастары белгілі бір дәрежеде В.В. Лазаревтің еңбектерінде сынға ұшырағанымен, соңғысы «кеңестік заң әдебиетінде құқық нормаларын қолдану мәселесі ең толық түрде профессор П.Е. Недбайлоның еңбектерінде қарастырылғанын» мойындайды. Атап айтқанда, В.В. Лазарев «П.Е. Недбайлоның ұстанымы құқық нормаларын азаматтардың қолдану мүмкіндігін мойындағаны үшін емес, оның кез келген субъективтік құқықты жүзеге асыруды құқықты қолдану ретінде қарастыратыны үшін сынға алынуы мүмкін» деп көрсетеді. Осылайша, ғалым құқықты қолдану мен құқықты жүзеге асыру ұғымдарының арасындағы айырмашылықтың анықталмағанын атап өтеді. Егер «құқық нормаларын құқықтық қатынастарда іске асыруды ұйымдастырумен және міндетті тұлғаларға ықпал етумен» байланыстыру тұжырымын қабылдайтын болсақ, онда бұл құқықты қолдану субъектісінің биліктік сипатын және оның арнайы бағытталған әрекеттерін мойындауды талап етеді: бұл – құқықты жүзеге асыру процесінің қалыпты жүруін қамтамасыз ету. Сонымен қатар, В.В. Лазарев сынға алынған көзқарасты толықтай теріске шығармай, құқықты қолдану процесінде мемлекеттік органдардың биліктік әрекеттеріне ерекше назар аударады. Ғалым құқық нормаларын жүзеге асыруды ұйымдастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар құқықтық реттеу механизміне сапалық тұрғыдан жаңа элементтер енгізумен тікелей байланысты мемлекеттік-биліктік функцияларды білдіретін қызмет түрін нақты бөліп көрсету қажеттігін атап өтеді. Бұл элементтер құқықтық реттеудің табиғаты мен оның биліктік сипатына негізделген [227, 32].

Жоғарыда айтылған көзқарасты Н.Г. Александров та қолдайды. Ол құқық нормаларын қолдануды олардың жүзеге асырылуы ретінде қарастырады, бірақ бұл процесс белгілі бір ерекшеліктерге ие. Біріншіден, мұндай құқықтық қатынастарда субъектілердің бірі міндетті түрде мемлекеттік орган болуы тиіс. Екіншіден, құқықтық қатынастар билік-бағыну қатынастарына негізделуі керек, яғни олар мемлекеттік-құқықтық, әкімшілік-құқықтық және іс жүргізу қатынастарының шеңберінде жүзеге асырылады [228, 14].

Құқық нормаларын қолданудың қазіргі заманғы ұғымы құқық феноменін, құқықтық құбылыстардың бүкіл жиынтығын жалпы гуманитарлық тұрғыдан түсіну негізінде С.С. Алексеевтің еңбектерінде қалыптастырылған. Оның пікірінше, құқықты қолдану – бұл мемлекеттік-биліктік өкілеттіктерге

негізделген құзыретті органдардың құқықтық нормаларды өмірге енгізу жөніндегі әрекеттері. Басқаша айтқанда, бұл – құқықтық істерді шешуге бағытталған биліктік, жекелеген құқықтық қызмет, оның нәтижесінде құқықтық жүйеге жаңа элементтер – жекелеген нұсқамалар енгізіледі. Құқықтық нормаларды жүзеге асыруды қамтамасыз ете отырып және олардың биліктік сипатын нақты өмірлік жағдайлар үшін биліктік ұйғарымдармен нығайта отырып, жекелеген нұсқамалар заңдық күшке ие болады, құқықтық мінез-құлықтың өлшемі ретінде қызмет ете алады, яғни белгілі бір мағынада «құқықтық энергия көзі» болып табылады [229, 178].

Сонымен, құқық қолдану – мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың немесе уәкілетті субъектілердің құқық нормаларын нақты істерге байланысты жүзеге асыруы болып табылады. Бұл процесс құқықтық реттеудің ажырамас бөлігі ретінде құқық нормаларының тиімділігін қамтамасыз етеді. Қазақстандық құқықтанушылар құқық қолдану құбылысының табиғатын, оның негізгі қағидаларын және сот тәжірибесіндегі рөлін жан-жақты қарастырған.

Ғ. Сапарғалиев құқық қолдануды мемлекеттік биліктің негізгі функцияларының бірі ретінде қарастырып, оның заңдық маңыздылығын атап өтеді. Оның пікірінше, құқық қолдану – бұл құқықтық реттеу механизмінің міндетті элементі, ол заң талаптарының нақты өмірде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Ғалым құқық қолдану актілері құқықтық тәртіпті нығайтуда және азаматтардың құқықтарын қорғауда шешуші рөл атқаратынын көрсетеді [230, 320].

Құқық қолдану процесінің күрделілігін атап өтіп, оны үш негізгі деңгейге бөледі: заң шығару деңгейі, құқықты жүзеге асыру деңгейі және сот-құқықтық деңгей. Оның пікірінше, құқық қолдану тек заң нормаларын орындау ғана емес, сонымен қатар оларды дұрыс түсіндіру және қолдану процесін қамтиды.

Е. Баянов құқық қолданудың маңыздылығын нормативтік актілердің тиімді жүзеге асырылуымен байланыстырады. Оның пайымдауынша, құқық қолдану мемлекеттік билік органдарының нақты істер бойынша шешімдер қабылдауындағы маңызды процесс болып табылады [231, 296].

А.С. Ибраева құқық қолдану процесінде сот билігінің ерекше рөлін атап өтеді. Ғалымның пікірінше, соттар құқық нормаларын қолдану кезінде заңды прецедент қалыптастыратын орган ретінде әрекет етеді. Ол құқық қолданудың сот тәжірибесінде жүйелілік пен біркелкілік қалыптастырудағы маңызын ерекше атап көрсетеді [232, 296].

Т. Ағдарбеков құқық қолдану процесінің ерекшеліктерін қарастырып, оның биліктік сипаты, заңдылық қағидасына негізделуі және нақты істерге бағытталу принциптерін бөліп көрсетеді. Оның пікірінше, құқық қолдану тек заңдардың орындалуын қамтамасыз етумен шектелмей, сондай-ақ құқықтық тұрақтылықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ол соттардың құқық нормаларын түсіндіруі құқықтық жүйенің дамуына ықпал ететінін атап өтеді [34, 86].

Қазақстан Республикасының сот жүйесінде құқық қолдану Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары арқылы біріздендіріледі. Нормативтік қаулылардың құқық қолдану тәжірибесін жүйелеудегі маңызын зор, олардың

соттар үшін құқық нормаларын дұрыс түсіндірудің маңызды құралы екенін атап өткіміз келеді. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары соттардың құқық қолдану тәжірибесін жетілдірудің және заңдылықты қамтамасыз етудің маңызды механизмі болып табылады. Осы тұрғыда құқық қолдану процесін жетілдіру құқықтық мемлекетті қалыптастырудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Осылайша, құқық нормаларын қолдану ұғымының ең кең таралған және маңызды түсіндірмелеріне шолу жасау бұл құбылыстың өзіндік ерекшеліктері бар, көпқырлы құқықтық феномен екенін және оның ең алдымен қоғам өмірінде құқықты практикалық іске асыруға бағытталған әлеуметтік қатынастарға елеулі ықпал ететінін көрсетеді. Құқықты қолдану – бұл құқықты жүзеге асырудың ерекше нысаны, ол уәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың нақты субъектілерге қатысты құқық нормаларын құқықтық шындыққа енгізуге бағытталған күрделі, биліктік, ұйымдастырушылық қызметін білдіреді. Бұл қызмет жеке құқықтық нұсқамаларды қабылдау, яғни құқықты қолдану актісін шығару арқылы жүзеге асырылады.

Құқықты қолдану қызметін тиісті мемлекеттік билік өкілеттігімен қамтамасыз етілген, қажетті кәсіби даярлығы мен тәжірибесі бар арнайы субъектілер жүзеге асырады. Мұндай субъектілер қатарына мемлекеттік органдар (сот, прокуратура, қаржы бақылау органдары және т.б.), сондай-ақ лауазым иелері (Қазақстан Республикасының Президенті, Үкімет мүшелері, әкімдер, прокурорлар, судьялар, тергеушілер, нотариустар және басқа да тұлғалар) жатады. Құқық қолдану субъектілерін жіктеу барысында әртүрлі өлшемдер ескеріледі, олардың ішіндегі маңыздысы – тиісті органның негізгі қызметтік мақсаты, құзыретінің көлемі және құқықты жүзеге асырушы тұлғаның кәсіби дайындық деңгейі болып табылады.

Құқық жүйесінің жұмыс істеу тетігінде оның негізгі құрылымдық құрамдас бөліктері қарастырылады. Бұған құқық шығармашылығы, нормативтік реттеу жүйесі (қолданыстағы құқық нормалары мен құқық институттары), ақпараттық инфрақұрылым, құқықты қолдану, бақылау және қадағалау тетіктері, құқықтық реттеудің объектісі (қоғамдық қатынастар, қызмет түрлері және т.б.), сондай-ақ құқықтық реттеудің мақсаттары мен нәтижелілігі жатады. Осы жүйеде мемлекеттік органдардың құқық қолдану қызметі айрықша орын алады, өйткені әлеуметтік маңызы бар құқықтық ықпалдың көпшілігі дәл осы құқықты қолдану арқылы іске асырылады [233, 24].

Өз кезегінде, құқық нормаларын нақты қоғамдық қатынастарға тиімді түрде бағыттау үдерісінде соттардың атқаратын қызметі ерекше мәнге ие. Бұл әсіресе қазіргі уақыттағы құқықтық мемлекетті қалыптастыру мен оны жетілдіру жағдайында, демократиялық институттардың орнығуы мен дамуы барысында, азаматтардың саяси, әлеуметтік және экономикалық құқықтары мен бостандықтарының іске асырылуына кепілдік беру мәселелері өзекті бола түскен кезде ерекше көрініс табады. Осындай жағдайда сот билігінің құқықтық жүйедегі орны мен салмағы арта түсуде.

Өкінішке қарай, құқықты қолдану мен құқық шығармашылық арасындағы кері байланыс әлі де әлсіз, бұл соттың құқық қолдану процесін жетілдіруге кедергі келтіретін объективті факторлардың бірі болып табылады. Мұндай жағдай орынсыз деп есептеледі, өйткені құқықты қолдану тәжірибесіне ие судьялар көп жағдайда құқықтық реттеудің қажеттілігін және оның кемшіліктерін дұрыс түсінеді. Құқықты үнемі қолдану тәжірибесі құқық қолданушы тұлғаларды заң шығарушының мақсаттарына жетуге кедергі келтіретін немесе керісінше, оған ықпал ететін факторлар туралы негізді қорытындылар жасауға жетелейді. Құқық қолдану тәжірибесінің даусыз оң рөлімен қатар, судьялардың кәсіби тәжірибесінің кейбір теріс қырларын да ескеру қажет. Себебі біркелкі заңдық жағдайлар, әдетте, ойлау процестерін стереотиптендіруге алып келеді, бұл судьялардың әрекеттері мен операцияларының шаблондалуына және осылайша, әрбір нақты өмірлік жағдайдың өзіндік ерекшеліктерін көруге кедергі жасауына себеп болуы мүмкін [234, 36].

Сот қарайтын әрбір нақты істің мән-жайлары өзіндік ерекшелікке ие, сондықтан мазмұны жағынан ұқсас құқықтық дауларды шешуге арналған әмбебап үлгі жасау әрекеттері алдын ала тиімсіз болып табылады. Сонымен қатар, бұл жағдай сот органдарын құқық нормаларын түсіндіру мен қолдануда бірыңғай тәсілдерді ұстану міндетінен босатпайды [235].

Соттардың құқық қолдану қызметінің тиімділігін төмендететін себептерді талдау және оларды түзету жолдарын анықтау құқықтық зерттеулердің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Құқықты біркелкі қолдануға кедергі келтіретін негізгі факторларды бірнеше топқа бөлуге болады.

Бірінші топ – құқықтық реттеудің кемшіліктеріне байланысты факторлар. Бұл санатқа құқықтағы олқылықтар (пробелы в праве), құқық нормаларының жеткіліксіз айқындылығы, сондай-ақ бір құқық нормасының негізінде әртүрлі, тіпті қарама-қайшы шешімдердің қабылдануына мүмкіндік беретін жағдайлар жатады. Мұндай факторлар құқықты түсіндіруде және қолдануда соттардың әртүрлі ұстанымдарды қабылдауына әкелуі мүмкін.

Екінші топ – субъективті факторлар. Бұған судьялардың құқықтық білім деңгейі, құқықтық коллизияларды шешу дағдылары, кәсіби тәжірибесі, құқық қолдану тәжірибесіндегі тұрақты стереотиптер және олардың құқықтық идеологиясы жатады. Сондай-ақ судьялардың кәсіби көзқарастары, құқықтық нормаларды түсіндірудегі әртүрлі тәсілдері мен құқықтық мәдениет деңгейі де сот шешімдерінің біркелкі болмауына ықпал етуі мүмкін.

Үшінші топ – құқық қолдану процесінің ерекшеліктерімен байланысты факторлар. Мұндай факторлардың қатарына сотқа түсетін ақпараттың толық болмауы немесе бұрмалануы, құқықтық дәлелдемелерді бағалаудағы субъективті қателіктер, сондай-ақ құқықтық нормаларды түсіндіру әдістерін дұрыс қолданбау жатады. Бұл мәселелер құқық нормаларының әртүрлі түсіндірілуіне және тиісінше сот шешімдерінің алуан түрлілігіне алып келеді.

Төртінші топ – сот органдарының ұйымдастырушылық қызметіне қатысты факторлар. Оларға сот жүйесінің ішкі ұйымдастырылуы, соттар арасындағы өзара іс-қимыл деңгейі, сот төрелігі жүйесіндегі жүктеменің шамадан тыс

болуы және сот шешімдерінің бірыңғайлығын қамтамасыз етуге бағытталған механизмдердің жетіспеушілігі жатады. Аталған факторларды ескере отырып, құқық қолдану қызметінің тиімділігін арттыру үшін нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру, құқықтық олқылықтарды жою, судьялардың біліктілігін арттыру, құқықтық түсіндіру механизмдерін нақтылау және сот жүйесінің ұйымдастырушылық қызметін оңтайландыру бағытында шаралар қабылдау қажеттігі туындайды.

Құқықты біркелкі қолдануға кедергі келтіретін факторларды толықтай жою мүмкін емес, алайда оларды барынша азайтуға болады. Мұндай мәселені шешудің негізгі құралдарына мыналар жатады: уақыт талабына сай келмейтін ескірген нормаларды уақтылы жоюға бағытталған сапалы құқықшығармашылық қызметі, құқықтағы олқылықтарды жедел жою, сот қызметкерлерінің жоғары кәсіби біліктілігі, сот төрелігін ұйымдастырушылық басқару тетіктерінің тиімділігін арттыру және т.б. [236, 37]. Соттар – құқық қолдану саласындағы қайшылықтарды анықтайтын, құқықтағы олқылықтарды айқындайтын және нормативтік құқықтық актілердің үнемі өзгеріп отыратын қоғамдық қатынастарға сәйкес келмеуін белгілейтін негізгі субъектілердің бірі болып табылады. Құқықтық дауларды шешуде және құқықтық тәжірибені қалыптастыруда басты рөл атқаратын сот органдары заңнамалық деңгейде орын алуы мүмкін сәйкессіздіктерді көрсетіп қана қоймай, оларды еңсеру жолдарын да айқындайды. Бұл тұрғыда сот билігінің маңызы арта түседі, өйткені заң шығарушы орган құқықтық реттеу қажеттіліктеріне әрдайым уақтылы жауап бере алмайды. Сондықтан құқықты қолданудың біркелкілігін қамтамасыз ету үшін сот тәжірибесін жүйелеу, нормативтік қаулылар мен құқықтық позицияларды нақтылау, сондай-ақ құқық қолдану саласындағы құқықтық айқындылықты қамтамасыз ету аса маңызды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары сот практикасының біртұтастығын қамтамасыз етудің тиімді құралдарының бірі болып табылады. Олар құқықтық реттеу сипатында болып, құқықтық ұйғарымдарды, рұқсаттарды және тыйымдарды қамтитындықтан, құқық нормаларын қолданудың жалпы шарттары мен кезеңдері нормативтік қаулыларға да қолданылады.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының ережелерін басшылыққа ала отырып, судья ұқсас құқықтық жағдайларда (заңмен жеткілікті түрде реттелмеген мәселелерде) процеске қатысушыларға теңдей қарайды, бұл өз кезегінде сот шешімдерінің біркелкілігін қамтамасыз етеді. Ал құқық қолданудың біркелкілігі – әділеттіліктің маңызды элементтерінің бірі.

Осыған байланысты Жоғарғы Сот қабылдайтын нормативтік қаулылардың заңнамадағы олқылықтарды толтыратынын, соттардың заңды және негізделген шешім қабылдауын бірізді бағыттайтынын, материалдық және процестік заңнаманы бұзу мүмкіндігін азайтатынын, сондай-ақ соттардың істерді белгіленген мерзімде қарау міндетін бекіте отырып, адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін кепілді түрде қорғауды қамтамасыз ететінін нақты айтуға болады.

Сонымен қатар, нормативтік қаулыларды қолдану барысында судьялар азаматтық және қылмыстық істер бойынша белгілі бір қиындықтарға тап болатынын атап өткен жөн. Бұл мәселелерді үш негізгі топқа бөлуге болады:

- нормативтік қаулылардың уақытылы қабылдануы;
- бір мәселеге қатысты Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларында әртүрлі ұстанымдардың кездесуі;
- белгілі бір санаттағы істерді қарау кезінде барлық өзекті мәселелердің нормативтік қаулыларда толық қамтылмауы.

Аталып өткен мәселелерге қарамастан, Жоғарғы Соттың заң шығарушы органмен салыстырғанда Конституция нормалары мен заңдардың, сондай-ақ заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің арасындағы қайшылықтарды шешу және соттардың заңнаманы қолдану ерекшеліктерін айқындау тұрғысынан жедел әрекет ету мүмкіндігі бар екені сөзсіз.

Нормативтік қаулыларды қабылдау барысында Жоғарғы Сот жүйелі талдау негізінде кейбір құқықтық олқылықтарды толтырады, заңдардың мазмұны мен негізгі қағидаларына сәйкес олардың практикалық қолданылуын түсіндіреді.

Судья құқық нормаларын қолдану барысында нормативтік құқықтық актілерді қолдану тәртібін айқындайтын іс жүргізу заңнамасына сүйенеді. Қазақстан Республикасында бұл талаптар әртүрлі процессуалдық кодекстерде бекітілген.

Құқық қолдану процесінде судья құқық нормаларын түсіндірудің негізгі әдістерін – грамматикалық, логикалық, жүйелік, телеологиялық, тарихи-саяси, функционалдық және өзге де тәсілдерді жан-жақты меңгеруі тиіс. Сонымен қатар, құқық нормасының уақыт, кеңістік және тұлғалар шеңбері бойынша әрекет ету аясын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары, сот практикасы бойынша шолулары мен заң нормаларын нақты істерде түсіндіруі секілді ресми құқықтық түсіндірмелердің болуын назарға алуы қажет.

Сот төрелігінің біркелкілігін қамтамасыз ету және құқық нормаларын дұрыс қолдану мақсатында судьяның нормативтік құқықтық актілерді түсіндірудің теориялық негіздерін жетік білуі, сондай-ақ құқықты қолдану тәжірибесіндегі жүйелілік пен сабақтастықты сақтауы аса маңызды. Бұл ретте, Жоғарғы Соттың құқық қолдану тәжірибесін жүйелендіру мақсатында қабылдайтын нормативтік қаулылары мен сот актілеріне берілген түсіндірмелері заңнаманың тиісті деңгейде орындалуын қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі болып табылады.

Судьяның құқық нормасының мағынасын анықтау және оны нақты іс бойынша дұрыс қолдану әрекеттерінің жүйелілігі оның құқық қолдану процесіндегі кәсібилігін қамтамасыз етеді. Әрбір сот ісін жүргізу барысында судья құқық нормаларын түсіндіру қажеттілігіне тап болады: бұрын түсіндірілген норманы қайта қарау, оны жаңаша талдау немесе бұрынғы түсіндірудің дұрыстығын растау қажеттілігі туындайды.

Жоғарғы сот инстанциясы берген құқық нормасына ресми түсіндірме немесе жаңадан берілген түсіндіру құқықты қолданудың біркелкілігін

қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі болып табылады. Мұндай түсіндірме түсіндіру прецеденті ретінде қарастырылып, аналогиялық істерде қолданылады. Бұл механизм сот практикасының бірізділігіне ықпал етіп, заңнаманың болжамдылығы мен құқықтық айқындылық қағидаттарын нығайтады [237, 37].

Осылайша, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында қамтылған түсіндірмелер – бұл белгілі бір құқық саласындағы құқық нормаларын қолдану барысында туындайтын проблемалық мәселелерге ұжымдық талдау негізінде жасалған қорытындылардың жиынтығы. Олар сот тәжірибесін жинақтау және талдау нәтижесінде әзірленіп, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерді қарау барысында алынған материалдарға сүйенеді.

Мұндай түсіндірмелердің негізгі мақсаты – құқық нормаларын бірізді қолдануды қамтамасыз ету. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары соттардың және өзге де құқық қолданушылардың нақты құқықтық нормаларды дұрыс түсініп, біркелкі қолдануына бағыт-бағдар береді. Бұл, өз кезегінде, құқық қолдану практикасының тұрақтылығын, сот шешімдерінің болжамдылығын қамтамасыз етуге және заңдылықты нығайтуға мүмкіндік береді.

Атап өту керек, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары заңнаманы дұрыс қолдану және құқық қолдану тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етуде маңызды орын алады. 2023 жылдың қаңтарына дейін сот практикасына қатысты нормативтік қаулылардың жобаларын Жоғарғы Соттың судьялары дайындаған. Алайда, 2023 жылғы 19 қаңтардағы №106 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі туралы ереженің 14-тармағына сәйкес, нормативтік қаулылардың жобаларын әзірлеу міндеті Сот әкімшілігіне жүктелді [238, 130].

Сонымен қатар, нормативтік қаулыларды талдау нәтижесінде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары құқық нормаларын нақтылай отырып, заңның мазмұнын кеңейтілген немесе шектелген түрде түсіндіретіні анықталды, бұл өз кезегінде құқық нормаларын қолдану аясын кеңейтеді немесе шектейді және сол арқылы оларды өзгертеді.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың бандитизм және қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатыса отырып, басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы нормативтік қаулысы ұйымдасқан қылмыстық топтар мен соттардың құқықтық нормаларды дұрыс саралауын қамтамасыз етіп, заңнамалық коллизияларды жоюға ықпал етеді. Қаулының қабылдануы бандитизмнің алдын алу және оған қарсы күрес шараларын күшейту қажеттілігінен туындады [239]. Осыған байланысты, нормативтік қаулылардың қылмыстық құқық саласындағы маңызын арттыру мақсатында олардың сот тәжірибесінде қолданылуын жүйелі түрде талдап, заңнамалық актілермен сәйкестігін қамтамасыз ету қажеттігі туындайды.

Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Заңы 1998 жылғы 22 сәуірде қабылданғанымен, оның құқықтық реттелуінде бірқатар қиындықтар туындады. Бұл заң қабылданған кезеңде Қазақстанда нарықтық экономиканың қалыптасу үдерісі енді ғана басталып, заңнамалық тәжірибе жеткілікті деңгейде болмады. Сол себепті, заңның көптеген нормалары құқық қолдану практикасына сәйкес келмей, олардың түсіндірілуі мен қолданылуында проблемалар орын алды.

Экономикалық қатынастардың дамуымен бірге соттарға осы санаттағы істер бойынша азаматтар мен заңды тұлғалар жиі жүгінетін болды. Алайда, заңның көптеген нормалары нақты айқындалмағандықтан, оларды сот тәжірибесінде бірізді қолдану мәселесі туындады. Бұл, әсіресе, заңның белгілі бір нормаларының екіұшты сипатқа ие болуымен, кейде тіпті Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің ережелерімен қайшылыққа түсуімен байланысты болды. Осы қатынастарды реттейтін заңнаманы біркелкі қолдану және қатысушылардың үлестеріне қатысты дауларды шешу мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Жауапкершілігі шектелі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер жөніндегі заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысы 2008 жылғы 10 шілдеде қабылданды [240]. Бұл қаулы заңның қабылдануынан кейін он жыл өткен соң қабылданды, яғни нормативтік қаулылардың дер кезінде қабылданбауы құқық қолдану тәжірибесінде күрделі мәселелер туғызатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, «қылмыстардың қайталануы» ұғымы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 1997 жылғы 16 шілдеде жаңа редакцияда қабылдануымен алғаш рет енгізілді. Ал, қылмыстың қайталануы және осыған байланысты құқықтық салдарларды анықтайтын қылмыстық заңдарды дұрыс және біркелкі қолдану мақсатында нормативті қаулы 10 жылдан соң қабылданды [241]. Осы тұрғыдан алғанда, нормативтік қаулылар сот практикасының бірізділігін қамтамасыз етуде және заңнаманы тиімді қолдану механизмін қалыптастыруда ерекше маңызға ие.

Біздің ойымызша, заңның жекелеген ережелерін қолдану бойынша нормативтік қаулылардың уақтылы қабылдануы және бірыңғай сот практикасының қалыптасуы сот төрелігінің сапасына елеулі әсер етер еді.

Тағы бір маңызды мәселе – Жоғарғы Соттың бірдей даулы мәселелерге қатысты нормативтік қаулыларында әртүрлі тұжырымдар ұсынуы.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың бандитизм және қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатыса отырып, басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы №2 нормативтік қаулысының 3-тармағына сәйкес «адамдар тобының», «алдын ала сөз байласқан адамдар тобының» қылмыс жасау дәрежелеуші белгілері ҚК-нің 31-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмысқа қатысушыларға – қылмысты жасауға екі және одан да көп орындаушы қатысқан жағдайларда қолданылуы мүмкін. Егер де қылмысты жасау кезінде бір ғана орындаушы қатысып, ал басқа адамдар ұйымдастырушы, айдап салушы немесе көмектесуші ретінде қатысса, онда орындаушының мұндай жағдайлардағы іс-әрекеті басқа дәрежелеуші

белгілердің болуына қарай, осы қылмыс үшін тікелей жауапкершілік көздейтін баптың тиісті тармақтары, бөліктері бойынша дәрежеленіп, ал басқа бірге қатысушылардың іс-әрекеттері ҚК-нің 28-бабына сілтеме жасалына отырып дәрежеленуі тиіс [242]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзшылықтарды саралау туралы» 2007 жылғы 11 мамырдағы №1 нормативтік қаулысы бұл норманы басқаша түсіндіреді. Яғни, қылмысты бірнеше адам жасаған кезде олардың арасында қылмыс жасауға алдын ала сөз байласу болған-болмағанын, рөлдері бөлінген-бөлінбегенін, қылмыс жасалған кезде олардың әрқайсысының қандай әрекеттер жасағанын, сондай-ақ барлық өзге де мән-жайларды анықтап, солардың негізінде адамдардың топ болып әрекеттер жасағандары туралы қорытынды жасау және жауаптылыққа тартылған адамдардың әрқайсысының қатысу нысанын айқындау, олардың әрекеттерін жеке-жеке саралап әділ жаза тағайындау қажет деп көрсетілген [243]. Яғни, ұйымдастырушылар, азғырушылар және көмектесушілер де топтың мүшесі ретінде қарастырылады. Осылайша, «алдын ала сөз байласу арқылы топ болып жасау» деген саралау белгісін түсіндіруде екі өзара қайшы келетін құқықтық ұстаным қалыптасты. Бұл жағдай 2008 жылғы 22 желтоқсандағы №15 нормативтік қаулының қабылдануымен шешімін тапты, онда «Бандитизм және басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысқан тұлғалардың жауапкершілігі туралы» қаулыға өзгерістер енгізіліп, біркелкі құқықтық түсінік қалыптастырылды [242].

Сонымен қатар, сот тәжірибесінде нормативтік қаулылардың жекелеген ережелерін қолдануға байланысты мәселелер жиі туындайды. Бұл проблемалар, негізінен, қаулыларда қолданылған құқықтық нормалардың әртүрлі түсіндірілуінен, олардың өзара қайшылықтарынан немесе нақты құқықтық жағдайларға қатысты толыққанды реттеудің болмауынан туындайды. Мұндай жағдайлар соттардың құқық қолдану тәжірибесінде біркелкіліктің сақталмауына алып келуі мүмкін, бұл өз кезегінде құқықтық анықтық пен заңдылық қағидаттарына қайшы келеді. Сондықтан да нормативтік қаулылардың мазмұнын нақтылап, олардың құқықтық жүйедегі орны мен мәнін айқындау қажеттілігі туындайды.

Нормативтік қаулылар құқықтық олқылықтарды толтырумен қатар, құқықтық жүйенің дамуын қамтамасыз ететін механизм ретінде қызмет етеді. Осыған орай, олардың құқық қолдану тәжірибесіндегі рөлін одан әрі арттыру және жетілдіру Қазақстанның құқықтық дамуының маңызды бағыттарының бірі болып қала береді [244, 23].

Осыған байланысты қылмыстық және азаматтық процестік жаңа кодекстерде бекітілген сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету жөніндегі Жоғарғы Сот қызметінің маңызы арта түсті. Осы міндетті іске асыру мақсатында Жоғарғы Сот нормативтік қаулылардың рөлін күшейтіп, оларды әзірлеу кезінде заңнамаға енгізілген өзгерістерден немесе ерекше құқықтық жағдайлардан туындайтын өзекті мәселелерді қамтуға ерекше мән беруде. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты 200-ден астам нормативтік қаулы қабылдады, олардың кейбіріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы «Сақтандыру шарттарынан туындайтын даулар бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулыда көлік құралдары иелерінің, туроператорлар мен турагенттердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, қызметкерлерді еңбек міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру, сондай-ақ ерікті сақтандыру шарттары бойынша сот практикасына қатысты мәселелер көрініс тапқан [245].

Нормативтік қаулыда сақтандыру шарттарынан туындайтын талаптарға үш жылдық жалпы талап қою мерзімі қолданылатыны түсіндірілген. Солидарлық міндеттеменің шартта көзделген немесе заңнамалық актілермен белгіленген жағдайларда туындайтыны атап өтілген. Сондай-ақ, сақтандырушының сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тарту негіздері ашып көрсетілген. Бұдан бөлек, туроператор мен турагент арасындағы жауапкершіліктің ара-жігі нақты ажыратылған. Нормативтік қаулыға сәйкес, шығу туризмі саласында туристік өнімді қалыптастыру қызметін жүзеге асыру кезінде туристтің мүддесіне келтірілген зиянды өтеу міндеті туроператорға жүктеледі, ал туристік өнімді ілгерілету және өткізу қызметін жүзеге асыру барысында туындайтын жауапкершілік турагентке тиесілі болады.

2015 жылғы 13 қарашада «Оңалту және банкроттық туралы» Заңның қабылдануына байланысты 2015 жылғы 2 қазандағы №5 «Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысына елеулі өзгерістер енгізілген болатын. Алайда, соттардың оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасын зерделеп және оны біркелкі қолдану мақсатында «Соттардың заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді оңалту және олардың банкроттығы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2023 жылғы 2 қарашадағы № 2 нормативтік қаулысы қабылданды. Қазіргі уақытта аталған нормативтік қаулыда төмендегідей мәселелерге түсіндірме беріледі. Борышкердің банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыларының талап қоюларына немесе көрсетілген рәсімдер шеңберінде қойылған талап қоюларға қатысты даулар талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша қаралады.

Нормативтік қаулыда заңды тұлғаның құрылтайшысын немесе банкрот мүлкінің иесін субсидиарлық жауапкершілікке тарту шарттары мен мерзімдері түсіндіріледі. Соттардың назарын банкроттық басқарушының банкроттық нәтижесінде мүлкінің жеткіліксіздігіне байланысты қанағаттандырылмаған несие берушілердің талап сомаларын өндіріп алу үшін субсидиарлық жауапкершілікке тарту туралы сотқа жүгіну мерзімі пресекциялық болып табылатынына аударылған. Аталған мерзімнің өтіп кетуі талап арызды қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады [246].

Сонымен қатар, сот практикасын қорыту нәтижелерін негізге ала отырып, соттардың еңбек заңнамасы нормаларын қолдануының біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатында, соттарда туындайтын мәселелерді ескеріп 2024 жылдың қараша айында қабылданған «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік

қаулысы еңбек заңнамасының жекелеген нормаларын қолдану мәселелерін қамтыды.

Бұл нормативтік қаулы кәсіпорындарда құрылатын келісу комиссиясына тұрақты әрекет ететін орган мәртебесін беру қажеттілігіне назар аударады. Келісу комиссиясы жеке еңбек дауларын шешудің аралық, бірақ міндетті кезеңі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, белгілі бір санаттағы қызметкерлердің еңбек дауы туындаған жағдайда келісу комиссиясына жүгіну міндетінен босатылатыны нақты көрсетілген. Егер келісу комиссиясының шешімімен келіспеу немесе оны орындамау жағдайы орын алса, даудың тараптары сотқа жүгіну құқығына ие болады. Бұл ретте, сот келісу комиссиясының тұжырымдарымен шектелмейді және дауды талап қою шеңберінде мәні бойынша қарайды. Аталған нормативтік қаулы өндіріс көлемінің төмендеуіне байланысты жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына орай еңбек шартын бұзу негіздері мен тәртібін нақтылайды. Сондай-ақ, қызметкерлерді толық материалдық жауапкершілікке тарту үшін барлық жағдайда материалдық жауапкершілік туралы шарттың болуы талап етілмейтініне ерекше назар аударылады [247].

Соттар тарапынан нормативтік қаулыларды қолданудың қажеттілігі туралы айтқанда, олардың нақты істерді дұрыс шешудегі маңыздылығы назарға алынады. Сот актілерін талдау және қайта қарауға келіп түскен істер жергілікті соттардың Жоғарғы Соттың түсіндірмелерін кеңінен қолданатынын және сот актілерінде тиісті нормативтік қаулыға сілтеме жасайтынын көрсетеді.

Нормативтік қаулылар тек сот тәжірибесін қалыптастыру үшін ғана емес, сонымен қатар құқық қорғау органдарының қызметкерлері, адвокаттар, заң жоғары оқу орындарының оқытушылары, заңгерлер, студенттер, магистранттар мен докторанттар және жалпы құқықтық қауымдастық үшін де маңызды ақпарат көзі болып табылады.

Осылайша, нормативтік қаулылар сот тәжірибесінің дұрыс бағытта қалыптасуына, заңдылық пен әділдікті нығайтуға айрықша ықпал ететіні анық. Жоғарғы Сот қолданыстағы заңнамадағы соңғы өзгерістерді ескере отырып, нормативтік қаулыларды әзірлеу және қабылдау жұмыстарын жалғастыруда.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде алынған негізгі қорытынды – бұл құқықтық нормаларды іске асыру барысында және Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылар қабылдауы арқылы тікелей құқықшығармашылық процесінде сот тарапынан құқықтық нормаларды қолдану барысын жетілдіруге бағытталған, ғылыми тұрғыдан негізделген ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу болып табылады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы тақырыбында жүргізілген зерттеуіміз келесідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыста докторант тарапынан мынандай ғылыми қорытындыларға қол жеткізілді:

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында «нормативтік қаулы» ұғымына нақты заңдық анықтама көрсетілмеген. ҚР «Құқықтық актілер туралы» Заңында нормативтік құқықтық актілердің түрлері белгіленгенімен, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларына арнайы түсініктеме берілмейді. Сонымен қатар, нормативтік қаулылардың құқықтық табиғаты мен құрылымына қатысты нақты анықтамалар қарастырылмаған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде, Қылмыстық процестік кодексінде және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларына жекелеген сілтемелер жасалғанымен, олардың заңдық табиғатын айқындайтын арнайы ережелер жоқ. Бұл нормативтік қаулылардың құқықтық мәртебесін түсіндіру және қолдану мәселесінде белгілі бір олқылықтардың бар екенін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының мақсаты – заңды дұрыс түсіндіруммен сот органдарына, сондай-ақ басқа да құқық қолданушы органдарға қолданыстағы заңнаманы заңдылық қағидатын бұзбай, біркелкі қолдануға көмектесу. Айтылған нормативтік қаулылардың міндеті – жаңа нормативтік құқықтық актілерді қалыптастыру емес, сонымен қатар қолданыстағы құқық нормаларын кеңейту емес, керісінше, кейбір нормалардың мазмұны мен Қазақстан заңнамасының жалпы құрылымы тұрғысынан біркелкі түсінігін қалыптастыру болып табылады.

2. Қолданыстағы заңнамада Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының құқықтық анықтамасы берілмеуіне байланысты, Жоғарғы Сот нормативтік

қаулыларының құқықтық мәртебесін нақтылау, олардың шегін айқындау қажет деп есептейміз. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары дегеніміз – сот тәжірибесін біріздендіру және заңнаманы дұрыс қолдануды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қабылдайтын ресми түсіндірмелік-құқықтық актілер болып табылады. Бұл қаулылар соттарға міндетті нұсқаулар береді және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алынады.

Нормативтік қаулылар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, сондай-ақ халықаралық шарттарға сәйкес әзірленеді. Олар сот жүйесінде құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге және заңдардың дұрыс түсіндірілуіне ықпал етеді.

Нормативтік қаулылардың мазмұны келесі негізгі аспектілерден тұрады:

1) Құқық нормаларының ресми түсіндірмесі – заң нормаларын соттардың біркелкі және дұрыс қолдануын қамтамасыз ету мақсатында олардың мағынасын ашу;

2) Сот тәжірибесін қорыту – төменгі соттарда туындайтын құқықтық мәселелер мен оларды шешу тәсілдерін талдап, ортақ ұстанымдар қалыптастыру;

3) Құқықтық ұстанымдарды бекіту – сот шешімдерінде құқық нормаларын қолданудың бірыңғай тәжірибесін орнықтыру;

4) Сот тәжірибесінде кездесетін қайшылықтарды жою – әртүрлі соттарда бірдей жағдайларда әртүрлі шешімдер қабылдау мүмкіндігін азайту;

5) Соттардың қызметін жетілдіру – сот төрелігінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдар мен нұсқаулар беру.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары заңдық күші бойынша соттарға міндетті болып табылады және құқық қолдану тәжірибесінде маңызды рөл атқарады.

3. Қазақстан Республикасында Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары құқықтың ерекше қайнар көзі болып табылады. Себебі, олар заңнаманы ресми түсіндірудің бірден-бір құралы және сот тәжірибесінің біркелкі қолданылуын қамтамасыз ететін актілер болып есептеледі.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары заңнаманың тікелей бөлігі болып табылмаса да, олардың заңдық күші соттар үшін міндетті сипатқа ие. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, соттар заңдарды қолданумен қатар, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын да басшылыққа алуға тиіс.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы құқықтың қайнар көздерінің бірі ретінде маңызды рөл атқарады. Олар сот төрелігінің сапасын арттырып, заңдарды біркелкі және дұрыс қолдануды қамтамасыз етеді. Сондықтан нормативтік қаулылар құқықтық жүйеде сот тәжірибесін жетілдіру мен дамыту құралы ретінде кеңінен қолданылады.

4. ТМД елдерінің Жоғарғы Соттарының нормативтік сипаттағы қаулыларының құқықтық табиғаты аясында жүргізілген талдау жұмыстары көрсеткендей, посткеңестік дәстүрге негізделген ұлттық құқық көздері жүйелерінде, әдетте, романо-германдық құқықтық отбасыға жататын (немесе

дербес құқықтық отбасы ретінде ерекшеленетін) елдерде, заң шығарушы қалыптастыратын позитивті құқық нормаларымен қатар, құқық қолдану процесінде сот тәжірибесі арқылы әзірленген прецеденттік сипаттағы элементтер де кездеседі. Бұл элементтердің пайда болуы құқық шығармашылық шешімін қабылдаудың күрделі әрі көп сатылы процесс екенін көрсетеді. Сонымен қатар, заңнамалық шешімдерді қалыптастыруға әсер ететін көптеген факторлардың бар екендігін және заң шығарушының жалпы норманың барлық ерекшеліктерін алдын ала ескеріп, толықтай егжей-тегжейлі айқындау мүмкін еместігін аңғартады.

Осылайша, жоғары соттардың түсіндірмелері құқықтық жүйенің қарқынды дамуы және заңнама жүйесінің қоғам мен мемлекеттің өзгермелі жағдайларына бейімделуі барысында сот арқылы дауларды шешу тек құқықтық қатынастарды қамтамасыз етудің институционалдық тәсілі ғана емес, сонымен қатар, заң шығарушының жаңа қоғамдық қатынастарды ретке келтіруге бағытталған әрекеттерін толықтыратын реттеуші рөлін де атқарады. Бұл үдеріс нормативтік құқықтық актілердің ережелерін ұғыну, түсіндіру, сондай-ақ құқықтық реттеудегі олқылықтардың орнын толтыру арқылы жүзеге асырылады.

Осылайша, ТМД елдеріндегі құқықтық жүйелердің қарқынды дамуы және оларды заманауи жағдайларға бейімдеу қажеттілігі жағдайында жоғарғы сот органдарының қаулылары құқықтық реттеудің маңызды элементі болып қала береді, заңнаманы толықтырып, оның тиімді қолданылуына ықпал етеді.

5. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік сот практикасы қолданыстағы құқықтың бір бөлігі бола отырып, заңдардың ережелерін нақтылайтынын немесе қолданыстағы заңнамалық актілердегі олқылықтарды жоятындығын атап өту қажет. Кейбір жағдайларда бұл құқықтық нормаларды түсіндіру арқылы жүзеге асса, басқа жағдайларда – құқық немесе заң ұқсастығын қолдану арқылы азаматтық істер бойынша шешімдер қабылдау жолымен іске асырылады.

Осылайша, сот практикасы заңнаманы жетілдіруде маңызды рөл атқарады, өйткені ол өмір талаптарына сай келмейтін кейбір ескірген нормалардың бар екенін, нормативтік актілердегі олқылықтар мен қателерді, олардың басқа актілермен үйлеспеушілігін, сондай-ақ нормативтік актілердің мәтіндеріндегі техникалық-құқықтық кемшіліктерді көрсетеді, бұл өз кезегінде олардың дұрыс қолданылуын қиындатады.

6. Сот жүйесіне Конституцияда бекітілген құқық шығармашылық функциялары мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және өзге де қызмет салаларындағы өзгерістерге жедел әрі икемді жауап қайтаруға мүмкіндік береді. Бұл функция соттарға заңнаманың негізгі мазмұны мен іргелі қағидаттарын сақтай отырып, қолданыстағы құқық нормаларын түсіндіру және нақтылау арқылы заңнамалық олқылықтарды тиімді түрде толтыруға жағдай жасайды.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерсіз тиімді мемлекеттік және әлеуметтік-экономикалық қызметті жолға қою қиын, бірақ құқық шығармашылық өкілеттіктері бар әрбір орган мемлекеттік биліктің барлық

тармақтарының үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін тек өзіне тән заңи рөлді орындауға тиіс.

7. Заңдардың нормативтік қаулылар арқылы нақтылануы Қазақстан Республикасының заңнамасын одан әрі жетілдіру мен дамыту процесіне тікелей әсер ететінін дәлелдейді. Заң нормаларын іске асыру барысында оның мазмұны өзгеруі мүмкін, бұл әлеуметтік өмірдің экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқа да жағдайларының трансформациясына, сондай-ақ Негізгі заң нормаларын нақтылайтын заңнаманың елеулі жаңаруына байланысты болады. Жоғарғы Соттың нақты істер бойынша шығарған сот актілері төменгі соттарға ұқсас істер бойынша шешім қабылдау бағытын айқындаса, нормативтік қаулылар бүкіл сот тәжірибесін талдау нәтижесі ретінде бүкіл ел аумағында бірізділікті қамтамасыз етеді. Олардың міндетті күші Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген. Негізгі мәні – заңның мәтінін өзгертпестен, оның мағынасын нақтылау және Жоғарғы Соттың осындай өзгерістерді бекітудегі рөлін анықтау. Заң нормалары өз бастауларын сақтай отырып жетілдіріледі, ал сот органдары заңдарды нақтылап, дауларды шешіп немесе заңдарға ресми түсіндірме бере отырып, осындай өзгерістерді бекітеді. Осылайша, олар құқықтық доктринаны қалыптастырып, заңдардың жекелеген ережелеріне өз көзқарасын білдіреді және өз нормативтік қаулыларында заңдарды нақтылау арқылы өтпелі қоғамға тұрақты құқықтық бағдарлар жүйесін ұсынады.

Осылайша, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларындағы заңнаманы нақтылау құқықтық жүйенің тұрақтылығы мен оның өзгермелі жағдайларға бейімделу қажеттілігі арасындағы тепе-теңдікті сақтауы тиіс. Құқықтық анықсыздықты еңсеру және нормалардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету заңнама аясында ғана жүзеге асырылуы керек.

8. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларындағы соттарға шешім шығаруға қойылған тыйымдар сот төрелігінің сапасын арттыруға, заңдылықты қамтамасыз етуге және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған маңызды құқықтық құрал болып табылады.

Ал, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларында көрсетілген рұқсат ету нормалары құқық субъектілеріне өздерінің заңды құқықтарын еркін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл құқықтық қатынастардағы икемділікті қамтамасыз етіп, құқық субъектілерінің таңдауы мен мүдделерін ескеруге бағытталған. Сонымен қатар, соттарға нақты жағдайға байланысты құқық қолдану мүмкіндігін беру арқылы әділ сот төрелігін жүзеге асыруға ықпал етеді. Жалпы, рұқсат ету нормалары сот билігінің құқық қолдану тәжірибесінде заңдылық, әділеттілік және құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды құқықтық құралдардың бірі болып табылады.

9. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қабылдайтын нормативтік қаулылар азаматтық айналымдағы құқықтық қатынастарды дұрыс реттеуде және біркелкі қолдануда шешуші рөл атқарады. Қаулылардағы құқықтық дефинициялар заң нормаларының мазмұнын ашып қана қоймай, оларды практикада дұрыс қолданудың кілтіне айналады. Осыған орай құқықтық

дефинициялар жасау мен қолдану барысында астындағы ұсынымдарды беруге болады:

1) Жоғарғы Сот дефинициялар қалыптастыруда тиісті құқық саласының теориялық жетістіктеріне сүйенуі қажет. Дефинициялар ғылыми дәлелді, ұғымдық жағынан дәйекті және логикалық жағынан толыққанды болуы тиіс.

2) Жоғарғы Сот дефинициялары қолданылып жүрген заңнама нормаларымен үйлесуі, оларға қайшы келмеуі және қолданыстағы заңнаманың жүйесімен өзара байланыста болуы қажет. Бұл дефинициялар мен заң нормалары арасындағы қайшылықтардың алдын алады.

3) Нормативтік қаулылардағы дефинициялар практикалық маңызға ие болуы, құқық қолданушы органдар мен соттардың нақты істерді шешуде қолдануына ыңғайлы болуы қажет. Дефиниция құқықты дұрыс түсіндіру мен қолдануды қамтамасыз етуі керек.

4) Нормативтік қаулыларда қолданылатын құқықтық терминдер мен дефинициялар құқық жүйесінің басқа актілеріндегі ұғымдармен үйлесімді және бірыңғай болуы тиіс. Терминологиялық тұрақтылық құқықты біркелкі түсінуге мүмкіндік береді.

5) Жоғарғы Сот тек шын мәнінде қажетті жағдайларда ғана дефиниция беруге тиіс. Егер ұғым заңда немесе қалыптасқан доктринада жеткілікті түрде ашылған болса, оны қайтадан дефинициялау артық болады. Сонымен қатар, берілген дефиниция толық, мазмұнды және айқын болуы қажет.

6) Дефинициялар жаңа құқықтық қатынастарды реттеу кезінде пайда болатын құқықтық олқылықтарды толтыруға бағытталуы тиіс. Олар заңның мақсаттары мен қағидаттарын ескере отырып, құқық нормаларын дамытатын элементке айналуы керек.

7) Жоғарғы Сот дефиницияларды өзгерту немесе қайта қарау кезінде олардың тұрақтылығын қамтамасыз етуі тиіс. Себебі, дефинициялардың жиі өзгеруі құқықтық тұрақтылық пен болжамдылық қағидатына қайшы келеді.

Осы ұсынымдар Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларында құқықтық дефиницияларды қалыптастыру мен жетілдіру процесінің тиімділігін арттырып, құқық қолдану практикасын біріздендіруге және құқықтық реттеудің сапасын жоғарылатуға мүмкіндік береді.

10. Нормативтік қаулылардың логикалық құрылымы мен мазмұны олардың құқықтық реттеу тиімділігіне тікелей әсер етеді. Олар құқықтық реттеудің айқындығын қамтамасыз ету, құқық қолдану практикасын бірыңғайлау, заң нормаларын тиімді іске асыру міндеттерін шешуге көмектеседі.

Осылайша, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының логикасы — бұл заңнаманың жалпы қағидаттарына, заң идеясына және құқық нормалары элементтерінің ерекшеліктеріне негізделген күрделі және ғылыми тұрғыдан негізделген процесс. Оның дұрыс құрылуы құқықтық жүйенің тұрақтылығына, заңдылық пен құқықтық қауіпсіздіктің сақталуына және құқықты қолдану практикасының бірізділігіне тікелей ықпал етеді.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін нақты қолдану туралы ұсыныстар:

1. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының құқықтық табиғатын талдау негізінде, олардың заңнамалық нормаларды нақтылайтын және оларға түсініктеме беретін, сондай-ақ сот құқық шығармашылығының негізгі нәтижелерінің бірі болып табылатын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің ерекше түрі екендігін тұжырымдаймыз. Жоғарыда аталғандардың негізінде, 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» заңына тиісті өзгерістер енгізе отырып, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының нормативтік құқықтық актілер иерархиясындағы орнын белгілеуді, сондай-ақ нақтылау мен егжей-тегжейін анықтауға бағытталған заңнамалық ережелермен бір деңгейге қоюды ұсынамыз.

2. Жоғарғы Сот қаулыларының заңнамамен арақатынасын нақтылау қажет деп есептейміз. Яғни, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары Конституция мен заңнаманы толықтыру немесе түсіндіру мақсатында қабылданады. Алайда, кейбір жағдайларда олар заң нормаларын кеңейтіп немесе керісінше, тарылтып жіберуі мүмкін. Сондай-ақ, кейде Парламент қабылдаған заңдар мен Жоғарғы Сот қаулылары арасында қайшылықтар орын алуы мүмкін. Аталған, қайшылықтарды болдырмау мақсатында:

- Жоғарғы Сот қаулылары заңнаманы түсіндіру шегінде қалуы үшін нақты шектеулер енгізу. Яғни, Жоғарғы Сот тек заңдарды түсіндірумен шектелуі керек, жаңа құқық нормаларын енгізуге жол берілмеуі керек;

- Жоғарғы Сот қаулылары мен заңдардың арасында қайшылық туындамауын қамтамасыз ету үшін Конституциялық Сотпен келісу механизмін қарастыру;

- Жоғарғы Сот қаулыларын Парламенттің заң шығару процесімен үйлестіру. Қаулыларды қабылдау кезінде Парламентпен және заң шығару органдарымен кеңесу процесін енгізу, қажет болған жағдайда заңдарды жетілдіру туралы ұсыныстарды заң шығарушы билікке жолдау қажеттігі ұсынылады.

3. Соттардың құқық қолдану қызметі барысында Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының ашықтығын қамтамасыз ету – құқықтық ақпараттың қолжетімділігі мен айқындылығын арттыру да өте маңызды болып табылады. Кейде кейбір қаулылардың толық нұсқалары немесе түсініктемелері көпшілікке қолжетімді болмай жатады. Азаматтар мен заңды тұлғалар кейде өз құқықтарын дұрыс түсінбеуі мүмкін. Ол үшін, барлық қаулыларды бір орталықтан ашық түрде жариялау (ресми веб-сайт, арнайы құқықтық платформалар), қаулыларды түсіндіретін қарапайым тілде жасалған ақпараттық материалдар әзірлеу қажет. Сонымен қатар, сот шешімдерін қолдану бойынша азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру шараларын жүзеге асыру да аса маңызды.

4. Құқықтық тұрақтылықты сақтау мақсатында, жоғарғы сот қаулыларын үнемі өзгертпей, тек қажеттілігі дәлелденген жағдайда ғана жаңарту қажет. Егер, Жоғарғы Сот қаулылары жиі өзгеріске ұшырай беретін болса немесе біркелкі болмаса, құқықтық тұрақтылық бұзылуы мүмкін. Бұл еліміздегі түрлі деңгейдегі кәсіпкерлік субъектілері мен азаматтар үшін құқықтық сенімсіздік тудырады. Аталаған мәселені шешу үшін: жоғарғы сот қаулыларын қабылдау

кезінде тұрақтылықты сақтау, тек қажет болған жағдайда ғана өзгерістер енгізу керек. Сондай-ақ, қаулы қабылдамас бұрын алдымен құқықтық-сараптамалық зерттеулер жүргізу қажет. Содан кейін, барлық қаулыларды тұрақты түрде жаңартып, өзгерістерді енгізіп отыру үшін құқықтық базада бірыңғай стандарттарды қалыптастыру қажет.

5. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының тілі мазмұнды әрі нақты болуы керек. Бұл құқықтық нормалардың маңыздылығын сақтай отырып, артық сөздерден аулақ болуды және мазмұнды барынша қысқа әрі түсінікті жеткізуді білдіреді. Мәтін түсінікті және анық болуы тиіс. Құқықтық нормалардың мәні толық ашылып, терминология бірізді қолданылуы қажет. Сонымен қатар, күрделі грамматикалық құрылымдарды болдырмау, сөйлемдерді ықшам әрі логикалық тұрғыдан түсінікті етіп құру маңызды.

Сондықтан ресми іскерлік құжаттың бір түрі болып табылатын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының мәтініне қойылатын негізгі талаптарды белгілеуге болады. Терминология нақты және қатаң айқындалған болуы керек. Сөздер мен тіркестер әдетте жалпы әдеби тілге қарағанда тар немесе арнайы мағынада қолданылады. Сөздерді тек тура және бастапқы мағынасында пайдалану қажет. Екіұшты немесе көпмағыналы терминдерді қолданудан аулақ болу маңызды. Терминологияның бірізділігі сақталуы тиіс. Баяндау стилі логикалық жүйелілікке және мағыналық тұтастыққа негізделуі керек. Ойдың толық ашылуы және мазмұнның аяқталған болуы маңызды. Біртекті тұжырымдарды баяндаудың бірізділігі сақталып, олардың ақпараттық мәні әртүрлі болғанымен, құрылымдық жағынан сәйкестігі қамтамасыз етілуі қажет.

Зерттеу жұмысының қорытындыларын тәжірибеге енгізудің тиімділігі. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелерін құқық қорғау органдарының, сот органдарының қызметін және осы саладағы нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру барысында пайдалану, өзінің оң нәтижесін береді. Сондай-ақ, жоғарғы оқу орындарында заңгер мамандарды дайындау барысында конституциялық құқық, құқық қорғау органдары пәнін оқытуда аталған диссертациялық жұмыстың нәтижелерін пайдалану, жұмыс оқу бағдарламасы ретінде ұсыну білім алушылардың білімін жетілдіруде өзінің тиімділігін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (02.09.2015).

2 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674 (11.02.2025).

3 Қазақстан Республикасының Президенті – Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог- Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы // «Егемен Қазақстан» 03.09.2019 ж., №169 (29648).

4 Абдрасулов Е.Б. Судебная власть и ее роль в развитии и совершенствовании национального законодательства. // Фемида. – 2004. - №6. -С.17-25.

5 Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы №132 Конституциялық заңы. // «Егемен Қазақстан» 30.12.2000 ж., №333-334.

6 Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V Заңы. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 7-1.

7 Ударцев С.Ф. Қазақстандағы конституциялық бақылау: бекітіліген конституционализмнің доктрина және практика: Монография / И.И.Рогов және В.А.Малиновский ред. Алматы: Раритет, 2015. – 135 – 161 б.

8 Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 1-тармағын; 14-бабының 1-тармағын, 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасын, 79-бабының 1-тармағын және 83-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» 1997 жылғы 6 наурыздағы №3 Қаулысы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік

құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S970000003_ (15.02.2025).

9 Рогов И.И. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Ғылыми-практикалық түсіндірме / ред. алқа жетекшісі: И.И.Рогов және басқалар, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының қоры, ҚР Конституциялық Кеңесі, ҚР Әділет министрлігі... – Астана, 2018. – 662 б.

10 Балашов А.Н. Вопросы применения аналогии закона и аналогии права в гражданском судопроизводстве // Российская юстиция. – 2009. -№10. – С.59.

11 Hand L. «The use of history is to tell us what we are, for at our birth we are nearly empty vessels and we become what our tradition pours into us.» // https://quote/1224031/Learned-Hand-The-use-of-history-is-to-tell-us-what-we-are-for-at-our-birth-we-are-nearly?utm_source=chatgpt.com (04.02.2025).

12 Марченко М.Н. Судебное правотворчество и судейское право: учебное пособие. – М, 2008. – 512с.

13 Алимбеков М.Т. Судебное правотворчество и применение граждаснко-правовых норм в механизме правореализации: автореф. ...доктора юрид. наук: 12.00.01. – Алматы, 2010. - 34 с.

14 Теория государства и права. Учебник / Алексеев С.С., Васьков П.Т., Дюрягин И.Я., Исаков В.Б., и др.; Под ред.: Алексеев С.С. – М.: Юрид. лит., 1985.-480с.

15 Любашиц В.Я., Смоленский М.Б., Шепелов В.И. Теория государства и права. Изд. 3-е. Ростов-на-Дону: Феникс, 2006. - 512с.

16 Керимов Д.А. Толкование законодательства // Права и образование. 2002. №3. С. 88.

17 Братусь С.Н., Венгеров А.Б. Понятие, содержание и формы судебной практики. // Судебная практика в советской правовой системе. М., 1975. С. 9.

18 Лившиц Р.З. Судебная практика как источник права // Конституция и закон: стабильность и динамизм. М.: Юридическая книга, ЧеРо, 1998. С. 143.

19 Дихтяр А.И., Рогожин Н.А. Источники права и судебная практика // Юрист. 2003. №1. С. 2.

20 Лебедов В.М. Судебная власть в современной России: Проблемы становления и развития. СПб.: Лань, 2001. С. 209.

21 Сапаргалиев Г.С. Нормативные постановления Верховного суда как источник действующего права Республики Казахстан // Суды и их роль в укреплении государственной независимости (материалы междунар. научн.-практич.конф., посвященной 10-летию независимости Республики Казахстан. Астана: Изд. Центр Верховного суда РК, 2001. С. 117.)

22 Сапаргалиев Г.С. Некоторые проблемы реализации Конституции Республики Казахстан // «Проблемы развития конституционализма в Казахстане». Материалы научно-практич. конференции. Алматы, 2002. С. 14.

23 Пиголкин А.С. Юридическая процессуальная форма: теория и практика. М.: Юридическая литература, 1976. С. 102.

24 Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт, процедура. – Алматы: Өркениет, 2002. – 397 с.

25 Марченко М.Н. Общая теория государства и права. Академический курс в 2-х томах. / Отв. ред. М.Н.Марченко. Том. 2. Теория права. М.: Зерцало, 1998. С. 339.

26 Сулейменова Г.Ж. Роль и значение нормативных постановлений Верховного суда РК. // Судебная власть в Республике Казахстан: история и перспективы. Сб. Научных статей. Караганда: КарГУ, 2003. С. 68-86.

27 Бойков А.Д. Третья власть в России. Книга вторая – продолжение реформ. М,: «Юрлитинформ», 2002. С. 134.

28 Третьяков В.П. Судебная власть в условиях авторитарных режимов. – М.: Статут, 2005. С.221.

29 Алимбеков М.Т. Нормативные постановления Верховного суда как официальные акты судебного правотворчества / Юрист №7, 2009. С. 18-19.

30 Alaidarov A., Agdarbekov T., Nakipov B. Judicial law making mechanisms as a source of law // «Ad Alta – Journal of Interdisciplinary Research» (Czech Republic), ISSN 1804-7809. – 2019. -V.9. -Iss.1.-P.96-101. – Special Issue: 7.

31 Сорокин В.В. Судебная практика как источник права: за и против // Сибирский юридический вестник. – 2002. - №3. – С.14-25.

32 Сулейменов М.К. Нормативные постановления Верховного суда в системе источников права // - [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30466100&pos=5;-106#pos=5;-106

33 Вышинский А.Я. Вопросы теории государства и права. М, 1949. С. 4.

34 Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясының негізгі мәселелері: оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 256 б.

35 Ибраева А.С., Дюсебалиева С.С. Идеи академика Зиманова Салыка Зимановича о праве, справедливости и правовой культуре // Труды Салыка Зимановича Зиманова – источник политической и правовой мысли современной эпохи: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция материалдары, г. Нұр-Сұлтан, 2021 жылғы 19 ақпан // М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 180 б.

36 Мутанов Г.М. Академик С.Сартаев и его вклад в развитие государственно-правовой системы Республики Казахстан: прошлое, настоящее, будущее: сборник статей, посвященных 90-летию академика С. Сартаева / кол. автор.: Г.М. Мутанов, К.А. Мами, И.И. Рогов, Д.Л. Байдельдинов, А.С. Ибраева, Г.Р. Усеинова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 461 с.

37 Баймаханов М.Т. Избранные труды по теории государства и права // Акад. Юриспруденции – Высш. шк. права «Әділет». – Алматы: Әділет, 2003. – 708.

38 Байтин М.И. Сущность права. Изд. 2-е. – М. ООО ИД «Право и государство», 2005. С.66-68.

39 Марченко М.Н. Источники права: учеб. пособие. М.: Проспект, ТК Велби, 2005. – 760 с.

40 Алайдаров А.Ә., Әлайдар А.Ә Шет елдерінің құқық жүйелерінде сот процеденті мәселелерінің салыстырмалы құқықтық талдауы // «Қазақстанның

ғылымы мен өмірі». Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. Заң сериясы. – Алматы. – 2019. - №10/2. – 31 – 38 б.б.

41 Ильгова Е.В. Проблемы правового регулирования отнесения семей и несовершеннолетних к категории находящихся в социально опасном положении н нуждающихся в проведении в отношении них профилактической работы // Право. Законодательство. Личность. 2017. №1(24). С. 62-70.

42 Наумов А. Судебный прецедент как источник уголовного права // Российская юстиция. – М.: Юрид. лит., 1994, №1. – С. 8-11.

43 ҚР Жоғарғы Сотының «Сот төрелігіне қол жеткізу құқығы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот актілерін қайта қарау бойынша өкілеттіктері туралы» 2016 жылғы 15 қаңтардағы №1 Нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000001S (11.02.2025).

44 Дроздов Г.В. Правовая природа разъяснений закона высшими органами судебной власти // Советское государство и право. – М.:Наука, 1992, №1. - С. 70-77.

45 Бибик О.Н. Источники уголовного права Российской Федерации. – СПб.: Издательство Р. Асланова «Юридический центр Пресс», 2006. – 243 с.

46 ҚР Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 2003 жылғы 11 шілдедегі №8 нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000008S_ (11.02.2025).

47 ҚР Жоғарғы Сотының «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы 2006 жылғы 23 маусымдағы №6 Нормативтік қаулысы» // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000006S_ (11.02.2025).

48 ҚР Жоғарғы Сотының «Әкімшілік қадағалау жөніндегі заңнаманы қолданудың сот практикасы туралы» 2019 жылғы 31 мамырдағы №1 нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P190000001S (11.02.2025).

49 Накипов Б., Алайдаров А.Ә. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында Конституция мен заңдардың орындалуын қамтамасыз ету // ҚР Конституция күніне арналған «Конституция құқық үстемдігінің, азаматтық қоғам мен заманауи мемлекеттің құндылықтарын іске асыру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана. – 2018, 28-29 тамыз. – 283-290 бб.

50 Умаров С.С. Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларын қолдануда туындайтын кейбір мәселелер туралы // «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат интитутының Жаршысы» ғылыми-құқықтық журналы), № 1-2 (29-30) 2013 ж. 293-297 бб.

51 Скляренко М.В. Инновации в постановлениях Пленума Верховного Суда РФ: доктрина, практика техника // Юридическая техника. 2021. № 15. С.437-447.

52 Алайдаров А.Ә. Қазақстан Республикасы жоғарғы сотының нормативтік қаулыларының заң ғылымының дамуындағы маңыздылығы // «XXI ғасырдағы ғылым және білім» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. / Құраст.: Е.Ешім, Н.Әбдіғали т.б. – Астана, -2018. – 20-25 бб.

53 Шаргородской М.Д. Уголовный закон. – М., 1948. – С.41.

54 Орловский П. Значение судебной практики в развитии советского гражданского права // Советское государство и право. – 1940. - №8-9. – С.96.

55 Исаев С. Судебная практика Пленума Верховного суда СССР как источник советского уголовного права // Ученые записки ВИЮН. – М., 1947. – Вып. 5. – С.84-85.

56 Никеров Г.И. Судебная власть в правовом государстве // Государство и право. – 2000. -№3. -С.18.

57 Ведель Ж. Административное право Франции. -М., 1973. -512с.

58 Тишкевич И.С. Являются ли указания Пленума Верховного суда СССР источником права? // Советское государство и право. – 1995. - №6. -С.30.

59 Шляпочников А.С. Толкование уголовного закона. – М.: Госюриздат, 1960. – 240 с.

60 Черданцев А.Ф. Толкование советского права. Теория и практика – М.: Юрид. лит., 1979. – 168 с.

61 Шейнин. Х.Б. Руководящие разъяснения Верховного Суда СССР – важное средство укрепления социалистической законности // Верховный суд СССР. Статьи и очерки о деятельности за 1924-1974. Под. ред. Смирнова Л.Н., Куликова В.В., Никифорова Б.С. – М.:Юридическая литература, 1974. С. 424.

62 Калинин А.А. Нормотворчество Верховного Суда СССР в годы Великой Отечественный войны // Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России. 2017. №3 (75). С.25.

63 Савицкий В.М. Верховный Суд СССР: новая регламентация организации и деятельности // Известия высших учебных заведений. Правоведение. 1980. №4. С.77.

64 Смирнова Л.Н., Мазуров В.А. Причинение вреда при задержании лица, совершившего преступление, в разъяснениях пленумов Верховных Судов СССР и РФ // Исвестия Алтайского государственного университета. 2018. №3 (101). С.108.

65 Лазарев Л.В., Слава А.Я. Конституционная реформа – первый этап // Советское государство и право. 1989. №3. С.3-14.

66. Криушина В.А. Страницы жизни Председателя Верховного Суда СССР Е.А. Смоленцева (по материалам источников личного происхождения и периодики) // Государство и общество: проблемы взаимодействия. Материалы VII Международной научно-практической конференции / Под ред. Е.А. Юшиной. Киров: Издательство «Радуга-ПРЕСС», 2016. С.25.

67 Закон СССР «О Верховном Суде СССР» // Ведомости Верховного совета СССР. – 1979. - №28 – С.976.

68 Закон РСФСР «О судоустройстве РСФСР» // Ведомости Верховного Совета РСФСР. – 1981. - №28. – С.976.

69 Мартынчик Е., Колоколова Э. Прецедентное право: от советской идеологии к международный практике // Российская юстиция. – 1994. - №12. С.20.

70 Барышникова В.А. Правовые позиции высших судебных инстанций как средство формирования опережающего гражданского процессуального регулирования // Арбитражный и гражданский процесс. 2014. № 6. С. 28-32.

71 Корнев А.В. Разъяснения пленумов высших судов по вопросам судебной практики как специфическая форма судебного правотворчества в России // Вестник РУДН, серия Юридические науки, 2014, № 1.С.22.

72 Постановление Пленума Верховного Суда Российской Федерации «О судебном решении» от 19 декабря 2003 года №23 // - [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31512238&pos=4;-88#pos=4;-88 (25.10.2024).

73 Киселев П.И. Правотворческая роль судебной практики и судебный прецедент в современной России: к проблеме обновления национальной доктрины // Юрист-Правовед. 2009. №6. С. 21.

74 Гук П.А. Судебное нормотворчество: вопросы теории и практики. Lex russica. 2016;(7):14-27. https://doi.org/10.17803/1729-5920.2016.116.7.014-027 (25.10.2024).

75 Хомяков С.А. Роль постановлений Пленума Верховного Суда Российской Федерации в осуществлении правосудия // Право в вооруженных силах. 2011. № 6. С. 69.

76 Попов О.В. Теоретико-правовые вопросы судебного правотворчества в Российской Федерации: Автореферат дисс... канд. юрид. наук. 12.00.01-Теория и история права и государства; История правовых учений.- Казань, 2004. -18 с.

77 Дорошков В.В. Пленум как универсальная форма состава суда // Мировой судья. 2017. № 5. С.17.

78 Lundmark T. Charting the Divide between Common and Civil Law. Oxford, 2012. P. 361.

79 Момотов В.В. Толкование правовых норм Верховным Судом Российской Федерации в контексте современной правовой системы // Государство и право. 2018. №5. С. 32.

80 Дробышева Е.Н. О правовых позициях Верховного Суда Российской Федерации: теоретический и практический аспекты // Юридическая наука и правоохранительная практика. 2018. № 3 (45). С. 95-102.

81 Саламов В.Н. Юридическая природа и значение постановлений Пленума Верховного Суда Российской Федерации // Евразийский научный журнал. 2017. № 7. С. 34.

82 Момотов В.В. Пленум Верховного Суда Российской Федерации: страницы истории // История государства и права. 2018. №4. С. 50–54.

83 Закон Республики Таджикистан «О нормативных правовых актах» от 30 мая 2017 года №1414 // - [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33905743 (25.10.2024).

84 Муродзода А.А. Праворазъяснительная деятельность Верховного Суда Республики Таджикистан: понятие и цели // Международный научно-практический юридический журнал «Евразийская адвокатура». - 2018 №1 (32).- С.84.

85 Мухитдинова, Ф. «О некоторых полномочиях Верховного Суда Республики Узбекистан» // Обзор законодательства Узбекистана, вып. 2, апрель 2007 г. С. 105.

86 Конституция Кыргызской Республики (принята референдумом (всенародным голосованием) 11 апреля 2021 года) // - [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34355174&pos=5;-106#pos=5;-106 (25.10.2024).

87 Конституция Азербайджанской Республики от 12 ноября 1995 года // - [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30420395&pos=797;-57#pos=797;-57 (25.10.2024).

88 Конституция Республики Армения: принята всенар. голосованием 5 июля 1995 года (в ред. от 27 ноября 2005 года; в ред. от 6 декабря 2015 года) // http://www.president.am/ru: официальный сайт президена Республики Армения // https://www.president.am/ru/constitution-2015/ (дата обращения 10.11.2024).

89 Малхасян Г.А. Об основных положениях конституционного строя Армении // http://www.sibac.info: сайт АНС «СибАК». URL: http://sibac.info/conf/law/xii/27837 (дата обращения: 10.11.2024).

90 Конституция Республики Молдова от 29 июля 1994 года // - [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30390931&pos=8;-106#pos=8;-106 (10.11.2024).

91 Сорокин В., Ибрагимов Ж. Обзор законов о нормативно-правовых актах стран СНГ // Российско-азиатский правовой журнал, 2023, № 2. С. 48-52.

92 Конституционный закон Азербайджанской Республики от 21 декабря 2010 г. № 21-IVKQ «О нормативных правовых актах» (в редакции Конституционного закона Азербайджанской Республики от 30.09.2016 № 304 - VKQD) // Законодательство стран СНГ. URL: https://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=33085 (дата обращения: 10.11.2024).

93 Закон Республики Узбекистан от 14 декабря 2000 г. № 160-II «О нормативных правовых актах» (в ред.законов Республики Узбекистан по состоянию на 08.01.2019) // Национальная база данных законодательства Республики Узбекистан. URL: http://www.lex.uz/acts/2105726 (дата обращения: 10.11.2024).

94 Закон Республики Беларусь «О нормативных правовнх актах» от 17 июля 2018 года // - [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=3912560 (10.11.2024).

95 Конституция Республики Беларусь от 15 марта 1994 года // - [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30404260 (10.11.2024).

96 Кодекс Республики Беларусь о судоустройстве и статусе судей [Электронный ресурс]: 29 июня 2006 г., № 139-З: принят Палатой представителей 31 мая 2006 г. : одобр. Советом Респ. 16 июня 2006 г. : в ред. Закона Респ. Беларусь от 17.07.2018 г. // ЭТАЛОН. Законодательство Республики Беларусь / Нац. центр правовой информ. Респ. Беларусь. Минск, 2019. (10.11.2024).

97 О Регламенте Пленума Верховного Суда Республики Беларусь (с изменениями от 30 марта 2017 г.) [Электронный ресурс] : утв. пост. Пленума Верх. Суда Респ. Беларусь, 4 янв. 2014 г., № 2 // Верховный Суд Респ. Беларусь.http://court.govby/ru/justice_rb/praktice/jurisprudence/post_plen/general/e975a64c360a3878.html. - Дата доступа: 10.11.2024.

98 Сильченко Н.В. Источники права: сборник научных статей. - Минск: Право и экономика, 2021. - С.292.

99 Василевич Г. А. Акты органов судебной власти: роль и место в национальной правовой системе // Национальная государственность и европейские интеграционные процессы : сб. науч. тр. : в 2 т. / под ред. С. А. Балашенко. - Минск.: Изд. центр БГУ, 2008.- Т. 1.: Национальное законодательство и его гармонизация с правом Европейского союза. - С. 3-14.

100 Василевич Г.А. Судебный прецедент как источник права [Электронный ресурс] URL: https://aw.bsu.by/pub/26/21_Vasilevich.doc 10.11.2024.

101 Данкова Л.И. Прецедентный характер решений высших органов судебной власти Республики Беларусь // Право: история и современность. - 2018. - № 1.С. 16-31.

102 Иванова Т.В. Способы участия органов судебной власти Республики Беларусь в правотворчестве // Вестн. Полоц. гос. ун-та. Сер. D. Экон. и юрид. науки. 2012. - № 13. - С. 114-122 .

103 Бибило В.Н. Правотворчество судей при осуществлении правосудия // Судовы весник. - 1997. - № 3. - С. 52-53.

104 Пугачев А.Н. Юридическая природа итоговых решений Конституционных Судов: дискуссионные вопросы законодательства, доктрины, практики (часть 2) // Вестн. Полоц. гос. ун-та. Сер. D. Экон. и юрид. науки. - 2011. - № 14. - С. 113-120.

105 Свирин Ю.А. Судебный прецедент: от научных дискуссий к единообразию судебной практики // Актуальные проблемы российского права. - 2015. - № 11.С. 20-25.

106 Накипов Б., Алайдаров А. Сравнительно-правовой анализ судебного нормотворчества в правовых системах зарубежных стран // Сборник материалов конференции молодых учёных на тему: «Перспективы развития науки юриспруденция в Узбекистане» посвященного 28-годовщину Конституции Республики Узбекистан (14 декабря 2020 года). Ташкент. С.28-41.

107 Тлембаева Ж.У. О правовой природе нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан и их сходстве с судебным прецедентом как источником права Европейского союза // Право в современном белорусском обществе : сб. науч. тр. / Нац. центр законодательства и правовых исслед. Респ. Беларусь ; редкол.: Н. А. Карпович (гл. ред.) [и др.]. - Минск : СтройМедиаПроект, 2016. - Вып. 11. - С. 99-108.

108 Пугачев А.Н. Заключения Конституционного Суда в системе законодательства Республики Беларусь // Вестн. Полоц. гос. ун-та. Сер. D. Экон. и юрид. науки. - 2011. - № 5. - С. 115-126.

109 Волков В.А. Правовая природа и виды постановлений Пленума Верховного Суда Республики Беларусь // Право.by. - 2019. - № 4(60). - С. 10.

110 Скобелев В. П. Об отдельных аспектах соблюдения принципа законности в нормотворческой деятельности Пленума Верховного Суда Республики Беларусь // Университетские правовые диалоги: Материалы Международной научно-практической конференции, Челябинск, 30-31 марта 2023 года / Министерство науки и высшего образования Российской Федерации Южно-Уральский государственный университет Юридический институт Под редакцией Е.В. Титовой. Том 1. - Челябинск: Издательский центр ЮУрГУ, 2023. - С. 284-288.

111 О судебной практике по делам о возмещении вреда, причиненного транспортными средствами [Электронный ресурс]: постановление Пленума Верх. Суда Респ. Беларусь, 24 июня 2004 г., № 9 : с изм. и доп. от 29.06.2018 г. // ЭТАЛОН. Законодательство Республики Беларусь / Нац. центр правовой информ. Респ. Беларусь. - Минск, 2019.

112 Постановление Пленума Верховного Суда Республики Беларусь «О применении судами уголовного законодательства по делам о хищениях имущества» от 21 декабря 2001 года №15 // - [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31198462 (10.11.2024).

113 Минец И. Пленум Верховного Суда. Каким ему быть? // Судовы весник. 1997. № 4. С. 2-3.

114 Сукало В.О. Верховный Суд в системе судов общей юрисдикции // Юстыцыя Беларусі. 2002. № 1. С. 6-7.

115 Сукало В.О. Роль Пленума Верховного Суда в совершенствовании судебной практики // Судовы веснік. 1998. № 3. С. 44.

116 Поленина С.В. Законотворчество в Российской Федерации. - М.: Изд-во ИГиП РАН, 1996. - С. 19.

117 Смирнова Д.А. Судебная практика и ее значение в российской правовой системе // Вестник научной ассоциации студентов и аспирантов исторического факультета Пермского государственного гуманитарно-педагогического университета. Серия: Stadia Historica Jenium. - 2017. - №1 (13). - С. 119-125.

118 Юсупова Г.Х. Значение судебной практики в правовой системе Республики Казахстан // Вестник Института законодательства РК. - 2009. - № 4(16). - С. 55-57.

119 Абдрасулов, Е., Рысжанова, Г., & Сактаганова, А. Судебная практика и ее роль в развитии национального законодательства Республики Казахстан // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. 2023. Серия: Право, 144(3), 51-62.

120 Ағдарбеков Т., Алайдаров А.Э. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының заңдық сипаты және олардың сот терелігін жүзеге асырудағы тимділік рөлі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. Заң сериясы. - Астана. - 2018. - №5 (65). - 17-20 б.б.

121 Нерсесянц В.С. Общая теория права и государства: учебник для юридических вузов и факультетов. М. : Норма, 2000, 552 с.

122 Жакаева Л.С. О некоторых вопросах нормотворчества Верховного Суда Республики Казахстан. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: http://www.zakon.kz/4762227-o-nekotorykhvoprosakh-normotvorchestva.html. (10.11.2024).

123 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Сот терелігіне қол жеткізу құқығы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот актілерін қайта қарау бойынша өкілеттіктері туралы» 2016 жылғы 15 қаңтардағы №1 нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000001S (13.12.2024).

124 Алимбеков М.Т. «Судебное правотворчество и применение гражданско-правовых норм в механизме правореализации: Монография. - Астана, 2009. - 400 с.

125 Сапаргалиев Г.С. Нормативные постановления Верховного суда как источник действующего права Республики Казахстан // Суды и их роль в укреплении государственной независимости (материалы междунар. научн.-практич.конф., посвященной 10-летию независимости Республики Казахстан. Астана: Изд. центр Верховного суда РК, 2001. С. 117.

126 Скрябин С. «Юридическая природа нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан: комментарий дискуссии» // Вестник права Республики Казахстан «Зангер». - № 2 (103). - 2010г. - С. 88.

127 Бахтыбаев И. Юридическая природа нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан и их роль в эффективности отправления правосудия // Вестник права Республики Казахстан «Зангер». - № 2 (103). - 2010г. - С. 88.

128 Алайдаров А. Нормативные постановления Верховного Суда Республики Казахстан как источник права. Актуальные проблемы юриспруденции: сб. ст. по матер. XXII междунар. науч.-практ. конф. №5(21). - Новосибирск: СибАК, 2019. С.93-98.

129 Alaidarov A. Normative statements of supreme court of Republic of Kazakhstan as a basic source of law. International Conference Bridge to science: research works. Conference Proceedings. B&M Publishing, ISBN 978-1-941655-93-1. April, 15, 2019, - San Francisco, California, USA. - 10-14 pp.

130 Венгеров А.Б. Роль судебной практики в развитии советского права: дисс. ... канд. юрид. наук. - М., 1968. - 180 с.

131 Алексеев С.С. Социальная ценность права в советском обществе -М.: Юрид. лит., 1971. - 223 с.

132 Нерсесянц В.С. Проблемы общей теории права и государства: Учебник для вузов. - М., 2004. - 832 с.

133 Зивс С.Л. Источники права - М.: Наука, 1981. 239 с.

134 Малюшин А.А. Конституционно-судебное правотворчество в Российской Федерации: проблемы теории и практики: монография. М.: Юрист, 2013. - 404 с.

135 Бахтыбаев И.Ж. Проблемы применения нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан в деятельности органов, осуществляющих оперативно-розыскные и контрольно-надзорные функции // «Юридическая природа нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан и их роль в эффективности отправления правосудия»: Сборник материалов международной научно-практической конференции, прошедшей в Алматинском городском суде Республики Казахстан. г. Алматы, 12 мая 2009 год. Астана: 2009, - С.31.

136 Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы №213 Заңы. Күші жойылды – Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңымен. // Әділет» Қазақстан Республикасы нормативік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000213_(25.12.2024).

137 Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабының 1 және 5-тармақтарын, 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын және 74-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы №19/2 Қаулысы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S010000019_ (25.12.2024).

138 Тлембаева Ж.У. О правовой природе нормативных постановлений Верховного Суда РК и возможности отнесения их к актам прецедентного права. - [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_ id=35210895&pos=6;-106#pos=6;-106 (25.12.2024).

139 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Сот практикасында жеке және заңды тұлғалардың ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау жөніндегі заңнаманы қолдану туралы» 1992 жылғы 18 желтоқсандағы №6 нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P92000006S_(25.12.2024).

140 Юридическая техника: Учебное пособие по подготовке законопроектов и иных нормативных правовых актов органами исполнительной власти / Под ред. Т.Я. Хабриевой, Н.А. Власенко. - М.: Эксмо, 2009. - 272 с.

141 Ершов В. В. Конкретизация права: теоретические и практические проблемы // Конкретизация права: теоретические и практические проблемы: Материалы IX Международной научно-практической конференции. — М.: РГУП, 2015. - С. 50.

142 Рудаков А. А. Парные юридические категории: теория прав и обязанностей: Монография. М.: Проспект, 2016. 352 с.

143 Абдрасулов Е.Б. Конкретизация гражданско-правовых норм в судебном решении: опыт Республики Казахстан // Сборник материалов международной научно-практической конференции «Судебное решение и правотворчество». – Казань, 2009. -С.41.

144 Рабинович И.М., Шмелева Г.Г. Конкретизация правовых норм: Общетеоретические работы // Правоведение. – 1985. – №6. – С.31-39.

145 Левина Д.Н. Теоретические проблемы толкования и применения оценочных понятий: Автореф. дис... канд. юрид. наук. — Н. Новгород, 2007. — С. 6.

146 Мами К.А. Судебное нормотворчество в условиях новых тенденций в развитии правовых систем // Материалы международной научно-практической конференции. - Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2006. – С.10-11.

147 Папкова О.А. Усмотрение суда. – М.: Статут, 2005. – 413 с.

148 Утяшов Э. К. Конкретизация норм режима правового положения // Конкретизация права: теоретические и практические проблемы: Материалы IX Международной научно-практической конференции. — М.: РГУП, 2015. – С.480.

149 Власенко Н. А., Залоило М. В. Конкретизация и толкование права как творческое содержание судебной практики // Журнал российского права. 2016. №. 8. С. 0-0. DOI: https://doi.org/10.12737/20902 (дата обращения: 18.10.2024).

150 Проблемы теории государства и права. Учебник / Под ред.: Алексеев С.С. - М.: Юрид. лит., 1987. - 448 с.

151 Калмыков Ю.Х. Современные тенденции развития правоприменительной практики по гражданским делам // СССР-Австрия: проблемы гражданского и семейного права. – М.: Институт государства и права АН СССР, 1983. – 190 с.

152 Баранов В.М. Негативные аспекты конкретизации юридических норм // Конкретизация права: теоретические и практические проблемы: Материалы IX Международной научно-практической конференции. М.: РГУП, 2015. С.57.

153 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Азаматтық істер бойынша сот шешімі туралы» 2003 жылғы 11 шілдедегі №5 нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000005S_(15.10.2024).

154 Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі (жалпы бөлім). // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_(15.10.2024).

155 Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_(15.10.2024).

156 Оськина И., Лупу А. Судебное правотворчество во Франции // ЭЖ-Юрист. 2013. № 7. С. 15.

157 Чукреев А.А. Добросовестность в системе принципов гражданского права. // Журнал российского права. 2002. №11. С. 103.

158 Чантурия Л. О правовой природе судебных актов и пределах судебного правотворчества // Сборник материалов научно-практической конференции. – Астана, 2009. - С.43-44.

159 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы №377-V ҚРЗ Азаматтық процестік кодексі // // Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377#z73 (15.10.2024).

160 Баишев Ж.Н. Место и роль нормативных постановлений в системе нормативных правовых актов и действующего права // Материалы научно-практической конференции 12 мая 2009 г. – Астана, 2009. - С.22.

161 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000007S (15.10.2024).

162 Баишев Ж.Н. Роль нормативных постановлений Верховного Суда в обеспечении прямого действия Конституции // VI Августовские чтения, посвященные Дню Конституции Республики Казахстан. 28-29 августа 2008 г. - Астана, 2008. - С.52-53.

163 Сорокин В.В. Судебная практика как источник права: за и против // Сибирский юридический вестник. – 2002. – №3. - С.14-25.

164 Нурбаева Н.А. Заң техникасы – заң жобаларын сапалы дайындау құралы // «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы» ғылыми-құқықтық журналы. №2 (60) – 2020. - 202 б.

165 Томин В. А. Юридическая техника: учебное пособие — Санкт-Петербург: Санкт-Петербургский юридический институт (филиал) Академии Генеральной прокуратуры Российской Федерации, 2015. — 84 с.

166 Давыдова М.Л. Теоретические проблемы определения понятия юридической техники в отечественной теории права // Вестник ВолГУ. Серия 5. Вып. 9. 2007. С.24.

167 Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (заң техникасы): Әдістемелік құрал / Авт. ұжым басш. мен ред. Р.Қ. Сәрпеков - Астана: «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ, 2019. – 160 б.

168 Кожаков А., Вежновец В. О правилах юридической техники, применяемых при подготовке правовых документов в рамках СНГ // Журнал международного права и международных отношений. - 2006. - №1. - С.28.

169 Муромцев Г.И. Юридическая техника (некоторые теоретические аспекты) // Правоведение. – 2000. – № 1. – С.9-20.

170 Давыдова М. Л. Теоретические и методологические проблемы понятия и состава юридической техники: автореф. дис. …докт. юрид. наук: 12.00.01 / М.Л. Давыдова; [Волгоградский гос. ун-т]. – Волгоград, 2010. – 50 с.

171 Кодавбович В.А. Правотворческий процесс: курс лекций / В.А. Кодавбович, Е.В. Жигалко. – Минск: Амалфея, 2008. – 288 с.

172 Махамбетова А. К. Заң техникасының кейбір тәсілдері // «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы» ғылыми-құқықтық журналы. №4 (75) – 2023. 225 б.

173 Денисов Г.Д. Юридическая техника: теория и практика // Журнал российского права. - 2005. - №8. - С.54.

174 ҚР Жоғарғы Сотының «Соттардың қылмысқа қатыстылық пен қылмыстық құқық бұзушылыққа дем берушілік үшін жауаптылық туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №14 Нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000014S (11.02.2025).

175 ҚР Жоғарғы Сотының «Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі №7 нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P99000007S_ (11.02.2025).

176 Власенко Н.А. Язык права. - Иркутск, 1997. – 270 с.

177 Черданцев Ф.Ф. Юридические конструкции, их роль в науке и практике // Правоведение. - 1972. - №3. - С.14.

178 ҚР Жоғарғы Сотының «Соттардың жер заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2007 жылғы 16 шілдедегі №6 нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000006S_ (11.02.2025).

179 ҚР Жоғарғы Сотының Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» 2008 жылғы 10 шілдедегі №1 нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P08000001S_ (11.02.2025).

180 Кашанина Т.В. Юридическая техника. Учебник. - М.: Эксмо, 2007. - 510 с.

181 Тумов В.В., Малиновская Н.В. Фикции как фактор становления иудейского и римского права // Вестник ВГУ. Серия право. - 2008. - №1. - С.45-48.

182 Тарасенко В. В. Презумпции и фикции в уголовном правотворчестве и в разъяснениях Верховного Суда Российской Федерации // Вестник

Воронежского государственного университета. Серия: Право. – 2015. – №3. – С. 262–277.

183 ҚР Жоғарғы Сотының «Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 2019 жылғы 31 мамырдағы №2 нормативтік қаулысы // Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P190000002S (11.02.2025).

184 Диденко А.Г. Фикции и презумпции в гражданском праве // Диденко А.Г. Избранное / Сост. Е. В. Нестерова. М.: Статут, 2019. С. 138-152.

185 Быстров Д.В. Юридические презумпции и фикции // Правоведение. - 2003. - № 1. - С. 18.

186 Каранина Н.С. Сущность правовой презумпции: определение понятия «презумпция» в современной теории права и российском законодательстве; признаки правовой презумпции // Юридическая техника. Ежегодник. Первые Бабаевские чтения: «Правовые презумпции: теория, практика, техника» / гл. ред. В.М. Баранов. Н. Новгород, 2010. № 4. С. 215.

187 Арзамасов Ю.Г. О понятии презумпций и их месте в системе средств юридической техники // Юридическая техника. Ежегодник. Первые Бабаевские чтения: «Правовые презумпции: теория, практика, техника» / гл. ред. В.М. Баранов. Н. Новгород, 2010. № 4. С. 72.

188 Сандевуар П. Введение в право. - Москва : Интратэк-Р, 1994. - 390 с.

189 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» 2007 жылғы 25 желтоқсандағы №11 нормативтік қаулысы // Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000011S_ (11.02.2025).

190 Кашанина Т. В. Логика права как элемент юридической техники // Журнал российского права. – 2008. – № 2(134). – С. 25-35.

191 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2009 жылғы 29 маусымдағы №5 нормативтік қаулысы // Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P09000005S_ (11.02.2025).

192 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» 1998 жылғы 14 мамыр №1 нормативтік қаулысы // Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P98000001S_ (11.02.2025).

193 Керимов Д.А. Культура и техника законотворчества - М.: Юрид. лит., 1991. - 160 с.

194 Тихомиров Ю.А. Заң шығару техникасы – заң шығару және құқық қолдану құралы // Заң техникасы. 2007. №1. 12 б.

195 Хрестоматия по всеобщей истории государства и права : учеб.пособ. / Под ред.З.М.Черниловского, сост.В.Н.Садиков. - М. : Гардарика, 1998. - 413 с.

196 Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V Қылмыстық кодексі. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226 (25.12.2024).

197 Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518 (11.02.2025).

198 ҚР Жоғарғы Сотының «Соттардың азаматтық процестік заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» 2003 жылғы 20 наурыздағы №2 нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000002S_ (15.02.2025).

199 Толмачев В.В. Применение запретов в праве: вопросы юридической техники // Ленинградский юридический журнал. – 2014. – № 3 (37). – С. 27–36.

200 ҚР Жоғарғы Сотының «Соттардың қылмыстық істер бойынша жекеше қаулылар шығару тәжірибесі туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000011S_ (15.02.2025).

201 Пиголкин А.С. Язык закона: - М.: Юрид. лит., 1990. - 192 с.

202 Власенко Н.А. Судебные правовые дефиниции: природа, функции, основания деления и виды // Журнал российского права. 2009. №12. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/sudebnye-pravovye-definitsii-priroda-funktsii-osnovaniya-deleniya-i-vidy (дата обращения: 19.12.2024).

203 Власенко Н.А. «Неопределенность в праве: природа и формы выражения» // Журнал российского права. 2013. №2 (194). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/neopredelennost-v-prave-priroda-i-formy-vyrazheniya (дата обращения: 19.12.2024).

204 Картухин В.Ю. Отдельные аспекты использования юридической терминологии как средства законодательной техники в правотворчестве субъектов Российской Федерации // Государственная власть и местное самоуправление. - 2005. - №8. - С.25-28.

205 Юридическая природа нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан: Монография // Под общей редакцией М.Т. Алимбекова. г. Астана, 2009.- 330.

206 Чинова М.В. Правила формулирования легального определения // Право и политика. - 2005. - №1. - С.23.

207 Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть) [Text] : комментарий (постатейный) : в 2 кн. ; [отв. ред.: М. К. Сулейменов, Ю. Г. Басин] . – 2-е изд. , испр. и доп., с использованием судебной практики .- Алматы : Жеті жарғы , 2003. С. 45-48.

208 Картухин В. Ю. Технико-юридическое качество законов субъектов Российской Федерации: специальность 12.00.01 «Теория и история права и

государства; история учений о праве и государстве»: диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук – Москва, 2005. – 169 с.

209 Чиннова М.В. Дефиниции и их использование в нормативно-правовых актах: автореф. … канд. юрид. наук: 12.00.01. - М, 2004. - 24 с.

210 Алимбеков М.Т. «Пределы конкретизации норм законодательства в нормативных постановлениях Верховного Суда Республики Казахстан» // - [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36249336&pos=6;-106#pos=6;-106

211 Керимов Д.А. Законодательная техника. Научно-методическое и учебное пособие. – М., 1998. – 125 с.

212 Alaidarov A.-A., Agdarbekov T., Nakipov B., Alaidar A., & Abushakhma N. (2020). Judiciary and Its Role in Improving and Developing National Legislation. Academy of Strategic Management Journal, 19(4). https://www.abacademies.org/articles/judiciary-and-its-role-in-improving-and-developing-national-legislation-10220.html

213 ҚР Жоғарғы Сотының «Соттардың жылу және электр энергиясы үшін берешекті өндіруге байланысты заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2005 жылғы 23 желтоқсандағы №9 нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P05000009S_ (15.02.2025).

214 ҚР Жоғарғы Сотының «Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсан №21 нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000021S_ (15.02.2025).

215 Кашанина Т. В. Юридическая техника: учебник. 2-е изд., пересм. М.: Норма: ИНФРА-М, 2017. 496 с.

216 Чухвичев Д.В. Законодательная техника: учебное пособие. - Москва : ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право, 2012. - 239 с.

217 ҚР Жоғарғы Сотының «Кәсіпкерлік немесе өзге де қызметті лицензиясыз жүзеге асыру кезінде тапқан табысты алу жөніндегі заңнаманы соттардың қолдануы туралы» 2004 жылғы 18 маусымдағы №4 нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P04000004S_ (18.02.2025).

218 Смирнова М.Г. Правовые акты высших судебных органов как форма институционализации социальных притязаний // Ленинградский юридический журнал. 2011. №3. С.75-76. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/pravovye-akty-vysshih-sudebnyh-organov-kak-forma-institutsionalizatsii-sotsialnyh-prityazaniy(дата обращения: 29.12.2024).

219 Малахов В. П. Теория государства и права: учебное пособие для студентов вузов, обучающихся по специальности «Юриспруденция». - Москва: ЮНИТИ-ДАНА, 2017. - 159 с.

220 Алимбеков М.Т., Абдрасулов Е.Б. Применение гражданско-правовых норм судом в современный период. - Астана, 2009. - 336 с.

221 Колесник И. В. Юридическая техника и юридическая технология современной российской правовой науке // Наука. Мысль: электронный периодический журнал. – 2016. – Т. 6, № 3. – С. 45-63.

222 Кашанина Т. В. Судебное решение и приговор как основные акты правосудия: логические и языковые правила составления // Российское правосудие. – 2009. – № 5(37). – С. 4-10.

223 Бабаев В.К. Теория государства и права: Учебник для бакалавров. – 5-е изд., перераб. и доп. – М.: Изд-во Юрайт, 2020. – 620 с.

224 Нерсесянц В.С. Общая теория права и государства: Учебник. – М.: Норма: ИНФРА-М, 2020. – 552 с.

225 Недбайло П.Е. Применение советских правовых норм. - М.: Госюриздат, 1960. – 511 с.

226 Дюрягин И.Я. Применение норм советского права (теоретические вопросы). – Свердловск: Средне-Уральское книжное издательство, 1973. – С.19.

227 Лазарев В.В. Применение советского права. – Казань: Издательство Казанского университета, 1972. – 200 с.

228 Александров Н.Г. Применение норм советского социалистического права. – М.: Госюриздат, 1958. – С.14, 15.

229 Алексеев С. С. Теория права. - М.: Издательство БЕК, 1995. - 320 с.

230 Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: академиялық курс // Ғ. Сапарғалиев. - 3-ші бас., өнд., толықт. - Алматы : Жеті жарғы, 2008. - 536 б.

231 Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 624 б.

232 Ибраева А. С. Теория государства и права: учеб.пособие // А. С. Ибраева, Н. С. Ибраев. - Алматы : Қазақ университеті, 2001. – 280 с.

233 Хвостова А. В. «Механизм действия права»: содержание понятия // Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России. – 2022. – № 2 (94). – С. 24–30.

234 Корнев В. Н. Правотворчество, правоприменение и содержание права // NOMOTHETIKA: Философия. Социология. Право. 2008. №8 (48). – С.34-42.

235 Рыжков К. С. Единообразное толкование и применение норм права в гражданском и арбитражном процессе: факторы влияния // Антиномии. 2022. №2. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/edinoobraznoe-tolkovanie-i-primenenie-norm-prava-v-grazhdanskom-i-arbitrazhnom-protsesse-faktory-vliyaniya (дата обращения: 30.01.2025).

236 Сабикенов С.Н. Законность – основа осуществления судебной деятельности // Материалы научно-практической конференции, посвященной 30-летию Алматинского горсуда. – Алматы, 2000. – С.35-38.

237 Гук П.А. Судебное толкование и применение норм законодательства // Известия ВУЗов. Поволжский регион. Общественные науки. 2016. №2 (38). – С.37.

238 Рахметов С.М. Қылмыстық-құқықтық қатынастарды реттеу саласындағы нормашығармашылық қызмет // «Қазақстан Республикасының

Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы» ғылыми-құқықтық журналы, №4 (75). 2023. – 130 б.

239 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың бандитизм және қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатыса отырып, басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2001 жылғы 21 маусым №2 нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000002S_ (18.02.2025).

240 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер жөніндегі заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» 2008 жылғы 10 шілдедегі №2 нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P08000002S_ (18.02.2025).

241 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» 2007 жылғы 25 желтоқсандағы №8 нормативтік қаулысы // Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000008S_ (18.02.2025).

242 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» (Мұрағаттық версия) нормативтік қаулысы 2001 жылғы 21 маусым №2 // Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P01000002S_/21.06.2001 (18.02.2025).

243 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» 2007 жылғы 11 мамырдағы №1 нормативтік қаулысы // Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P07000001S_/11.05.2007 (18.02.2025).

244 Алайдаров А.Ә., Пошанов Н.Н., Паридинова А.Е., Иманбекова М.М., Айдарбекова К.Ж. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы, Том 113 № 1 (2025) - 23 б.

245 ҚР Жоғарғы Сотының «Сақтандыру шарттарынан туындайтын даулар бойынша сот практикасы туралы» 2017 жылғы 6 қазандағы № 8 нормативтік қаулысы // Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000008S (18.02.2025).

246 ҚР Жоғарғы Сотының «Соттардың заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді оңалту және олардың банкроттығы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2023 жылғы 2 қарашадағы № 2

нормативтік қаулысы // Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P230000002S (18.02.2025).

247 ҚР Жоғарғы Сотының «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2024 жылғы 28 қарашадағы №1 нормативтік қаулысы // Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P240000001S. (25.02.2025).